Политико-массовая и культурно-просветительная работа, создание национальных СМИ и библиотечного дела прочно включали этнокультуры в общесоветский контекст. Интеллектуальная и творческая этноэлита, имевшая дореволюционное образование, стремилась к возможно более полному сохранению не только традиционных форм, поддерживаемых властью, но и по возможности их наполнению в рамках новой интернациональной «социалистической» культурой. Однако массовый террор резко сократил возможности национально-культурной автономии, тяжелейшие потери понесла национальная творческая, научная и художественная интеллигенция [25]. Произошло резкое ограничение возможностей

населению знакомиться с колоссальным багажом культурного наследия и гуманитарной мысли, в т.ч. среди мусульман из-за разрыва культурной преемственности поколений. Политическая цензура и укреплявшаяся самоцензура наряду с вышеназванными факторами создавали мифологическое пространство советской реальности, оригинально соединявшее действительность и вымысел в сознании и поведении людей.

**Литература:**


1. Исмагамбетов Т. Развитие казахского истеблишмента в конце XIX – середине XX веков // Центральная Азия. 1997. № 11. [Электронный ресурс]. URL: http://turkolog.narod.ru.

2. Асылбек М.Х., Асылбекова Ж.М. Население Казахстана между Всесоюзными переписями населения 1926 г. И 1939 г. [Электронный ресурс]. // URL: http://www.iie.kz/?p=4615 (дата обращения: 16.09.2015).

3. Цит. По: Аманжолова Д.А. Форматирование советскости. Национальные меньшинства в этнополитическом ландшафте СССР.1920-1930-е гг. М.: Собрание, 2010. 248 с. См. также: Нурмаков Н. Латинизация алфавита – орудие пролетарской революции // Алфавит Октября. Итоги введения нового алфавита среди народов РСФСР. Сб. ст. под общей ред. Н.Нурмакова. М.-Л., 1934. С.5.

4. ГА РФ. Ф. 1235. Оп. 121. Д. 161. Л. 167, 172, 98, 41-43, 47, 37.

5. Тогжанов Г. История движения и победы нового алфавита среди казаков // Алфавит Октября. Итоги введения нового алфавита среди народов РСФСР. Сб.ст. Под общей ред. Н.Нурмакова. М.-Л., 1934. С.60-72.

6. Муканова Г.К. Вехи идентичности: диаспора и первый научный казахский съезд, 1924 г. (Архивные находки) // Scientific E-journal «edu.e-history.kz». № 1. [Электронный ресурс]. // URL: http://edu.e-history.kz/en/publications/view/107 (дата обращения: 25.07.2014).

7. См.: Озғанбай Ө. Жарығы өшпейтін жұлдыз. Алматы: «Үш Қиян», 2003. С. 146 – 154; Культурное строительство в Казахстане (1918 – 1932 гг.) Сборник документов и материалов. Т. 1. Алма-Ата: Казахстан, 1965. С. 54.

8. «Это могут сделать только гвардейцы-панфиловцы». Запись беседы с Героем Советского Союза М.Габдуллиным. 1943 г. // Исторический архив. 2017. № 2. С. 100-133.

9. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-т. Әліппелер мен мақалар. Алматы: «Алаш», 2006. С. 275 – 283; Байтұрсынұлы А. Түзетілген әріп // Байтұрсынұлы А. Көптомдық шығармалар жинағы. 5-том. Алматы: «Алаш» баспасы, 2006. С. 288. О Байтурсынове см., к примеру: Рысбеков Т.З. Ахмет Байтурсынов – борец за превращение национальной чести и чувства в национальное сознание. //МНПК «Ахмет Байтурсынов и проблемы современного образования». Уральск. 2013. С. 5-8.

10. Полемика о выборе алфавита. Кзыл-Орда: Казгиз, 1927. С. 24.

11. Культурное строительство в Казахстане (1918 – 1932 гг.) Т. 1. С. 69, 69.

12. Нурмаков Н. Латинизация алфавита – орудие пролетарской революции // Алфавит Октября. С.7; Тогжанов Г. Указ. Раб. С. 67, 69.

13. Поливанов Е.Д. основные формы графической революции в турецких письменностях СССР // Новый Восток. Кн.23-24. М.,1928. С.167.

14. Селищев А.М. Язык революционной эпохи. Из наблюдений над русским языком (1917-1926). М., 1927. С. 220.

15. Поливанов Е.Д. Родной язык в национальной партшколе // Вопросы национального партпросвещения. М., 1927. С.113, 114.

16. См.: Амирхамзин А. Некоторые вопросы терминологии казахского языка [Электронный ресурс]. // URL: http://www.neotech.kz/terminology_ru.html (дата обращения: 30.11.2015); ЦГА РК. Ф. 81. Оп. 3. Д. 680. Л. 4.

17. Маймин И.Б. О 2-й пятилетке Казакстана. Алма-Ата: Издание Госплана КазАССР, 1932. С.38.

18. Жургенев Т.К. Вопросы терминологии казахского языка // Большевик Казахстана. 1935. № 6. С. 44-51.

19. Казахстанская правда. 1940. 13 ноября; Языковая политика в Казахстане (1921 – 1990 гг.). Сб. документов. Алматы: Қазақ университеті, 1997. С. 180,181. См. Также: Рысбеков Т.З., Рысбекова С.Т. Древние письменности тюркского государства – исторический источник. //Материалы МНПК. Астана: ЕНУ им. Гумилева. 2017. 18 мая. С. 73-82.

20. Ауэзов М. О традиционном и новаторском в казахской советской литературе. Доклад на XXV Международном конгрессе востоковедов.1960 г. [Электронный ресурс]. // URL: http://el.kz/m/articles/view/content-4822 (дата обращения: 30.11.2015).

21. См.: Рысбеков Т.З. Формирование билингвизма в РК и его востребованность. //Известия Академии Педагогических и Социальных наук. М.-Воронеж, 2005. Т.9 С. 430-434; Его же. Некоторые особенности интернационализации образования в Казахстане. // Известия АПСН. М., 2006. С. 462 – 465; Его же. Развитие высшего образования РК в поликультурном пространстве. // МНРК «Образование взрослых в современной России». Уральский Госпед.Университет (г.Екатеринбург), 2014. 31.Х. С. 267-271.

22. ЦК РКП (б)-ВКП(б) и национальный вопрос. Кн. 1. М., 2005. С. 342, 384, 395, 393-394. См. также дискуссию по поводу карельского языка, внутри- и внешнеполитических факторов его развития: Стенограмма заседания Совета Национальностей ЦИК СССР от 25 апреля 1931 г. // Ab imperio. 2002. № 2. С. 361-413.

23. ЦК ВКП(б) и национальный вопрос. Книга 2. 1933-1945 гг. М., 2009. С. 391-394.

24. Наркомпрос КАССР дал установку сократить зарплату педагогам, которые не могут преподавать русский язык // Учительская газета. 1938.13 июня.

25. Подробнее см.: Репрессированные народы России: чеченцы и ингуши. Сост. Н.Ф. Бугай. М.,1994; Бугай Н.Ф. Л. Берия – И. Сталину: «Согласно Вашему указанию…» М., 1995; Репрессии против поляков и польских граждан. М., 1997; Наказанный народ. Репрессии против российских немцев. М., 1999; Лубянка. Сталин и Главное управление госбезопасности НКВД. 1937-1938 /Сост. В.Н. Хаустов. М., 2003; ЦК ВКП (б) и национальный вопрос. В 2-х 17Н. М., 2005, 2009; Чеботарева В.Г. Национальная политика Российской Федерации 1925-1938 гг. М., 2008; Мартин Т. Империя «положительной деятельности». Нации и национализм в СССР, 1923-1939. М., 2011; Рысбеков Т.З., Рысбекова С.Т. Ж.Досмухамедов и его время // Великая Отечественная война 1941-1945 гг.: подвиг и триумф советского народа. Материалы XVII Всероссийской научной конференции. М.: РУДН, 2015С. 144-154 и др.

**ӘОЖ 929:94(574)**

## АКАДЕМИК Т.З.РЫСБЕКОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Кәрібаев Б.Б.***
*Қазақстан , Алматы қ.*

80 жылдан астам тарихы бар, еліміздегі жоғары білімнің қара шаңырағы болып саналатын және қазіргі кезде халықаралық агенттіктердің рейтінгісі бойынша ТМД елдеріндегі ЖОО арасында алғашқы үштіктің белортасында тұрған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті қашанда өзінің түлектерін мақтан тұтады және өз түлектерімен мақтанады. Университеттің факультеттерін әр жылдары бітірген түлектері еліміздегі мемлекеттік биліктің, қоғамдық-саяси, мәдени-рухани, білім мен ғылыми өмірдің басшылық салаларында жемісті еңбектерін жалғастырып жүр.

Университеттегі іргелі факультеттердің бірі болып саналатын және келесі жылы өзінің 75 жылдығын атап өтетін – тарих факультетіде өз түлектеріменмақтанады, оларды мақтан тұтады.Жалпы алғанда, тарихтың және тарих ғылымыныңқай дәуірде, қай заманда, қай елде болмасын маңызы өте зор болып саналады. Тарих – ол ең алдымен, ұлттық идеологияның негізі, іргетасы. Тарихтың ұлт үшін маңыздылығы туралы бір ғұлама былай деп жазған екен: «Ұлттық сананы оятып, оны қалыптастыруда және дамытуда тарихтың атқарар рөлін ешбір қоғамдық ғылым атқара алмайды». Сол сияқты кезінде қазақтың атақты жазушысы Ілияс Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясын жазу үшін ортағасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты араб, парсы, түрік тілдеріндегі жазба деректермен танысқаннан кейін, өзінің күнделігіне былай деп жазған екен: «Ағаш неғұрлым биіктеп өскен сайын, тамыры да соғұрлым тереңдей түседі, адам да сондай».Осындай принциптерді өмірлік сенім ете отыра Ұлттық университеттің тарих факультетін тамамдаған мыңдаған түлектердің бір бөлігі жас ұрпаққа орта мектептерде тарихи білім мен тәрбиені қатар ұштастыра беріп, нағыз ұлтжанды

азаматтарды қалыптастыруда нәтижелі еңбек жасап жүр. Ал түлектердің екінші бір тобы тарих деген шеті мен шегі көрінбейтін шексіз әлемнің қайнаған қызу ортасында ыстығына күйіп, суығына тоңып, азабына көніп, ғылыми ізденістері арқылы Отандық тарихи білімді молайтуға үлес қосуда. Сонымен қатар олар заманның, өмірдің жаңа талаптарына сай ғылымды ұйымдастыру ісінде, жоғары оқу орындарында жас мамандар даярлау ісінде де жемісті еңбек ету арқылы ел ықыласына бөленіп жүр. Олар тарих ғылымының әртүрлі салалары бойынша ғылыми-зерттеу институттарында қарапайым ізденушіден академикке дейін, ЖОО-да қарапайым ассистенттенректорлық қызметтерге дейін жетіп, жоғары білім саласы мен ғылымның қайраткерілері атанып, Тәуелсіз Қазақ Елінің Көк Туын одан әрі желбірей түсуіне өз үлестерін қосып жүр. Біздер осындай түлектерімізді әрқашан мақтан ете отыра, қазіргі кезде факультетімізде жас мамандарды даярлау барысындағы оқу үдерісінде олардың есімдерін үлгі етеміз. Біздің мақтан тұтар түлектеріміз: академиктер – М.Қ.Қозыбаев, К.Н.Нұрпейісов, М-А. Х.Асылбеков, Т.С.Садықов, Е.Сыдықов, Х.М.Абжанов, Д.П.Қожамжарова, М.Қ.Әбусейітова, А.Құсайынов, М.Ж.Әбдіров және тағы басқалары. Осы тізімнің ішінде тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Рысбеков Тұяқбай Зейітұлының есімі ерекше аталады.

Автор осы мақалада академик Т.З.Рысбековтың 70-жылдық мерейтойына байланысты оның оқыған оқу орны, ұстаздары, ғылыми еңбектері және ғылыми еңбектерінің бір бағыты болған – Қазақ хандығының тарихына қатысты зерттеулерге тоқталуды жөн көріп отыр.

Маманның ғалым болып қалыптасуында көптеген факторлар ықпал ететіні белгілі. Т.З.Рысбековтың өмір жолында университеттегі алғашқы ұстаздары, профессорлар: С.М.Кенжебаевтың, С.Ж.Жантуаровтың, Н.Н.Дауылбаевтың, ғылым жолында профессор Д.И.Дулатованың, К.Н.Нұрпейісовтың, М.Қ.Қозыбаевтың әсерлері көп болды. Қазіргі кезде мерейтой иесі өзінің факультеттегі алғашқы ұстаздарымен ғылым жолындағы ақыл-кеңес берген ағалары мен апайларын үнемі еске алып отырады.

Академик Т.З.Рысбековтың ғылыми шығармашылығының бағыттары сан-салалы және тақырыптары хронологиялық жағынан да, проблемалық жағынан да кең ауқымды. Ол жалпы саны 600-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік, оқу-әдістемелік жұмыстардың авторы. Олардың ішінде 40-қа жуығы жеке монографиялық еңбектер, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар болса, 400-ге жуығы Отандық тарихтың, сондай-ақ қоғамдық және гуманитарлықғылымдардың өзекті мәселелеріне арналып, еліміздің және алыс-жақын шетелдердің ғылыми басылымдарында жарық көрген ғылыми мақалалар мен ғылыми баяндамалар болып саналады.

Академик Т.З.Рысбековтың ғылыми шығармашылығын тәуелсіздікке дейінгі және тәуелсіздік кезеңіндегі деп шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңде жазылған ғылыми мақалалардың тематикасынан автордың кандидаттық диссертациясының мазмұнына сай келетін мақалалар тақырыбын және тәуелсіздікке дейінгі қоғамдық ғылымдарға үстемдік құрған белгілі методология ауқымындағы тақырыптарды көреміз. Ал екінші кезеңдегі мақалалар тақырыбынан – тар қапастағы темір құрсаудан босанып шығып, шексіз көк кеңістікте қанатымен емін-еркін самғай ұшып жүрген алып құсты көргендей боламыз. Тәуелсіздік нағыз зерттеушіге өзінің бар мүмкіншілігін ашып көрсетуге, қарым-қабілеті мен қажыр-қайратын Отан тарихының өзекті мәселелерінжаңа талаптарға сай қарастыруға толық ерік береді. Т.З.Рысбеков осы жылдары тарихпен қатар қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың психология, педагогика, мәдениеттану, экология, түркология секілді салалары бойынша да қарымды зерттеулер жүргізіп, ондаған мақалалар жариялайды. Пәнаралық байланыстар бойынша да тың бағыттарды айқындайды. Оның «Туристік өлкетану», «Экологиялық туризм» тақырыптарына арналған мақалалары – қазіргі заманның талаптарына сай келетін жаңа бағыттарға ғылыми негіздеме бола алады.

Академик Т.З.Рысбековтың зерттеулерінде Отан тарихының барлық кезеңдері және ең өзекті тақырыптары қамтылған десек артық айтқандық емес. Оның негізгі тақырыбы - «Қазақстандағы кеңестердің мәдени-ағарту жұмыстары» бола тұра, ол ел тарихындағы өте аз зерттелген, сондай-ақ «ақтаңдақ» тақырыптарды жаңаша көзқарастар тұрғысынан зерттеуге кіріседі. Ғалым тәуелсіздік кезеңінде жоғарыда аталған тақырыптарға арнап 358 ғылыми мақала жариялаған екен.

Академик Т.З.Рысбековтың тек Отан тарихына арналған ғылыми жұмыстарының тематикасы хронологиялық жағынан ортағасырлық дәуірдің түрік кезеңінің, хандық дәуірдің, жаңа заман дәуірінің және қазіргі заман тарихының мәселелерін қамтиды. Ал енді оның осы кезеңдердің мәселелеріне қатысты жүргізген зерттеу жұмыстарының тақырыптары мәселесіне

келсек, ол кең ауқымды және сан-салалы болып келеді. Нақтырақ айтсақ, академик Т.З.Рысбеков: түрік дәуіріне қатысты – көне түрік ескерткіштері, түрік дәуіріндегі мемлекеттілік мәселелері; хандық дәуірге қатысты – Қазақ хандығы тарихының деректері мәселесі, М.Х.Дулати, Қ.Жалайри еңбектерінің маңызы, Сарайшық қаласының тарихы мәселелері, Қазақтың дәстүрлі-құқықтық жүйесіндегі билер соты; ортағасырлық Қазақстан тарихындағы тарихи тұлғалар; жаңа заман тарихына қатысты – ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістер, жаңа замандағы тарихи тұлғалар,қалалар тарихы, ХХ ғасыр басындағы ұлттың зиялы қауымөкілдерінің қоғамдық – саяси көзқарастары мен қызметтері және т.с.с. болып жалғаса береді. Ал қазіргі кезеңдегі Отандық тарихтың мынадай өзекті мәселелері ғалымның назарына ілініп отыр: Жаһандану мәселелері, Тәуелсіз Қазақстан және әлемдік қауымдастық, Еуразиялық идея, қазіргі кезеңдегі жастар саясаты, тіл мәселесі, ЖОО-да білім берудің жаңа әдістері,ұлтаралық қатынастар, ТМД және интеграция, экологиялық тәрбие мәселелері, сондай-ақ өлкетану және т.б. мәселелер. Мұндай мәселелерге арнайы қалам тартып, мәселені терең талдап, өзіндік ой-пікірлер айтып, тұжырымдар жасауын – ғалымның озық ойлығы мен терең білімділігін, ұлтжандығы мен қайраткерлігін көрсетеді.

Біз төменде арнайы түрде академик Т.З.Рысбековтың Қазақ хандығының тарихына қатысты зерттеулеріне талдаулар жасап, ғалымның мәселеге қатысты жасаған тұжырымдарының шынайылығына, маңызына арнайы тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Бәрімізге белгілі,2014 жылдың қараша айында Елбасы Н.Назарбаев 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы мерекеленетінін жария етті. Сол кезден бастап тарихшыларымыз, қоғамтанушы ғалымдарымыз, тіпті журналистеріміз бен жазушыларымыз, қолына қалам ұстағандардың бәрі дерлік осы тақырыпқа қатысты жұмыстар жазып, жариялай бастады. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.З.Рысбеков те осы тақырыпқа қатысты 5-6 ғылыми мақалалар жариялады. Оның биобиблиографиялық көрсеткішімен таныса келе, академиктің бұл тақырыпқа кездейсоқ келмегенін көреміз. Кәсіби тарихшы, әрі зерттеуші ретінде қалыптасқаннан кейін ол өзінің зерттеу көкжиегін кеңейтіп, кеңестік кезеңнің соңғы жылдары Қазақстан тарихының XVIII-XIX ғасырлардағы тарихымәселелеріне бет бұра бастайды. Оның Сырым Датұлы, Жоламан Тіленшіұлы жетекшілік еткен қозғалыстар тарихына, И.Тайманұлы пен М.Өтемісұлы бастаған Кіші Жүздегі көтеріліс тарихына, Бөкей Ордасының тарихына арналған бірнеше ғылыми мақалалары мен баяндамалары басылымдарда жарық көреді. Бұл жылдар – кеңестік кезеңнің қайта құру деп аталған жылдары мен тәуелсіздік кезеңінің алғашқы жылдары болатын. Т.З.Рысбеков ұлтжанды тарихшы ретінде осы жылдары өз зерттеулерінде бұрынғы, таптық ұстанымдардың орнына жаңа заман талаптарына жауап бере алатын жаңаша көзқарастар мен өркениеттік ұстанымдарды қолдана бастайды. Алынған ғылыми нәтижелердің ұлттық сананың нығаюына, халықтың рухани байлығының артуына көп әсерін тигізеді.

Елбасының арнайы жарлығымен 1998 жыл– халықтар бірлігі және ұлттық тарих жылы деп жарияланғаны баршаға аян. Осыдан кейін тарихшы Т.З.Рысбеков бірнеше мыңжылдық тарихы бар. Ел тарихының тереңіне одан әрі бойлап ене бастайды.Тәуелсіздігіміздің іргетасы бекіп, елдің мұраты биіктерге бағытталған сайын, І.Есенберлиннің жазғанындай, Т.Рысбековтың де зерттеулері де ғасырлар қойнауындағы өзекті мәселелерге арнала бастайды. 2000-2010 жылдары тарихшы өзге де ғылыми, ғылыми-педагогикалық, қоғамдық жұмыстарымен қатар олҚазақ хандығы дәуірінің соңғы кезеңінің мәселелерін қарастырған бірнеше мақалалар жариялайды. 2001 жылы - «Жәңгірдің ішкі және сыртқы саясаты»[1], 2002 жылы - «Тараз: тарихы мен мәдениеті»[2], 2004 жылы - «Өлке тарихы: ерлік һәм батырлық дәстүр»[3], 2006 жылы -«Қазақ мемлекеттілігі тарихындағы кіші жүз ханы Әбілқайырдың тарихи орны» (XVIII ғ. 40 жж. Қазақ- орыс қатынастары мысалында)»4,], 2007 жылы - «Кіші жүзді мемлекеттік біріктіру жолындағы Арынғазы ханның ролі»[5], 2010 жылы - «Мұхаммед қазы баһадүр Әбілқайыр хан: Сардар һәм саясаткер (XVIII ғасырдың 20- жылдарындағы қазақ – қалмақ қатынастыра мысалында)»[6](Ж.Ж.Жақсығалиевпен бірге) атты еңбектері ғылыми ортаға ұсынылады.Бұл зерттеулердің бәрі ғалымның Қазақ хандығының тарихымен, оның ішінде хандықтың құрылу тарихы мәселелерімен бұрыннан таныс болғандығын көрсетеді.

Кез-келген тарихи мәселенің негізі – оның деректерінде екені белгілі. Дерек мәліметтеріне негізделмеген ой-тұжырымдар жай сөз болып қалады. Қазақ хандығының құрылуы тақырыбында да дерек мәселесі – ең басты мәселе болып саналады. Осыған байланысты тарихшы Т.З.Рысбеков Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған ғылыми жиындарда мәселенің деректік жағына арналған бірнеше ғылыми баяндамалар жасайды. Олар

мыналар: «Қазақ хандығының тарихы туралы негізгі деректер» [7], «М.Х.Дулати мен Қадырғали Жалаир еңбектері – Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі негізгі деректер» [8], «Сарайшық – қазақ хандығының астанасы» [9].

Төменде авторлардың қарастырған мәселелеріне байланысты жасаған ой-тұжырымдарына талдау жасап, олардың маңызына тоқталсақ.

Қазақ хандығының құрылу тарихымен арнайы айналысқан маман ретінде айтарым, мәселеге қатысты жазба дерек мәліметтері тікелей қатысты деректер және жанама қатысты деректер деп шартты түрде бөлінеді. Кейде негізгі деректер деп және қосымша деректер деп те аталынып жатады. Қалай деп атасақ та, Қазақ хандығының құрылуын ең алғаш баяндайтын дерек мәліметі, ол – Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегіндегі мәліметтер. Авторлар М.Х.Дулатидың еңбегіне және соған қатысты тарихнамалық зерттеу материалдарына сүйене отырып, «Тарих-и Рашиди» еңбегініңдеректеріне тоқталады. Мақала авторы М.Х.Дулатидың өзі «Тарих-и Рашидиді» жазу үшін үш түрлі деректер тобын пайдаланған дей келе, оларды былайша көрсетеді: «Тарихи деректер, олар – 9, діни деректер – 12 және әдеби шығармалар деректері– 6». Одан әрі ондағы мәліметтердің құндылығы мен маңыздылығын төмендегідей атап өтеді:

- «XIV ғ. –XVI ғ. Бірінші жартысындағы Қазақстан, Орталық Азия, Үнді мемлекеттерінің тарихы;
- Ортағасыр дәуірінің көрнекті мемлекет қайраткерлерінің қызметі: Әмір Темір, Әбілхайыр хан, Бабыр және т.б.
- Қазақ хандығының қалыптасуының басталу тарихы;
- Ортағасырлық Қазақстандағы мемлекеттік және конституциялық құрылыс мәселелері;
- Жазба деректер негізіндегі ортағасырлыққалалардың тарихы мен мәдениеті;
- Көшпелі өркениеттің даму факторлары».

Ары қарай авторлар Дулати еңбегініңортағасырлық Қазақстан мен Орталық Азияның этникалық тарихы, рухани мәдениеті, діни ағымдары, ғұлама ойшылдары, тарихи жағрафиясы үшін де құнды екендігіне назар аударады. Академик Т.З.Рысбеков осы мақаладағы ойларын түйіндей келе, «М.Х.Дулати еңбегі, бір жағынан, қазақхандығының пайда болуы, қалыптасуы және даму тарихыжөніндегі негізгі дерек болса, екіншіден, бұл жәй тарихи фактілердің жиынтығы емес, бұл – өзінің ғылыми мәселелерін арнайы түсіндіруге бағытталған еңбек. Сондықтан да біз Мұхаммед Хайдар Дулатиді Қазақ хандығының тарихының алғашқы кезеңін зерттеуші бірінші ғалым деп есептейміз», - деп ойын түйіндейді.

Енді автордың тұжырымдарына, олардың шынайылығына көңіл аударсақ.

Қазақ хандығының тарихын екі үлкен дәуірге бөлуге болады, біртұтас немесе орталықтандырылған дәуір және бытыраңқылық дәуір. Орталықтандырылған дәуірдің хронологиясы Керей мен Жәнібек хандардан басталып, Тәуке ханмен аяқталады. Бұл дәуір өз ішінде шартты түрде бірнеше кезеңдерге жіктеледі. Олар мыналар: құрылу кезеңі, күшею кезеңі, «уақытша әлсіреу» кезеңі, қайта өрлеу кезеңі, «текетірес» кезеңі, «жоңғарлармен алғашқы күрес жылдары», «белгісіз жылдар» кезеңі және «Жеті Жарғы» кезеңі. «Тарих-и Рашидиде» осы кезеңдердің алғашқы үш кезеңі жөнінде мәліметтер кездеседі. Сонымен бірге Дулати деректеріне тереңірек үңілсек, ол Қазақ хандығының тарихына қатысты мәліметтер беріп қана қоймайды. Ол өз заманының жүйесіне сай, мезгілдік қағидатқа сүйене отыра, XV ғасырдың ортасынан XVI ғасырдың 40-шы жылдарына дейінгі Қазақ хандығының алғашқы үш кезеңдерін баяндайды. Академик Т.З.Рысбековтың Мұхаммед Хайдар Дулати - «Қазақ хандығының тарихының алғашқы кезеңін зерттеуші бірінші ғалым» деген тұжырымы өте шынайы және тура айтылған пікір деп есептейміз.

Сөз соңында тағы да атақты жазушымыз І.Есенберлиннің ойын дәйек ете отырып, академик Т.З.Рысбеков Қазақ Елінің «Мәңгілік Елге» айналуы үшін бірнеше ғасырлық тарихтағы өзекті тақырыптарды зерттеуін жалғастыра береді және одан әрі бірнеше мыңжылдықтар қойнауына қалам тартып тарихи білімімізді тың тұжырымдармен толықтыра түседі деп сенім білдіреміз.

**Әдебиеттер:**

1. Рысбеков Т.З. Жәңгірдің ішкі және сыртқы саясаты. //Ақиқат. – 2001. - № 7.- б. 56-61.

2. Рысбеков Т.З. Тараз: тарихы мен мәдениеті. //Материалы Международной научно-практической конференции. – Тараз, 2002.- б. 75-77

3. Рысбеков Т.З.Өлке тарихы: ерлік һәм батырлық дәстүр. //Материалы областной конференции по вопросам краеведения.- Орал, 2004.- 30 желтоқсан.- б. 7-13

4. Рысбеков Т.З.Қазақ мемлекеттілігі тарихындағы кіші жүз ханы Әбілқайырдың тарихи орны (XVIII ғ. 40 жж. Қазақ- орыс қатынастары мысалында). //Отан тарихы. – 2006- №1. Б.135-140.

5. Рысбеков Т.З. Кіші жүзді мемлекеттік біріктіру жолындағы Арынғазы ханның ролі.//Вестник ЗКГУ, 2007, № 3, б.79-87.

6. Рысбеков Т.З., Жақсығалиев Ж.Ж.Мұхаммед қазы баһадүр Әбілқайыр хан: Сардар һәм саясаткер (XVIII ғасырдың 20- жылдарындағы қазақ – қалмақ қатынастыра мысалында). //Дарабоз.- 2010. -№ 4. – б.42-45

7. Рысбеков Т.З. Қазақ хандығының тарихы туралы негізгі деректер.//ХҒПК «Қазақ хандығының қалыптасуындағы Түркістанның орны». – Түркістан. – 2015 – 3 сәуір. – б. 76-82

8.Рысбеков Т.З., Рысбекова С.Т.М.Х.Дулати мен Қадырғали Жалаир еңбектері – Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі негізгі деректер. //Қазақ хандығының тарихы: құрылуы, қалыптасуы және дамуы». – ХҒ ПК, 2015, 28.05. – Орал, БҚМУ. – б. 37-42.

9. Рысбеков Т.З., Рысбекова С.Т. Сарайшық – қазақ хандығының астанасы.//Материлы МНПК на тему «Казахское ханство на стыке тысячилетий: историческая преемственность и современный период» - Т.1 – Тараз – 2015 – б.273-277.

**ӘОЖ 929-051**

## ТАРИХ АЙДЫНЫНДАҒЫ ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

***Кенжебаев Ғ.К.***
*Қазақстан, Алматы қ.*

XX ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі XXI ғасырдың басы – Қазақ Елінің әлем өркениеті кеңістігіндегі кеңінен танылу дәуірі. Қазақ халқының өзіндік ұлттық болмыс-бітімімен, материалдық және рухани-мәдени салаларындағы жетістіктерімен әлем өркениетіне танылу дәуіріндегі саяси-қоғамдық, тұрмыстық-әлеуметтік оқиғалар ауқымында алып қарағанда өркениет дамуына сәйкес өзіндік табиғи талантына, қабілет-қарымына орай жастайынан ой және дене еңбегі салалары бойынша даралана алға ұмтылған, табиғи күш-жігермен, рухани қуатымен өмір бойы еңбек бақытымен абырой биігіне жеткендер ұрпақтарға өнеге болумен келді. Қазақ даласының барлық өңірлері – біздің ортақ Отанымыз ұғымын танытады. Туған жерінен – атамекенінен түлеп ұшып, одан кейін білім ғылым игеру, кәсіптік мамандығына сәйкес еңбек ету жылдарында өмір бойы өзінің ұлтына, Отанына қызмет етіп жүргенін сезіне білу – зиялы, қайраткер азаматқа тән қасиет екендігі ақиқат.

Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі ежелгі дәуірлерден қазіргі заманымызға дейін жалғасқан әлем өркениеттері тоғысуының көрнекті орталықтарының бірі қасиетті Тараз қаласында білім алған жылдары жасөспірім Тұяқбайдың туған халқының көпғасырлық тарихын жан-жақты тануға, зерттеуге-зерделеуге деген құштарлығы қалыптаса бастады. Әулие ата-Тараз атауларының жыр алыбы Жамбылға ауысуының да ұрпақтар сабақтастығының сипатындай бағалаған бозбала Тұяқбай осы жердегі Тектұрмас әулие-бабаның, Қарахан бабаның, Айша Бибінің, Бабаджы-Хатунның және т.б. ондаған қасиетті тарихи кесенелердің ұрпақтарға ұлағатын сезіне түсті.

Тұяқбай Зейітұлының білім алу сапарындағы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық) университетінің тарих факультетінде (1966-1970жж) оқыған жылдары елеулі орын алады. Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстанның одақтас республикалардың алдыңғы қатарында болып, материалдық және рухани мәдениет салалары бойынша өсу, өркендеу көрсеткіштерінің мол болғаны да тарихи ақиқат екендігі мәлім. Бұл жағдай жоғары оқу орындары студенттеріне де айрықша әсер ететін.

Қазақстандағы және КСРО-дағы жоғары білім беру жүйесінде көрнекті орнымен танымал ғалым-ұстаздар, профессорлар (С.М. Кенжебаев, Х.А.Арғынбаев, С.Ж. Жантуаров, Н.Н. Дауылбаев,т.б.) оқыған дәрістерден, семинар сабақтарынан мол тағылым алды. Ғалым-ұстаздардың жетекшілігімен студенттердің дәстүлі конференцияларында

баяндамалар жасап, ғылыми-зерттеу ізденістеріне бағдар түзеді, еңбектері ғылыми басылымдарда, баспасөзде жариялана бастады.

Университеттің тарих факультетінде білім алған жылдары – жас жігіт Тұяқбайдың болашақ теория мен тәжірибе сабақтастығына ұстаздары баулыған, бағдарлаған іргелі ғылыми-зерттеу еңбектер жазуының берік негізін қалаған еді.

1971 жылы кәсіби тарихшы мамандығы бойынша университетті үздік дипломмен бітірген жоғары білімді жас маман Тұяқбай Зейітұлы оқу-ағарту министрлігінің жолдамасымен Орал қаласындағы педагогикалық институтта еңбек өтілі жылдарын бастады. Ғылыми-зерттеуге бейім қабілетін таныта білген Тұяқбай Зейітұлы 1973 жылы түлеп ұшқан университетіне қайта оралып, 1974 жылы тарихшы-ғалым Д. Дулатованың ғылыми жетекшілігімен тарих мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады. Бұл – үздік білім, ғылым игеру сапарындағы жас ғалым Тұяқбайдың өрлеу, өсу сапарының биіктерге бастаған серпінді қадамы еді.

Тарих ғылымы – адамзат ұрпақтарының бұған дейінгі мыңжылдықтар белестерінің ғылыми-танымдық аясында деректамалық тұрғыда жүйелене бағалануы жас ғалым Тұяқбайдың Қазақстанның XX ғасырдың 60-90-жылдарындағы қарама-қайшылықты саяси-идеологиялық ұстанымдар тоғысындағы отандық тарих ғылымының өзекті мәселелерін жаңаша қарастыруға өздерін де, өзгелерді де жұмылдыра білген көрнекті ұстаз-ғалымдар М. Қозыбаевтың, Н. Нұрпейісовтің, М. Асылбековтің тәлімгерлік-тәрбиешілік, кеңесшілік ықпалымен сенімді еңбек қағидасын қалыптастырды. XX ғасырдың 80-жылдары мен қазіргі XXI ғасырдың басындағы Тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа кезеңінде Тұяқбай Зейітұлының жарық көрген 600-дей мақаласы, 6 көлемді монографиясы -отандық тарих ғылымының ғылыми жаңалықтары қорына мол үлес болып қосылды. 1977 жылы өзі еңбек бастаған жоғары оқу орнына қайта оралып, доцент атағын иеленген оны институт басшылығы «Кеңес Одағы тарихы» кафедрасына басшылық етуді тапсырды. Сол кезеңдегі саяси-идеологиялық, мемлекеттік басқару жүйесі мен жоғары білім беру ғылыми-зерттеу жұмыстарының ықпалды, өзекті арнасы болып саналатын осы кафедраны 10 жылдай абыроймен басқарды.

Оқу үдерісі, ғылыми-зерттеу, тәлім-тәрбие жұмыстарының тұтаса жүргізілуін біліктілікпен игерген ғалым-ұстаз Тұяқбай Зейітұлының тарих факультетінің деканы қызметін атқарған жылдары (1978-1991жж) кеңестік саяси мемлекеттік басқару жүйесінің тоқырау шегіне жетіп, қоғамдық, тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастардың дағдарысты жағдайлары әбден шиеленіскен кезең еді. Қазақстан тарихшыларының бәріне ортақ осындай күрделі кезеңдегі тарих ғылымының өткені мен қазіргі және болашақты сабақтастыратын реалистік нақтылықты ұстануы бұрынғыдан да күшейе түсті. Қазақстанның көпғасырлық тарихын ұлттық-отаншылдық рух аясында нақты деректер шындығымен жазуды негіздеп қалыптастырған Ә. Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, Е.Бекмахановтың, С.Асфендияровтың, М.Тынышбаевтың, М. Әуезовтің және т.б. Алаш зиялыларының тарихи зерттеулеріндегі ғылыми-теориялық, методологиялық ұстанымдар қайта жаңғыртыла қалпына келтіріле бастады. Бұл орайда, тарихшы ғалым Тұяқбай Зейітұлының Қазақстан тарихының жаңаша ұстаныммен жазылуын айқын дәлелдеген «Қазақстан кеңестерінің 1938-60- жылдары аралығындағы шаруашылық және мәдени қызметі» тақырыбымен жазып қорғаған (1990) докторлық диссертациясы жаңашыл отандық зерттеудің көрсеткіші болды. Бұл еңбегінің дайындалуында, сәтті қорғалуында әділ бағалаушы, қолдаушы болған отандық тарих ғылымының қарашаңырағы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұжымы тарихшы ғалымды бағалаудың ұлағатты, ұмытылмайтын өнегесін танытты.

Орал педагогикалық институты ұжымының жалпы жиналысында тікелей ашық сайлау нәтижесімен Тұяқбай Зейітұлы осы байырғы жоғарғы оқу орнының ректоры болып сайланды (1991). Педагогикалық еңбек жолын бастаған және одан кейінгі қызметтерін де атқарып келе жатқан осы жоғары оқу орнының ректоры болған 18 жылдың ішінде ол жас ұрпақты оқытудың, тәрбиелеудің, ғылыми ізденістер жолына баулудың, көмектесудің үздік өнегесін таныта білді. Өзінің барлық еңбек өтілі жылдары өтіп келе жатқан осы жоғары оқу орнының басшысы қызметінде жүргенде оқытушы-профессорлар құрамының қазіргі заманғы озық жетістіктерді игеру мұраттарына қол жеткізуіне де аянбай көмектесті. Бұл – туған халқына азаматтық-отаншылдық рух қуатымен қызмет етудің біздің заманымыздағы жарқын көрсеткіштерінің бірегейі.

Тарих ғылымы халық ұрпақтарының қалыптасуы, дамуы жолының шындықпен өрнектелген мәңгілік ұлы қозғалысының көрнекті көрсеткіші. Барлық ғасырлардағы көрнекті

тарихшылардың бәрі де туған халқының және бүкіл адамзаттың қалыптасуын, дамуын нақты деректер аясында жүйелеп жазу арқылы әлем өркениетінің мәңгілік дамудағы шынайы болмысын кейінгі ұрпақтарға жеткізу қызметін атқарып келеді. Жоғары оқу орындарының басшысы болған қызметтерін абыроймен атқара жүріп Тұяқбай Зейітұлы да кәсіби тарихшы маман тұрғысындағы ғылыми еңбектер жазуын ешқашан тоқтатқан емес.

Орал пединститутында қызмет еткен жылдарында (1971-1996), кейін гуманитарлық университеттің (1996-2000), содан кейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің (2003-2011) ректоры қызметтеріндегі жылдарында Т.З.Рысбеков танымал педагог-ғалым болып қалыптасты. 1971-1991 жылдар аралығында Кеңест Одағы ғалымдары қатарында көптеген ғылыми конференцияларға белсене қатысты: Махачкала, Алматы,Ташкент, Қазан, Орал, Москва, Санкт-Петербург, Екатеринбург, Астана, Қарағанды, Павлодар т.б.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Түркі халықтары мен мемлекеттерінің достастығы, туысқандығы және ынтымақтастығының I және II конгресіне арнайы шақыртумен қатысып (Түркия: Измир, 1993; Анкара, 1994), мазмұнды баяндамалар, пікір алысулар жасады.

Әлем халықтарының тарихына, өзара байланыстарына арналған өзекті мәселелердің талқылануы аясында ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыруда өзінің ғылыми үлесін қосып келеді. Мысалы, «Орал (Жайық) мен Волга (Еділ) бойы халықтарының өзара байланыстарын тереңдету мен аймақтық ұлттық саясат мәселелері» атты еларалық конференциядағы ғылыми баяндамалары да ғылыми ортада жылы ықыласпен бағаланды. Қазақстан Республикасында және ТМД елдері арасында өткен қазақ және әлем халықтарының тарихы, этнопедагогика, этнопсихология, философия, оқытудың жаңашыл технологиялары, т.б. өзекті мәселелердің теориялық және тәжірибелік зерттеулеріне байланысты ғылыми маңызды баяндамалар жасады. Сол баяндамалары тыңдалған, мақұлданған көптеген ғылыми-теориялық конференцияларға қатысқаны ғалым-ұстаздың біліктілік деңгейін даралай түсті.

Жоғары оқу орнының көпжылдар бойы басшысы және білікті ғалым-ұстазы болған Тұяқпай Зейітұлы алыс, жақын шетелдердегі жоғарғы білім беру жүйесін зерттеп үйрену мақсатында бірнеше шетел мемлекеттеріне арнайы іссапарларымен барды: АҚШ (Монтана), Ұлыбритания, Түркия (Измир, Анкара), Финляндия (Хельсинки), Алмания (Ганновер, Дюссельдорф), Моңғолия (Ұлан-Батор), Чехия (Прага), Италия (Болонья). Әлемдегі білімі танымал университтердің білім беру жүйесіндегі пайдалы тәжірибелердің отандық оқу-орындарында үйлесімді қолданылуының инновациялық технологиялары туралы да өзіндік ұсыныстарын оқу үдерісінде жүзеге асырды.

Атап айтқанда, үйренген тәжірибесі негізінде балаларға арнаулы білім беру мәселесін шешу мақсатында түлектері жаңа сауалнама (тест) сынынан жақсы нәтижеге жетіп, 100 пайыздық деңгейде жоғарғы оқу орындарына қабылданған дарынды балаларға арналған лицей-мектепті Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті жанынан ашуды жүзеге асырды (1992 ж.). Сол лицей-мектептің негізінде қазір БҚО әкімінің шешімімен Ломоносов атындағы Мәскеу университеті мен БҚМУ бірігіп, дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы мектеп болып қайта құрылғаны да жаңашылдықтың жарқын үлесі екендігі анық.

2005 ж. бастап ғалым-ұстаз басқаратын университетте бакалавриаттың 50, магистратураның 24, PhD докторантураның 4 мамандығы бойынша дайындықты жүзеге асыра бастады, оның тиімділігі сапалы нәтижелерімен байқалып отыр. Сонымен бірге, 2008-2011 жылдар аралығында университеттің стратегиялық жоспарларына сәйкес 25 монография, 500 жуық мақалалар жарық көрді. Тарих, педагогика, филология, философия ғылымдарынан 36 кандидаттық және докторлық диссертация қорғалды, теориялық жаңалықтардың тәжірибелік тұрғыдағы қолданыстары да оқу-үдерісінде пайдалы ықпалын байқатып отыр.

Өмір бойы жоғары оқу орнындағы ұстаздық және басшылық қызметтерін тұтас атқарып келе жатқан Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков сонымен қатар, республикамыздағы және Батыс Қазақстан облысы көлеміндегі қоғамдық істерге үлес қосушы қайраткерлік қызметімен де мәлім. Ол бірнеше рет Орал қалалық және БҚО маслихат депутаты болып сайланды (1994 жылдан 2016 жыл аралығында). Ол университет жанында 07.00.02.-Отан тарихы (ҚР тарихы) мамандығы бойынша тарих ғылымының кандидат (кейін докторлық) ғылым дәрежесін беретін диссертация қорғалалатын К.14.44.04 Диссертациялық Кеңестің Төрағасы, бірнеше жыл (2006-2009) ҚР Білім және Ғалым министрлігі жайындағы ғылыми атақ беру Президиумының мүшесі. Университеттің ғылыми журналы "БҚМУ хабаршысының" ғылыми сарапшылар кеңесінің төрағасы. Ғалым-басшы Тұяқбай Зейітұлы көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері

Ж.Молдағалиевтің 80 жылдық мерейтойына байланысты Білім және Ғылым министрлігінің бағдарламасы аясында өткізілген "Қазақ тілі мен әдебиетінің өзекті мәселелері" атты республикалық ғылыми дәрежелік конференцияның бас ұйымдасырушысы және Шара Жиенқұлова атындағы ІІ Республикалық ұлттық қазақ биі байқауын ұйымдастырушылардың бірі. Университеттің өңірдегі мәдени-ағарту, оқу-әдістемелік іс-шаралар орталығы ретіндегі саналуан жұмыстарының ұйытқысы болуында ол үнемі азаматтық-қайраткерлік тұлғасымен халықтың сүйіспеншілігіне бөленді.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа тарихындағы қайраткер-азаматтарымыздың қатарындағы Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков – туған жерінен түлеп ұшып, бұл күндері байтақ Отанымызға және алыс, жақын шетелдерге танымал болып отырған ғалым-ұстаз азамат, қазақ ұлтының жаңа буын ұрпақтарына өзіндік ұлағатымен өнегелі тұлға. Тұяқбай Зейітұлының білім мен ғылым саласындағы нәтижелі де еселі еңбегі ҚР Білім және Ғылым министрлігі, ҚР үкіметі, сондай ақ шетелдік үкіметтік емес ұйымдар тарапынан лайықты бағаланып марапатталып келеді: Ы.Алтынсарин, «А.Байтұрсынов (алтын және күміс), «ҚР ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін», «Білім мен ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына қосқан үлесі үшін», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы», «ҚР маслихаттарының 20 жылдығы» медальдарымен, «ҚР білім үздігі», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгілерімен, «ҚР еңбек сіңірген қызметкерлері», «Орал қаласының құрметті азаматы», «ҚР спортының құрметті қызметкері» атақтарына ие және «Парасат» орденінің кавалері. Сонымен бірге, Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы Алмания, Ресей, Ұлыбритания, Франция, Швейцария мемлекеттерінің үкіметтік емес ұйымдарының орден-медальдарымен де марапатталып, қазақтың ұлттық мәртебесін биіктетуге өзіндік үлес қосқандығын дәлелдеп келеді.

Ол - Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының құрметті мүшесі, сонымен қатар бірнеше қоғамдық ғылыми орындардың –Қазақстанның Гуманитарлық, Әлеуметтік, Жоғары мектеп, Балтық Педагогикалық (Санкт-Петербор), Педагогикалық және Әлеуметтік ғылымдар (Мәскеу), Халықаралық ақпараттандыру (Мәскеу), Халықаралық жоғарғы мектеп (Мәскеу), Халықаралық Евразия экономикалықАкадемияларының және Европалық Жаратылыстану ғылымы Академиясының академигі, Петр Академиясының мүше-корреспонденті (Санкт-Петербор), Европа жоғары оқу орындарының ректорлар клубының мүшесі және «Ғылыми зерттеу жұмысындағы ерекше еңбегі үшін» Вильгельм Лейбниц (Германия),«Наполеон» (Франция), Кембридждің «International Professional» Интернационалдық библиографиялық орталығы медалдарының, «Ерекше еңбегі және ғылыми зерттеулері» (Германия), «Парасат»ордендерінің, Оксфордтың «Европалық интеграцияның дамуына қосқан жеке үлесі үшін» Халықаралық марапаты иегері, ҚР еңбегі сіңірген қызметкері, Оксфордтың «Таңдаулы ғалым» Номинациясы жеңімпазы, «ЖОО Таңдаулы оқытушы – 2013» Грантының жеңімпазы.  Ғылыми-педагогикалық қызметі жетістіктеріне орай марапатталып бағаланған бұл көрсеткіштер арқылы халыққа, Отанға аянбай еңбек етудің мәртебелі болмысы айқын байқалады.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бөлімінде біздің қазіргі жаңа тарихымызда өмір сүріп отырған замандастарымызға ортақ ұлттық-отаншылдық басты ұстанымды атап көрсетті: «Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ одан да маңыздырақ мәселені – өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екеніңді әсте ұмытуға болмайды.

Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз» (Егемен Қазақстан, №70, 12 сәуір 2017 жыл, 1-б.).

Демек, тарих ғылымдарының докторы, профессор Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің көпжылдар бойы ректоры, қазіргі кезде ректордың кеңесшісі Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков – қазіргі Тәуелсіз Қазақ Елі зиялыларының қатарындағы ұлағатты қайраткер, көрнекті тұлға. Туған жері қасиетті Тараз өңірінен түлеп ұшып, абыройлы биіктерге жеткізген, білім, ғылым жетістікеріне, еңбек тәжірибесіне жеткізген Алматыны, Оралды, байтақ Қазақстанын, туған халқын перзенттік махаббатымен сүйетін ол Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі рухани жаңғыруымен болашаққа бағдар түзеген отандастарымызбен бірге тұлпар шабысты, шабытты еңбек сапарында келеді. Мәңгілік Ел даму жолдарындағы абыройлы еңбек сапары биіктен биікке өрлете бергей!

ӘОЖ 929(574)

# АКАДЕМИК Т.З. РЫСБЕКОВ ҺӘМ ӨЛКЕ ТАРИХЫ

***Жақсығалиев Ж.Ж.***
*Қазақстан, Орал қ.*

Тынымсыз күрестен тұратын тіршіліктің қадірін терең ұғынған бабаларымыз бағзы замандарда-ақ «білікті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деп, түгел сөздің түбірін тобықтай түйген. Қай заманда да, қай қоғамда да білімді алға жетелейтін негізгі қозғаушы күш – ғылым. Білім мен ғылым – құстың қос қанаты тәрізді бір-бірінен еш ажырағысыз егіз дүние.

Тәуелсіз Қазақстан ғылымының арналы саласының бірі – Отан тарихы ғылымы. Мемлекет құраушы ұлт қазақ – қазақ болғаны үшін мақтанарлықтай дәрежеге жетпей, ұлттық рух пен қуатты мемлекеттік идеология хақында сөз қозғау қиын. Қазақ тарихының маңызы да осында.

Мұны, қазіргі біз түгілі XX ғасырдың басындағы ұлттық саяси элита қапысыз ұғып, ұлттық тарихи сананы жаңғырту жолында халқына қалтқысыз қызмет етуді бастап кеткен еді.

Оған дәлел Алашорда үкіметінің саяси көсемі Ә.Бөкейханов, қазақтан шыққан алғашқы инженер һәм теміржолшы М.Тынышпаев, қазақтан шыққан алғашқы кәсіби дәрігерлер С.Асфендияров, Х.Досмұхаммедұлы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Т.Рысқұлов, т.б. сынды ұлт марғасқалары ұлт ісіндегі қисапсыз шаруалардан бір кемі жоқ қазақ тарихының өзекті мәселелерін зерттеуге дер кезінде білек сыбана кіріскен еді.

Аға буынның ұлт мүддесі жолында жасаған қызметіне кіршіксіз адалдығы сол: өздері айдалып, өлімге кетіп бара жатса да, болашақ ұрпаққа, өкшесін басып келе жатқан кейінгі жас толқынға рухани мұралары мен шығармашылық энергияларын қалдырып, аманат айтып үлгеруінде еді.

Сөзімізге тұздық ретінде бір ғана мысал. Өткен ғасырдың 30-жылдарының екінші жартысында Ресейде айдауда жүрген Халел Досмұхаммедұлы, сол кездегі Воронеж қаласындағы тарих факультетінің студенті, болашақ дарынды тарихшы Ермұхан Бекмахановпен дидарласып, «айналайын, Ермұхан мен қазаққа әлімнің келгенінше Исатай-Махамбетті таныстырдым, сен әлі жассың, болашағың алда, Кенесары қазаққа әлі танылмай жатыр, ол қазақтың рухы, сен соны зерттеп, халқыңа ұсын» деп өсиет айтқан екен.

Ең бір әттегенайы, аға аманатына соншалықты адал болған Е.Бекмахановтай қайсар талант Кенесары Қасымұлы туралы докторлық диссертациясын сәтті қорғағаннан кейін 25 жылға сотталып кете барды. Атышулы «Бекмаханов ісінен» кейін қазақ тарихын ұлттық мүдде тұрғысынан зерттеуге қатаң тиым салынды.

Иә, ел тәуелсіздігі һәм «бостандық желінің есуімен» бірге қоғамның есті бөлігінің жаппай тарих жазуға құлшына кіріскені сондай, жазушы да, зейнеткер де, инженер де, математик те бір-бірінен еш қалысқан жоқ. Бұл – заңдылық еді. Қазақ халқының ата тарихына деген сұранысы жойқын болатын.

Өкіништісі, сол кезде елімізде, соның ішінде аймақтарда өз ісінің «жілігін шағып, майын ішетін» кәсіби тарихшылар жетіспей жатты. Осы ретте, өңірлердегі осындай мамандар жетіспеушілігін дер кезінде аңғарған тарих ғылымдарының докторы, профессор, кейін «Парасат» орденінің иегері Тұяқбай Зейітұлы Рысбековтың өз замандастарының арасында орны оқшау, шоқтығы биік.

Ұстазымыздың мұрындық болуымен 1991 жылы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Қазақстан тарихы кафедрасы ашылып, кейін университет жанынан 07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасы тарихы) мамандығы бойынша алғашында кандидаттық, кейін докторлық диссертациялық кеңес ашылып, тұрақты жұмыс жасады.

Бұл аймақтарда жұмыс жасап жүрген жас ізденушілерді орталыққа барып қорғау қиындығынан құтқарып, материалдық һәм моральдық тұрғыдан оларға зор қолдау көрсеткен игілікті іс болып шықты. Академик Т.З.Рысбеков ғылымға құлшыныс білдірген қазақтың өрімдей жастарын қанатының астына алып, ғылымдағы әкелік қамқорлығын еш аямады.

Шәкірттері де ұстаздарының үмітін ақтауға ұмтылып, ұзақ ізденістен кейін, бірінен кейін бірі кандидаттық, қайсыбірі докторлық диссертацияларын сәтті қорғап жатты. Сөйтіп, Тұяқбай

Зейітұлы университет ректоры ретінде сан-салалы жұмыстарымен бірге, ғылыми істі ұйымдастырушылық бағытта да жарқырай көрініп, тек Батыс аймаққа емес, республикаға танымал ірі ғылыми мектептің іргетасын қалады.

Сайып келгенде, ұрпақтар сабақтастығын жадынан шығармаған тісқаққан тәжірибелі ғалым «үндемей жүріп, үлкен іс бітіріп», тәуелсіздіктің ширек ғасырында өлке тарихының «жапырағын жайған алып бәйтерегіне» айналып, өңірімізде қалыпты ғылыми мектептің ырғақты жұмыс жасауына мүмкіндік жасады.

Ақжайық өңірінің ақиық ақыны Ғайса-Ғали Сейтақ жырлағандай «Кіші жүзге еңбегі сіңген қазақ» осылай өлке тарихында айшықты қолтаңбасын қалдырды. Тегінде «ұлы дариялардың ағысы білінбей терең, арналы ағады» деген даналық нақыл осындай жайсаң жандарға арналса керек.

Тарихшы-ғалым, ағартушы қайраткер ретінде аянбай еңбек етіп келе жатқан атпал азаматтың, ұлағатты ұстаздың 70 жасқа толып отырған туған күнінде деніне саулық, отбасына бақыт, ұзақ ғұмыр, алда да талабына дәт, ісіне сәт тілегеніміз ләзім деп білеміз.

# I СЕКЦИЯ

# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПРОФЕССОР Т.З.РЫСБЕКОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

# ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА В ТРУДАХ ПРОФЕССОРА Т.З.РЫСБЕКОВА

**ӘОЖ 94(574)**

## ТӨЛ ТАРИХЫН ТҮГЕНДЕУГЕ ҰМТЫЛҒАН ТҰЛҒА

***Абдоллаев Н.А.***
*Қазақстан, Ақтөбе қ.*

Өткен ғасырдың 70-ші жылдары басында республикадағы білім мен ғылымның қара шаңырағын абыроймен имамдаған оқу орнының мемлекеттік жолдамасымен Ақ Жайық өңіріне келген Тұяқбай Зейітұлы Қазақстан және Еуразия кеңістігіне танылған ғалым тарихшы, мемлекеттік ұйымдастырушы болып мерейлі жас шегіне жетіп отыр. Сол биіктен бағалайтын болсақ қазақ халқының біртуар азаматы, еліміздің білім мен ғылым саласындағы өз заманындағы жарқын биік тұлғалардың бірі деуге тұрарлық. Ол бүкіл саналы да мағыналы ғұмырында елдің білім жүйесі мен қоғамдық-саяси өмірдің өзекті мәселелерін жан-жақты зерделеп, қазақ халқының шын, ақиқат тарихына елеулі үлес қосқан.

Ғылыми-педагогикалық, ұйымдастырушылық жолында ол қатардағы институт оқытушысынан сол оқу орнының басшы қызметіне көтеріліп дәстүрлі кеңестік педагогикалық институтты көп салалы модернизациялау нәтижесінде Қазақстанның университеті етіп заманауи іргелі білім ордасына дейін көтеріп жаңа мамандықтар мен факультеттер ашты. Әсіресе, тарих және қазақ филологиясы мен әдебиеті мамандықтарын даярлайтын факультеттер ашылып қазақ елінің тәуелсіздігіне жол ашты. Ғылым орталықтарынан танымалы ғалымдар мен осы облыстың арнаулы орта оқу орындарында жүрген базалық білімі бар жас мамандар қызметке тартылды. Бүгінгі таңда олардың бірсыпырасы республикаға танымал ғалымдар қатарында, ал олардың шәкірттері Батыс Қазақстан аймағына педагогика кадрларын даярлау ісінің алғы шебінде еңбек етуде.

Қазақ даласының Батыс өңіріндегі ұлт-азаттық қозғалыстарда ұлтжандығы мен айбынды жауынгерлік танытқан тек ел аузында сақталған тұлғаларды жинақтап олардың өмір жолын зерттеуге де Т.Зейітұлы ұйытқы бола білді. Сол заманның қиын-қыстау ахуалына қарамастан КСРО-ның аймақтарындағы мұрағат қорларын барып зерттеуге қаржы тауып ғылыми шығармашылыққа барынша жол ашты. Осындай жаңашылдық аясында батыс өңірінде объективті және субъективті негізде төл тарих арнасынан тыс қалған оқиғалар мен жете тұлғалардың есімдері жанданып, ғылыми конференцияларда талқыланып ескерткіштер орнатылды, елді мекендер мен көшелерге тарихи тұлғалардың есімдері берілді.

Ғылыми шығармашылығында Т.Зейітұлы бірінші орынға қазақ тарихы мен мәдениетін қойып келеді. Тарихи сана жетілмей, тәрбиеленбей өткенімізге дұрыс баға беру мүмкін еместігін әрдайым атап, енді еліміз тарихының шаң басып жатқан шындық беттері ашылған кезде тарихи санамызды ояту мүмкін деп әрдайым айтуда. Өзінің ой өрісі мен өмірден түйген тәжірибесін еліміздің болашағына арнаған жан. Әсіресе, қазақ тарихы мен тілі, ұлттың мәдениеті ол үшін маңызы өлшемсіз және қасиетті түсініктер болып ұлттық тарих аса маңызды және мазмұны бойынша күрделі ұғым екенін берік ұстанып келеді. Оның ғылыми ақиқаттық мәні мен мазмұнына бойлау, яғни оның болмысының заңдылығы ретімен қалыптасу жүйесін пайымдау үшін ұлттық болмыс деген не және тарихи тағдырдың бас кейіпкері кім деген түйіндерді анықтау қажет.

Қарапайымдық түсінік тұрғысынан қарайтын болсақ қазақтың төл тарихы қазақ этносының өзіндік өткен жолы деуге болар еді. Алайда, әрбір халық, ұлт тек өзіндік дара тіршілік аясында қалып, оның ғасырлар бойы басынан кешкен оқиғалары адамзат өркениеті ортасынан алшақтанып, тіпті оқшауланып т.б. алуан байланыстылық пен сәйкестік көріністер ықпалынан шет қалар еді. Мұндай күмәнді сауалдар алдымызға көлденең тартылмас үшін мәселенің басын ашып алған жөн деген оның кәсіби ұстанымы. Шынында да ықшамдалып тұмшаланған көзқарас қай халық болса да, әсіресе қазақ халқының кең ғылыми негіздегі,

әлемдік өркениет аясындағы ұлттық тарихын сомдауға елеулі тосқауыл болмақшы. Олай болса, қазақтың төл тарихын дүниежүзілік өркениет аясында, әлемдік тарихи эволюция арнасында зерттеу орынды болмақ. Осы орайдағы Т.Зейітұлы ұстанымы жете қазақ тарихының тағдырына әрдайым жақынырақ болды. Оның бір себебі өткен ғасырдың 80 – 90 жылдарында бұл мәселенің өткір сипат алуында болар дейміз, неге десеңіз мерейтой иесінің һткен жолы тарих және адамзат өркениетімен іспеттес.

Қазақ халқы тарихы ғасырдан ғасырға ұласқан адамзат тіршілігі аясында желісін жалғастырып келеді. Олай болса әлемдік өркениет басынан кешкен ұлы сарындар, қоғамдық сілкіністер мен мемлекеттік төңкерістер нәтижесінде болған түбірлі бетбұрыс пен өзгерістер қазақ тарихында терең із қалдырған. Сөз жоқ, адамзат тәжірибесі тұрғысынан талдасақ дүниежүзілік өмір тынысы ұдайы тұрақты сипат сақтауы, бір ырғақта мамыражай, жаймашуақта болуы мүмкін еместегіне көзіміз жетеді. Болмыстық күрделі құбылыстар мен екпінді серпілістердің адамзат немесе жеке халық қауымдастығы тынысына (тарихына) әсер-ықпалы мол болатыны ешбір күмән келтірмейді. Т.Зейітұлы бұл орайдағы мәселелер арнасындағы ұстанымды қолдап өз ойын әлем даналарының Әль Фараби, В.Бартольд, Л.Гумилев, Абай, Е.Бекмаханов, Ә. Марғұлан сияқты ғалымдардың тұжырымдарымен дәлелдейді.

Бұл тұлғаны қазақ тарихынан тыс қалдырмаған бір мәселе отанымыздың еларалық қатынастардың шешуші бұрылыстарындағы қиын-қыстау жағдайдағы дәрежесі. Іргесін жинаған шағының қай кезінде де, қазақтың кең-байтақ мекеніне көз алартушылар да, оны жұмырлай жұта салсам деп аранын ашқан қызылкөз қорқулар да болды. Шығысы мен батысында, оңтүстігі мен сотүстігінде қауіп-қатер бұлты жинақы болуды талап етті. Санқилы аласапыран сын сәттерінде, қанұйлы соғыстарда, тіршіліктің алдамшы, жымысқы жалтарыстарында ұлтымыз тек өзіне тән адамгершілік болмысын, ар-ождан биіктігін бір мысқал да төмендетпестен, асыл қасиеттілігіне еш сызат түсірместен досты да, дұшпан да тани білгенін Т.Зейітұлы әрдайым жоғары құрмет және мақтанышпен баяндайды. Бұл орайда жаны қазаққа белгілі: «Малым жаным үшін, жаным арым үшін», деген қанатты сөйлемді халқымыз қашан да жоғары ұстай білген.

Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы екені туралы тұжырым мерейтой кейіпкерінің негізгі ұстанымы болып келеді. Қазақстанның әрбір азаматы әрдайым өзінің арғы бергі тарихи жолын ой елегінен өткізіп, «Кеше кім едік? Бүгін кімбіз? Ертең кім боламыз?» деген төңіректе ойланғаны жөн деп есептейді ол. Бұл - әрбір азамат кіндік қаны тамған елінің, туған халқының тарихы ешкімнен де олқы еместігін  түсінсін деген сөз. Бұл - әрбір азамат тарих қойнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын деген бағытқа сілтейтін ұстаным. Осы тұрғыда бүгінгі зиялы қауым, тарихшылар туған еліміздің ұлағатты да үлгілі толыққанды төл тарихын қай тұрғыда баяндап зерттеудеміз, ғылыми шындықты, тарихи әділеттілікті қалай тұжырымдап келеміз?- деген сұрақтар өтпелі заманның қай-қайсысында да кәсіби тарихшыларды терең ойға сілтеді. Осы мәселе әрдайым өткір сипатта болды және болашақтың күрделі де жауапты міндеті болып қала береді. Егерде ғылыми-зерттеу жүйесіне өркениеттілік негізде бойлап тереңдеп өз мүдде-мақсатымызды анықтай алмасақ, сан-қилы бағытқа пытырай шашылып, без-береке жайылсақ – парасатты тіршіліктегі өнегелі ізденіс болмақ емес, объективті қалаған нысанадан алшақтай түсу, заманы өткен бопсалар дағдысында қалғып кеткеніміз болмақ.

Тарих ақиқатына жету үшін зерттеуші қолында, ауызекі мәлімет, аңыздардан гөрі нақтылы дерек көздері жеткілікті болуы қажет. Сол себептен зерттеушінің табан тірер тарихи дерек көзі мол болып, жазылған жалпы әдеби, әсіресе тарихи шығармаларды ғылыми сараптамадан өткізіп, үлгілі бағыт-бағдарлама ұстанып, жаңаша ғылыми-зерттеу жүйесін игеру негізінде, ұлттық сананы өркениетті деңгейдегі жасампаздық биіктікке көтеру қажет. Осы орайда ерекше бір көңіл аударарлық мәселе-өткен ұрпақ, ата-баба мұралары, XX ғасырдың басында ұлт тағдыры үшін күрескен қазақ зиялыларының, Алаштықтардың еңбектері, солар ұстанған бағыт-бағдарламалар екенін Т.Зейітұлы шығармашылығының үшінде ұстап келеді. Ал Алаш жетекшілері өз халқын өркентиетті адами болмыс биіктігіне көтеруге, тәуелсіздік пен демократиялық құрылымға қол жеткізуге, әлемдегі дамыған мемлекеттер қатарында қазақ елінің терезесі тең болуына, ұлттық руханияттың дүниежүзілік өркениеттік шеңберде сыбағасына сай өз орнын табуына және де сол биіктікте танылуына табиғат сыйлаған асыл қасиеттерін жұмылдыра білгені әбден аян.

Өзін белгілі бір ұлттың өкілімін деп санайтын адам сол ұлттың тарихын білуі тиіс деп ойлаймыз. Ұлттың тарихы туралы сөз қозғалғанда біраз мәселелердің басын ашып алмай болмайды. Олай деуіме себеп - қазақ халқы «тарих» деген ұғымға өзіндік анықтама беріп, ерекше баяндаған. Басқа көшпенділер сияқты қазақтарда тарих деген кезде елестету тәсілін қолданған. Сондықтанда адам факторы қазақ халқының өткенді еске алу процесі үшін ерекше рөл атқарған.

Осыдан да болса керек, қазақ халқы өткенді шежіре арқылы танып білген. «Шежірені» арабшадан қазақшаға аударсақ, онда «ағаш» дегенді білдіреді. Демек, ағаштың түбірі, бұтақтары бар, бір бұтақтан бір бұтақ өніп, жапырағы жайылып жатады. Шежіре негізінен біреуден көпке қарай тармақталып жатқан процесті білдіреді. Шежіренің ең негізгі қолданылатын жері - әр адам өзінің шыққан тегін, ата-бабасын білуі керек. Әдетте жеті ата мөлшері алынады. Өрбіткен кезде, кімнен кейін кімнің дүниеге келгені айқындалады. Осы орайда қазақтың «Жеті атасын білмеген жетес» деген, немесе Ш.Айтматовтың «Плаха» атты еңбегіндегі маңгүрт, орыс халқының «Иван не помнящий родства» деген түсінік-түйіндері ойға келуі объективті.

Шежіре – түсінген адамға ел арасындағы жіктілікті, рушылдықты қоздыратын құрал емес, керісінше туысқандыққа, ағайын-жекжат, бауырластыққа, сыйластықпен ауызбіршілікке бағыттайтын, ешуақытта мәнін жоғалтпайтын, ұрпақтарының көбейгеніне марқайып, оларға қуаныш сыйлап, өміріне азық болатын, татулық пен тазалықты, қан тазалығын жақсартатын қасиетті мұралардың бірі, тіпті бірегейі десекте артықшылығы болмайтын шығар.

«Қарына тартпағанның қары сынсын» - деп туыс жақындарына ерекше көңіл аударып, жарты нанды бөліп жеп, қиыншылықта, аштықта, қатерлі-қаперлі жағдайында ағайын-туыс үшін жанын беріп, әрі бір тұтас халықтың мемлекет жүйесін басқарғандығы ақиқатқа сілтейтін құралы болып, олардың ұйымдасып саналы іс–шара алуына септігін тигізген ұрпақтар болашағының қайнар көзі болып, Қазақ тарихына еніп отыр.

«Әруақ-азбайды, ар-тозбайды» - дегендей, еліміз үшін қантөгіс шайқастарда «Әруақ, әруақ» - деп Бекет, Барақ, Бақтыбай, Абылай, Есет, Ер-Қосай, Жанғожа!!!...т.б сияқты қасиетті аталарымыз ұрпақтарының ұранына айналғаны тарихта белгілі. Олай болса Шежіре - қазақ халқы үшін зор маңызы бар, үлкен әлеуметтік, моральдық, психологиялық рөл атқарған тәсіл. Саны жағынан азғантай, ал жайлаған жері кең қазақ халқы үшін шежіре халықтың бірін-бірі тануы, біріне-бірінің қандық, тектік жақындығынын білдіру үшін қызмет етті. «Қарға тамырлы қазақ» дегенің-өсімдіктің бір өзегінен тарамдалып шыққан нәрсе іспеттес. Бәрі бірін-бірі танып-білуге, бірімен-бірінің ара-қатынасын айқындауға бағытталған. Мұнда ең басты мәселе-оны алшақтату емес, қайта бірімен-бірінің жақын екендігін сездіру болып табылады. Жеті атаға дейін қыз алысып, қыз беріспеудің тектік теориясы жағынан генетикалық мағынасы күрделі екенін ақылы бұлақ суындай мөлдір, ары таза жанға әбден танымалы. Генетика ғылымының заңдылықтарына сүйенсек, солай болып шығады. Қазақ үшін де өте қажет болған бұл үрдіс кең өңірге жайылған, көшпенді бытырап жатқан халыққа пайдасын тигізді деп айтуға негіз бар.

Шежіре арқылы жалпы қоғамдық, дүниежүзілік көлемде өткенді тану тіпті де мүмкін емес. Шежіренің осал жері де осы тұстан шаң береді. Ол негізгі функциясын атқарғанмен, жалпы кең көлемде тарих деген ұғымға байланысты қолдануға келе бермейді. Осалдығы сол - шежіре уақыт ұғымымен байланысты емес. Ал өз кезегінде «тарих» дегенің қазақшаға аударғанда «уақыт», «дәуір». Әдетте шежіре жетінші атаның қашан, қай жылы туғанына жауап бермейді. Осалдығы сол - шежіре уақыт ұғымымен байланысты емес. Ал жалпы дүниежүзілік тарихқа келетін болсақ, мұнда оқиғалар тізбегі алдыңғы кезекке шығады. Өйткені, халықтың өмірінде өткен оқиғалар қашан, қай жерде болғаны аса маңызды. Ал шежіре болса, өзімізді-өзіміз тануымыз үшін, бір - бірімізге қандай жақындығымыздың барын білуіміз үшін қажет.

Жоғарыда айтқанымыздай, тарих уақытпен байланысты ұғым. Қай ғасырда, қай жылы, қандай оқиға болды, оны халқымыз, ұлтымыз үшін қандай мәні бар-осы бізге аса қажет. Бүгінгі таңда ұлттың тарихын білу керек дегенде, ең алдымен, ұлтымыздың қалыптасу негізі мен жолдарын білуіміз керек. Қалыптасу процестерінің кезеңдерін білсек, сірә, артық болмайды. Оқиғалардың қалай, қай әсерде өткенін білмейінше тарихты тану мүмкін емес болар. Демек, тарихи процесс - ұлттың қалыптасуы деген ұғым – қай-қайсысы да шежіреге қарама-қарсы келетін тұстардан ада емес. Мәселен, шежіре бірден бастап, көпке қарай тармақталса, ал тарихи процесс деп отырғанымыз жеке-жеке бөлшектерден ірірек кешендер құралып, біртіндеп ұлттың пайда болғанын дәріптейтін тәсіл. Тарих туралы айтқанда осыны жақсы түсіну керек. Аға ұрпақтар, қарияларымыз, кейде шежіренің аумағында қалып қойып жатады. Ал қазақтың билеушілері қай жерде, қай уақытта, қалай өмір сүргенін, хандық құрғанын, ұлттың қалай

пайда болғанын, кішкентай, ұсақ тайпалардан рулардың қалай пайда болғанын, одан ірірек ру бірлестігі туындағанын, одан ұлысқа айналғанын, бірте-бірте ұлттың қалыптасқанын, яғни ірілене түскенін қадағалау, білу-кең көлемді таным аясы болып табылады. Әдетте тарих туралы сөз айтқанда, бөлшектенуге емес, бір ортаға жинақталуға (интеграция) көбірек мән берген жөн.

Әлемдік ғылымда тарихи фактілердің сақталу жолдары баршылық. Әр ізденушіні ойға салатын мәселе - қазақ кеңістігінде жазба әдебиеті мен жазу өнері толыққанды сипат алуы кешігірек болуына орай жазбалы ақпарат көлемі шектеулі болуында. Ал төл тарихымыздың кейбір мәселелерін тек егемен алған тұста қосымша ақпараттық материалдар және тарихи фактілер арқылы тануға қол жетті. Бұл орайда тәелсіздік тұста қабылданған «Мәдени мұра», «Тарих тоқынында», «Рухани жаңғыру» Президенттік бағдарламасы буылған қолымызды босатып тарихымызды сан-қилы бағытта зерттеп зерделеуге мүмкіндік туғызды.

Ал Т.Зейітұлы болса өткенді халыққа жеткізіп беріп отыратын біздегі ең күшті, ең ыңғайлы тәсіл – ұрпақтан ұрпаққа, ауыздан ауызға берілiп отыратын деректер деп тұжырымдайды. Әр ауылда, әр руда, әр елде қазымыр, білімдар кісілер болды да, солар түгелге дерлік әңгімелерді есіне сақтап, айналаға таратып отырды. Мұрағат қорларындағы деректер деген жаңа терминнің қалыптасқаны күні кеше десек, қазақ халқында осының баламалары болғандығы айдан анық. Қазақ кеңістігінің тарихы халық білімдарларының аузында болған. Қазіргідей ойлау, сөйлеу еркіндігіне қариялардан айырылып қалған соң келіп отырғанымыз өкінішті. Егерде бүгінгі қоғамдық ахуал осыдан 40-50 жыл бұрын келгенде әлде қайтер еді. Бұлай еткен жағдайда біраз нәрсеге қанығып, мүмкін, басқаша тарихи деңгей шуағына иланар едік. Қазір өткеннен хабардар адамдар қатары азайып қалған кезі ғой. Тіпті, күні кешегі елеулі тарихи оқиғалар кейіпкерлері - Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тың игерушілердің қатары тым ықшамдалып қалған жоқ па.

Осыған байланысты екінші бір жағдай - тарих ғылымы әдетте тек қана деректік материалдарға сүйенеді. Әр жүз, ру немесе аймақ елді мекенде табиғи құрметпен айтылып жүрген әңгімелерді тарихи құжатқа баламалап бағалау үрдісі тым мардымсыз. Т.Зейітұлы ойынша айтылған әңгімелердің бәрін жүйемен құрастырып баяндаған тиімді. Өйткені, түптің түбінде еш жерден ешқандай деректер жазба түрде сақталмаса, әйтеуір, ел аузында жүрген аңыз, әңгімелер негізінде болса да біздің өткеніміз туралы нақтылы немесе ұрпақтан ұрпаққа келген материалдар айтылуы тиіс ғой. Мүлдем сақталмай қалғаннан гөрі осы дұрыс шығар. Сөз жоқ, өткенге көз жіберіп, біліп тану - ұлттық психология, ұлттық дүниетаным сияқты нәрселерді айқындап, дамытып толықтырудың сүйеніші емес пе.

Ғылыми арнада тарихқа әр түрлі анықтама кездеседі. Еуразия кеңістігін мекендеген халықтар ортасында «Тарих адамзат басынан кешкен оқиғалар ғылым», «Тарих адамзаттың өткені және болашағы туралы ғылым» деген анықтама болса, өткен ғасырдың 70-80 жылдарында М.В.Ломоносов атындағы ММУ ғалымдары «Тарих адамзаттың әлеуметтік тәжірибесінің жиынтығы, ол ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады және әр ұрпақ нақтылы оқиғаға өзінше баға береді», - деп анықталған. Ал, Францияның белгілі ойшылы Ренан: «Тарих дегеніміз - бір халықтың тек қана еркіндігіне қарай ұмтылысының тарихы ғана емес, сол халықтың тәрбиесінің де тарихы»,- деген.

Шынтуайтта тарихи оқиғаларды жеке-жеке, өзінен-өзі жүріп жатқан құбылыстар сияқты бөліп баяндаған ақиқатқа келе бермейді. Мұның бәрін тәрбиемен ұштастырып, мәдениетіне, заманындағы тәрбиеге сол тарихи процестердің қандай ықпалы болды, міне, осы тұрғыдан алып қараған жөн деп ойлаймын. Дәл принципті ұстанатын болсақ, аға ұрпақтардың әңгімелерінде француз Ренан айтқандай тарих басым дегенге илануға болады. Мәселен, қариялар сөзінің бастауында «марқұм» немесе «қасиетіңнен айналайын, пәленшекең баяғыда» деп алады да, «атамыз солай істеген екен», «былай істеген екен» деп бүгінгі таңда қажеттілігін жоғалтпаған тамаша сөздерін немесе істерін үлкен құрмет және терең сеніммен айтады. Демек, «қасиетіңнен айналайын», «Иманды болғыр», «Ниетіңіз жолдас болсын» т.б. деп айтыла беретін сөйлемдердің барлығы да келешек ұрпаққа тәрбиелік мәні бар әңгімелер. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ дәстүрінде тарихты білетін адамдарды арқау ете отырып, өткенде болған оқиғаларды, ру мен рудың арасындағы даудамайды, басқа да нәрселерді сол арқылы көрсете білгені шын мәнісінде тәрбиенің тарихы сияқты болып көрінеді.

Ойымызды тұжырымдай келе айтарымыз мерейлі меженің биігіне жеткен Т.Зейітұлы шығармашылығы тарих адамзат өркениетінің күрделі, аса маңызды негізі сараптап тұжырымдауға сүбелі үлес қосқан азамат, қазақ, ортаға әбден танылған ғалым. Оның пайымдауынша әр өзін сыйлайтын азамат ру-тек, ел тарихын біліп оны құрметтеуге міндетті.

ӘОЖ 929

# ҮЛГІ ТҰТАР АЗАМАТ

***Каражан Қ.С.***
*Қазақстан, Алматы қ.*

Біздер, бірсыпыра Талас оңірінің жастары 60-шы жылдардың соңында, бағымыз жанып, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде оқыдық. Сол жастардың ішінде Қазақстан жоғары оку орындарының ішінде өзіндік орны бар М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 18 жылдай ректоры болған, бүгінгі күнде ректор кеңесшісі болып істейтін Рысбеков Тұякбай Зейітұлы да болатын.

Тұякбай Зейітұлы туралы толғанар болсақ, ол екеуміз бір жылдың төлі болып, бір өңірде туылған екенбіз. Ол 1947 жылдың 25 шілдесінде Жамбыл облысы Талас ауданының Аккол ауылында қызметкерлер отбасында дүниеге келген. Бұл өлке қазаққа белгілі талай азаматтарды қанаттандырған, алысқа ұшырған қасиетті аймақ. Олардың қатарында Саңырық батыр, Тоқберген, Сапақ датқалар, Бөлтірік шешен, белгілі ақын-жазушылар Өкім Жайлауов, Серік Әбдраимов, Күләш Ахметова, ғылымның асқарында үлкен абыройлы іздер қалдырған Ауданбек Көбесов, Құралбек Құлажапов, Жанғара Дәдебаев, елімізге кеңінен танымал мемлекет және коғам қайраткерлері Мырзатай Жолдасбеков, Жақсыбек Күлекеев және т.б. бар.

Осындай азаматтарды елге танытқан арайлы аймақ туралы жоғарыда есімі аталған Тұқаңның қазаққа белгілі ақын ағасы Өкім Жай-лауов кезінде былай деп жырлаған еді:

Көктемде көлкіп ағатын,
Кеңпейіл Талас өзенім.
Сусаған мейір қанатын,
Сикырын барын сеземін.
Толайым жұртқа жыр-аңыз,
Тасыған суың кемерден...
Күнді өткен еске ап жағанда,
Күй кешем қилы мен кейде.
Тасыған симай сабама,
Толқын-сыр көлкіп кеудемде.

Осы ақын ағамыз жырға қосқан Тұқаң жастық шағын елде әкесі Зейіт және анасы Дәнеқыздың тәрбиесінде өткізді. Зейіт нағашымыз ағайын арасында қадірлі, өнегелі отағасы, бір шаңырақтың ұйытқысы еді. Ұлы Тұякбайдың өмірден өз орнын қалауынша табуына, ер аза¬мат болуына толық мүмкіндік жасады. Жан жары Дәнеқыз жеңгеміз көргені мен білгені мол кішіпейіл де қонақжай кісі еді. Тұқаңның бойындағы барлық жақсы қасиеттері, адамгершілік болмысы, ізденімпаздығы осы кісілерден берілген болар деп ойлаймын.

Тұякбай Зейітұлы еңбек жолын 1965 жылы Жамбыл қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищені үздік бітіріп, Үшарал ауылдық мектебінің бастауыш сыныптар мұғалімдігінен бастады. 1966 жылы ҚазМУ-дың тарих факультетіне оқуға түсіп, студенттік өмірдің қайталанбас қызықты шақтарын бастан кешіріп жатқан Тұякбай сияқты әріпестерімнің қатарына әскерден кейін келіп, 1968 жылы мен де қосылдым. Осы тұстан студенттік кезеңнің қызығы мен қиындығын бірге бөлісе бастаған бал дәурен шақ кейіндері де жалғасын тауып, терең сыйластыққа ұласып келеді.

Тарих факультетінде оқыған жылдарында Тұқаң өзінің зеректілігімен, үлкен адамгершілік қасиеттерімен студенттер мен оқытушылар қауымының құрметіне бөленіп, үздік студент атанды. Студенттік кезден есте қалған Тұқаңның тағы бір ерекшелігі - оның өнерді жақсы көретіндігі. Университет халық театры мен «Аққу» ансамбліне белсене араласып, факультеттегі мәдени шаралар Тұқаңсыз өтпейтін. Сол студенттік кездегі оның орындауындағы «Алатау» әнінің үні бүгінге дейін құлағымда. Сондай-ақ, аты республикаға әйгілі университеттік «Жеті муза» қоғамының ұйымдастыруымен өткен елге танымал адамдармен кездесулер де Тұқаң үшін үлкен мектеп болды.

Ал, 1971 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген соң, Тұякбай Зейітұлы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына оқытушылық қызметке жіберілді де, күні бүгінге дейін сол жоғары оқу орнында қарапайым оқытушылықтан бастап, жоғары оқу орнындағы қызметтердің барлық саласынан

өтті. А.С.Пушкин атындағы институтта бірнеше жыл оқытушылық қызмет атқарған соң 1974 жылдың желтоқсан айында ҚазМУ жанындағы аспирантураның күндізгі бөліміне түсіп, оны 1977 жылдың желтоқсанында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаумен аяқтаған Тұяқбай Зейітұлы Орал désinstitutyna қайта оралып, КСРО тарихы кафедрасына аға оқытушылық қызметке қабылданады. Жемісті еңбегі барысында 1979 жылы доцент ғылыми атағына ие болып, осы жылдан бастап 1988 жылға дейін КСРО тарихы кафедрасының меңгерушісі, 1988-1991 жылдары тарих факультетінің деканы қызметтерін атқарды. 1990 жылы «Отан тарихы» мамандығы бойынша «Социалистік құрылыстың қалыптасу мен нығаю жылдарындағы Қазақстан кеңестері (1938-1960 ж.ж.)» деген тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғаған ол 1991 жылы профессорлық атағын алды да, наурыз айынан Орал педагогикалық институтының, 1996 жылдан Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті болып өзгертіліп, М.Өтемісұлы сынды батыр бабамыздың аты берілген жоғары оқу орны ұжымының қалауымен сайланған ректоры қызметінде жемісті еңбек етіп келеді. Тұқаңның ұйымдастырушы ұстаз ретінде қабілетінің жарқырап көрінген тұсы оның ректор болып сайлануымен тығыз байланысты десек қателеспеспіз.

1990 жылдары КСРО ыдырап, Қазақстан егеменді ел болуына байланысты қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірінде түбегейлі өзгерістер болғаны белгілі. Тәуелсіз еліміздің қалыптасуы барысында түрлі салада көптеген қиыншылықтардың, оның ішінде білім мен ғылымда да ондай мезгіл орын алған еді. Бірақ күрделі уақыттың қиындықтарын қасқайып тұрып қарсы алған Тұяқбай Зейітұлы сынды тұлғалар оны да жеңе біліп, бұл күндері универ¬ситет Қазақстандағы маңдай алды білім ордасының біріне айналдырып отыр.

Еліміз егемендік алған соң жаңа экономикалық қарым-қатынасқа өтуіне байланысты, калыптасқан жағдайға бейімделу де оңай болған жоқ. Бірақ, соған қарамастан Тұяқбай Зейітұлының қайраткерлігінің, жоғарғы ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында заман сұранысына сай келетін жаңа мамандықтар ашылып, бұрындары тәжірибеде болмаған келісім-шарт негізінде білім беру ісі де қолға алына бастады. Нәтижесінде, ғылыми-педагогикалық негізін сақтай отырып, ин¬ститут заман талабына сай деңгейге көтерілді. 1993 жылы кафедралардың саны 37-ге жетіп, ғылыми жұмыстардың сапасы жоғарылай түсті. Институт ұжымының қажырлы еңбегі мен ғылыми қуаты және тұрақтылыққа қол жеткізу жолындағы қажырлы еңбегі жаңа белеске өтуге мүмкіндік алып берді. Ректор Рысбековтың ерік-жігері мен күш-қайратының, іскерлігінің барысында институт 1996 жылы Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті болып өзгертіліп "экономикалық кибернетика", "юриспруденция", "информатика" сияқты жаңа мамандықтар ашты. Университетте қазіргі заман сұранысына сай мамандықтардың ашылуы студенттердің санының артуына және ғылыми-педагогикалық кадрлардың өсуіне игі ықпал жасады. Ректордың тікелей атсалысуымен ғылыми-зерттеу ісі қайта құрылып, жаңа ғылыми жоспарлар жасалып, ғылыми дамудың негізгі бағыттары белгіленді. Сондай-ақ, уииверситеттің материалдық-техникалық базасын күшейту көзделді. Университет тарихында бірінші рет про¬фессор Т.З.Рысбеков жетекшілік ететін кандидаттық диссертациялар қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңес ашылды. Ғылым докторларын даярлауға ерекше көңіл бөлінеді. 1997-1999 жылдары Қазақстан мен Ресейдің жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарына аға ғылыми қызметкерлікке 9 доцент жіберіліп, 2000 жылы олардың 5-еуі докторлық диссертация корғап келді. Сонымен қатар жас ғылыми кадрларды даярлауға да үлкен назар аударылып, олардың саны 1996-1999 жылдарда 3 есе өсіп, жыл сайын он шақты ғылым кандидаттары даярланды.

Ғылыми жұмыстарды толық қанағаттандыру үшін редакциялық баспа бөлімі, ақпарат бөлімі ашылып, жас ғалымдар үшін Интернет байланысы орнатылды. Қазіргі кезеңде өткір проблема болып отырғап компьютерлендіру мәселесі де университетте оң шешімін тауып отырғаны байқалады. Табандылық пен көп еңбектің арқасында электрондық есептеу орталықтары құрылып, олар жаңа ЭЕМ-ларымен толықтырылған. Оқу-әдістемелік жүйесінде де жаңа бағыттар айқындалып, сессияаралық аттестация, рейтингтік жүйе енгізілген.

Университеттің игі бастамалары кең қанат жайып келе жатқан тұста үш жоғары оқу орны біріктіріліп жаңа типтегі оқу орны -аймақтық Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті болып, оған Тұяқбай Рысбеков бірінші проректор болып тағайындалады.

Ал, 2002 жылы Тұяқбай Зейітұлы жаңа жұмысқа ауысып - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының хатшылығына сайланады. Бірақ ол қызметте аз ғана уақыт болған Тұяқбай

өзінің бауыр басқан университетіне 2003 жылы қайта оралып, Махамбеттей батырдың аты берілген БҚМУ ректорлығына тағайындалады.

Осыдан соң ректордың бастамасымен университетте басқару құрылымын жетілдіруде, еңбек тәртібі мен қызметкерлердің жауапкершілігін арттыруда ауқымды жұмыстар атқарылуда екен. 2003 жылдан бері БҚМУ еліміздің батыс аймағындағы 12000-нан аса студент, 1000-ға жуық оқытушысы бар ірі жоғары оку орны болып саналады. Университеттің 11 факультеті мен 44 кафедрасында әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану, педагогика, экономика, заң, мәдениеттану, пәнаралық бағытындағы 56 мамандықтар бойынша күндізгі, сырттай және жеделдетіп оқыту түрлері іске асырылып, аспирантураның 4 мамандығы, магистратураның 5 мамандығы бойынша мамамдар даярлау қолға алынған.

2003-2007 жылдары да Тұяқбай Зейітұлының басшылығымен университетте оңды өзгерістер жалғасуда. Барлық мамандықтарда кредиттік технология бойынша білім беру енгізілген. 2004 жылдың желтоқсан айында университет республикалық және халықаралық ИСО 9001-2000 сертификатын алған. 2005 жылдан "Студенттердің өзін-өзі басқару органдар қызметінің тиімділігін көтерудің" университеттік бағдарламасы іске асырылуда.

2005 жылдың қыркүйек айында М.Өтемісов атындағы БҚМУ қазақстандық жоғары оқу орындарының алғашқыларының бірі болып жалпы европалық білім беру жүйесінің стандарттарын ұстанатын құжат Болонья (Италия) Магна Хартиясына қол қойды. Ал, 2006 жылы сәуірде Тұяқбай Зейітұлы Евроодақтың бірыңғай білім беру кеңістігін құру проблемасын талқылаған Хельсинкидегі Европалык, Форумға белсенді қатысып қайтқан. Ғалым және сонымен бірге шетелдегі білім беру жүйесін зерттеп үйрену мақсатында АҚШ (Монтана), Ұлыбритания, Түркия (Измир, Анкара) мемлекеттерінде болды. 2006 жылдың наурыз айында Тұяқбай Зейітұлы Оксфордта "Европалық интеграциясы дамытуға сіңірген жеке еңбегі үшін" халықаралық марапатына ие болды.

2005 жылы университетте "Отан тарихы" мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғау бойынша аймақтық Диссертациялық Кеңес ашылып, кейінгі екі жылдың ішінде 4 докторлық, 10 кандидаттық диссертация корғалды.

Ғылымды дамытудың кең мүмкіндіктерінің молдығы барысында жүйелі түрде ғылымның әр саласы бойынша түрлі халықаралық ғылыми конференциялар ұйымдастырылып өткізу жақсы жолға қойылған. 2005-2006 жылдары Қазақстан, Ресей, Германия және Испания ғалымдарының қатысуымен "Әлемдік тарих контексіндегі соғыс және бейбітшілік проблемасы", "Солтүстік Каспий өңірінің биоәртектілігі және экологиялық проблема», «Ұлттық мәдениеттің мұралары және қазіргі проблемалары», Ш.Жиенқұлова атындағы қазақ халық билерінің ІІІ Республикалық байқауы т.б. өтті. Әр жыл сайын "Тайманов оқулары" жүйелі түрде өткізіліп отырады.

Сапалы білім және ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыру үшін университет жаңа техникалық құрал-жабдықтармен толықтырылған. 2004 жылы университетте 7 бөлімі бар жаңа технологиялар орталығы іске қосылған. Университеттің биохимия лабораториясының құрылысы басталған. Тұяқбай Зейітұлының ректор ретінде шешімдер қабылдауындағы бір ерекшелігі - ол әлеуметтік зерттеулер лабораториясының мәліметтерін басшылыққа алатындығында. Оның жетекшілігімен университетте мониторинг бөлімі құрылған және ол қабылданған шешімдердің кері байланысын жіті қадағалап отырады. Ректорат білім-ғылыммен қатар студенттерге тәлім-тәрбие беру ісіне, олардың әлеуметтік-тұрмысының жағдайларына да үнемі көңіл бөлетіндігі қазіргі кезде маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Тұяқбай тарихшы-ғалым ретінде бүгінгі таңда Отандық тарих ғылымының дамуына да үлкен үлесін косып, ізденістерінің нәтижесінде "Советы Казахстана (1938-1986 г.г.)", "Очерки по истории Казахста¬на", "Из истории Западного Казахстана", "История Западно-Казах¬станской области", "Этюды истории родного края", "История Букеевской Орды", "Мой Казахстан" атты ғылыми еңбектері мен көптеген мақалалары жарияланған. Жалпы Тұяқбай Зейітұлы 600-ден аса мақалалардың, 8 монографияның авторы.

Оның ғылыми жетекшілігімен 2 докторлық, 20 шәкірті кандидаттық диссертация қорғады. "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары оқытушыларының және жетекші ғалымдарының тізімі" атты мәліметтер базасына енген. Жоғарғы оқу орындарының 2013 жылғы үздік оқытушысы.

Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков тек қана басшы ғалым, ұстаз ғана емес, сонымен бірге республикадағы және облыс көлеміндегі қоғамдық істердің ұйымдастырушысы болып жүр. Ол бірнеше рет Орал қалалық және Батыс Қазақстан облысы мәслихатының депутаты болып

сайланған. Ол халықаралық еуразиялық қозғалысы саяси кеңесінің, Европалық жоғары оқу орындарының ректорлары клубының, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, ҚР ҰҒА Батыс бөлімінің ғылым-хатшысы, ҚЖО ҒА-ның корреспондент-мүшесі, ҚР ҚҒА және ҚР ӘҒА толық мүшесі, Балтық педагогикалық Академиясының академигі (Санкт-Петербург), Ресейдің әлеуметтік және педагогикалық ғылымдар Академиясының, Халықаралық ақпараттандыру Академиясының академигі.

Т.З.Рысбеков Отанымыздың алдында сіңірген зор ғылыми және ұстаздық еңбегі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттауларына ие болды. Ол Білім және ғылым министрлігінің мақтау қағаздарымен, Ы.Алтынсарин медалімен, "ҚР білім беру ісінің үздігі" белгісімен, "Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген қайраткері" атағымен, "Парасат" орденімен марапатталған.

Тұяқбай Зейітұлы құтты шаңырақ иесі. Ол өзімен бірге оқыған Баян Ғаббасқызымен 1970 ж. шаңырақ көтеріп, бүгінде 3 бала, неме¬ре сүйіп отыр. Жұбайы Б.Ғ. Шынтемірова - тарих ғылымдарының докторы. Үлкен қызы Салтанат әке мен шеше жолын қуып, тарих ғылымдарының кандидаты атанды, ортаншы қызы Ләззат - эконо¬мист-банкир, кенже қызы Жанна - Қытайда магистратурада оқуда.

Міне, бүгін Тұқаң жетпіске келіпті. Яғни, Тұқаңның еліне, жас жеткіншектерге тартар сыйы, ғылым саласында беретін жетістіктері әлі алда. Сондықтанда мерейтой иесіне құттықтау сөзімізді әйгілі Бөлтірік шешеннің бабасы Жауатардың батасымен аяқтасақ:

Қадірлі Тұяқбай Зейітұлы!
Айтқаның әділ болсын,
Тілегің қабыл болсын.
Жортқанда жолың болсын,
Қыдыр шылауында болсын.
Дұшпаныңа киелі бол,
Халқыңа иелі бол.
Өзіңе өмір берсін,
Айтқан сөзің әрдайым,
Осылай жүйелі болсын.
Әумин!

**ӘОЖ 929**

## ЕСЕЛІ ЕҢБЕГІМЕН МОЙЫНДАЛҒАН ТАРИХШЫ

***Мұқтар Ә.Қ., Ахметова Ұ.Т.***
*Қазақстан, Атырау қ.*

Белгілі қазақ тарихшысы, қоғам қайраткері Тұяқбай Рысбеков өзінің «Көзқарас» атты еңбегінде: «Тарихқа деген осы қызығушылық мені 1966 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне алып келді. Студенттік жылдарымда оқуды үздік оқып, барлық ғылыми конференцияларға қатыстым. Мен өзімнің тарихшы ретінде қалыптасуыма ықпал жасап, ақыл-кеңесін аямаған ұстаздарым – Ғабит Уәлиханов, Байтұрсын Дәрішов, Дина Дулатова, Кеңес Нұрпейісов, Манаш Қозыбаев, Мәлік Асылбеков, Халел Арғынбаев, Андрей Елагинді әрқашан ризашылықпен еске алып жүрем» деп ағынан жарылып аға буынға ерекше ықыласын білдірген болатын [1, 217 б.]. Расында да шәкірт – ұстаз, ізденуші – ғылыми жетекші қарым-қатынасы білім-ғылымды дамыту үшін аса маңызды. Өйткені, жастың білім мен ғылымға ұмтылысы оған еліктеуден басталса, ұстаз-ғылыми жетекші жастың қанатын кеңге жаяды, өмірлік бағыт-бағдар береді. Ол барша адам баласына тән. Тұяқбай Зейітұлы да осындай тәлім-тәрбиеден нәр алды, сусындады. Бұл арада халқымыздың «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегенінің дұрыстығына көз жеткізесің. Ия, күні кеше еліміздің белді тарихшыларына шәкірт болған Т.Рысбеков бүгінде тарих ғылымында өзінің орнын айшықтап сүбелі үлесін қосты, мектебін қалыптастырды, республикамыздың түкпір-түкпіріне қажетті кәсіби тарихшыларды даярлауда айтарлықтай еңбек сіңірді. Оның республикамыздың белді жоғары оқу орны бір кездегі А.С.Пушкин атындағы Орал мемлекеттік педагогикалық

институтын, 2003 жылдан Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін ұзақ жылдар бойы абыроймен басқарғаны бір төбе болса, ұстаздығы мен ғылымдағы орны көпке үлгі болар өнегелі іс деуге тұрарлық. Бұл арада ғалым өз ұстанымын «жастарды тәрбиелеуде ұстаз олардың дербестігін, дербестікке ұмтылуын, басқаларға - ата-анаға, қоғамға, өкіметке-үміт артып, қол қусырып қарап қалмауын, ең алдымен, өзіне, өзінің адал еңбегіне, қабілетіне, өнеріне көбірек арқа сүйеуін қолдап отыруы керек. «Әркімнің өз тағдыры өз қолында» деген принципті ұстануы керек. «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген Абайдың ұлағатты сөзін шәкірттің санасына мұқият сіңіру қажет» деп нақты анықтаған-ды[1, 192 б.]. Ол осы ұстанымынан ешқашан аттаған емес. Оған өзіміз қатарлас еңбек еткен кезеңде талай көзіміз жеткен болатын.

Т.Рысбеков кәсіби тарихшыларды даярлаудың кеңестік жүйесіндегі барлық сатысынан сүрінбей өтті, ал тәуелсіздік жылдарында сол тәжірибені өңірлік ЖОО-да пайдаланып оны жаңа еуропалық талаппен ұштастыра білді. Ол ізденушілік – аспирантура – диссертациялық Кеңес – магистратура – докторантуралар еді. 1974-1977 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіндегі аспирантурада оқып, кандидаттық диссертациясын мерзімінен бұрын қорғап замандастарына үлгі бола білді. Онымен бірге аспирантурада оқыған академик Ғарифолла Есім: «Арамыздан алғашқы боп Тұяқбай диссертациясын сәтті қорғап шықты, бұл оның ғылыми ісіндегі еңбекқорлығының нәтижесі болатын» деп жазған [2, 86 б.]. Ал араға 13 жыл салып, кафедра меңгерушісі, факультет деканы қызметтерін атқара жүріп, 1990 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Сөз жоқ, оның барлығы қажырлы еңбекпен, ғылымға деген сүйіспеншілікпен, адалдықпен келді. Оның ізденісіне аға буын тарихшылар Рамазан Сүлейменов, Кеңес Нұрпейісов және өзгелер әрдайым зор үміт артты. Белгілі тарихшы, академик Хангелді Әбжановтың: «Бір жолы марқұм Р.Сүлейменов Оралға барып қайтты. Көрген-білгенін әңгіме ете отырып, Тұяқбай Зейітұлының жас та болса бас екенін, тектілік қасиетіне, отбасында бақыттың нұры төгіліп тұрғанын сүйсіне айтқаны бүгінгідей есімде» дегені үлкен ғалымның сенімін ақтағаны емес пе! [2, 96 б.]. Бұл кезеңде Р.Сүлейменов Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, этнология институтының директоры және КСРО көлемінде мойындалған ірі ғалым болатын. Шәкірт бола білген тарихшы да ұстаздарын айрықша бағалады. Кеңес Нұрпейісұлына арнаған мақаласында Т.Рысбеков: «Шындығында асылды тану оңай шаруа емес. Бағалай білмесең қас жүйіріктің бағы жанбайды. Ал аялай білсең, көзге қораш көрінгенімен дүлділдің өзі тарлан болып шығары хақ. Ауыздығымен алысып, өрге шауып тұрған бұла талантты танып, жолын ашып беру – үлкен кісілік» деп ағынан жарылған болатын [3, 43 б.]. Олай болса аға буын тарихшылар Т.Рысбековке сенім артып, оның ертеңгі ісіне үмітпен қарады. Ғалым сол сенімді толық ақтады. Оған бірнеше дәлелдеріміз бар. Біріншіден, Т.Рысбеков үлкен жауапты мемлекеттік қызметте жүрсе де ешқашан тарих ғылымынан қол үзген емес. Оның 10-нан астам монографиялары, оқулықтары, 300-ден астам мақалалары соның айғағы. Ғалымның ізденіс бағыттары да сан қырлы. Соның ішінде Бөкей Ордасы тарихы, ұлт-азаттық қозғалыстар, тарихи тұлғалар тағдыры, Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі т.т. ерекше орын алады.

Екіншіден, 1991 жылы Кеңестік империя тарамай тұрып-ақ өзі басқаратын оқу орнында «Қазақстан тарихы» кафедрасын ашып, бар жауапкершілікті мойнына алып кафедра меңгерушісі қызметін қоса атқаруы. Міне, содан бері 26 жыл өтті. Осы аралықта кафедраның ғылыми әлеуеті 80 пайыздан асты, елге танылған ұжымға, республикамыздағы ғылымның орталығына айналды. Мұнда ғылым докторлары Б.Бірімжаров, Б.Ғ. Шынтемірова, М.Н. Сдықов, Ә.Қ. Мұқтар, Ұ.Т. Ахметовалар тәуелсіз еліміздің жаңа буын бакалавр, магистр мамандарын даярлауға мол үлесін қосты. Көреген басшы кейін елімізде түрлі себептермен кафедралар жабылып жатқанда ешкімнен тайсалмай оны сақтай білді.

Үшіншіден, болашақ ғалымдар үшін оқу орнында 1993 жылы аспирантура бөлімін ашып, талантты жастардың қамқоршысына айналуы. Онда оқыған Ж.Ерназаров, С.Құрманалин, Г.Қарабалин, Ж.Жақсығалиев, Ж.Исмурзин, С.Ғиззатов және т.б. ізденістерін сәтті қорғап, ел алдына айтары-жазары бар тарихшы ретінде жарқырай шықты. Кейін осы аспирантурада оқығандардың біразы ғылым докторы дәрежесіне жетсе, екіншілері мемлекеттік және заң орындарында сәтті еңбек етуде.

Төртіншіден, жоғары білікті ғылыми педагог кадрларын даярлау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шешімімен 1999 жылы қаңтар айынан бастап, 07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасы тарихы) мамандығы бойынша тарих ғылымдарының кандидаты, 2005 жылдың маусым айынан бастап тарих ғылымдарының

докторы ғылыми дәрежесін алуға арналған Диссертациялық Кеңестің ашылуы. Басты мақсат ұлт тарихына кәусар жас буын тарихшыларды өңірде дайындау болатын. Сөз жоқ, оның барлығы оқу орнына абырой ғана емес, сонымен бірге зор жауапкершілікті жүктеді. Бұл арада негізгі салмақ тағы да кафедраға түсті. Кеңеске келген жұмысты саралап, қайта-қайта талқыға салып пісіретін кафедра болатын. Мұның өзі кафедраның ғылыми деңгейін көрсететін. Бүгін байқасақ кафедра ҚР Білім және ғылым министірлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау Комитетінен бірде-бір рет ескертпе алған емес. Бекімей қайтып келген бір жұмыс зерттеушінің ұқыпсыздығанан жіберілген кемшілік болатын. 11 жыл нәтижелі қызмет жасаған диссертациялық Кеңестен жиырмадан астам Атыраулық, Ақтөбелік, оннан астам Батыс Қазақстан, екі Қостанай, екі Қызылорда, бес Оңтүстік Қазақтан және өзге де облыстардан ізденушілер кандидаттық, докторлық диссертацияларын сәтті қорғап, ғалым атанды. Бұл арада Тұяқбай Зейітұлының іскерлігіне, ғылымға адалдығына, өзіндік принципшілдігіне толық куәміз. Оның ұсынысымен кеңесте белді ғалымдар Мәскеуден Н.Бекмаханова, Д.Аманжолова, Шымкенттен С.Жолдасов, А.Исмаилов, Атыраудан Х.Табылдиев, Ү.Қыдыралин, Ақтөбеден Н.Абдуллаевтар нәтижелі еңбек етті. Бүгінде кеңестің ақ батасын алған тарихшылар ел алдында абыроймен еңбек етіп жүр. Олардың қатарында ғылым докторлары

А.Сарсенов, Ж.Қыдыралина, Ә.Тасмағамбетов, Ұ.Ахметова, С.Әлібек және өзгелер бар.

Бесіншіден, ғалым ғылыми мектебін қалыптастырған бірегей тұлға. Ғалымның тікелей жетекшілігімен 4 ғылым докторы, 20-дан астам ғылым кандидаты бүгінде тәуелсіз еліне адал қызмет жасап жүр. Олардың өздері қазіргі таңда шәкірт дайындап, ұстаз ісін жалғастыруда. Біздіңше, бұдан асқан мәртебе, мақтаныш жоқ болар.

Алтыншыдан, қоғам қайраткерінің осынша игі істерді атқаруына, сөз жоқ, оны әрдайым қолдаған жанұясының арқасы дегеніміз жөн. Тарихшылар мен зиялылар отбасы саналған Рысбековтер әулетіндегі 3 ғылым докторы ел мақтанышы. Жанұя тірегі Тұяқбай Зейітұлы болса, Баян Ғаббасқызы шаңырақтың шырайы. Олар тәрбилеп өсірген балалары мен немере-жиендері қазақ зиялыларының жалғасы іспеттес. Олай болса Ұстаз-ғалым ағамызға өмірдің сәттілігі көп болғай деген тілек тілейік ағайын.

**Әдебиеттер:**

1. Рысбеков Т.З. Көзқарас: мақалалар жинағы: -Орал: БАҚ және баспа орталығы, 2007. - 240 б.

2. Утегенова К.Т. Служение Отечеству и долгу: Очерки о жизни и деятельности ректора Западно-Казахстанского государственного университета им. М. Утемисова Рысбекова Т.З. – Уральск: ИЦ и СМИ ЗКГУ им. М.Утемисова, 2007. -236 с.

3. Алаштұлғалы. Кеңес Нұрпейісұлы туралы естеліктер / Құраст.: Т.Нұрпейісов. – Алматы: «АнАрыс» баспасы, 2010. 352 б.

**ӘОЖ 929:37.01**

## БІЛІМ БАПКЕРІ

***Сабыр М.Б.***
*Қазақстан, Орал қ.*

Қазақта зиялы деген зерделі сөз бар. Осы сөзді бұрын оқыған азаматтарға қарап айтатын едік, бүгінгі оқымағаны жоқ заманда кімге қаратып айтамыз деген сұрақ туындайды. Оқығандардың бәрі зиялы ма? Біздің ойымызша, зиялылық ұлтқа қызмет етумен, сіңірген еңбекпен өлшену керек. «Ұлтына, жұртына қызмет ету -білімнен емес, мінезден», - деп Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан тегін айтпаса керек-ті. Саналы ғұмырын ұлтқа қызмет етумен өткізіп келе жатқан ұстаз, ғалым, білгір басшы, шебер ұйымдастырушы, қоғам қайраткері Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков бүгінде жетпіс деген дер шағына келіп отыр.

Тұяқбай Зейітұлы Ұлы Отан соғысынан кейін дүниеге келген, өртеңге шыққан жас желектей өскелең ұрпақтың өкілі. Тарихты зерделесек осы ұрпақ 1970 жылдары атқа мініп, әдебиет, тіл, тарих, мәдениет, білім саласына, тіпті күллі қазақ руханиятына үлес қосты. Жыл келгендей тың жаңалығымен, жасампаздығымен келді.

Қасиетті Қаратау жотасын тепкілей аққан Таластың жағасында дүниеге келген жас бір әулеттің ізбасары, тұяғы еді. Дегенмен, еліктің сүтін ішіп өскен еркебұланы болса да, еңбекқор,

мақсаткер болып жетілді. Талабы таудай бозбала асау арманның жалына жармасып, тәкәппар дүниенің аламан бәйгесіне қосылды да кетті. 1965 жылы Жамбыл педучилищесін үздік дипломмен аяқтап, ауылға барып, бастауыш мектепте мұғалім болды. Келесі жылы өзі сүйген тарих мамандығын таңдап, қазақ білімінің қара шаңырағы ұлттық университетке (бүгінгі әл-Фараби ат. ҚазҰУ) оқуға түсті. С.М. Кенжебаев, С.Ж.Жантуаров, Н.Н.Дауылбаев, Х.А.Арғынбаев сияқты ғұлама ғалымдардың дәрісін тыңдап, болашағынан үміт күттірген шәкірт болды. Студенттік бал дәурен шақтарда, махаббат қызық мол жылдарда Ақжайықтың аруы Баянмен қол ұстасып, тілекке тілек, жүрекке жүрек қосты. Жұптасқан екі жас университетті үздік дипломмен аяқтап, Ағарту министрлігінің жолдамасымен Қазақстанның көне жоғары оқу орындарының бірі А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық университетіне жұмысқа келді. Бұл 1971 жыл болатын. Осы кезеңнен бастап, Тұяқбай Зейітұлының бар саналы ғұмыры Орал педагогикалық институтымен тығыз байланыста өрбіді. Жас ұстаз аудиторияда дәріс оқи жүріп, ғылыммен шұғылдануды әсте естен шығармады. Ғылыми жұмыс өмірінің мазмұны мен мақсатына айналды. 1977 жылы ғалым Д.Дулатованың жетекшілігімен тарих мамандығы бойынша кандидаттық диссретациясын сәтті қорғап шықты. Ғылым жолында артқы жасқа ақыл айтар алдыңғы жақсылардың, атап айтсақ қазақ тарихы ғылымының марқасқалары академик М.Қозыбаев, К.Нұрпейісовтердің ағалық шапағатын көріп, толғауы тоқсан тарих ғылымының ұлы көшіне ілесті.Т.Зейітұлының кәсіби тарихшы болуына ата-бабаларымыздың салтанатты көшінің сілемі қалған қасиетті Қаратау мен «Жайық ағып таусылғанша қазақ жұрты бұл жерден кетпейді»,-деп тебінгінің астынан ала балта суырып, атойлап өткен Әбілхайыр ханның атының ізі қалған Батыс Қазақстан аймағы ықпал етсе керек. «Бақшадай жігіт адам көркейеді, ғылыммен сөз сөйлесе бал секілді»,-деп ежелгі жыраулар айтқандай ғалым тарихтың тылсым тұстарын зерделей жүріп, институттың басшылық жұмыстарын, кафедра меңгерушісі, факультет деканы сияқты міндеттерді абыройлы атқарды. Тұяқбай Зейітұлы бірінші кезекте ұлағатты ұстаз. Зинолла Қабдоловша айтсақ, «жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ. Ұстаздық ұлы нәрсе». Атадан бала озбаса, ағадан іні озбаса ұлт өспейді. Адам баласы адам баласынан ғылым, білім, өнер арқылы озатынын білген ұстаз жас ұрпақты тәрбиелеуден жалыққан емес.

Т.Зейітұлының ғылымдағы үлкен белесі 1990 жылы «Қазақстан кеңестерінің 1938-60 жылдары аралығындағы шаруашылық және мәдени қызметі» атты тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығуы. «Барлық билік кеңестерге берілсін» деп жар салған Кеңес үкіметінің Қазақ елін жетістірген тұстары да, кесепат, кесірін тигізген тұстары да баршылық. Тарих - табиғат пен қоғамның уақыт пен кеңістіктегі өткен жолы болса, кеңестер тарихы -біздің тарих. Ал тарихты азаматтық көқараспен зерделеу - парыз. Бұл мәселеде ғалым өзіндік тұжырымдарын ұсына білді.

Тұяқбай Зейітұлының ғылыми, басшылық жұмыстарын екі кезеңге бөліп, қарауға болады. Бірінші кезең Кеңестік Қазақстан тұсы да, екінші кезең Тәуелсіз Қазақстан кезеңі. 1990 жылдар елімізде демократиялық жаңару жылдар болды да, Орал педагогикалық институты өз басшысын өзі сайлап, 1991 жылы Т.Зейітұлы институт ректоры болып тағайындалды.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары экономикалық қиындықтарға қарамастан барлық салада ұлттық-демократиялық сілкіністер, жаңғырулар орын алды. Т.Зейітұлының алдында институт басшысы ретінде еліміздің байырғы оқу орнын жаңғырту, бұрынғы қасаң қағидалар мен таптаурын ұстанымдарды өзгерту міндеті тұрды. Институт ұжымын 18 жыл басқарған ректор өзі де өсті, институт ұжымын да өсірді. Бірінші кезекте көптеген мамандықтар бойынша қазақ бөлімдері ашылды. Ұлттық мәдени кодты жаңғыртуды о бастан ойлаған басшы гуманитарлық салаға ерекше көңіл бөлгенін айта кеткен жөн. 90 жылдары филология факультетінде «қазақ тіл білімі», «қазақ әдебиеті», «практикалық қазақ тілі» кафедралары ашылып, студенттер саны күрт өсті. Тұяқбай Зейітұлы -ана тілдің жанашыры. Орал өңірінде үнемі оздырылып тұратын мемлекеттік тілдің өзекті мәселелеріне арналған ғылми конференциялардың басты ұйымдастырушысы және қаржылай демеушісі.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ректордың алдында тұрған өзекті мәселенің бірі ұлттық ғылыми кадрларды қалыптастыру еді. Болашақты ойлаған басшы талапты жастарды кезек-кезегімен аспирантураға, докторантурға жіберді. Бүгінде Батыс өңірде филолог және тарихшы мамандардың ғылыми әлеуеті жоғары екені республикаға мәлім. Бұл Т.Зейітұлының басшылығының нәтижесі деп айтуға толық болады. Осы жылдары А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық университеті М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне айналды. Ал университет – адам зердесін ашып, ішкі сарайын білім-ғылыммен

толтыратын қасиетті Қағба. Алыс жақын шетелдерге танымал ғалым, басшы университеттің халықаралық байланыстарын кеңейтті. Бүгінде университет республикадағы іргелі ғылым, білім ордасы.

Білікті басшы, шебер ұйымдастырушы сапалы ғылыми кадр дайындауға ерекше мән берді. 1999 жылы университет жанынан Отан тарихы мамандығы бойынша тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін беретін Диссертациялық кеңес ашты. Кейінгі жылдары бұл ғылыми кеңес ғылым докторы дәрежесін беретін біріккен Диссертациялық кеңеске айналып, Республика бойынша талай ғалымның қанатын қатайтып, ұшырды. Ақын Ғайсағалиша айтсақ, «Талай тұяқ тік тұрды, Бір Тұяқтың «Батыр» деген сөзінен қанаттанып».

Алдыңғы толқын, ұстаз аға, академик К.Нұрпейісов жақсы көретін інісіне «Тұяқбай Зейітұлы сан қырлы талант иесі, ондай адамдарды халқымыз «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға деп анықтаған»,-деп баға берген еді. Талантты тарихшының ғылыми жұмыстарының екінші кезеңінде зерттеу алаңы әлдеқайда кеңей түсті. Қазақстан тарихын тәуелсіз көзқараспен жазуда іргелі нәтижелерге қол жеткізді. Тарихтың «ақтаңдақ» беттерін түгендеуде Батыс Қазақстан өңірі бойынша жемісті еңбек етті. Осы кезеңдерде жарық көрген «Өскен өлке тарихы», «Қазақстан тарихы», «Бөкей орда тарихы», «Тарихпен тілдесу», «Батыс Қазақстандағы халық ағарту тарихының очерктері» т.б. зерттеу еңбектері қазақ тарихына қосылған қомақты үлес. Сонымен қатар Батыс Қазақстан аймағындағы Сырым Датұлы, Исатай-Махамбет, Есет Көтібарұлы және т.б. тұлғалар бастаған ұлт-азаттық көтерілістердің тарихнамасын тың тұжырымдармен, жаңа деректермен толықтырғаны айқын жетістіктер болып саналады. Оның қаламынан туындаған 600-дей ғылыми мақала мен 8 монография Отандық тарих қоржынына зор олжа болып қосылды.

Тұяқбай Зейітұлы қоғамдық істердің көшбасында жүретін белсенді азамат. Ол бірнеше дүркін Орал және БҚО маслихат депутаты болып сайланды. Жүрегі жұртым деп соққан ерді елі де құрметтеді. Ол «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері», «Парасат» орденінің иегері.

Қазақстанның бірнеше салалық ғылымдар академияларының толық мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков қаламы қарымды, әлі де берері мол ғалым.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Тарих толқынындағы халық» атты арнаулы бағдарламаның негізгі мақсаты Қазақстанның тарих ғылымын алдыңғы қатарлы әдіснама және әдістеме арқылы сапалы секірісті жүзеге асыруына жағдай жасау, қазақтың ұлттық тарихының көкжиегін кеңейту, ұлттық жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру. Бүгінгі таңда осы бағдарлама аясында шандоз тарихпен бүгінгі жасампаз өмірді, болашақты сабақтастырып кешенді ғылыми-зерттеулер жүргізіп, жүздеген шәкірт тәрбиелеп отырған, өзіндік ғылыми мектеп қалыптастырған Тұяқбай Зейітұлы кейінгі жасқа бет түзейтін -тарлан тұлға.

Тамыры тереңге тартқан, жапырағы жайылған ел ағасына абыз ақсақалдық та жарасады. Лайым, ұзағынан болсын.

**УДК 929(574)**

## ТУЯКБАЙ ЗЕИТОВИЧ РЫСБЕКОВ КАК ЧЕЛОВЕК, НАСТАВНИК И РУКОВОДИТЕЛЬ

***Нуртазина Н.Д.***
*Казахстан, г. Алматы*

*«Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат»*
(казахская пословица)

Интересны зигзаги и повороты человеческих судеб. Как говорят казахи, «қай жердің дәмтұзы шақыратынын білмейсің» (не знаешь, хлеб-соль какой земли тебя позовет). Так получилось, что я, уроженка Восточного Казахстана, но выросшая в Семиречье, после окончания КазГУ им. С. М. Кирова попала по государственному распределению на запад

Казахстана, в стены Уральского педагогического университета им. А. С. Пушкина (ныне ЗКГУ им. М. Утемисова).

Это было в августе-нач. сентября 1987 года. Мы, группа молодых специалистов, бывшие сокурсники истфака КазГУ, из солнечного города-сада Алматы приехали в областной центр Уральск – небольшой провинциальный казахстанский городок советской эпохи. Как человек, который еще в 80-е годы, в студенческие годы активно интересовался родной историей, пройдя специализацию по кафедре истории КазССР (защитила дипломную работу под рук. д.и.н, проф. Д.И. Дулатовой), я всегда с большим уважением и даже трепетом относилась к священной земле Ақ Жайық, яркой и бурной истории Западного Казахстана.

Поэтому я понимала, что судьба дала мне шанс непосредственно соприкоснуться к духу этого свободолюбивого края, духу Исатая и Махамбета, пройтись по берегам Яика-Урала, по улицам, переулкам, музеям исторического города, который помнит немало драм, революций, великих свершений...Также я знала, что УПИ им. А. Пушкина является относительно сильным вузом республики, в нем традиционно чувствуется близость России, развитых интеллектуальных центров Поволжья и Москвы. Поэтому, конечно, было стремление взять отсюда все хорошее и полезное, пообщаться с умными учеными, получить импульс к самореализации.

И все же, конечно, было трудно сразу психологически адаптироваться к новым условиям (были бытовые проблемы в общежитии для молодых преподавателей; непривычным был климат и т.д.). Не говоря о том, что нас, молодых, новоиспеченных, желторотых «спецов» ждали теперь настоящие испытания на элементарный профессионализм, знание истории, владение основами педагогики и психологии.

Я благодарна судьбе и Богу, что в этот важный период моей биографии на моем пути встретился такой наставник и руководитель, как историк Туякбай Зеитович Рысбеков – ныне ученый и общественный деятель, известный и уважаемый не только в Приуралье, Западном Казахстане, но и во всей республике и даже за ее пределами, в ближнем и дальнем зарубежье. Тогда, в 1987-89 гг. Туякбай Зеитович, доктор исторических наук, работал зав. кафедрой истории СССР, и позже стал деканом исторического факультета УПИ им. А. С. Пушкина. В мою задачу не входит пересказ научной и профессиональной биографии Т.З. Рысбекова, это можно узнать из многих источников, услышать из уст десятков других авторов, коллег, учеников и т.д. Честно говоря, я даже не знаю все подробности жизненного пути и научно-педагогического наследия Туякбая Зеитовича. Я давно уехала из Уральска, из того старейшего вуза, имея за спиной определенный полезный опыт, поблагодарив коллег и наставников (ради справедливости: не только взяв, но и отдав, а вернее, оставив там частицу души, посеяв в молодых душах Приуралья свое понимание «доброго, вечного и благородного», честно отработав предопределенный мне Богом срок работы советским «молодым специалистом»).

Конечно, я порой вспоминаю коллег, наставников, интересных ученых из этого института. Пользуясь случаем, хочу вспомнить легендарного Г. Кушаева, А. Белого, особое отношение к А.М. Нургалиевой (позже завязались творческие контакты, поскольку мы исследуем общую тему ислама в Казахстане), помню С. Сагнаеву, М. Сдыкова и др. Моим студентом был тогда Т. Жумаганбетов – ныне известный ученый-историк. И, конечно, особую благодарность хотелось бы выразить в адрес дорогого Туякбай-аға, потому что он был не просто формальным руководителем подразделения и факультета, но проявлял отеческую заботу, дал много полезных советов, чутко и тактично помогал нам, молодым преподавателям.

Мне хотелось бы набросать пару штрихов к его психологическому портрету, поскольку я всегда, даже в молодости, имела хорошую интуицию и быстро схватывала суть человека. Туякбай Зеитович произвел на меня интересное и исключительно положительное впечатление. Хочу отметить такие сильные качества этой личности (именно личности в полном смысле этого слова, ведь не каждый человек является личностью), как внутренняя организованность и собранность, холодный аристократизм, умение владеть собой, своими эмоциями, нервами, высокая внутренняя культура, культура речи, жестов, взгляда и т.д.

Видимо, за счет умения внутренне концентрироваться и сознательно направлять энергию, Туякбай Зеитович был достаточно властным и харизматичным; в сущностион был прирожденным лидером. Например, я всегда замечала, что он говорил мало и негромко; выражался лаконично, это на самом деле драгоценное качество у всех народов и во все времена («Слово – серебро, молчание – золото», хадис Пророка «Мало говорите, мало смейтесь»). У казахов образцовый джигит характеризуется как серьезный, немногословный и владеющий

своими эмоциями. Я думаю, Туякбай аға был в этом смысле образцом казахской модели мужчины.

Вообще, как человек, уже 30 лет изучающий казахскую культуру, ментальность, религиозную традицию и психологию, могу сказать, что казахский народ целиком является народом-аристократом, и в каждом казахе в его генетической памяти, в ДНК записан аристократизм, сила духа, воля и собранность, иными словами, мужественность номадов и мусульман. Однако 70 лет дегенерации и хаоса, атеизма, алкоголизма, русификации и пр. нанесли большой вред нашей коллективной ментальности и национальному характеру. К счастью, не все потеряно, и можно разбудить дух и восстановить наш истинный культурный код, к чему призывает нас Лидер нации, Президент РК Н. А. Назарбаев в программной статье «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру».

Не знаю, быть может, в случае характера и привычек Туякбая Зеитовича мы имеем дело с хорошей наследственностью и полученным воспитанием в семье, каким-то образом не утратившей связи с мудростью казахской мусульманской традиции. Далее важно: если, например, у немцев понятие аристократизма было мало связано с духовностью и верой, а больше ассоциировалось (в духе ницшеанства) с суровым разумом, железной волей, высокомерием и расовым превосходством, моральным индифферентизмом и пр., то у казахов аристократ духа – это человек одновременно большого доброго сердца и сострадания, гуманизма и милосердия, жертвенности (наши ханы, батыры, алаш-ордынцы – яркий пример). Казахский аристократ духа всегда связан с Богом, он не живет «по ту сторону добра и зла», а ищет «сауап» и сострадает низшим и слабым.

Однако милосердие, любовь к человеку, забота по отношению к младшим и уважение к старшим (үлкенге – құрмет, кішіге – іззет) не требует постоянного выражения эмоций и любезничания, чувственности, слащавости, произнесения красивых комплиментов и пр. Обычно это – ошибочное понимание обывателей, когда священныйдух путают с чувствами и низшими эмоциями. Моральный кодекс может и должен быть (особенно у мужчины) спрятан глубоко в сердце, а проявляться лишь в делах, конкретной помощи, великодушных жестах и т.д.

Так вот, Т.З. Рысбеков в моем понимании был и остается человеком морального долга и чести. Я лично столкнулась с этими замечательными чертами его характера в случаях, когда он не раз сдерживал обещание, был великодушен, не ругал, а наоборот, сострадал и т.д. Поэтому я вспоминаю казахскую пословицу «Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат». Конечно, никто не говорит об идеальном человеке в буквальном смысле, потому что люди – не боги, и сам Пророк Мухаммад (мир ему!) в день 20 раз просил прощения у Аллаха за ошибки и прегрешения. В исламе также нежелательно слишком восхвалять смертных людей, даже царей. Но, как говорят русские, положа руку на сердце, скажу, что за мое относительно кратковременное общение и совместную работу с Туякбаем Зеитовичем Рысбековым в 1987-1990 гг., я имела возможность сформировать о нем только хорошее мнение.

И даже позже, работая в КазНУ им. аль-Фараби, когда мне пришлось обращатьсяиной раз к Туякбай-аға с просьбой (пусть и не обременительной, вроде – дать рекомендацию, посоветовать специалиста и пр.), он старался не отказывать своим младшим коллегам. Ко мне относился уважительно еще за то, что я выбрала и успешно исследовала сложную научную проблему истории исламизации Казахстана, в итоге защитила докторскую диссертацию, издала на эту тему нужные народу монографии. Наши добрые уважительные отношения основаны на чувстве справедливости и взаимной симпатии интеллигентных людей, а не на принципах землячества, родства и пр., как обычно многие думают, к сожаленью, о современных казахах.

Также о Туякбае Зеитовиче как руководителе могу заметить, что он никогда не разменивался на мелочи, в работе не давал хода низким эмоциям, пресекал интриги, сплетни, конфликты, подхалимаж и пр., был человеком дела, очень серьезным, аккуратным и дисциплинированным, потому и требовательным к другим. Сейчас в Казахстане много говорят о медиаторстве, важности развития института медиаторов как посредников в содействии разрешению спорных конфликтов и приходу к консенсусу. Мне кажется, Т.З. Рысбеков всегда обладал природным даром медиации, а с годами и жизненным опытом наверняка этот дар еще усилился.

Т.З. Рысбеков – человек толерантный, умеющий ладить, прекрасно организовывать работу в командах и творческих коллективах, в своем окружении вообще. Например, в те годы, конец 80-х-начало 90-х гг., в Приуралье была сложная межэтническая ситуация, впервые стали поднимать вопросы «белых пятен» истории, казачества и др. И именно такие личности, ученые

и руководители, как Туякбай Зеитович Рысбеков, вносили вклад в укрепление гражданского согласия, сохранение стабильности в приграничных регионах Казахстана.

Я видела, что Туякбай-аға никогда не поддается эмоциям и скоропалительным решениям, умеет сохранять баланс и равновесие во всем, в том числе в национальном вопросе. В то же время он сразу проявил себя как патриот Казахстана, активно поддерживал возрождение национальной истории и освобождение ее от партийных догм. В целом, если честно, мы тогда гордились, что в данном вузе, в УПИ им. А. С. Пушкина (сейчас ЗКГУ им. М. Утемисова) частично ориентирующимся в то время (негласно, в лице большинства педагогического коллектива) на Москву и Саратов, нашим деканом был профессор Туякбай Рысбеков – красивый, интеллигентный, импозантный казах, разрушающий шовинистический стереотип о ничего не умеющих делать «баранах».

Начальник Т.З. Рысбеков был сосредоточенным и смотрящим далеко, дальновидным стратегом, его интеллект мог сразу отделить главное от второстепенного, хорошего работника от слабого, оценить членов коллектива справедливо и подходить к каждому дифференциированно. От слов Т.З. Рысбеков переходил к делу, умел обобщать и быстро находить решение, организовывать и требовать. Главное для него всегда были, как я поняла, – результат, итог, коэффициент полезного действия, идеи, научная продукция, выпуск хороших специалистов. И всегда не забывал Туякбай-аға, как я уже подчеркнула, о человеческом факторе (в отличие от бездушных формалистов и руководителей чисто чиновничьего склада). Все это – качества настоящего лидера, умного организатора и успешного политика.

И действительно, как показали дальнейшие годы, Туякбай Зеитович Рысбеков достиг блестящих успехов в своей карьере, в своей научной, педагогической, общественной деятельности. А самое главное, Туякбай аға заслужил искреннее уважение и доверие многих тысяч соотечественников – коллег, учеников, земляков, друзей. В тяжелые десятилетия постсоветской реальности, кризиса и деградации системы образования Т.З. Рысбеков был в числе тех руководителей, в частности, ректоров вузов, которые смогли не только удержать от развала вузы и другие структуры, но и вывести их из кризиса, реорганизовать и дать толчок развитию нового менеджмента, многим инновациям, в том числе международной интеграции вузов, воспитать новое поколение специалистов и руководителей.

Пользуясь случаем, от всей души поздравляю глубокоуважаемого Туякбая Зеитовича Рысбекова с 70-летним юбилеем. Я желаю Туякбай-аға долголетия и творческого потенциала, быть и оставаться любимым супругом, отцом, дедушкой и прадедушкой для близких людей и потомков, наставником для молодежи, уважаемым аксакалом земли Казахской!

**ӘОЖ 378 (574) – 09**

## ТҰЯҚБАЙ ЗЕЙІТҰЛЫ БАСҚАРҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТАРИХЫ КАФЕДРАСЫ: ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

***Ахметова У.Т., Гайсина А.М.***
*Қазақстан, Орал қ.*

Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасын басқарған тарихшы профессор Тұяқбай Зейітұлы Рысбековтың М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде еңбек жолы 1971 жылдан бастау алады[1, 108 п.]. Ғалым 1971-1972 оқу жылынан бастап А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының тарих факультетіндегі КСРО тарихы кафедрасының оқытушысы ретінде педагогикалық қызметіне кіріседі. Осы жылдан бастап жас тарихшыларға дәрістер оқып, семинар сабақтарын жүргізіп тарих факультетінің бүкіл өмір тынысымен біте қайнасып кетеді.

Орал педагогикалық институтында қызмет атқару барысында Тұяқбай Зейітұлы ғылыми – зерттеу жұмысын жергілікті кеңестердің қалыптасу және даму тарихына баса назар аудара мұрағат құжаттары мен кітапхана деректері арқылы тереңірек зерттеуге ден қояды. Ғылыми ізденіс жолын жалғастыру мақсатында 1974 жылы Алматыға С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасына жолдама алып, 1977 жылы «Деятельность местных Советов Казахстана по руководству культурно – просветительной работой в ауле и

селе (1933-1940 гг.)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады [2, 13 п.]. 1978 жылы тарих ғылымдарының кандидаты атағын алған Тұяқбай Зейітұлы КСРО тарихы кафедрасының аға оқытушысы қызметін одан әрі жалғастырады. 1979 жылы доцент академиялық дәрежесін иеленген тарихшы 1979-1987 жылдар аралығында институт басшылығының тағайындауымен КСРО тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады. Одан соң 1988 - 1991 жылдар аралығында факультет деканы қызметінде болып ғалым тарих факультетінің дамуына үлесін қосады. Ол факультеттің материалдық – техникалық, оқу – әдістемелік базасының кеңеюін, жаңа мамандықтардың ашылуын қолға алып, студенттердің сапалы білім алуын ұйымдастырады.

Ғалым факультеттің сан қырлы жұмысымен қатар ғылыми зерттеу жұмыстарын жалғастырады. Нәтижесінде 1988 жылы «Советы Казахстана» атты монографиясы жарияланады. Монография тарихшылар мен студенттердің күнделікті ғылыми айналымына түседі. Содан 1990 жылы «Советы Казахстана в период упрочения и развития социализма (1938-1960 гг.)» атты докторлық диссертациясын қорғайды [3, 3б.]. 1991 жылы тарих ғылымдарының докторы ғылыми атағы бекітіліп, профессор академиялық дәрежесін қоса алады. Оның іскерлігін байқаған министрлік осы жылы наурыз айында А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының ректоры етіп тағайындайды [4, С.3].

Жаңа жоғары лауазым Т.Рысбековке үлкен жауапкершілікті жүктейді. Өйткені, көп ұзамай тамыздың 19-да Кеңестер Одағы ыдырады. Аталған оқу орнының басшысы ретінде үкімет нұсқауымен институттың Ғылыми Кеңесінде дербес Қазақстан тарихы кафедрасын құру мәселесін күн тәртібіне қойылды. Сол кезеңдегі институттың толы қарбалас әкімшілік қызметімен қоса жаңа құрылғалы отырған кафедраның бүкіл жауапкершілігін өз мойнына ала кафедра меңгерушілігін қоса атқара бастайды. 1991 жылы 1 қыркүйегінде құрылған Қазақстан тарихы кафедрасы құрамында 24 оқытушы, оның ішінде 3 профессор, 5 доцент, 3 кандидат, 2 аға оқытушы, 11 оқытушы, 1 аға зертханашы, 1 зертханашы қызмет жасаған болатын [5, 1п.].

Тұяқбай Зейітұлы жаңа кафедраны Қазақ елінің тарихын тереңдетіп оқытуға бағыттайды. Ол алдымен оқу жоспарын 4 жылдық жаңа жүйеге келтіреді. Оқу жоспарына «Қазақстан тарихы» және алғаш рет жаңадан «Қазақстан тарихнамасы», «Қазақстанның мәдени тарихы», «Туристік – өлкетанулық жұмыс», «Этнография» пәндері қосылады [5, 2п.]. Оған қоса ұлт тарихын оқып үйренетін оқу-әдістемелік, оқу-техникалық құралдарын және оқу кабинеттерін қайта жабдықтауды қажет деп табады. Сонымен бірге кафедраның мүшелерінің ғылыми шығармашылықпен жұмыс жасауын, білімдерін жетілдіруін талап ете бастайды. Бұл бағытта қазақ тарихының өзекті мәселелерін айқындауға, оның ішінде іргелі еңбектер жазуға, жас тарихшы ғалымдарды даярлауға бар күшін салады [5, 1п.]. Бұл мәселеде тарихшы Бақтығұл Қабдырұлы: «Кафедра жанынан ғылыми кадрлар дайындауды басты назарда ұстаған Тұяқбай Зейітұлы 1993 жылдан бастап күндізгі және сырттай бөлімдерге аспирантураның ашылуына, жас талапты факультет түлектерінің ғылыми жолға түсуіне мүмкіндік беріп, өз тарапынан аспиранттарға ғылыми жетекшілік жүргізіп, олардың тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуларына мүмкіндік жасады», деп жоғары бағалағанды [6, 121б.]. Ал 1999 жылдан бастап университет деңгейінде 07.00.02 – Отан тарихы мамандығы бойынша тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін арнайы кандидаттық диссертациялық кеңестің ашылуына, ал 2005 жылы осы ғылым саласы бойынша докторлық диссертациялық кеңестің ашылуына бірден – бір себепкер болды [7, 3п.].

Профессор кафедраның ғылыми әлеуетін көтеріп қана қоймай, Қазақстанның батыс аймағына, тіптен республика көлемінде сапалы мамандар даярлап, оқу орындарының ғылыми әлеуетінің артуына жағдай жасайды. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы кафедрасы Ұлттық Ғылым Академиясы жанындағы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ғалымдарымен байланыс орнатады. Олар біріге Батыс Қазақстан аймағының іргелі зерттеулерімен айналысып, республикалық және халықаралық деңгейде ғылыми-практикалық конференциялар өткізуді дәстүрге айналдырады. Сол игі бастама бүгінге дейін үзілген жоқ. Қазіргі таңда кафедра ғылыми-әдіснамалық орталық ретінде Ә.Марғұлан атындағы Археология, Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институттарымен, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық және Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық унверситеттерімен тығыз байланыста. Оларға қоса кафедра Ресей Федерациясының Орынбор, Самара, Саратов, Астрахань, Волгоград облыстарындағы жоғары оқу орындары тарихшыларымен сенімді қарым-қатынас орнатқан.

Кафедраның шақыруымен тарихшы студенттер алдында Чехиядан Томаса Кучер, Түркияның Ардахан қаласының Университетінен Сулеймез Орхан, Германияның Пассау университетінен профессор Томас Вюнш, Оңтүстік Кореяның Сунконхое университетінен (Sungkonghoe university) Lee Jong Hyun, Қытайдан Ғылыми қоғам академиясынан Ахмет Шадыман,Ресей Федерациясы Санкт-Петербургтен С.Кляшторный, А.Алексеев, Мәскеуден Н.Бекмаханова, Д.Аманжолова, Волгоградтан С.В.Голунов, Қалмақ мемлекеттік университетінен П.Кольцов, Чкалов атындағы Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінен Л.А.Краева сынды профессорлар дәрістер оқып, үлкен қызығушылық туғызды.

Профессор Т.З.Рысбеков Қазақстан Республикасы кафедрасын басқарған кезеңде кафедра университеттің барлық оқу, тәрбие және ғылыми жұмыстарына белсене араласты. Бұл кезеңде кафедраның ғылыми әлеуеті өсе бастады. Аспирантураны бітірген жас ғалымдар диссертацияларын сәтті қорғап кафедра үміт ақтады.

Олардың қатарында Т.З. Рысбеков шәкірті С.С. Кривобокова ерекше көзге түсті. Ол 1996 жылы Қазақстан Республикасы  Ғылым Академиясы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнография институтында «История дискуссиий по кооперативному движению и развитие сельскохозяйственной кооперации в Казахстане в 1921 -1929 годы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Міне содан бері ғалым 2 ғылым докторын, 20 ғылым кандидатын даярлады. Олар қазіргі кезде еліміздің белді жоғары оқу орындарында, жоғары мемлекеттік мекемелерде қызмет етуде [8, 59 б.].

Академик Т.З. Рысбековтың 300-ден астам еңбектері Қазақстанның саяси және әлеуметтік – экономикалық дамуы, ұлт – азаттық көтерілістер тарихы, XYIII-XIX ғ.ғ. Қазақстанның Ресей империясының құрамына ену мәселелері, XIX-XX ғ.ғ. Қазақстанның әлеуметтік-демографиялық дамуы, егемен және тәуелсіз Қазақстанның тарихы, белгілі тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі және Қазақстанның жоғары білімнің өзекті мәселелерін зерттеуге арналған.

Ғалым Кеңестер тарихын зерттеу барысында Батыс Қазақстан облысы тарихына қатысты көптеген деректер жинақтады. 2007 жылғы көрсеткіш бойынша Тұяқбай Зейітұлы өлке тарихына қатысты 62 ғылыми жұмысын жариялаған. Солардың ішінде маңызды еңбектерінің бірі «Өскен өлке тарихы» (1997 ж.). Автор бұл еңбегінде Ақжайық өңірінің ескерткіштерінің зерттелу жағдайына, Орал қаласының тарихына, Бөкей ордасының тарихына, Батыс Қазақстанның халқына, Сырым батыр, Исатай Тайманов бастаған ұлт-азаттық қозғалыстарға, 1916 жылғы ұлт – азаттық көтерілістің еліміздің батыс аймағына әсеріне, Жаңақала көтерілісіне, Батыс Қазақстан облысы жергілікті Советтерінің мәдени – ағарту жұмысына, Орал – Илецк темір жол торабының салынуына, Ораз Исаевтың қоғамдық-саяси қызметіне талдау жасайды [9, 3б.].

Ал «Бөкейорда тарихы» (2001 ж.) атты еңбегінде Бөкей Ордасынның XIX ғасырдан бастап бүгінгі кезеңге дейінгі тарихын саралайды. Тарихшы тарихи деректер негізінде Бөкей Орда тарихының басты кезеңдері: оның құрылуы, саяси – экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, ондағы орын алған өзгерістер, көрші елдермен қарым – қатынасын зерделейді [10, 6б.]. Сонымен бірге автор еңбегінде Жәңгір ханның да қызметіне назар аударып өз ойларымен бөліседі.  Еңбектің бір ерекшелігі Бөкей Ордасының азамат, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихын және тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі қоғамдық – саяси жағдайын назардан қалдырмауы дер едік.

Т.З. Рысбековтың келесі еңбегі  «Менің Қазақстаным» (2007 ж.) деп аталады. Ол еңбегінде Қазақстан тарихына қысқаша шолу жасап, Қазақстан тарихының ерте, орта, жаңа және қазіргі кезеңнің негізгі оқиғаларына, оның қазақ халқының, мемлекетінің, шаруашылығы мен мәдениетінің қалыптасуына жасаған әсерін баяндайды. Кейбір тарихи мәселелер мен оның басты кейіпкерлерін жаңаша пайымдайды [11, 7б.].

Ғалымның іргелі еңбегі «Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары» (2014, Орал) аталады.  Зерттеудің бұрынғы жұмыстардан ерекшелігі автордың тұлғатану мәселелерін тереңдете зерттеуі деуімізге болады [12, 5б.]. Аталған монографиялар мен мақалалар жинағы қалың оқырманның қызығушылығын туғызды, жастардың іздеп жүріп оқитын еңбектеріне айналды. Мұның барлығы қажырлы еңбекпен, терең ізденіспен келді. Ол елеусіз қалмады. Нәтижесінде шәкірттеріне үлгі бола отырып, республика бойынша 2013 жылғы «ЖОО-ның үздік оқытушысы 2013» атанды.

Қорыта келгенде, Тұяқбай Зейітұлы бар өмірін өзіміз еңбек ететін Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне, оның ішінде «Қазақстан Республикасы тарихы» кафедрасына арнады. Сондықтан оның жетістігі кафедра мерейі болса, кафедраның алар асуы ұстаздың қуанышы болмақ.

**Әдебиеттер:**

1. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті мұрағаты (одан әрі М.Өтемісов атындағы БҚМУ мұрағаты. – А.У., Г.А.) №05-8-01 БҚМУ Ғылыми мәжілісінің хаттамалары.
2. Батыс Қазақстан орталық мемлекеттік мұрағаты (одан әрі БҚОММ мұрағаты – А.У., Г.А.) 580 қ., 1 т., 127 іс
3. Рысбеков Т.З. Советы Казахстана (1938-1986 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1988. – 151 с.
4. Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы: биобиблиографиялық көрсеткіш. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы, 2007. - 92б.
5. БҚОММ 580 қ., 1 т., 2561 іс,
6. Бірімжаров Б.Қ. Жайсаң жанның өмір жолындағы басты белестері/ Утегенова К.Т. Служение Отечеству и долгу: Очерки о жизни и деятельности ректора Западно – Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова Рысбекова Т.З. – Уральск: ИЦ и СМИ ЗКГУ им.М.Утемисова, 2007. - 236 с., С.113-124
7. М.Өтемісов атындағы БҚМУ мұрағаты. №11-3-05 Кафедраның жылдық есебі.
8. Утегенова К.Т. Служение Отечеству и долгу: Очерки о жизни и деятельности ректора Западно –Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова Рысбекова Т.З. – Уральск: ИЦ и СМИ ЗКГУ им.М.Утемисова, 2007. - 236 с.
9. Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. – Орал, 1997. – 180 б.
10. Рысбеков Т.З. Бөкей Орда тарихы. – Орал, 2011. – 197 б.
11. Рысбеков Т.З. Менің Қазақстаным. - Орал, 2007. - 160 бет.
12. Рысбеков Т. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. – Алматы: «Абзал – ай» баспасы, 2014. - 578 бет.

**ӘОЖ 929-051**

# ҰСТАЗЫМЫЗДЫҢ ҰСТАЗЫ

***Сүлейменова Д.Д.***
*Қазақстан, Орал қ.*

Адам өмірінде Ұстаздың алатын орны ерекше. Ұстаз адам өмірінің – темірқазығы. Себебі, әр адам өмірден адаспай, ерінбей-жалықпай қызмет етуі үшін өзіне дұрыс жол таңдауы керек. Міне, осыған бағыт-бағдар беретін, үлгі-өнеге көрсететін, тәрбиелейтін адам – бұл оның ұстазы.

Ұлт тарихы тек қана саяси, әлеуметтік, қоғамдық оқиғалардың емес, сонымен қатар ұрпақ жалғастығының, өміршең дәстүрлерден құралатыны да белгілі. Сол игі дәстүрлерден тағылым ала отырып, мемлекет, әлеумет, жеке адам өзін түзейді, бағытын айқындайды.

Қоғамда ұстаз қызметі бүгінгі күнде ерекше бағалануда деп айтуға болады, бірақ нарықтық жағдайда бұл пікірде келіспеушіліктер де бар. Қазақ халқы жас ұрпақты тәрбиелеуде сан ғасырлық тәжірибесі бар халық. Мол тәжірибені пайдалана отырып, жаны таза, адамгершілігі мол, парасатты, халықына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеуді мақсат еткен. Ғұлама бабаларымыз Әл-Фараби «Тәрбиесіз қолға білім салма» десе. [1], А.Байтұрсынов «Біз әрқашанда ұшталамыз» дейді [2]. Сондықтан, ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек. Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет.

Мен бүгін сан мыңдаған жастарға білім берген мол тәжірибесі мен тәрбие берген – ұстазбен оның ұстазы туралы өз ойымды жазып отырмын. Халқымыз жүріп өткен ұзақ жолдың шежірелі белесті асулар көп болды. Сол асулардың бірі – Алаш қозғалысының тарих. Бүкіл қазақ даласын азаттық идеясына жұмылдырған бұл ұлы қозғалыстың тарихы мен тағылымы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Алаш қайраткерлері ұлтты ұлт ететін талай-талай шаруаны бастаған, жолға салғаны белгілі. Сол Алаштың өткен тарихын халықына қайтаруға ат салысқан абзал жан Ұстазымыздың Ұстазы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың игері Кеңес Нұрпейіс.

Туған елінің тарихын зерттеуде, ұлттық өнеге, тәрбенің жүйесін қалыптастыруда Алаш тарихын зерттеуде аянбай ізденіп, өзіндік қолтаңбасымен ғылым әлемінде айтарлықтай із қалдырған өмірде сирек кездесетін тұлғалардың бірі - Кеңес ағамыз.

Осындай заңғар тарихшы – ғалымның шәкірті біздің сүйікті ұстазымыз, Тұяқбай Зейтұлы Рысбеков.

Кеңес ағамыз өзінің шәкірті ізбасары туралы былай деп жазған болатын: «Тұяқбай Зейтұлы сан қырлы талант иесі, ондай адамдарды халқымыз сегіз қырлы, бір сырлы тұлға» деп анықтаған.

Тұяқбай Рысбековтың сан қырлы талантынын бірі – оның сұңғыла тарихшылығы екені даусыз. Кәсіби тарихшы ретінде өткен ғасырдың 70-ші жылдары көпшілікке таныла бастаған Тұяқбай Зейтұлы өзінің басты зерттеу нысаны ретінде республикамыздың қоғамдық-саяси өмірі мәселелерін, олардың қатарында ең алдымен жергілікті кеңестердің қалыптасуы, даму және нақтылы қызмет тарихын таңдап алды. Оның кандитаттық диссертациясы «КСРО–ның Ұлы Отан соғысына дейінгі кезеңдегі Қазақстанның жергілікті кеңестерінің ауыл мәдениетін өркендету үшін жүргізген сан-саналы қызметін» зерттеуге арналса, докторлық диссертациясы «1938-1960 жылдары аралығында Қазақстанның кеңестер жүйесінің тарихын тұтас кешенді мәселе ретінде қарастыруға» арналғанын, осы тақырыптарды зерттеудегі Тұяқбай ағамыздың еңбекқорлығын, табандылығын және әр нәрсеге өте ұқыпты, мұқият қарайтындығын ерекше бағалайды [3].

Бұл күндері асқаралы 70 жасқа толып отырған ұстазымыз жаңаға жаны құмар, көп ізденетін ғылым әлеміне танымал ғалым.

Осындай ұстаздың шәкірті болғанымызға біз өте ризамыз. 1971 жылы А.С.Пушкин атындағы институттың тарих факультетінің 1 курсына оқуға түскенімізде бізге куратор болып еңбек жолын бастаған ағамыз, біз оқу бітіргенде аспирантурада оқуда болатын. Біздің тобымыз өте ұйымшыл болды, қасымызда Тұяқбай ағамыз бен Баян апамыз бірге жүретін. Бізден оларға қызығатынбыз, өйткені олар жас, өте әдемі, білімді, парасатты, кішіпейіл еңбекқор жандар еді. Міне, бүгінгі мерей тойда осындай көпке үлгі болып отырған Ұстазымызды шын жүрегімізбен құттықтап Тұяқбай Зейтұлын ғылымдағы және ұстаздық жолдағы өнегесі ұрпаққа, соның ішінде шәкірттеріне мұра болыр қалады дегім келеді.

Профессор Тұяқбай Зейтұлы тәуелсіз Қазақстанның тарихын жазумен насихаттау ісіне белсене ат салысуда. Ол әсіресе Қазақстанның батыс өңірінің арғы-бергі тарихының бұрмаланған мәселелерін өмір шындығына сай зерттеуде, өткеніміздің «ақтаңдақ» беттерін толтыруда жемісті еңбек етуде, оған дәлел соңғы жылдары жарық көрген көптеген еңбектері, оқулықтары.

Өскен елінің тарихын зерттеуде, ұлттық өнеге, тәрбиенің жүйесін қалыптасуына аянбай ізденіп, өзіндік қолтаңбасымен ғылым әлемінде айтарлықтай із қалдырған тұлғалардың бірі.

Сондықтан ардақты, ұстазымыз Тұяқбай Зейтұлына зор денсаулық, жаңа шығармашылық табыстар тілей отырып, Баян апайымызбен, балаларымен, немерелерімен ұзақ бақытты өмір тілейміз.

**Әдебиеттер:**

1 . К. Нұрпейіс Тарихи тұлғалар. А. 2008
2 . А. Байтұрсынов Таң. шығ. жин. 2 т. А. 1998
3 . К. Нұрпейіс Т.З.Рысбековтың ғылыми және ұстаздық жолы. Орал. 2007 ж.

**ӘОЖ 929-051**

## Т.З.РЫСБЕКОВ - ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ

***Серікова Л.С.***
*Қазақстан, Орал қ.*

Еліміздегі белгілі тарихшы-ғалым, қоғам қайраткері "Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер", "Парасат" орденінің кавалері, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Құрметті ректоры - Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков бүгінде асқар таудай ердің жасы, мерейлі -70 жасқа толып отыр!

Тұяқбай Зейітұлы  алдымен ұстаз, ғалым ретінде республикаға танымал тұлға. Тұяқбай Зейітұлын зиялы қауымға кеңінен таныс еткен қырларының бірі - оның шын мәніндегі ұлағатты ұстаз әрі Қазақстанның жоғарғы оқу саласындағы ғылыми-ұйымдастырушылық әрі басшылық қызметі болып табылады. Ғалымның негізгі ғылыми-зерттеу жұмыстарының дені еліміздің Батыс өңірі тарихымен тығыз байланысты.Тарихшы-ғалым ретіндегі Тұяқбай Зейітұлының - "Отан тарихы өлке тарихынан бастау алады" – деген ұстанымы нәтижесінде осы саладағы көп жылғы қажырлы ғылыми-ұстаздық еңбегінің  діңігегі - өзінің ғылыми мектебін қалыптастыруы.

Университет жанында ашылған 07.00.02-Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша 1999 жылдан бастап кандидаттық, ал 2005 жылдан бастап докторлық диссертациялар қорғалатын Диссертациялық Кеңестің ашылуын Тұяқбай Зейітұлының атымен тікелей байланыстыруға болады. Ғылыми Кеңес еліміздің әр аймағының және шет елдердің белгілі тарихшы-ғалымдары тұрақты бас қосып, пікір алмасып ой бөлісетін ғылыми орталық ретінде де белгілі болды.

Тұяқбай Зейітұлының жетекшілігімен  қоғам талабына сай зерттеуді қажет ететін өлке тарихына байланысты тақырыптар таңдалды. Тұяқбай Зейітұлының шәкірттері күні бүгінде Отан тарихының әр түрлі өзекті тақырыптарындағы  мәселелерін зерттеп  ғылым докторлары мен көптеген ғылым кандидаттары өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын сәтті қорғап, ғылыми дәрежеге ие болып, күні бүгін еліміздің түкпір-түкпірінде әр салада  еңбектенуде.

Сонау, 1999-2000 оқу жылында бірнеше талапкерлермен бірге бағымды сынап, емтихандарды сәтті тапсырып, 07.00.02 - Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша аспирантураға оқуға түсу бақыты маған да бұйырып, ғылыми жетекші ретінде Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы бекітілді. Ғылыми жұмысымның тақырыбы ретінде «Қазақстанның мұнай-газ кешендерінің даму тарихы (1985-2010ж.ж.), (Батыс Қазақстан өңірінің материалдары негізінде)» бекітілді. Бұл тақырып өзектілігі жағынан өте маңызды болып саналды, себебі тәуелсіз Қазақстан экономикасында елеулі орын алып отырған мұнай–газ кешендерінің қалыптасуы мен даму кезеңдерінің ғасырдан астам тарихы бар екендігі әуел баста- ақ зерттеліп, дәлелденді.Алайда, біз Кеңес Одағының ыдырауы қарсаңындағы, яғни, қайта–құру кезеңіндегі аталмыш саланың даму деңгейі мен еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдардағы өнеркәсіптік кен орындардың даму тарихына тоқталдық. Сонымен қатар, Батыс Қазақстан облысының экономикасының дамуына қомақты үлес қосып отырған Қарашығанақ газ-кен орындарының даму тарихын тарихи тұрғыдан зерттеу біз үшін маңызды болды. Үкімет шетел инвесторларының капиталы арқылы тоқтап тұрған кеніштерді қалпына келтіру, өнеркәсіп саласын жаңаша бағыттағы жүргізіле бастаған жұмыстар жайлы мәліметтер топтамасын жинақтауды алдымызға міндет етіп қойдық. Аймақтағы халықтың әлеуметтік, демографиялық даму барысына, экологиялық, құрылымдық өзгерістеріне де осы зерттеу жұмысында көңіл бөлінді.

Тұяқбай Зейітұлы тақырыпты зерттеу барысында негізгі басты міндет  етіп,  Батыс Қазақстан облысының солтүстік-батыс бөлігіндежаңадан аяғынан тұрған кен орындарының жағдайы, Камен, Чинарев, Дариян алқаптарындағыжаңа геологиялық нысандарды іздестіру жұмыстарының нәтижелерін мұрағат құжаттары арқылы жазуды тапсырды. Әсіресе Қарашығанақ кен орыны ашылғаннан кейін кеніштің Одақ көлеміндегі мәртебесін анықтау үшін  ғылыми тұрғыда қосымша зерттеу жұмыстары жүргізілді.1986-1989 жылдар аралығында Қарашығанақта барлығы 1500 ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген.Нәтижесінде қабылданған №10548-ші және №10549-шы шешімнің хаттамасында: «Қарашығанақ кен қойнауында 1,3 триллион текше метрден астам табиғи газ бен 800 млн. тонна сұйық көмірсутегі және үлкен көлемде  мұнай қоры шоғырланған» деп көрсетілген.

Ғылыми жетекшіммен біріккен зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Одақ кезінде аса құпия болған мұрағат құжаттары  қарастырылып,  тарихи  айналымға  алғаш  рет енді. Мысалы, ҚР Президенттік мұрағатынан алынған  төмендегі құжаттарға тоқталсақ; АҚШ-тың «Шеврон» компаниясы Теңіз кенішінің игеруге деген өз қызығушылықтарын  Одақ кезінде-ақ білдірген еді. 1987 жылдың 21ақпанында КСРО МК шешіміне сәйкес, Теңіз мұнай кешені мен американдық «Шеврон» компаниясының өкілдері арасында кездесу өтті. Кездесуде екі жақтың алдағы уақыттағы бірлескен  жұмыс жоспары, мақсат, міндеттері айқындалды.

Дегенмен, онда Қазақстанның мүддесі еш ескерілмеген еді.  1990 жылдың 1-қаңтарынан бастап Теңіз кешеніне екі млрд.сом қаржы салу арқылы  «Шеврон»  өз қызметін бастайды. Кезекті екі жақты кездесу 1990 жылдың 22- қыркүйегінде Алматы қаласында өтеді. Кездесудің негізгі мақсаты- Қазақ КСР-індегі жер асты байлықтарының  мән-жайымен танысу және алдағы

уақытта бірлесіп істейтін жұмыстың жоспарын бекіту еді. Алайда келіссөздер аяқсыз қалды. Осы жылдың 24 қыркүйегінде Мәскеу қаласында КСРО президенті М.С. Горбачев пен американдық консорциумның өкілдері және Қазақ КСР Үкіметінің бір топ өкілдерінің кездесуі болды. Кездесу Н.Ә. Назарбаевтың баяндамасымен ашылды. Ол қысқаша Америка сауда консорциумының ұсыныстарына тоқталып өтті. КСРО Үкіметі бірден Теңіз кенішін игеруге қатысты «Шевронның» жобасына қызығушылық танытты. Келіссөз соңында екі жақ нақты шешімге келіп, 1991 жылдың басында Теңіз кен орынын игеруге бағытталған жұмыстардың басталуы және 1990 жылдың 7-ші қазанынан бастап, Қазақ КСР-інде құрылған үйлестіру комитетінің жұмысқа кірісуі, оған Американдық мамандарды жұмысқа алу туралы шарттарға қол қойылды. Сонымен бірге Теңіз мұнай-газын игеру барысында 24 өндіріс ошағын салу жайлы сөз болды. Өкініштісі сол, салынатын өндіріс ошақтарының бірде бірі Қазақстанға тиесілі емес еді.

Келесі бір дерек: Қарашығанақ кені ашылғаннан кейін, 1984 жылы талапай саудаға түсті. Бұл іспен КСРО мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы Н.К. Байбаковқа тапсырылды. Ол облысқа осы жылдың 16 мамырында іс сапармен келді. Онымен бірге Қазақ КСР МК төрағасы Н. Ә. Назарбаев, КСРО ГӨМ В.А. Динков, КСРО МӨМ Н.А. Малъцев және тағы басқалары келді. Кездесуді Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Б.Ықсанов ашып, облыс экономикасының, аймақтағы кен орыны жағдайына сипаттама берді. 14 ұңғыда 1500 м. тереңдікте қазба барлау жұмыстары жүргізіліп жатқандығы, осы жылы өнім алуды екі есе көбейтетіндігі туралы баяндады. Кейін сөзді Байбаков алып, өзінің осы сапарында Қарашығанақ кен орнымен жақынырақ танысу негізгі мақсаты екендігін ашып айтты. Кен орынның Одақ экономикасына қаншалықты маңызды екеніне тоқталып, Орынбор газ өңдеу зауытының жұмысының алға басуы осы кенішке байланысты екенін баса айтып өтті. 1985 жылы ол қайта Батыс Қазақстан облысына іс сапармен келіп, бұл мәселені қайта көтерді. Осы жолы М. Ықсанов кен орынан өндірілген өнімді басынан сол жерде игеру үшін мұнай-газ өңдеу зауытын салу мәселесін көтерді. Ол өндірілген шикізатты Ресейдің Орынбор жағына айдағаннан гөрі, кәсіпорын өз жерімізде болған жағдайда аймақтың жедел дамуына, тұрғындардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына үлкен септігін тигізетінін дәлелдеді. Алайда бұл мәселе сол жерде, одан кейін де өз шешімін таппады. М. Біләлұлы осы мақсатпен Мәскеуге бірнеше рет барды. Ол сол кездегі үлкен басшылардың қабылдауында болған. Алайда Мәскеуде отырған басшылар М.Ықсановтың идеясына қолдау көрсетпеген. Түрлі сылтаулар айтып, кесімді шешім шығаруды кейінге қалдыра берген. Бұл пікірді сол кездегі республика басшылары қолдағанымен, ұсынысты іске асыруға олардың құдіреті жетпеді. Ресей үкіметі Қарашығанақ кен орнын өздеріне қарай икемдеу әрекетін одан әрі жалғастырды. Әсіресе бұл даулы мәселе 1986 жылы өрбіді. Ал осы жылдың қараша айында Д.Қонаев Мәскеуге келіп, М.Горбачевтың қабылдауында болды. Онда негізінен әңгіме Батыс Қазақстандағы енді игеріліп жатқан мұнай-газға бай Қарашығанақ кен орнын Ресейге қосу туралы сөз болған. М.Горбачев Д.Қонаевқа «осы мәселеге қатысты КСРО Жоғарғы Кеңесінің қаулысын шығартып бер» деген. Ал Д.Қонаев оны істей алмайтындығын айтады. Кеніштi игеруге 1984-1987 жылдар аралығында Одақ тарапынан жалпы 90 млрд. сом қаржы бөлінген. Содан кейін КСРО召 Мининстірлер Кеңесінің төрағасы, саяси бюроның мүшесі Н.И. Рыжков Қарашығанаққа екі рет келді. Ондағы негізгі мақсат осы мәселе төңірегінде болды.

Міне, осы құжаттардан ақ, бір ғасырдан астам мұнай мен газ өнімдері қазақ жерінен өндіріліп келсе де, 1991 жылға дейін Қазақстанның мүддесі аяқасты тапталды. Осы тұрғыдан алғанда ұстазым Тұяқбай Зейітұлының көрегенділігі мен ізденушіге тапсырылатын әрбір тақырыптың мәні мен мазмұнына аса мән берудегі жауапкершілігі ерекше екендігін атап өту керек. Сонымен бірге, Тұяқбай Зейітұлының ізденушіге мұрағат құжаттарымен жұмыс істеу керектігін үнемі ескертіп, оған жол сілтеп отыратындығының арқасында, құнды ғылыми мәліметтер тарихи айналымға енгізіліп, өлкеміздің тарихына қатысты тың тұжырымдар мен тың серпіліс тудырды деп санаймыз.

## II СЕКЦИЯ

## ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ЖАҢАША ІЗДЕНІСТЕР МЕН ӘДІСТЕР

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ: НОВЕЙШИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ И ПОДХОДЫ

**УДК 94(574)**

# ИСЛАМ В ИСТОРИИ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ: ХАРАКТЕР И ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ

***Тасмагамбетов А.С.***
*Казахстан, г.Уральск*

XIX век, особенно его вторая половина, был временем кардинальных перемен во всех сферах жизни общества на территории современного Казахстана, коснувшееся и области религиозных отношений. Это выразилось, в особенности, в значительном укреплении ислама в Степи, в активизации здесь деятельности мусульманского духовенства. Результаты значительного роста активности религиозной жизни стали проявляться и в материальной форме, то есть в увеличении числа различных культовых сооружений. Сказанное в полной мере имело отношение и к территории Западного Казахстана, в частности, к общественным процессам, происходившим в Букеевской Орде.

Известно, что хан Жангир проявил себя как реформатор и преобразователь во многих сферах общественной жизни, в том числе и в религиозной. Им были предприняты меры по распространению и укреплению ислама среди населения Внутренней Орды. При этом необходимо учитывать специфику политически зависимого положения Букеевской Орды от российской колониальной администраций.

Когда о хане Жангире говорят как о просвещенном правителе, необходимо подразумевать и его религиозную просвещенность. Как прекрасно образованный в этом плане человек он понимал роль и место религии, в частности ислама, в жизни своего народа, причем, не только в культурно-духовной, но и в социально-политической. Он предпринял немало усилий и мер для распространения и укрепления канонического ислама среди населения управляемой им территории. О его религиозной образованности, знаний языков, мерах по подготовке и увеличению численности мусульманского духовенства за счет собственно казахов немало пишется в последнее время.

В формировавшихся в рассматриваемое время в Казахстане, под влиянием «российского» ислама, мусульманских организационных новообразованиях, начал получать распространение новый для местной религиозной жизни институт ахуна. Ахуны были также и в Букеевской Орде. Введенная ханом Жангиром в Букеевской Орде должность ахуна считалась главной духовной должностью. В период правления самого хана ахуны имели значительный статус в его ставке. Об этом говорит тот факт, что в 1826 году, к примеру, ахун Аит Мухаммед вместе с ханом Жангиром участвовал на торжествах по случаю коронации Николая I и даже был награжден большой золотой медалью на Анненской ленте [1, С.12].

Здесь довольно много было мусульманских мектебов, практически каждый род, каждое отделение рода имело своего муллу [2, С.121]. Жангир приглашал в Орду мулл из татар, «известных ученостью и правилами» и поручал им обучать казахов вероучению. После этого «тех из приготовленных, которые по экзамену ахуна оказывались достойными, делал муллами, в знак чего давал открытые приказы на татарском языке, за печатью своей и ахуна» [3, С.78].Затем они на основе письменного приказа хана направлялись по отдельным родам и даже отделениям родов.

При этом эти направляемые по казахским родам Орды муллы получали от правителя своеобразную инструкцию по своим обязанностям и будущей деятельности, что находило

отражение в отмеченных приказах. Приказы эти, к примеру, имели следующую форму: «Высокопочтенного хана Джангера Букейханова. Открытый приказ. Такого-то рода и отделения, такому-то. По просьбе и согласию добрых и почетных киргизов (такого-то отделения), о назначении вас между ними в должность муллы. Я, одобрив эту просьбу по свидетельству состоящего при мне ахуна (такого-то) о достоинстве вашем, по сделанному над вами экзамену, утверждаю вас в эту должность, с получением которого поступать вам, касательно нашей религии, с киргизами этого отделения по нижеследующим правилам…. О вспоможении вам при исполнении вышеизложенных обязанностей я предписал родоправителям, биям и старшинам, в ведении которых находится это отделение, а вы обязаны ежегодно доносить мне о всех ваших распоряжениях» [3, С.78]. В этих приказах по назначению мулл в отдельные казахские роды и отделения Орды по пунктам перечислялись правила их деятельности там и обязанности.

По ним, в частности, им предписывалось: прикладывать усилия к строительству мечетей и духовных училищ, учить детей грамоте и заставлять их молиться каждый день, а также держать уразу (мусульманский пост). К тому же они обязывались регулярно организовывать пятничные, также в дни мусульманских праздников, общие молитвы, а по их окончаний «делать простым киргизам наставления». Да и в обычные дни они должны были «простым и несведущим киргизам» толковать каноны ислама, а богатым из них «внушать и объяснять», чтобы они с движимого и недвижимого имущества отдавали зякет. Одновременно с этим «указной» мулла обязан был наблюдать, чтобы в «подведомственном» ему роде или отделении не было воровства и «законопротивных» поступков и др. [3, С.78].

Судя по источникам, со временем хан Жангир стал самостоятельно назначать мулл в казахские роды и отделения Букеевской Орды. Он начал выстраивать своеобразную структуру организации мусульманства и управления религиозной жизнью подвластного ему населения. Здесь следует напомнить и о намерениях хана Жангира ввести на территории Букеевской Орды метрические книги. Об этом говорят данные его переписки с отдельными «указными» муллами, направленными им в рода и отделения Орды [4, С.399]. Уже после смерти хана, в 60-х годах XIX века, само руководство Оренбургского генерал-губернаторства задумало ввести метрические книги во Внутренней Орде, и даже было заказано определенное их количество для нее, но своего завершения данные намерения так и не нашли [5, ЛЛ.3-8]. И здесь сказалась противоречивая и двойственная политика российских властей по отношению к исламу.

В целом, деятельность хана Жангира в этом направлении приводит к тому, что к середине XIX века на территории Букеевской Орды значительно возрастает количество образованного мусульманского духовенства, большинство из которых были представителями коренного населения. Так, в 1853 году в Букеевской (в официальных документах Внутренней) Орде по данным Л.Терещенко было 139 мусульманских священнослужителя, в среднем по одному на 170 кибиток[6, С.59].

Таким образом, хан Жангир предпринял немало усилий для распространения и укрепления канонического ислама среди населения Букеевской Орды. Он ввел здесь должность ахуна, открывал мусульманские мектебы. Он приглашал в Орду мулл из татар, «известных ученостью и правилами» и поручал им обучать казахов вероучению, которых затем направлял по отдельным родам и отделениям родов. Им хан предписывал: прикладывать усилия к строительству мечетей и духовных училищ, учить детей грамоте и заставлять их молиться каждый день, а также держать уразу (мусульманский пост). К тому же они обязывались регулярно организовывать общие молитвы, а по их окончаний «делать простым киргизам наставления». Да и в обычные дни они должны были «простым и несведущим киргизам» толковать каноны ислама. Одновременно с этим «указной» мулла обязан был наблюдать, чтобы в «подведомственном» ему роде или отделении не было воровства и «законопротивных» поступков и др. [3, С.78].В целом, деятельность хана Жангира в этом направлении приводит к тому, что к середине XIX века на территории Букеевской Орды значительно возрастает количество образованного мусульманского духовенства, большинство из которых были представителями коренного населения.

**Литература:**

1. Букеевской Орде 200 лет. – Алматы, 2001. - Кн.2

2. Артыкбаев Ж. Казахское общество в XIX веке: традиции и инновации. – Караганда: Полиграфия, 1993. – 330 с.

3. Мукатаев Г.К. Великий преобразователь степи: (документы и материалы). – Санкт-Петербург: Ирхина, 2001. – 88 с.
4. История Букеевского ханства. 1801-1852 гг.: Сборник документов и материалов. Составители Б.Т. Жаналиев, В.А. Иночкин, С.Х. Сагнаева. – Алматы, 2002
5. ЦГА РК, Ф.4, Оп.1, Д.6229
6. Терещенко Л. Следы Дешт - Кыпчака и Внутренняя Киргиз - Кайсацкая Орда // Москвитянин. - 1853.– № 22. – Отдел YII «Внутренние известия»

**УДК 378**

# НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ АКАДЕМИЧЕСКОЙ И НАУЧНОЙ ИНТЕГРАЦИИ НА ЕВРАЗИЙСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ

***Ерназаров Ж.Т.***
*Казахстан, г.Уральск*

Вопросами интеграции на евразийском пространстве замаются многие научные и научно-образовательные центры, что свидетельствует о большом интересе, которые проявляют исследователи к интеграционным процессам на постсоветском пространстве [1].

На современном этапе развития системы образования всеми признается необходимость интеграционных процессов на всем постсоветском пространстве. Это подтверждается большим количеством публикаций на данную тему в периодических изданиях и научных трудах. В целом, формирование общего образовательного пространства рассматривается как условие расширения и углубления всех форм отношений между постсоветскими государствами, ориентируясь на приоритеты таких объединений как СНГ, ШОС и ЕврАзЭс [2].

Системы образования стран СНГ хоть и имеют единый исторический корень, за годы реформирования системы образования в разных странах приобрели национальные особенности. Политика сближения государств ведёт к тому, что в скором времени придётся разрабатывать механизмы взаимного признания дипломов, что может усложнить научное сотрудничество. Предметом интеграции станет содержание образования, образовательные стандарты, связь образования с фундаментальной наукой, качество учебников, связь с работодателями и т.д. Общая цель интеграции заключается в ориентированности образования на достижение качества конечного продукта, т. е. уровня подготовки выпускников вузов. Это, в свою очередь, облегчит еще один важнейший аспект интеграции, академическую мобильность, и будет способствовать выработке решений по проблемам признания и эквивалентности дипломов.

В настоящее время, для создания общего образовательного пространства стран СНГ разработана необходимая нормативно-правовая база, создающая организационную основу для развития академической и научной интеграции [3].

Так, 15 мая 1992 г. в рамках СНГ было заключено Соглашение о сотрудничестве в области образования в целях реализации согласованной политики в области образования, разработки путей и механизмов практического осуществления совместных программ и проектов на многосторонней основе. А 17 января 1997 г. были подписаны Концепция и Соглашение о сотрудничестве по формированию единого образовательного пространства Содружества Независимых Государств. Для реализации Концепции был создан Совет по сотрудничеству в области образования государств-участников СНГ, в рамках которого стороны обязались осуществлять взаимодействие в разработке и применении образовательных стандартов.

Также, государствам содружества в качестве международного нормативного документа по вопросам интеграции образования были рекомендованы модельный закон «Об образовании», «Модельный Образовательный кодекс для государств-участников СНГ». 31 мая 2001 г. на заседании Совета министров иностранных дел Содружества были одобрены проекты двух соглашений: о координации усилий в области лицензирования образовательной деятельности, аттестации и аккредитации учебных заведений; о порядке создания и функционирования филиалов высших учебных заведений на территории государств-

участников СНГ. Министрами образования Армении, Беларуси, Казахстана, Таджикистана, России подписан Протокол о признании и эквивалентности документов государственного образца об образовании, ученых степенях и ученых званиях стран Содружества и утверждена Концепция информационного обмена в сфере образования. Утверждено Соглашение о взаимном признании и эквивалентности документов о среднем (общем) образовании, начальном профессиональном и среднем профессиональном (специальном) образовании (Постановление Правительства Республики Казахстан от 1 декабря 2005 года N 1181), Постановлением Правительства Республики Казахстан от 17 сентября 2010 года № 961 утверждено Соглашение о сотрудничестве государств-членов Евразийского экономического сообщества в сфере аттестации и/или аккредитации образовательных организаций/учреждений (образовательных программ).

Соглашением о сотрудничестве государств-членов Евразийского экономического сообщества в области образования от 11 декабря 2009 года и Соглашением о сотрудничестве государств-членов Евразийского экономического сообщества в сфере аттестации и/или аккредитации образовательных организаций/учреждений (образовательных программ) от 21 мая 2010 года, учитывая стремление Сторон к созданию общего образовательного пространства и общего рынка труда, желая способствовать дальнейшему развитию и углублению многостороннего сотрудничества в области образования и науки, стремясь к установлению норм взаимного признания и эквивалентности документов об образовании, ученых степенях и ученых званиях, принято Постановление Правительства Республики Казахстан от 11 февраля 2013 года № 114 «О подписании Соглашения о взаимном признании и эквивалентности документов об образовании, ученых степенях и ученых званиях в Евразийском экономическом сообществе»

ВСтатья 10 «Соглашения о взаимном признании и эквивалентности документов об образовании, ученых степенях и ученых званиях в Евразийском экономическом сообществе» сказано «Дипломы кандидата наук и доктора наук, аттестаты доцента и профессора, выданные в государствах Сторон, дипломы доктора философии (PhD) и доктора по профилю, аттестаты ассоциированного профессора (доцента), выданные в Республике Казахстан, признаются каждой из Сторон в порядке, предусмотренном законодательством ее государства». И даже сейчас, например, привлекая специалиста с ученой степенью защитившегося после 1993 года за пределами Казахстана уже возникают трудности учета степени без процедуры признания эквивалентности степени, то же самое в отношении гражданКазахстана защитившихся в России, но только обучавшихся в аспирантуре по заочной форме обучения или же защитившихся после соискательства. В таких случаях, с процессуальной точки, зрения пройти признание практически невозможно.

Процессы интеграции в образовании на постсоветском пространстве прослеживаются в создании научных сообществ, ассоциаций, союзов и др. Например, Евразийская Ассоциация университетов (ЕАУ), Союза молодых ученых и специалистов Евразии и др.

Будучи составной частью образовательного пространства, вузы имеют такие преимущества как: возможность расширения и увеличения контингента студентов, что означает увеличение финансовых ресурсов. Поэтому европейский опыт свидетельствует, что было расширено поле ответственности ВУЗов за развитие общего образовательного пространства. Межвузовское сотрудничество, в части программ совместных и двойных дипломов стали основным инструментом формирования общеевропейского пространства высшего образования и научных исследований. Также эффективной и широко развитой формой европейского сотрудничества являются программы академических и научных обменов и стажировок студентов и преподавателей [4].

Наиболее актуальными в плане академической и научной интеграции и представляют большой практический интерес для казахстанских вузов следующие направления:

- механизмы интернационализации высших учебных заведений Республики Казахстан и оценка качества процессов интернационализации;
- стратегическое планирование международной деятельности университетов;
- развитие академической мобильности как обучающихся, так и преподавателей;
- реализация совместных образовательных программ, в особенности двудипломных программ с зарубежными университетами.

Все страны СНГ проявили заинтересованность в участии в Болонском процессе, видя в этом возможность приближения своих систем высшего образования к мировым стандартам.

Участие в Болонском процессе может сыграть положительную роль в развитии общего образовательного пространства на территории СНГ.

Глобализация высшего образованиястимулирует активное международное сотрудничество образовательных организаций, как на институциональном уровне, так и на уровне образовательных программ. В настоящее время можно выделить два уровня: 1) глобальный уровень, представленный общемировыми образовательными организациями, главной целью деятельности которых является создание единого мирового образовательного пространства (ЮНЕСКО, Болонский процесс, Университет ШОС) и 2) региональный уровень, в который входит Совет по сотрудничеству стран СНГ в области образования (на данный момент в него входят Армения, Белоруссия, Казахстан, Кыргызстан, Молдавия, Россия, Таджикистан). Вузы разных стран объединяют свои усилия в разработке и реализации международных совместных образовательных программ различного уровня и вида. В рамках разработки и реализации международных совместных образовательных программ стороны принимают на себя общие обязательства по отношению к целям и содержанию образовательных программ.

В соответствии с определением, данным директором Национального офиса Erasmus+ в России Олейниковой О.Н., совместная программа – это программа, в которой партнеры согласовали все ее основные элементы (такие как учебный план, методика преподавания, система обеспечения качества, включая европейскую систему переноса зачетных единиц (ECTS), правила и принципы оценки, требования к содержанию, преподавателям и набору студентов); предусмотрена мобильность с периодами обучения за рубежом (в университетах-партнерах), которые признаются автоматически; осуществляется совместное управление программой; в основе сравнимости лежат результаты обучения и все университеты-партнеры признают присуждаемые дипломы/степени [5].

Международные совместные образовательные программы разрабатываются для повышения мобильности студентов и преподавателей, обмена опытом и сотрудничества.

Важным условием устойчивого роста и развития международных совместных образовательных программ является наличие эффективной системы обеспечения качества на институциональном уровне и уровне образовательной программы. В Берлинском коммюнике 2003 г. сформулирован принцип, согласно которому в совместных программах, где участвуют несколько университетов, ответственность за внутренние процедуры обеспечения и контроля качества остается за университетом, присваивающим степень. Качество образования в контексте международной совместной образовательной программы – это интегральная характеристика системы предоставления студентам образовательных услуг и ее результатов, выражающая меру их соответствия установленным требованиям и ожиданиям.

Общеевропейское пространство высшего образования характеризуется многообразием подходов к обеспечению качества образования. Соответствие требованиям и ожиданиям потребителей и заинтересованных сторон в различных подходах обеспечивает «общую основу» – стандарты ESG. Данные стандарты и рекомендации применяются к процедурам обеспечения качества всех типов образовательных программ, в т.ч. международных совместных.

Стандарты ESG базируются на четырех принципах обеспечения качества в европейском образовательном пространстве:

– высшие учебные заведения несут основную ответственность за качество предоставляемого образования и его обеспечение;

– обеспечение качества отвечает потребностям разнообразных систем высшего образования разных стран;

– обеспечение качества поддерживает развитие культуры качества;

– обеспечение качества принимает во внимание потребности и ожидания студентов и других заинтересованных сторон.

Важное значение в реализации международных совместных образовательных программ имеет четкое определение уровней ответственности и обеспечение качества на каждом из них.

Контроль качества обучения по международным совместным образовательным программ в части ответственности конкретной организации образования осуществляется в установленном порядке. Представители вуза-партнера и внешние эксперты могут проводить мониторинг качества обучения по международным совместным образовательных программ, если это предусмотрено соглашениями между партнерами.

Конференция министров образования государств-участников СНГ приняла решение о выработке общих подходов к развитию системы дистанционного образования в СНГ, к сотрудничеству с Институтом ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании.

Сотрудничество в области подготовки квалифицированных специалистов приобретает все большую актуальность в связи с увеличением межгосударственных контактов в разных областях.

Ярким примером реализации международных совместных образовательных программ является опыт сотрудничества Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва в Астане и филиала МГУ им. М. Ломоносова. С другой стороны, ЕНУ является структурной единицей Университета ШОС и предоставляет научную базу для исследования идей евразийской интеграции. [6].

В 2010 году Казахстан стал полноправным участником Болонского процесса и активно внедряет его параметры.

На сегодняшний день в стране законодательно закреплена трехуровневая система высшего образования «бакалавр-магистр-доктор PhD» ипродвигаются следующие современные тренды:

Разработана казахстанская модель перезачета кредитов по типу ECTS с применением переводного коэффициента.

В рамках программы академической мобильности вузы отправляют на обучение студентов и ППС, привлекают зарубежных специалистов из стран Европы, США, Юго-Восточной Азии, России и др. Выпускникам вузов выдается Европейское приложение к диплому (Diploma Supplement).

Казахстан значительно продвинулся вперед в создании системы независимой аккредитации. Аккредитацию вузов проводят независимые агентства, внесенные в Национальный реестр аккредитационных агентств.

Ученые и исследователи Казахстана вовлекаются в Европейское исследовательское пространство благодаря Седьмой Рамочной Программе ЕС («Горизонт-2020»).

Утверждена Национальная рамка квалификаций, которая сопоставима с Европейской рамкой квалификаций. Разработаны и утверждены отраслевые рамки квалификаций и профстандарты.

Ведется работа по подготовке к самосертификации НРК.

Работа над реализацией обязательных, рекомендательных и факультативных параметров Болонского процесса способствует комплексному совершенствованию качества казахстанского образования, усилению интернационализации, а также развитию академической мобильности.

14-15 мая 2015 года в г. Ереван (Армения) прошла Девятая конференция министров образования Европейского пространства высшего образования (ЕПВО) на котором принято обновленная версия Стандартов и рекомендаций по обеспечению качества в ЕВПО (Standardsand Guidelines for Quality Assurancein the European Higher Education Area – ESG) и IV Болонский политический форум. В мероприятии приняли участие делегации 48-ми стран-участниц Болонского процесса, а также 16-ти приглашенных стран из других регионов. Принятое министрами Ереванское коммюнике содержит ключевые приоритеты развития Болонского процесса, среди которых повышение качества образовательных услуг, содействие трудоустройству выпускников на протяжении всей их трудовой карьеры, доступ к высшему образованию (инклюзивность), реализация структурных реформ.

В рамках исполнения обязательств, принятых странами ЕПВО в ходе Ереванской конференции, Казахстан заинтересован в дальнейшей модернизации высшей школы и повышении экспортного потенциала образовательных услуг среди стран-участниц Болонского процесса.

Кроме того, Казахстан ведет работу по укреплению позиций в рамках образовательного пространства стран СНГ и Центральной Азии. Наша страна выступила с инициативой о создании Центрально-Азиатского Бюро по Болонскому процессу. Такой образовательный хаб позволит странам региона гармонизировать национальные системы образования и найти пути решения общих проблем.

Современная образовательная политика Казахстана во многом зависит от дальнейшей интеграции страны в международное научно-образовательное пространство. При этом Болонский процесс стал ключевой вехой для трансформации системы образования Казахстана.

В этой связи изучение международного опыта и дальнейшая работа над внедрением в систему высшего образования Казахстана основных принципов и параметров Болонского процесса должна быть продолжена.

Исходя из выше изложенного, можно констатировать, что интеграция в образовательной сфере является актуальным процессом на евразийском пространстве.

Таким образом, описанные процессы свидетельствуют о начавшихся положительных тенденциях в развитии процесса интеграции на разных уровнях, взаимосвязанных и взаимопроникаемых между собой. Межвузовское сотрудничество может стать ключевым фактором в создании и развитии общего образовательного пространства на территории стран-участниц СНГ.

**Литература:**


1. См.: *Пивовар Е.И.* Постсоветское пространство: альтернативы интеграции. СПб., 2010; *Маныкин А.С., Бородаев А.В., Власов А.В., Гущин А.В., Левченков А.С., Пивовар Е.И., Наумова Н.Н., СидоровА.А.* Модели региональной интеграции: прошлое и настоящее: Учеб. пособие. М., 2010; *Безбородов А.Б., Дробижева Л.М., Елисеева Н.В., Зимина В.Д., Красовицкая Т.Ю., Павленко О.В. Отечественная история новейшего времени: 1985–2008 гг.: Учебник. М., 2009; Безбородов А.Б., Елисеева Н.В., Красовицкая Т.Ю., Павленко О.В.*История России в новейшее время: 1985–2009 гг.: Учебник. М., 2013; *Горизонтов Л.Е.* Историческое сознание и национальная идентификация в постсоветстких Украине и Белоруссии: Тезисы к постановке проблемы // Национальное самосознание славянских народов в современном мире. М., 2004; *Шишков Ю.В.* Интеграционные процессы на пороге XXI века: Почему не интегрируются страны СНГ. М., 2001; *Косикова Л.С.* Интеграционные процессы на постсоветском пространстве: идеи и практика. М., 2008; *Чаевич А.В.* Интеграционные процессы на постсоветском пространстве и их влияние на национальную безопасность Российской Федерации. М., 2005; *Косикова Л.С.* Итоги 15-летнего развития государств СНГ и их взаимного сотрудничества // К каким альянсам ведет «цивилизованный развод»: Рациональное иррациональное в российской политике в СНГ: Материалы «круглого» стола, посвященного 15-летию образования СНГ. М., 2007; *Халевинская Е.Д.* Интеграция, сотрудничество и развитие на постсоветском пространстве. М., 2012; *Быков А.Н.* Постсоветское пространство: стратегии интеграции и новые вызовы глобализации. - СПб., 2009.

2. Реализация Болонского процесса в Казахстане: модернизация подходов в контексте современных трендов. – Алматы, 2015. – 63 с.; Лапин К. А. Развитие образовательного пространства на территории стран СНГ и ближнего зарубежья // Вестник Кузбасской государственной педагогической академии 1(26), 2013; Формирование общеевропейского пространства высшего образования. Задачи для российской высшей школы: аналитический обзор.- М.: ГУ-ВШЭ, 2003; Студенчество стран ШОС: социокультурное измерение: коллективная монография / Под ред. Ю.Р.Вишневского. Екатеринбург: УГТУ-УПИ, 2009. – 288 с.; Садовничий В.А. Приветственная речь на Х съезде Евразийской Ассоциации университетов.- М.: МГУ им. М.В.Ломоносова, 19 апреля 2007.; Абдраимов Б.Ж. Межвузовское сотрудничество как ключевой фактор развития общего образовательного пространства: евразийское измерение [Электронный ресурс]. - Режим доступа. URL: http://www. ia-centr.ru. (дата обращения: 16.02.2016).

3.Лапин К. А. Развитие образовательного пространства на территории стран СНГ и ближнего зарубежья // Вестник Кузбасской государственной педагогической академии 1(26), 2013.

4. Садовничий В. А. Приветственная речь на Х съезде Евразийской Ассоциации университетов.- М.: МГУ им. М. В. Ломоносова, 19 апреля 2007.

5. Руководство по качеству международных совместных образовательных программ (уровень магистратуры). - Москва, 2015

6. Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилёва [Электронный ресурс]. - Режим доступа. URL: http://www. enu. kz

УДК 378.2 (574) «1946/1991»

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ АУЛОВ И СЁЛ КАЗАХСТАНА: СТУПЕНИ ФОРМИРОВАНИЯ (1946-1991 ГГ.)

***Сарсенов А.С., Бердыгожин Л.Б., Турарбекова А.***
*Казахстан, г.Атырау*

Интеллектуальный потенциал в аулах и сёлах тесно связан с интеллигенцией и участием её в его формировании. В развитии интеллектуального потенциала очевиден вклад и других групп населения.

Интеллектуальный потенциал аулов и сёл в послевоенные годы был очень слабым. 70 – 80 % работающих в колхозах составляли женщины [1]. Даже спустя 14 лет после окончания войны в сельском хозяйстве были сконцентрированы всего 8 – 9 % специалистов с высшим образованием, больше половины которых (5800 человек) трудились в совхозах и колхозах [2].

При увеличении приёма в институты и техникумы студентов слабо велось строительство учебных зданий, общежитий и социально – культурных сооружений, что негативно отразилось на качество подготовки специалистов и, в свою очередь, тормозило формирование интеллектуального потенциала в аулах и сёлах.

Существовало множество нерешенных проблем и среди профессорско – преподавательского состава. В конце 40- х годов, т.е. накануне войны, из 4868 преподавателей высших учебных заведений республики только 70 являлись докторами наук, около 300 – кандидатами наук. В 23 –х педагогических училищах преподаватели с высшим образованием составляли 41 %, а в Мендикаринском, Кызылординском, Гурьевском педагогических училищах преподавали всего 1- 2 специалиста с высшим образованием. В г. Алматы, где была сконцентрирована основная часть научного потенциала республики не хватало профессоров и доцентов, а доля специалистов с высшим образованием в техникумах составляла 66,9 %. В некоторых высших учебных заведениях областей не было ни одного преподавателя с учёной степенью [3]. В середине 50- х годов из 409 заведующих кафедрами вузов республики было 73 профессора, а 10 – не имели учёных степеней [4].

В 1960 г. в вузах республики было 99 докторов наук, профессоров, что составляло 2,2 % из общего числа преподавателей, 921 кандидатов наук, доцентов (20,3 %) [5].

Таков был уровень интеллектуального потенциала в очагах знания и науки и в этих условиях о развитии интеллектуального потенциала аулов и сёл говорить не приходилось. Надо отметить, что много было преград общественно – политического и морально – психологического характера. Например, с 1949 года кандидатуры заведующих кафедрами и преподавателей общественных дисциплин были включены в номенклатуру ЦК Компартии Казахстана [6]. Однако каждый четвёртый преподаватель не имел учёный степени кандидата наук [7]. В результате многие преподаватели и заведующие кафедрами своё халатное отношение к работе прикрывали тем, что они назначены Центральным Комитетом. Поэтому непросто было их освободить от работы.

Как известно, в 40- 50- х годах прошла новая волна политических преследований в стране. Партийное руководство приняло несправедливое, антинаучное постановление в отношении биологической науки, литературы и истории. Были отстранены от научно – педагогической деятельности и изгнаны такие известные личности как М.Ауэзов, А. Жубанов, Е. Бекмаханов, А. Коныратбаев и др. Так называемая борьба с космополитизмом обострила в высших учебных заведениях такие болезни культа личности как страх, подозрения и сплетни. Главный журнал республики «Большевик Казахстана» взял на себя функции советчика по разъяснению студентам политику и идеологию партии, призвал в ходе лекций неустанно подчёркивать преимущества советской социалистической науки над буржуазным [8].

Дело дошло до того, что в эту кампанию вмешался руководитель республики Ж.Шаяхметов, который обвинил журнал «Здравоохранение Казахстана» за излишнюю похвалу американской медицинской науки [9].

В республике развернулась кампания вмешательства партийных органов в дела вузов. На бюро горкомов и обкомов партии периодически заслушивались вопросы преподавания общественных дисциплин, научно – исследовательской и политико-воспитательной работы с

приглашением ректоров и секретарей парткомов. Агитационно-пропагандистские отделы регулярно организовывали совещания с секретарями партийных организаций вузов о политико-воспитательной работе среди студенчества.

Главным условием формирования общественно – политических взглядов будущих специалистов считалось изучение и освоение трудов товарища Сталина. Стало традицией ежегодное проведение научно – теоретических конференций профессорско-преподавательского состава и студенчества по произведениям «вождя народов». Следует отметить, что в произведениях «вождя» недостатков не было. Только в Казахстане труды Сталина за годы Советской власти публиковались 212 раз в 7 млн. 301 тысяч экземпляров, в том числе на казахском языке – 186 раз в 5 млн. 757 тыс. экземплярах. Только в 1947 – 1953 гг. тринадцатитомные произведения Сталина были опубликованы на казахском языке в 604 экземплярах [10].

В результате перманентной идеологизации студенчества и молодёжи из стен вузов был выпущен целый поток специалистов, готовые слепо исполнять все прихоти крупных и мелких «вождей». Они не понимали, да и не желали признавать ту пропасть, которая отделяла социалистические идеи от реальной жизни. В своей профессионально-руководящей деятельности пытались авторитарными способами внедрить все те методы, которые они освоили в стенах вузов, не гнушались прислужить вышестоящим начальникам, вытягиваясь в струнку.

На наш взгляд, если экономическая отсталость Советского Союза и его окончательный распад следствие сталинской модели социализма, то, несомненно, ускорили этот процесс руководители и специалисты, пропитанные духом сталинизма.

В формировании интеллектуального потенциала аулов и сёл Казахстана определенное влияние оказали специалисты и механизаторы, приглашенные из других союзных республик. Только в 1948 г. из других республик в Казахстан прибыло 606 дипломированных специалистов. [11].

Приток специалистов особенно увеличился в годы освоения целинных и залежных земель. В 1954 – 1955 годах в Казахстан из национальных республик прибыло 7,3 тыс. специалистов, из них 1997 агрономов, 1197 зоотехников, 1113 ветсотрудников и1687 инженеров и техников [12].

25 мая 1955 г. было принято постановление ЦК КПСС и Совета Министров СССР «О мерах по дальнейшему укреплению руководящими кадрами колхозов». Было решено для руководства колхозами мобилизовать из городов 30 тыс. человек – партийных, хозяйственных кадров, инженерно – технических работников и рабочих [13]. Для подъёма колхозов со слабым экономическим потенциалом в Казахстан прибыло 824 тридцатитысячника, в том числе из союзных республик – 234 [14].

В послевоенные годы нашла своё продолжение политика повышения по службе рабочих и крестьян, не имеющих специального образования. В своё время данная политика декларировалась как гуманистические и демократические признаки социализма. Однако, следует признать, что главной причиной данной политики были не преимущества социалистического строя, а нехватка специалистов. А причин было много. Во – первых, отдельные группы специалистов (строители, работники культуры, учителя физической культуры и труда, рентгенологи, фтизиатры) почти не готовились. Например, в 1955 г. в библиотеках системы министерства культуры Казахской ССР работало около 6 тыс. человек, из них только 33 имели высшее библиотечное образование [15].

Во–вторых, административно–командные бесчинства, наплевательское отношение к социальной инфраструктуре приводили к текучести кадров. Например, накануне освоения целины в МТС – ах (машино – тракторные станции), колхозах и совхозах республики в системе зоотехнии было сконцентрировано 56 % всех животноводческих специалистов [16]. В 1960 г. в аулах и сёлах республики, где проживало 50 % населения, было сконцентрировано всего 1/5 часть медработников [17]. И это при том, что в 1940 – 1960 гг. выделенные средства для здравоохранения возросли в 6 раз, были открыты 4 мединститута и 22 медучилища [18]. Это показывает, что большая часть интеллектуального потенциала, предназначенного для аулов и сёл осела в городах или перешла в другие отрасли народного хозяйства. Поэтому не оставалось ничего другого, как использовать труд практиков.

В исследуемый период основу интеллектуального потенциала аулов и сёл составляли практики. В 1953 г., накануне освоения целинных и залежных земель, лишь 23,2 % директоров

совхозов, 44,8 % главных специалистов были с высшим образованием. В колхозах и МТС – ах положение было не лучше. Каждый седьмой агрозооветспециалист, каждый шестой инженер или техник имели высшее специальное образование.

Ситуация не улучшилась и к концу 50- х годов. Большинство директоров совхозов, 37 % председателей колхозов, 60 % заместителей, 66 % инженер – техников, 92 % руководителей среднего звена, 56 % ветработников, 8% агрономов, 11 % зоотехников составляли практики [19]. В аулах и сёлах Казахстана у каждого 414 из тысячи было высшее, незаконченно высшее, среднее специальное образование, у каждого 447 – среднее и неполное среднее образование [20].

Таким образом, в годы послевоенных пятилеток в аулах и сёлах Казахстана продолжался процесс формирования интеллектуального потенциала. Он не закончился и в 1959 г., когда была провозглашена полная и окончательная победа социализма. Тем не менее, успехи в развитии интеллектуального потенциала были налицо. По сравнению с довоенным 1939 годом в 60- е годы XX в. уровень образования вырос в 2,5 раза, а среди женщин – в 5 раз [21]. Было ясно, что аулы и сёла Казахстана находились накануне новых качественных изменений.

**Литература:**

1. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза. Собр. док. и материалов. т. 2. Алма-Ата, 1967. – 111 с.
2. Казахстан за 60 лет. Стат.сб. Алма-Ата, 1960. – 292 с.
3. ЦГА РК (Центральный государственный архив Республики Казахстан), ф.698; оп.8, д.831, лл. 219, 222, 223; ф. 1137; оп. 13, д. 555, л. 3а.
4. Коммунист Казахстана. – 1954. - № 5. – с.56.
5. Мечтова И.И. Социально – экономические проблемы перестройки высшего образования. Алма-Ата, 1990. – 169 с.
6. ПА РК (Президентский архив Республики Казахстан), ф. 708; оп. 13, д. 143, л. 17.
7. ЦГА РК, ф. 708; оп. 16/1, д.7, л. 50.
8. Большевик Казахстана. – 1948. - № 2. – С. 27.
9. Большевик Казахстана. – 1948.- № 3. – С. 24 – 25.
10. Коммунист Казахстана. – 1953. - № 4. – С. 42 – 43.
11. Сексенбаев О.С. Строительство совхозов в Казахстане. Алма-Ата, 1974.– 63 с.
12. Великий подвиг партии и народа – массовое освоение целинных и залежных земель. Сб. док. и матер. М., 1979. - СС. 227, 229.
13. Советское крестьянство. Краткий очерк истории (1917 – 1970). М., 1970. – 451 с.
14. Искаков Ж. Деятельность Коммунистической партии Казахстана по укреплению и дальнейшему развитию демократических основ колхозного строя (1956 – 1966 гг.). – Автореф. дисс. канд. ист. наук. Алма-Ата, 1968. – 10 с.
15. ЦГА РК, ф. 1890; оп.1, д.200, л.355.
16. Коммунистическая партия Казахстана в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов. Алма-Ата, 1986, т.4.- 177 с.
17. Проблемы истории республик Средней Азии и Казахстана в 40 – 50 – е годы. Ташкент, 1989.- 57 с.
18. Коммунистическая партия Казахстана в резолюциях …, т.4. - 357 с.
19. Народное движение за освоение целинных земель в Казахстане. М., 1959. - 244 с; Сельское хозяйство СССР. Стат. сб. М., 1960.- 473 с.
20. Михайлов Ф.К., Шамшатов И.Ш. Народное движение за освоение целинных земель в Казахстане. Алма-Ата, 1964. - 247 с.
21. Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 года. Казахская ССР. М., 1962.- 151 с.

ӘОЖ 94 (574) «19»

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЕТЕЛДЕРМЕН МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ 50-80 ЖЫЛДАРЫ)

***Аман Ә.Б.***
*Қазақстан, Ақтөбе қ.*

Егемендіктің жиырма бес жылдығын артқа тастаған Қазақстан қазіргі таңда дүниежүзілік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып табылады. Оның дәлелі еліміздің БҰҰ, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және т.б. халықаралық, аймақтық ұйымдардың беделді мүшесі болуы.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси» бағыты атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің басымдықтарымыз өзгермейді-көршілеріміз-Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азия елдерімен, сондай-ақ АҚШ-пен, Еуроодақпен, Азия елдерімен серіктестікті дамыту мәселесі болып табылады. Біз Кеден одағын және Біртұтас экономикалық кеңістікті нығайтатын боламыз»,-деп көрсетті [1].

Тарих сабақтастықпен дамиды десек, қазіргі таңдағы еліміздің сыртқы қарым-қатынастары өткен кезеңмен тығыз байланысты. Себебі ішкі әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени дамуымыз секілді сыртқы байланыстарымыз да тарихи сабақтастық негізінде дамиды. Сондықтан да қазіргі таңдағы сыртқы байланыстардағы ахуалды талдау, соған сай сыртқы қарым-қатынастарымызды бағдарлау, міндетті түрде өткен тарихты білуді, терең де жан-жақты саралап зерттеуді қажет етеді. Солардың бірі-соғыстан кейінгі кезеңдегі Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыстарының тарихы.

Бұл кезеңде Қазақстан КСРО-ның сыртқы саясаты шеңберінде ғана сыртқы мәдени байланыстарын дамытты. Соғыстан кейінгі уақытта орын алған халықаралдық қатынастардағы қос жүйе республиканың шетелдермен тек ғана мәдени-гуманитарлық саладағы ғана байланыс жасауына мүмкіндік берді.

Алайда шетелдермен байланыстардың көлеңкелі тұстары да болды. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыстарды барынша идеологияландырылды. Мәдени байланыстар барысында кеңестік Қазақстанның жетістіктері ғана насихатталып, көлеңкелі тұстары бүркемеленді. Бұл ретте Қазақстанның мәдениеті мен экономикасының «табыстары» мен «гүлденуі» дәріптелуі тиіс болды. Шетелдерге жіберілетін өкілдер қатаң тексерістен, мақалалар мен хабарламалар қатаң цензурадан өткізілді.

1959 жылы Қазақтың шетелдермен достық қоғамы құрылып, оның құрамында 14 облыстық бөлімшелер, 240-тан астам мекелердің, ғылыми, мәдени мекемелердің ұжымдары, шығармашылық одақтар және т.б. болды. Сонымен бірге республикада КХДР-мен, Монғолия, Индия, Қытай, Араб елдерімен, Африка елдерімен достық ассоциациясы мен Кеңестік қоғамының 7 қазақстандық бөлімшесі және кеңес-чехословак қоғамының Қарағанды қалалық бөлімі де құрылады. Социалистік елдерде достастық елдермен тығыз байланыстың орнауына ықпал ететін осыған ұқсас бөлімшелердің құрылуына үлкен маңыз берілді[2, 10 п.].

Қазақтың шетелдермен достық қоғамының барлық іс-әрекеті республиканың шетелдермен мәдени және достық байланыстарын одан әрі кеңейту мен нығайтуға арналды. Сонымен бірге шетелдік қауымдастыққа Кеңестік Қазақстанның өмірдің барлық салаларындағы жетістіктерін таныстыруға және насихаттауға бағытталды. Бұл ретте Кеңестік Қазақстанның мысалында Лениндік ұлт саясатының өмірге енгізілуін насихаттау үлкен маңызға ие болған еді. Осы мақсатта Қазақтың достық қоғамы өзінің адресаттарына ағылшын тіліндегі В.И.Лениннің еңбектерін, түрлі насихаттық, ақпараттық-анықтауыш материалдар, көркем әдебиеттің шығармаларын, мақалалар, очерктер, репортаждар, фотоиллюстрациялар, көрмелер және суреттер жіберді. 1965 жылы Қоғам әлемнің 65 елімен достық байланыс жасай отырып, бір жылда өзінің адресаттарына 123 суретті жинақ, 913 очерктер мен мақалалар, қазақ халық музыкасының 53 граммопластинкасы жіберген болатын. [Сонда, 13-16 пп.].

Республикада әдеби байланыстар саласында шетелдік әдебиеттерді аудару ісі де қатар жүрді. Ағылшын, француз, неміс және тағы басқа әлемнің көптеген тілдеріндегі көркем шығармалар қазақ, орыс тілдеріне аударалып, көпшілік қауымның назарына ұсынылды. Бірақ көп жағдайда әдебиеттер орыс тілдеріне аударылып, сондай-ақ социалистік лагердегі елдердің

әдебиеті көптеп аударылды. Ал капиталистік елдер әдебиеті үлкен цензура арқылы аударылып отырды.

1976-1980 жылдары «Қазақстан» баспасындағы неміс әдебиетінің редакциясы 299,3 бет көлеміндегі 68 атауды 421,3 мың данамен шығарады. Тоғызыншы бесжылдықтың қорытындысымен салыстырғанда неміс тіліндегі шыққан әдебиеттің көлемі 10-ға ұлғайып, көлемі бұрынғы күйінде қалғанымен, тиражы 80 мың данаға ұлғайды. Атеистік мазмұндағы, өзекті шығармалар, әскери басылымдар шығару ұлғайды, бұл әсіресе кеңестік неміс тұрғындарына арналған идеологиялық диверсия мен империализмге қарсы үгітке қатысты болды. Авторлар ұжымының «Құдай мен адам туралы әңгімелер», А.Н.Ипостовтың «Меннониттер деген кімдер», Л.Л.Вайдманның «Иудейді сүй», «Отан тек біреу» жинағы, «Ащы мойындау», В.О.Файттың «Өз бақытының шебері» атты кітаптар жарыққа шықты [3, 45 п.]

Социалистік елдердегі жазушылардың шығармаларын аудару ісі жолға қойылды. Мысалы үшін, республикада 1918-1975 жылдары чех және словак жазушыларының 1 223 кітабы 65 миллион данамен шықса, осы уақытта польша әдебиетшілерінің еңбектері 63 миллион дана тиражбен 1 432 рет шықты[4,с. 96].

Қазақстан көршілес Қытай Халық Республикасымен де әдеби байланыстарды орнатты. Кеңестер одағында Қытай Коммунистік партиясының тарихы, Қытайдағы азамат соғысының жеңісі, билікке коммунистердің келуі, Мао Цзе-Дун жөніндегі көркем әдеби шығарамалар аударылып, насихатталды. Бұл да кеңестік идеологияның саясатынан туындаған шаралар болатын.

Қазақстандық тарап қытай жазушылары мен ақындарының еңбектеріне үлкен қызығушылық таныткан. Қазақстанда қазақ тілінле Лу Сиидің «Үш жауынгер», «Күн шапағы алды», Дин Линнің «Сангань өзені үстіндегі күн» повесі, Чжао Шу-ли т.б. әңгімелері жарық көрді. Сонымен бірге қытай жағы да қазақстандық әдебиеттің дамуын жіті қадағалап отырды. Қытайда қазақ халқының ұлы ақыны Жамбылдың өлеңдері, жазушылар М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин т.б. шығармалары жарық көрді [5,с. 20].

Қазақстан алыс-жақын шет елдермен өнер саласында өз байланыстарын дамытты. Рухани өмірдің барлық салалары секілді өнер саласындағы байланыстарға да кеңестік Қазақстанның жетістіктерін, лениндік ұлт саясатын, халықтар теңдігін, интернационализмді насихаттау, буржуазияшыл идеологиямен күресті күшейту міндеті қойылды. Бұл салада театр жанрындағы байланыстар жолға қойылды. Театрларда алыс-жақын шетелдер авторларының пьесалары мен опералары қойылды. Сондай-ақ қазақстандық театр ұжымдары да шетелдерде болып өз өнерлерін көрсетіп жатты.

1955 жылы республикада поляк композиторы Ф.Шопеннің 140 жылдығы атап өтілді. Оның музыкалық шығармашылығы туралы баяндаманы белгілі қазақ композиторы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қ.Кужамьяров республикалық радиодан баяндама жасады. Алматы консерваториясында оқыушы-музыкант П.Аравин «Ф.Шопэн және поляк музыкасы» деген дәріс оқыды[6, с. 21-22].

Астаналық, облыстық театрлардың сахналарында В.Шекспирдің «Отеллосы», Ж.Б.Мальердің «Сырқат», «Тартюф», Ф.Шиллердің «Айуандық пен махаббат», А.Фредронің «Әйелдер мен гусарлар» атты пьесалары қойылды. Республика астанасында Корей Халық Демократиялық Республикасының әртістері, Герман Демократиялық Республикасының гитарашысы, поляк әншісі Войтович, жапондық скрипкашы Цудзи, белгілі румын әншісі Карабибери, болгариялық эстрада ансамблы, аргентиналық оркестр «Танго», жас монғол әншілері, белгілі перу әншісі Има Суман, Пакистан, Судан әншілері, үнді би тобы, француз пианисті Жаклин Эймир ән шырқады » [7,с. 33].

Ал қазақ халқының әндері Румыния, Венгрия, Польша Халық Республикаларында, Герман Демократиялық Республикасында, Бельгия, Үнді және тағы басқа елдерден К.Байсеитованың, КСРО Халық әртісі Е.Серкебаевтың, республика халық әртістері Р.Бағланованың, Жамал Омарованың, Байғали Досымжановтың, Жүсіпбек Елебековтың, Б.Төлегенованың, Ғарифолла Құрманғалиевтің, ағайынды Абдуллиндердің орындауларында шырқалды. Ал қазақ жігіттерінің «Көкпар» биі АҚШ-тың көптеген қалаларында зор құрметке ие болды. Бүкіләлемдік фестивальдың лаулеаттары болып республика әншілері Р.Бағланова, Б.Досымжанов, Е.Серкебаев, Р.Мұсабаевтар танылды.Құрманғазы атындағы мемлекеттік қазақ халық аспаптары оркестрі Бухарестте жастар мен студенттердің Бүкіләлемдік фестивалінің Алтын медалын иеленді. Берлинде жастар мен студенттердің халықаралық фестивалының

лауреаттары болып қобызшы Фатима Балғаева мен домбырашы Әзидулла Есқалиев танылды[Сонда, с. 34-35].

Шетелдермен мәдени ынтымақтастықты театр, өнер ұжымдарымен қатар кино ұжымдары да байытып отырды. Соғыстан кейінгі кезеңде қазақ киномотографиясы халықаралық сахнаға шығып өз жетістіктерімен таңдай қақтырып жүрді. Кино саласындағы байланыстар түрлі халықаралық жарыстар, көрмелер, кинфестивалдар түрінде жүзеге асырылды.

Шығыс Еуропа елдерінде қазақстандық «Трассібір экспресі», «Атаманның ақыры», «Ине» т.б. фильмдер қойылды. Шығыс еуропа халықтарының киноөнерін насихаттауда маңызды рөлді Қазақстанда өткізілген фестивалдар мен апталықтар алды. 1973 жылы Алматыда ГДР кинофильмдерінің апталығы өтті. Қаланың көптеген кинотеатрларында Шығыс Германияның киномотография Бас басқармасының өкілі О.Райнердің және киносенарист К.Грейфтің қатысуымен салдатанатты кездесулер ұйымдастырылды. «Менің балалық шағымнан», «Мен енді ересекпін», «Менің қымбатты Робинзоным» т.б. фильмдер көрсетілді [4, с. 119].

Қазақстанның шетелдермен сурет, қылқалам жанрлары бойынша да ынтымақтастықтары кеңінен дамыды. Бұл байланыстар негізінен көрмелер, халықаралық форумдар, шығармашылық іс-сапарлар түрінде болды.

Қазақстандық суретшілердің еңбектері халықаралық көрмелер арқылы танылды. 1960 жылы Бирма, Ауғанстан және Цейлонда өткен көрмеде Н.Таңсықбаевтың «Тың», К.Телжановтың «Домбыра дауысы», Л.Леонтьевтің «Қазақстан композиторлары», Ә.Қастеевтің «Тау пейзаждары» атты картиналар көрсетілді. Ал К.Телжановтың «Бабалар жерінде» атты картинасы Пәкістанда, Венгрияда, Герман Демократиялық Республикасында көрсетілді[7, с. 36].

1962 жылы Алматыға белгілі американдық суретші, бейбітшілік үшін күрескер, американ-кеңес достығы Ұлттық Кеңесінің төрағасы Рокуэл Кент және оның әйелі Сэлли Кент келеді. Мемлекеттік көркем сурет галереясында Р.Кент және оның әйелі Қазақстанның суретшілерімен кездесті. Ол республиканың бірқатар суретшілерінің туындыларына жоғары баға берді. Оның ішінде, Р.Кент халық суретшісі Ә.Қастевтің «Тау ағыны» еңбегіне назар аударып, оны жоғары бағалады [8, 126-127 пп.].

Қорыта келе Қазақстанның соғыстан кейінгі уақыттағы шетелдермен мәдени саладағы байланыстарының тарихы тағылымды да мазмұнды. Қарастырылып отырған кезеңде республиканың алыс-жақын шетелдермен мәдениет, өнер, әдебиет, ғылым мен білім салаларындағы байланыстары идеологиялық қыспақта болды.

**Әдебиеттер:**

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Президент және халық, 14 желтоқсан, 2012 ж.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты (бұдан әрі- ҚР ПМ), 708-қор, 48-тізбе, 502-іс.

3. ҚР ПМ, 708-қор, 97-тізбе, 200-іс.

4. Бейсенбекова Н. Экономические и культурные связи Казахстана со странами Восточной Европы (с начала 1970-х и до середины 1980-х гг.) Дисс. ... к.и.н. Караганда, 1993. - 205 с.

5. Джангалин М. Зарубежные культурные связи Казахской Республики. //Слово зарубежных друзей о Советском Казахстане. Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. –С 3-40. 20 б.

6. Л.В.Гойко. Экономические и культурные связи Казахстана с Польской Народной Республикой (1944-1967 гг.) Автореф.дисс.на соиск. канд.ист.наук. Алма-Ата, 1970.-24 с.

7. Шамжанова. Живительный источник. Алма-Ата: Казахское государственное издательство. 1963. -52 с.

8. ҚР ПМ, 708-қор, 35-тізбе, 315-іс.

ӘОЖ 002 (574) «1917/1918»

# «ҰРАН» ГАЗЕТІНІҢ ТАРИХЫНАН (28. 07. 1917 – 16.05. 1918 жж.)

***Сүндетұлы Қ.***
*Қазақстан, Атырау қ.*

*«Бізді бір ниет, бір тілекке жиятұғын зат – газет, со себепті газет – біздің басшымыз, газет – біздің дәрістер алдында көргеніміз. Дұшпандарға қарсы құралымыз. Газет – біздің білмегенімізді көрсететін ұстазымыз. Газет – біздің қараңғыда жарық беріп, тура жолға салатын шам шырағымыз!».* ***Ғұмар Қараш.***

«Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» аталған баспасөздің адамның асыл арманы мен жан толғанысын жеткізіп, қуанышы мен қайғысына ортақтасатын міндеті әсте төмендеген жоқ. Сонау 1870 жылы «Түркістан уалияты» газетінен басталған қазақ баспасөзінің тарихының әлі де ашылмаған тұстары баршылық. Солардың бірі – Батыс Қазақстанда жарық көрген «Ұран» газеті. Бір ғасырға жуық басылымның табылуына және оқырмандарымен қауышуына «Жайық Пресс» ЖШС ұжымыныңүлкен ізденіске толы еңбегінің жемісі себепкер болды десек еш қателеспесген болар едік. «Орал өңірі» мен «Приуралье» газеттерінің 95 жылдық мерейтойын өткізер тұста Мәскеу қаласындағы Химки қаласында орналасқан Ресей мемлекеттік кітапханасында сақталған «Қазақстан», «Ивестия-Хабар», «Қазақ дұрыстығы-Киргизская правда», «Дұрыстық жолы» газеттерінің тігінділеріне қалай тап болғандағынжурналист, ақын Қ.Құттымұратұлы былайша баяндайды: «Жолбасшымыз Жантас Сафуллин мұрағат басшыларымен келіссөз жүргізуге кетті. Соның нәтижесінде «Известия-Хабар» газетінің алғашқы үш нөмірінің сапалы көшірмесін алдық. Фото-бейнемамандарымыз Александр Куприенко мен Темірболат Тоқмамбетов аз уақыт ішінде «Қазақ дұрыстығы-Киргизская правда» газетінің тігіндісінің фотокөшірмесін жасап үлгерді. Одан бөлек 1920 жылдан бастап Орал қаласында шыққан «Красный Урал» газетінің тігіндісін ақтарып, керекті мәліметтерді қағазға түсірдік» [1]. Бұдан әрі автор «Қазақстан» газетінің түпнұсқасына тап болғандағы қуанышын оқырманымен бөліседі. Осыдан кейін ұжым мүшелері «Ұран» газетінің тарихын зерттеуге бет түзейді. Алайда қанша іздесе де түпнұсқасы, не көшірмесін таба алмайды. Мәскеу қаласындағы мұрағат қызметкерлеріне хабарласады, бірақ ол жақтан да оң хабар болмайды. Қалай дегенмен де газеттің шыққаны анық және оны ғалымдарымыз дерек көзі ретінде пайдаланса, бірі кеңестік дәуірдегі «қызыл империяның» саясатына сай теріс баға бергені де жасырын емес. Алғашқы дерек қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткері С.Сейфуллинің 1926 жыл 17 сәуірде жазған «Тар жол тайғақ кешу»атты тарихи-мемуарлық романынан кездеседі: «Әр жерде-ақ газет шығара бастайды. Семейде «Сарыарқа» газеті, Ташкенде «Алаш» газеті, соңынан «Бірлік туы». Бөкейлікте, Астрахань қаласында, «Ұран» газеті»,-дей келе газетті басқарған А.Мұсаұлы (Ғабдулғазиз Мұсағалиев) екендігін атап өтеді [2, 52 б.]. Бұдан әрі жазушы Уақытша үкімет құлағаннан кейінгі елдегі саяси-әлеуметтік қозғалысқа жан-жақты тоқталады. Әсіресе, Орынборда «Алаш» үкіметінің құрылғанын және олардың құрамына шолу жасайды. Бөкейлік қазақтардың арасында ескі Керенский үкіметін құлатып, оның орнына бұқара халықтың тілегіне орай жаңа үкімет құрылды дей келе «Ұран газетінен «Тағы да өзгеріс» атты мақаланы көшіріп басқан «Қазақ» газетінің 1918 жылы 27 ақпанда шыққан 261-ші нөмірінен үзінді басады [2, 107-108 бб.].

Қазақ баспасөзінің алғашқы шежіресінің негізін қалаушы ғалым Б.Кенжебаев 1950 жылы жазған «Қазақ баспасөзінің тарихынан» атты тарихи очеркінде кеңес өкіметіне қарсы күрескен алашордашылық газеттер қызметіне тоқтала кетіп, «Ұран» газеті, 1917 жылы сентябрь айынан 1918 жылы май айына дейін Бөкей ордасында шығып тұрды. Сондағы ұлтшыл-алашордашылардың газеті» деп баға береді [3]. Әрине, заман талабына сай әркім сол кездегі саясаттың сойылын соғуына тура келгендігін қынжылыспен айтпасқа шара жоқ. Өйтпеске амалда жоқ, себебі сталиндік қуғын-сүргіннін өткір пышағы ғалым ағамызды да турап

кетпесіне кім кепіл еді?! Дәл осындай тарихи деректерді «Октябрь в Казахстане» (авторлары: Пахмурный П., Григорьев В.)атты кітаптан да ұшыраттық. Орал өңіріндеауыл еңбекшілерінің жоғын жоқтап, бас көтерген С.Жақыпов пен С.Меңдешевтың есімдерін атай келе 1917 жылы 26 қыркүйекте жарық көрген «Ұран» газетінен мынандай үзінді басқан: «Они смело разоблачили антинародные замыслы алашордынцев. Рупор националистов газета «Уран» вынуждена была признать, что «враждебность и недоверие, оказывается, имеют место не только среди темной народной массы, но они имеются в большой дозе и среди нашей интеллигенции» [4].

Тәуелсіздігіміз орнағаннан кейін, республика баспасөзінің тарихы жаңаша көзқараспен жазылғаны баршаға аян. Мұрағаттарда сан жылдар құлыптаулы тұрған құжаттар айналымға түсіп, халқымыздың арман-тілегін орындаған басылымдар да оқырмандармен де ыстық қауышты. Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген газет-журналдардың барлығыда Ресей үкіметі қойған міндеттер мен мақсаттарға, оның отаршылдық саясатын жүзеге асыруға қызмет еткенімен, қазақтың тілі мен жазба әдебиетін қалыптастыруға, қазақтың әлеуметтік, шаруашылық және мәдени өмірінің мәселелерін көтеруге де едәуір үлес қосты.

XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстанда саяси-әлеуметтік жағдай өте ауыр жағдайда жүрді. Қазақ жеріне көктей енген орыс мұжықтары халқымыздың ата кәсіп мал шаруашылығын дамытуға кесірін тигізді. Патша үкіметінің озбырлық саясатына қарсы шыққан ұлт зиялыларының өкілдері А.Байтұрсынов айтқандай, «газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе» деген бағасын ұстаным етіп алды. Міне, осындай кезде өлкемізде Ғ.Караш, Ш.Бөкеев, Б.Қаратаев, Е.Бұйрин, Ғ.Мұсағалиев, А.Мәметов және т.б. халқымыздың басына төнген қиындықты жеңіп, одан шығар жолда газеттің рөлін пайдалана білді.«Қазақстан» газетінен соң оның орнын басқан «Ұран»-да сол жолда біраз тер төкті деп баға беруге болады. Қаржы жағынан қиыншылықтар болатынын сезгенмен халықтың бірауыздан қолдайтынына үміт артқан ұлт зиялылары бұл іске бел шеше кірісті. Басылым редакторы қазақ тарихында ойып тұрып орын алатын сегіз жұрттың тілін білген, ұлт тарихының әртүрлі кезеңдері мен күрделі мәселелері туралы еңбектер жазып, баспасөз беттерінде жариялаған Ғабдулғазиз Мұсағалиев еді. Тарихшы М.С. Сәулембекованың «Қазақ мерзімді басылымдарындағы тарихи мәселелер: тарихнамалық талдау (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы) атты ғылыми еңбегіндегі«Қазақ тарихшысы – Ғабдулғазиз Мұсағалиев» деген тараушасында мынандай жолдар бар: «XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс мұжықтарының қазақ жеріне жаппай орналаса бастағандығы туралы Ғ.Мұсағалиев: Қазақ жері патша мүлкі саналып мұжықтарға өлшеніп беріле бастады. Шақырусыз келген бұл қонақ жерді тартып алған соң қазақ халқы бұрынғысынан да кедейленіп, қысымшылыққа түсті»,- деген жан айқайын мысалға ала кетеді [5].

Ал енді осы «Ұран» газеті қалай табылды, оның кейінгі тағдыры қалай өрбіді деген сұрақтарға тоқтала кетсек. Біз бұғанжауапты баспагер Ж.Набиболлаұлыныңреспубликаның бас газетіндегі «Тағы бір газет табылды» атты мақаласынан аламыз: «Өткен жылы қос басылымның 95 жылдығы қарсаңында-ақ «Ұран» газетін таныстырып, тарихын тереңдеткіміз келген. Бірақ қанша іздесекте түпнұсқасын, не көшірмесін таба алмадық. Сондықтан ойымызды айқындау болашақтың еншісіне қалды. 1911–1913 жылдар аралығындағы жарық көрген «Қазақстан» газетін Ресей мұрағаттарынан іздеп тапқан тәжірибеміз бойынша ресейлік көптеген мұрағаттар мен кітапханаларға сұрау салдық. Өкініштісі, ешбірінде сақталмапты. Бірақ газеттің шыққаны анық, көптеген азаматтардың көзімен көргені, оған өздерінің бағасын бергені анық. Не мұрағат, не мұражай, не кітапхана, не жекелеген адамдардың қолында сақтаулы мүмкін деген оймен індетіп, іздестіруімізді жалғастырдық. Алғашқы қуанышты хабарды ғалым Мақсат Тәжімұрат жеткізді. Ол Алматы қаласындағы «Республикалық кітап мұражайы» РМҚК-дан «Ұран» газетінің бірнеше санын тапқан. Біздің жанұшырып іздеп жатқанымызды естігендіктен, құнды дүниені бізге беруді жөн санапты. Тіпті электронды көшірмесін жасатып, алып кетуге дайындатып қойған. Барып алдық» [6]. Оқиға одан әрі былайша жалғасады. Газеттің тігінділері бұрынғы Астрахан облысы, Бөкей ордасы, қазіргі Жаңақала ауданы, Жаңақазан ауылының тумасы халық ақыны Андаш Надрлиевтың жеке қорынан алынып 1978 жылы мұражайға тапсырылған. Көп ұзамай Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық мұражай директоры Нұржан Төлепов облыстық мұражайдағы тарихшы М.Ысмағұловтың жеке қорында да «Ұран» газетінің көшірмелерінің де бар екенін хабарлаған. Осылайша «Ұранның» жарық көрген 40-50 санынан 10 нөмірі табылады. Белгілі араб тілінің маманы, журналист Қазбек Құттымұратұлының өлшеусіз еңбегінің арқасында қолда бар басылымның барлық көшірмесі кириллицаға түсіріледі. Осылайша, тарихшылардың қолына «Ұран» газеті» атты кітап тиді. Еңбекте 1917 жылдың шілде айынан 1918 жылдың ортасына

дейін жарық көрген басылымның қазіргі әліпбиге түскен аудармасы берілген. Алғашқы бетінде жарияланған бұрынғы Батыс Қазақстан, қазіргі Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаевтың кіріспе сөзінде мынандай жолдар бар: «Осыдан бір ғасыр бұрын, заманның алмағайып кезеңінде жарыққа шығып, аспан мен жердің арасын жалмаған жалпақ өртке қанатымен су сепкен қарылғаштай қызмет еткен «Ұран» газетінің сарғайған парақтарын оқып отырып еріксіз ерекше күйге бөленесің. Алаш зиялыларының жанкештілігіне, ұлтсүйгіштігіне риза боласың» [7,3 б. ],-дей келе, газеттің сандарын тапқан және соның төңірегінде еңбек еткен азаматтарға шексіз ризашылдығын білдірген.

«Ұран» газетінің беттерінде жарияланған мақалалармен таныса отырып, оның өз кезегінде сол дәуірдің жаршысы, ұлттық сананы оятушысы болғаны анықтала түсті. Қазақ халқының теңдігін аңсап, орыс империясының құлдығынан құтылуға үндеген. Жер дауы, орыс келімсектерінің қазақ ауылдарына жасаған озбырлығы, оқу-ағарту ісінің көтерілуі, әйел теңдігі, сайлау мәселесі және т.б. өзекті тақырыптарға айналған. Газетті шығарушылардың бірі Ғұмар Караштың «Ұран» газеті туралы» атты өлеңіндегі мына жолдар соның куәсіндей:

«Ұранды» көз талдырып қарап едік,
Әр сөзін мың ділдаға балап едік,
Жиылып неше дүркін қарсы алуға –
Ақыры, келмеген соң тарап едік.
Түбінде ер боларын жан сезді ме –
Төзе алмай, келер күнді санап едік» [8].

Қазақ жері қашанда – халықтың асыраушысы. Орыстардың қазақ жерін тартып алуын тоқтатып, орыс мұжықтарының қоныс аударуын тоқтатуды талап еткен қатқыл үні басылым беттерінде жиі жарияланды. Соның ішінде 1917 жыл 1 қыркүйек күнгі санында «Орысқа жер сату һәм қыр қаласы Жәнібек» атты мақаладан 1880 жылғы қазақ даласындағы жұт болып, малдан айырылған күйін сөз етеді. Сол тұста үкіметтен қазақ жерін сатып тамақ асырасын деген жарлық түсіпті. Содан кейінгі елдегі жағдай былайша бейнеленеді: «Сол жылдан кейін қазақтар жер сата бастады. Сатып алған жерге, орыстар хутырлар салды. Тегін алған ақшаның дәмін алған қазақ өзінің меншікті пішендік үлесін сатумен қанағат етпеді. Жұртқа ортақ жайылыс жерлерден де егіндікке сатты. Сатушылар аз пайда етті де, айналасындағы жер сатпағандар көп зиян көрді. Жер тарыла бастады, ақырында зор жанжалдар көтерілді, тіпті мұны тексеріп бітірудің лажы болмайтын болды. Қазақтың мал шаруасын аман сақтайтын жалғыз шара – жер сатуды тоқтатып, орыс хуторларын қазақ жерінен көшіру».

«Ұран» газеті –халық ағарту мәселесінен еш тыс қалмады. Жарияланған мақалалардан өлкедегі білім беру жүйесінің жәйі, ел ішінен мектеп ашу, мұғалімдермен қамтумен қатар, имандылыққа шақырған үндеулері де басылып тұрған. Сөзіміздің дәлелі ретінде, газеттің 1917 жыл 31 желтоқсан күнгі №20 санындағы «Үміт бар» деген мақаладан жаңадан құрылып жатқан земствоның жұмысына сәттілік тілеп, олардың алдына қойылған міндеттерді атап көрсеткен: «1-ші халықты ағарту жолында қызмет көрсетіп, жаңа тәртіп көрген мұғалім уа мұғалимелерді жеткізіп, онан ауыл-ауылға бастауыш медреселер салдырып, уездерге орта медреселер, облыстарға жоғарғы медреслер аштырып, келешек миллет қызметшілерін заман тәрбиесімен тәрбиелеп, соларға заманға керек оқу өнер каруларын беріп, шын заман жастары етіп шығарар деген үміт бар» [9],-дей келе тәрбие берудің сан жолдарын қарастырады. Атап айтқанда, кітапхана, театр, музейлер ашу, газет-журналдарды көбейту, һәм пошта-телеграфтар жұмысын нығайтуға шақырады. Халық арасындағы ауру-індеттердің алдын алу үшін тазалыққа шақырып, дәрігер-фельдшерлер һәм акушеркалардың сандарын көбейту керек деп түйіндейді.

Кеңестік дәуірдің идеологиясына қарсы келгендіктен «Ұран» газетінің беттеріндегі алашордалық саясаттың айқын көрінісі, оның мұрағаттарда сақталуына немесе жеке иелектерде болмауына әкеліп соқтырды деген жорамал шындыққа сәйкес келетіндей. Басылым беттерін ақтарған сайын «Алашқа», «Алаштық», «Алаш баласы», «Алаш ұраны» деген айбатқа мінген сөйлемдерден көз сүрінеді. Сөзіміздің дәлелі ретінде, Досмырза Нұрпейісовтың «Бостандық күні» атты өлеңінен үзінді бере кетсек:

Айналып, жақындап,
Міне, күз тағы да.
Келіп тұр, Алашым!
Әділдік, теңдікпен
Жүректі дауалап
Жазылмас жарасын.

Бұрынғы күн емес,
Жұрт қатар іс істе,
Еркің бар қолыңда.
Алалық, арамдық
Қам алып орнына,
Басқаның, Алашым!
Қалмаңдар соңында» [10].

Газеттің алаштық бағыт ұстанымы Ғұмар Караштың шығармаларынан айқын көрінеді. Ақынның 1918 жыл 16 ақпан № 24 санындағы «Ішкі Орданың атқа мінген адамдарына» деген мақаласында Орынбор қаласында 1917 жылы 5-13 желтоқсанда өткен съезіне қатысып, «Алаш» үкіметі құрылғанынан хабардар етеді: «Съез қаулысының байлауы – әуелі қазақ былайғы жұрттардай өз тізгіні, өз билігі өзінде болатын айырым автономиялы ел болуы; екінші, шеттен келер жолбасар ұябұзарлардан сақтанатын милиция жасау болып еді». Бұдан әрі Ғ.Караш бұқара халыққа сиезд қаулыларын кеңінен түсіндіріп, атқа мінгендердің ел ішінде таққа таласуды доғара тұруға шақырады. «Алаш» деп ұран салып, Аллалап іс басталық, бөлініп жарылмалық, қашан да бөрі бөлінгенді жейді» деп:

Екі талай іс болып,
Елге қиын күн туды.
Аспанда ай, күн тұтылып,
Жер жиһанды қан жуды.
Көзі ашық елдер қам етіп,
Ертерек бекем бел буды.
Тіршілік керек бізге де,
Қоялық енді наз қууды.
Үрім-бұтақ хақы үшін
Қорғалық, Алаш, жер-суды.
Көрінетін ерлігің.
Білінетін бірлігің,
Күн туды, Алаш, күн туды»,-деп сүйіншілейді [11].

Бұл жолдардан қазақ халқының өз үкіметі құрылды,енді сол жолда тек ғана бірлік пен ерлікпен өз жер-суымызды қорғалық деп үндейді. Ақын Ғ.Караштың өмірі мен шығармашылығынан үлкен ғылыми еңбек жазған ғалым-журналист М.Тәж-Мұрат ақын ғұмырының осы кезеңін былайша суреттейді: «Сиез қараған 14 мәселенің ішіндегі іргелісі Қазақ автономиясын қазір жариялау дұрыс па, жоқ біраз байқап, милиция жасап алып, орталық халық кеңесіне салып барып жариялау дұрыс па деген мәселеде Ғұмар дереу жариялау жөніндегі ұсынысты жақтап дауыс берген [12, 175 б.]. Ғалым одан әрі осы Орынборда өткен II Жалпықазақсиезінің кейін Ғұмарды «Алаш идеологы» деген атқа ие еткен өлеңі «Түсімде» (Ә.Бөкейхановқа арналған)атты өлеңінен үзінді бере кетеді:

...Біз бұл жерге келгенде,
Аттар мінген қанатты,
Айбары зор сан атты,
Қарсы келді көп кісі,
Формы киген баршасы,
Зиялыдай көрінді.
Алдарында біреу жүр,
Басында бар «кепкісі».
Тани кетті ділмарым,
«Әлекем ғой анау!...» деп,
«Ұлт сүйген ерлердің,
Дәрежесі сол-ау деп...».

Қорыта келгенде, «Ұран» газетініңұлттық идеяны қалыптастырып, ой-сананы арттыру, қазақ елінің тәуелсіздігіне қол жеткізу арманы енді ғана орындалды. Ғұмар атамыздың «Алаш азматтарына» деген өлеңіндегі «ағытқан қойдай шулап ерген елді, бұлтармай оң бағытқа бастар күнің» деп жырлағандай арыстардың тасқа басқан деректерін «Ұран» газеті бүгін міне, жүз жылдан соң ортамызға алып келді.

**Әдебиеттер:**

1. Құттымұратұлы Қ. Мәскеу мұрағатында қазақ тарихы жатыр. // Орал өңірі. 27 маусым 2013 жыл.
Исходя из вышеизложенного, можно сделать, что причины расширения сферы использования интернатов и интернатов при школах лежали в области реорганизации и интенсификации образования. К моменту введения всеобщего обязательного среднего образования государство тратило на обучение одного учащегося в течение 10 лет 1700 рублей. Содержание малокомплектной школы и стоимость обучения в ней возрастала. И хотя содержание одного ученика в школе-интернате обходилось государству свыше 750 рублей в год, это было рентабельнее чем строительство сети малых школ [3, с.224]. Школы-интернаты обеспечили условия для осуществления всеобщего обязательного восьмилетнего обучения, а затем и среднего.

В услових Казахстана где процессы урбанизации усилились лишь к концу семидесятых годов, большую роль играли сельские школы. Практически половина населения проживала в сельской местности и решать проблемы организации всеобщего среднего образования необходимо было с учетом этой особенности республики.

О проблемах сельских школ говорилось и на первом Всесоюзном съезде учителей, который проходил в 1968 году. Министр просвещения СССР М.А. Прокофьев выступая на этом съезде сказал, что «Проблему всеобщего среднего образования нельзя успешно решить, если не уделять больше внимания сельской школе. Развитие школьных интернатов, совершенствование воспитательной работы в них могло бы способствовать решению этой проблемы» [4]. Специфика обучения в сельской местности состояла и в том, что в сельской местности, семья как правило многодетная. Развивая интернатную систему государство тем самым оказывало материальную помощь многодетным семьям. Эта помощь выражалась в том, что государство брало на себя содержание детей в учебных заведениях интернатного типа. Если в 1970 году число воспитанников, находящихся на полном государственном обеспечении, насчитывало 93,1 тысячи человек, то в 1975 году их стало 128, 99 тысячи [2, с.70].

Внимание к подобным образовательным учреждениям не ослабевал и в 80-е годы XX века. Постановление ЦК КПСС и Совета Министров СССР «О дальнейшем совершенствовании обучения, воспитания учащихся общеобразовательных школ и подготовки их к труду», опубликованное 29 декабря 1977 года указывало на необходимость проявить больше заботы об организации свободного времени детей и подростков, на вовлечение учащихся в занятия спортом, туризмом, художественным и техническим творчеством и особенно полезным и производительным трудом. Реализовывать данное Постановление было удобнее всего именно в образовательных учреждениях данного интернатного типа.

Новой формой учебно-воспитетельной работы с учащимися кроме интернатных и полуинтернатных учреждений явились школы и группы продленного дня. 15 ноября 1960 года было опубликовано Постановление ЦК КПСС и Совета Министров СССР «Об организации школ с продленным днем», в котором говорилось: «В целях дальнейшего улучшения общественного воспитания и усиления помощи семье в этом деле считать необходимым наряду с развитием сети школ-интернатов, как учебно-воспитательных учреждений высшего типа, создание для детей и подростков в городах, рабочих поселках и сельской местности школ с продленным днем, в которых дети будут находиться под наблюдением педагогов в течение всего дня. В школы с продленным днем в первую очередь принимаются дети у которых

родители работают» [1, с.118]. В результате этого постановления 1965 году в целом по стране школы продленного дня посещали 2,5 миллиона детей, а в 1970 году 5,5 млн, в 1975 году - 6,15 млн детей, а по Казахской республике: в 1965 году - 126 тыс детей, 1970 - 314, 6 тысячи [2, с.79].

Основная задачей групп продленого дня состояло в том, чтобы создать в них для детей обстановку , близкую к домашней, где они могли бы отдохнуть, поиграть, выполнить домашнее задание. Группы продленного дня должны были способствовать развитию талантов детей, укреплению их здоровья. Кроме этого на них возглагалась особая воспитательная роль. Они должны были создавать разновозрастные детские коллективы. К этому времени многие семьи, особенно городские редко имели более двух детей, при этом детей сближенного возраста, часто погодков. В учебное время дети находились в одновозрастном классном коллективе. Компенсировать недостатки одновозрастных коллективов планировалось за счет групп продленного дня. Некоторые фукции ухода за младшими детьми должны были возлагаться на старших детей, которые своим примером, разнообразием интересов должны были увлекать младших. Поэтому группы продленного дня планировалось комплектовать по семейному принципу, т. е. так, чтобы дети разных возрастов и классов находились в одной группе. При этом младшие школьники имели перед собой авторитет в лице учеников 6-7 классов.

Несмотря на большие успехи в работе групп продленного дня, здесь проявилось и немало недостатков организационно-педагогического характера. Далеко не во всех группах правильно проходила самоподготовка. Особенно это относится к группам, где были собраны ученики разных классов, если воспитатель методически не подготовлен к этой работе, то большую часть времени дети затрачивали на выполнеие заданий. А воспитатели зачастую не были к этому подготовлены, ведь воспитателелей групп продленного дня нигде не готовили. Воспитателем мог быть любой, имеющий педагогическое образование. На внеклассную работу, игры на воздухе, прогулки времени не оставалось. Дети уставали, работоспособность их понижалась кроме того в некоторых школах группа продленного дня комплектовалась из числа неуспевающих учащихся чтобы повысить уровень успеваемости в школе, что создавало для таких учащихся лишь удлиненный учебный день, когда они после уроков ещё в течение 3-4 часов с небольшими перерывами готовили только домашние задания.

В Казахстане за десятилетие с 1968 по 1978 гг. численность учащихся I - VIII классов в школах и группах с продленным днем выросла соответственно с 205,1 тысячи детей до 530, 3 тысячи , что составляет 22,1 % всех учащихся I - VIII классов. В 1978-1979 году в республике насчитывалось уже 112 школ продленного дня [2, с.83]. В сельской местности часть групп продленного дня организовывалась по инициативе колхозов и совхозов, заинтересованных в использовании труда женщин-матерей.

Школы и группы с продленным днем сыграли определенную роль и в борьбе и с отсевом учащихся из школ. В связи с сокращением обучения в начальной школе интенсивность обучения усилилась. Чтобы повысить уровень знаний и успеваемости, школы старались, чтобы как можно больше учащихся начальной школы проходили подготовку в группах продленного дня.

В современную эпоху, в связи с превращением человеческого потенциала в главный ресурс развития мировой цивилизации, повышаются значение образование и его качество. И здесь решающую роль играет научно обоснованная, всесторонне взвешенная политика государства, от которой зависит формирование институциональной и социокультурной среды, благоприятной для формирования человеческого капитала, с учетом накопленного опыта и исторических традиций. И в этом, вопросе возможно использование имеющегося опыта, с изменениями, отвечающими запросам современного образовательного пространства.

**Литература:**

1. Народное образование в СССР. Общеобразовательная школа. Сборник документов. 1917-1973 гг. / Сост.: Абакумов, Кузин, Ф.И. Пузырев, Л.Ф. Литвинов. - М: "Педагогика", 1974. - 560с.

2. Мукаева О.Д. Характер и перспективы развития интернатных и полуинтернатных учреждений в Казахстане. - Алма-Ата: Мектеп, 1979. - 191с.

3. Советский Союз. Политико экономический справочник. - Москва: Политиздат, 1978. – 367 с.

4. Рысбеков Т.З. Диалог с историей. - Уральск: Западно-Казахстанский государственный университет, 2004. - 124с.

**УДК 342.4(574)**

# СОВРЕМЕННАЯ КОНСТИТУЦИЯ КАЗАХСТАНА - КАК ИСТОРИЧЕСКИ СЛОЖИВШАЯСЯ ПРАВОВАЯ ОСНОВА

***Жалекенова Г.Т.***
*Казахстан, г.Уральск*

Одним из признаков государственности является наличие законов и судебной власти. При создании любого государства должны быть изданы его законы, регулирующие общественные отношения.[1] Основные вехи развития и становления конституционализма в Казахстане своими корнями уходят вглубь веков и тесно взаимосвязаны с образованием Казахского ханства в 1465 году. Один из первых законов казахской степи в истории казахского народа был создан в период правления сына Жанибек хана Касым хана «Қасым ханныңқасқа жолы», который состоял из 5 глав, по мнению А.Маргулана, но в последующие годы свод законов был усовершенствован и приобрел новое очертание в период правления Есим хана, получивший название«Есім ханның ескі жолы». В 1961 – 1963гг в результаты экспедиции под руководством С.З Зиманова удалось найти часть рукописного материала известного бия Среднего жуза Е.Саққұлақұлы, жившего в XIXв. Этот рукописный материал представлен в четвертом томе Казактын Ата Зандары, как статья Е.Саққұлақұлы «Есім ханның ескі жолы»,

Наиболее дошедший до нас разными вариантами был свод законов Тауке хана «Жеты-Жаргы», или «Уложение Тауке хана», как его именует - по имени хана, при котором оно было составлено, имеет значение не только крупного законодательного акта. Оно отразило в себе особенности казахского общества и того этапа его социально - политического развития, на который приходится его составление. «Жеты-Жаргы» оставалось основным актом правового регулирования общественного - политических отношений в казахском обществе в течение XVIII – XIX вв. При рассмотрении наиболее изученного источника обычного права казахов - свода законов Тауке хана «Жеті - Жарғы», некоторые исследователи используют при его характеристике эпитеты «Степная конституция», «Дала конституциясы», «Первая казахская конституция».

25 октября 1990г. была принята Декларация «О государственном суверенитете Казахской ССР», которая знаменует собой принципиально новую страницу в истории Казахстана. Тем самым Декларация в первую очередь утверждает право наций на самоопределение, которое предполагает возможность для каждой нации самостоятельно выбирать путь развития, который в наибольшей степени соответствует его историческим, культурным, религиозным традициям и другим особенностям. В этом аспекте право наций на самоопределение представляет собой одну из граней государственного суверенитета [2, с.28, 29].

Становление независимости Казахстана является принятие Конституционного закона РК «О государственной независимости Республики Казахстан», выступившего логическим продолжением Декларации о государственном суверенитете. Но если Декларация принималась в сложной политической обстановке, когда возможность заключения обновленного Союзного договора была реальной, то к моменту принятия Конституционного закона «О государственной независимости РК» Казахстан окончательно взял курс на полную независимость, что и отразилось в содержании указанных документов.

Значение Конституционного закона заключается в том, что он юридически оформил государственный суверенитет Казахстана, который стал носителем признаков, характерных для независимого государства: единое гражданство, территориальная обособленность, самостоятельная система государственных органов, независимая экономическая система, наличие собственных Вооруженных Сил[2, с.36].

Таким образом, Декларация о государственном суверенитете и Конституционный закон «О государственной независимости РК» стали основой конституционной реформы в Республике Казахстан[2, с.51].

После обретения независимости нам нужен был такой Основной закон, который бы шел «нога в ногу» с новыми реалиями и перспективами и сосредотачивал на своих страницах опыт предыдущих поколений и уверенность на лучшее будущее. Конституция независимого

Казахстана должна была закрепить основные принципы, по которым мы собрались строить открытое и демократическое общество[3, с.50].

Принятия новой Конституции заключалась том, что «необходимо было на высшем правовом уровне закрепить суверенитет Республики». Кроме того, Казахстан как государство, возникшее на обломках империи, должен стремиться к самоутверждению, в том числе посредством замены прежней правовой системы, которая характеризует ее как зависимое от метрополии образование. И в первую очередь это касается Конституции – стержня всей законодательной базы нарождающегося государства[2, с.54].

Под Конституцией в юридической науке понимается нормативный акт - Основной Закон, обладающий высшей юридической силой и закрепляющий основы общественного строя и государственного устройства, взаимоотношения между государством и личностью, организацию и деятельность системы государственных органов.

Впервые понятие "конституция" (от лат. constitutio - установление) стал употребляться в Древнем Риме. Конституциями называли акты, издаваемые императором. В средние века конституциями называли нормативные акты о правах и вольностях различных сословий. Первой Конституцией в нынешнем смысле этого слова, как Основной Закон государства стала Конституция США, принятая в 1787 года[4].

Первая Конституция независимого Казахстана была принята на IX сессии Верховного Совета Казахстана XII созыва 28 января 1993 года. Она разрабатывалась и принималась в условиях кризисного состояния, в котором находилась республика после распада СССР. Ее принятие позволило нормализовать казахстанскую систему государственных взаимоотношений, способствовало переориентации внутриполитического направления государственного механизма управления.

Принятие первой демократической Конституции – историческое, масштабное событие в жизни Казахстана. Она открыла новые реальные перспективы построения общества нового типа в нашей республике, способствовала укреплению веры у всех казахстанцев в необратимость происходящих перемен и возможность жить по-новому в суверенном Казахстане.

В то же время Конституция 1993 года была рассчитана лишь на краткосрочные перспективы. Она послужила своеобразным законодательным плацдармом к дальнейшему развитию демократического государства, элементом формирования государственности.

Но жизнь не стоит на месте, необходимость глубоких преобразований и реформ обусловили разработку и принятие новой Конституции. Время показало, что нужен новый Основной Закон страны, расширяющий полномочия Президента и конкретизирующий действия государственного аппарата. Все это должно было способствовать повышению эффективности проводимых в республике реформ[5].

По истечении немногих более двух лет после принятия первой Конституции суверенного Казахстана 30 августа 1995 года на референдуме проголосовали за новый Основной закон[2, с.91].

С ее принятия Казахстан окончательно утвердился в выборе пути своего дальнейшего развития. Этот Основной Закон стал, по сути, общественным договором, в соответствии с которым власть взяла на себя обязательства по утверждению Казахстана демократическим, светским, правовым и социальным государством, а граждане принимали ответственность за соблюдение Конституции и законов страны. Такие взаимные обязательства создают прочную основу для дальнейшего успешного развития общества и государства и позволяют нам уверенно смотреть в будущее.

Конституция 1995 года стала поистине выражением воли всего народа, а сам казахстанский народ превратился в соавтора Основного закона.

Статус личности, установленный Конституцией, отвечает общепризнанном мировым стандартам, поскольку она вобрала важнейшие мировые принципы и нормы основополагающих международных документов о правах и свободах человека. Основные характеристики конституционно-регламентируемого пространства в целом и государственности в особенности даются, в Основном Законе с позиции прирожденных и неотчуждаемых прав человека как высшей ценности общества [3, с.80].

За время, прошедшее с момента принятия действующей Конституции, изменения и дополнения в нее вносилась четыре раза: в 1998, 2007, 2011 и 2017 годах.

Более двухсот лет назад, когда закладывались основы современной демократии, американский президент Т. Джефферсон, который не был сторонником частых изменений в законах и конституциях, писал, «что законы и человеческие институты должны идти рука об руку с прогрессом человеческого разума». Это выражение не потеряло своей актуальности даже спустя два века[3, с.90]. Этим прогрессом в независимом Казахстане стал основной закон - Конституция 1995 года, который закрепил «фундамент» нового, правового Казахстана.

**Литература:**

1. К истокам государственности // Юридическая газета. 10 апреля 2015. №51.
2. Сартаев, С.С. Становление Конституции Республики Казахстан: проблемы и перспективы / С.С. Сартаев, Л.Т. Назаркулова. - Алматы, 2002. – 408с.
3. Назарбаев, Н.А. Казахстанский путь. - Караганда, 2006. – 372с.
4. http://ibrain.kz
5. http://www.tarih.spring.kz

**ӘОЖ 82-1**

## ҒҰМАР ҚАРАШ - ЖӘДИДШІЛ ТҰЛҒА

***Боранбаева Б.С.***
*Қазақста, Орал қ.*

Жәдидия – XIX ғасырдың аяқ шені мен XX ғасырдың басы аралығында Ресей империясы деңгейіндегі түркі халықтары арасында қалыптасқан жаңару қозғалысы. Басты идеологиясы – заманауи үрдістерді енгізу жолымен қоғамды буржуазиялық дәуір талаптарына бейімдеу, әлеуметтік өмірді жаңалау.

Мәдени ағартушылық сипатта өріс алған жәдидтік қозғалыс Ресейдегі түркі тілдес мұсылман халықтарының саяси оянуына қызмет еткен күш болды.

XIX ғасырдың аяғында жәдидшілдік идеялық саяси ағым ретінде қалыптасты, оның жолын қуушылар жәдидтер («жаңашылдар») деп аталды.

Жалпы «Жәдид» термині XIX ғасырдың екінші жартысында кең тарала бастаған. Сөздіктерге жүгінсек, «Жәдид» – арабтың «жаңа» деген мағына беретін сөзі.

Жәдидшілдер мұсылман дінін алға ұстап, халықты надандықта ұстағысы келгендерге қарсы шықты, өз халықтарын еуропалық мәдниетке, ең алдымен мектеп пен медреседе еуропалық дыбыстап оқыту әдісіне тартудың жақтастары болды.

Солардың бірі – Ғұмар Қараш. Ол Ресей империясындағы жадидизм қозғалысын сөз жүзінде қолдап қойған жоқ, бұл бағыттың негізгі ұстанымдарын діни ағартушылық қызметінде іс жүзінде жүзеге асыруға ұмтылды.

1907-1910 жылдар аралығында Ғ.Қараш туған ауылы Тіленшісайда медресе жанынан мектеп ашып, шәкірттерді дыбыстық жолмен жәдидше оқыту ісін жолға қойып, мұғалімдікке Қазан мұғалімдер семинариясы сияқты дүниәуи оқу орындарын бітірген жастарды шақырады.

Алайда Ғұмардың мұндай жаңаша оқыту әдісі қадимшілер тарапынан қатты қарсылық туғызды. Ғұмар жаңашылдығын олар діни жүйені бұрмалау, орысшылдыққа бір табан бет бұру деп санады, келешек өмір үшін дүниелік пәндердің қажеттігін түсінбеді. Әсіресе, 1914 жылы Ғұмардың «Бәдел хаж» еңбегі жарыққа шыққаннан кейін ұзаққа созылған айтыс одан әрі күшейіп, ақырында дүмше молдалардың өтініші бойынша Орынбор мүфтилігі Ғ.Қараштты ахундық атағынын айырады.

Бұдан Ғұмар ислам дініне қарсы болды деген пікір туындамауы қажет. Ғұмар еш уақытта ислам діні негізіне, имандылық жолға қарсы шықпаған, қайта: «Надандық, қараңғылық, жалқаулық кесірінен дініміз де құлдырап кетті. Дінімізді де дұрыс ұстай алмай, дүниеде діннен айырылып қалу қаупіне жеттік. Демек, дінімізді қалай қалпына келтіреміз, қалай дамытамыз? Бұл жайында әр түрлі көзқарас бар. Біреулері өнер, білім арқылы жетілдірейік десе, біреулер дінді өзгерту керек. Қорыта айтқанда, ежелгі ислам діні жолын дұрыс ұстай білуіміз керек», – деп дінге құрметпен қараған. Немесе: «діннің өзі адамдарды дұрыс сақтай алады, дұрыс жолға бағыштайды деген дәлелденген шындық. Қайдағы бір ескі ырым-сырымға сыйынып дін жасау

лайықсыз. Қайталап айтамын, ақиқат дін еш адамның желеп-жебеуіне мұқтаж емес» [1], – деп пайымдайды.

Ғұмар Караш 1909-1911 жылдары Ресейдегі жәдидия қозғалысының ірі өкілі, мысырлық фәлсафашы қайраткер әл-Ауғанидың шәкірті Ризаитдин Фахретдинмен жақын араласып, ол шығарып тұрған «Шура» журналында он бес мақала жариялайды.

Аталмыш «Шура» журналының редакторы атақты түркі ғалымы Ризаитдин Фахретдинмен Ғұмар хат жазысып тұрған. Оған кейін Караштың «Бәдел хаж» атты кітабының алғашқы бетінде жарияланған Р.Фахретдиннің рецензия хаты дәлел.

Ризаитдин Фахретдин – XX ғасырдың басында Ресей мұсылмандары арасында кеңінен мәлім болған ғалым, ағартушы, ғұлама, педагог, жазушы, дін қайраткері. Бар болғаны ауылдық медресені бітірген ол өз бетімен білім толықтырудың арқасында соңына алпыс том құрайтын мол мұра (40 томы қолжазба күйінде сақтаулы) қалдырған. Әлем әдебиеті бойынша ең ірі библиографиялық еңбектердің авторы болып саналатын ол 179 тарихи тұлғаның ғұмырбаянын түзді, тәлім-тәрбие тақырыбында 77 кітапша шығарды. «Шура» журналының Фахретдин редакторлығымен 1909-1918 жылдар аралығында жарық көрген 240 нөмірі Ресей мұсылмандарының рухани - мәдени өміріне үлкен бетбұрыс әкелгені бүгінде бірауыздан мойындалған [2].

Жалпы деректерден анықтағанымыздай, Ғұмар Карашпен жақсы қарым- қатынаста болған Фахретдиннің дін мәселесі, қоғамдық-саяси және мәдени сала бойынша көзқарастары негізінен әл-Ауғанидың және оның Мысырдағы ізбасары, Европа «Исламдағы модернистік бағыттың негізін салушы» деп білетін шайх Мұхаммед Ғабдуһтың ой-пікірлерімен бір ізді болып отырады.

Жоғарыдағы аталған осы шығыс ғұламаларының Ғұмар Караштың дүниетанымы мен көзқарастарына тигізген ықпалы жөнінде ғалым А.Жақсылықовтың: «...Сонымен қатар ақын көзқарасының қалыптасуына суфизмнің көрнекті өкілдері, діни философтар Имам Ғаззали, Афғани, Шейх Мұхамед Ғабдухудың теориялық еңбектерінің әсері болды. Ғалымның бұл пікірін Ғұмардың: «Имам Ғазали, Афғани, Шейх Мұхаммед Ғабдуһу сияқты белгілі ғұламалардың іліміне кез келген адамның түсінуі оңай емес» [3, 316 б.], – деген тұжырымды ойы дәлелдей түседі.

Демек, XIX ғасыр соңына қарай патша өкіметі мұсылмандық оқу жүйесіне қарсы күресті күшейте түседі. Бірақ соған қарамастан бұл тұста жергілікті мұсылмандық оқу орындарының ескі қадимшылықтан жәдидтік бағытқа қарай ұмтылуы үдей түскен еді.

Міне, Ғұмар Караштың Қазандағы «Шигабуддин Маржани» медресесін бітіріп келіп, өз ауылында жәдидше бала оқытуды жолға қоюы осы кезеңге сәйкес келеді.

«Маржани» медресесі – басында «Әфенді», «Бірінші Жәмиг», «Юнус мешіті» деп аталып, кейін осында Ресей жәдидия қозғалысының идеялық дем берушісі Шиғабуддин Маржанидың есімімен тарихи мешіт жанынан ашылған оқу орны. Деректерге қарағанда Маржанидың жолын қуушы, әрі күйеу баласы молда С.Абдуллиннің тұсында медресе жәдид оқу жүйесіне (дыбыспен оқыту, дүниеәуи пәндерді енгізу) көшеді. Демек, Ғұмар Караштың елге келгеннен кейінгі жәдидшілдік қызметіне осы «Маржанидегі» жәдидтік оқу бағдарламасының ықпалы болған.

Татар әдебиеті тарихының маманы Г.Хамит: «Маржани ақиқат пен үйлесім үшін ақыл мен сезімді діни қасаңдықтан тазартуға шақырды» [4, с.16], – деп жазды. Осылайша ислам өркениетін жаңғыртушы Маржани өзінің діндарлығымен ғана емес, зайырлығымен де көзге түскен болатын. Тарихшы Ю.И.Смыков: «Әл-Маржани Қазан университеті ғалымдарымен араласып, археология, тарих және этнография қоғамының ғылыми мәжілістеріне қатынасып тұрды. Бұл сол кездегі татар қоғамы өміріндегі ұлы құбылыс еді» [5, с. 228], – деп көрсетті.

Маржани туралы М.Сералин, Б.Кенжебаев, Б.Ысқақов, А.Машанов, У.Қалижанұлы сияқты т.б. қазақ қаламгерлері мен ғалымдары да қазақ, ой-санасы мен әдебиеті үшін Маржани рөлінің ерекшелігі жөнінде пікір білдірді. Осы еңбектердің ішінде деректік маңызы тұрғысынан Бүркіт Ысқақовтың зерттеуін атап айтқан жөн. Зерттеуші Бүркіт Ибрагимұлының тарихи зерттеулерінде әл-Маржанидың Ш.Уәлихановпен байланысының болғандығы және ол әл-Фараби, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билерге қатысты мағлұмат беретіні жөнінде деректер келтіреді [6, 53-56 б б.].

Әл-Маржани 1838 жылы 20 жасында Бұхараға оқуға барып, бес жыл оқиды. Алайда ескі оқуға көңілі толмай, өз бетінше кітапханаларда көп ізденеді. Соның нәтижесінде «И-лам абна ад-дахр би-ахуал ахл Мауараннахр» (Мауаранахр тұрғындарының жайы туралы замандастарға

хабарлау) атты алғашқы еңбегін жазады. Бұхарадан кейін ол Самарқандқа Ширдар медресесіне оқуға барады. Бұл жерде алты жыл оқып, еліне қайтады. Сөйтіп, Бұхара мен Самарқандтағы 11 жыл ішінде әл-Маржани Ибн-Синадан ад-Дауаниге дейінгі күллі мұсылман даналарының еңбегімен оқып танысады. Қазанда имам, мүфти болады. Өзіне шәкірт есебіндегі Х.Файзхановпен бірге мектепті реформалау ісін жүргізеді. Кейін Хұсайын Файзханов реформалау жобасын «Ислам медерис» (Медресені жаңарту) атты кітабына енгізеді [5, с. 232]. XIX ғасырдың соңына қарай мектеп, медреселерде өз беделдерінен айырылғысы келмеген консервативтік пиғылдағы дінбасыларының қарсылығына қарамастан жәдидтік қозғалыс кең өріс алды. Мұсылман дін иелері жәдидшілдерді дұрыс түсіне алмай, олардың әрекетін шариғатқа жат деп бағалады. Алайда жәдидшілдер мұсылман дінін теріске шығарған жоқ, ислам негіздерін керісінше «Құранды» әр ұлттың өз тіліне аударып, оның мағынасын түсіндіруге көңіл бөлді, сөйтіп оны жәдидтік мектептерде негізгі пәндердің бірі ретінде оқытуды жақтады. Бұған Ғұмар Караштың «Діннің өзі адамды дұрыс сақтай алады, дұрыс жолға бағыштайды. Құранда осылай айтылған, – деп пайымдауы дәлел.

Жәдидшілдердің реформаторлық сипаттағы ағартушылық қызметі негізінен феодалдық тәртіпке және патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған, Ресейдегі түркі тілдес мұсылман халықтарының саяси оянуына әсер  еткен зор күш болды. XIX ғасыр соңына қарай патша өкіметі дәстүрлі мұсылмандық оқу жүйесіне қарсы күресті күшейте түсті. Бұл кезеңде жергілікті мұсылмандық оқу орындары ескі қадимшылықтан жәдидтік жолға түсу кезеңін бастан кешіруде еді. Білім беру жүйесі артта қалып, азаматтық тоқырауға ұрынған Ресейдегі түркі тілдес мұсылман халықтардың саяси оянуына ықпал еткен жәдидтік қозғалыстың көш басында мұсылман жұртшылығын өркениетке тартып, оларға еуропалық білім мен озық идеяларды таратуды көздеген И.Гаспринский тұрды.

И.Гаспринскийдің мұсылмандар арасында ұлт-бостандығы туралы идеяның таралуына түрткі болған «Русское мусульманство» атты еңбегі 1881 жылы жарық көрді. Бұл еңбегінде патша өкіметінің орыстандыру саясаты, білім беру жүйесі батыл сынға алынып, мұсылмандардың рухани өсуіне мүмкіндік беру талап етілді. Сол заманда зады түркі тілдес жұрттың бәрінде И.Гаспринскийдің әсер ықпалы, үлгі-өнегесі зор болды [7, 14-16 бб.].

Ғұмар Караш ұлт қамын ойлаған А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Сералин, М.Дулатов, Ғ.Мұсағалиев сияқты қазақ зиялыларымен бірге классикалық жәдидшілдіктің жақтаушысы болды. Ғұмардың жәдидтік қозғалысқа қатынасуы, оны қоғам қайраткері, қазақ халқының болашағын ойлаған ірі тұлғаға айналдырды. Ол қазақ қоғамы мешеулігінің негізгі басты себебі – халықтың надандығы, молдалардың білімсіздігінде, байлардың дарақылығы мен отарлаушылардың қазақ халқын талап-тонауында жатыр деп санады. Оның: «Надандықтың басты зарарларының бірі замандас халықтардан кейін қалу болады дей отырып, – бұл дүние майданында да өнерлі, біліктілер білімсіздерді басып-жаншып озады, пайдалы нәрселерді күн ілгері өз қолдарына жиып алады. Кейін қалу жалқаулықтан, өнерсіздіктен, білімсіздіктен, надандықтан келеді, надандықтың көп зарарларының бірі деп бұл майданда кейін қалуды санаймыз» [1, 212 б.], – деген пікірі бүгінгі ұрпақ үшін де құндылығын жоғалтпаған ұлағатты ойлар.

Ғұмар қазақ халқын қараңғылықтан шығаратын жол қоғамды оқу-ағарту, И.Гаспринскийдің жүйесі бойынша жаңа әдіспен оқыту, қазақтардың отырықшылық тұрмыс салтына көшуі (қала салу) деп білді. Ол: «Мал бағу біздің маңдайымызға жазылып, былайғы-кәсіппен тіршілік ете алмаймыз деген хәкім дұрыс емес. Жөні келсе егінменен, саудамен де қазақ тіршілік ете алады. Осы күндері орыс, татар секілді отырықшы елдердің бәрі де әуелде көшпелі, мал бағып күнелткен халық болған. Бұлардың қазірде не істеп тұрғандары бәрімiздің де көз алдымызда. Біздің де солардан кемдігіміз жоқ, солардай адам баласымыз, олар күнелткен кәсіп - әрекеттерімен біздің де күнелткеніміз жөн» [8],-деп халықтың намысын қайрай отырып, отырықшылық тұрмыс салтына көшуді ұсынады.

Демек, Ғұмар Караш қазақ жәдидшілдері жас буынының көрнекті өкілі болды, халық ағарту мен жас ұрпақ тәрбиелеу саласында көп іс тындырды. Ол қазақ балаларын оқытудың қажеттілігі туралы «Көзіміздің нұры ғазиз балаларымыз келешекте рахатшылықта ғұмыр сүрсін, артымызда дұғашы болсын десек, тіршілік саласында шет ұлт балаларынан кем болмастай етіп, оларға ғылым- өнер үйретуі тиіс» [9], – деп жазды.

Жалпы Ғұмар Караш ғылым мен білімнің қоғамдағы үлесін жоғары бағалап, надандықтың соңы неге жеткізетіні туралы «Ғылым, - өнер иесі адамдар, яки халықтар тіршілік таласында үстем болып, надан өнерсіз қалғандар әртүрлі кемшілікте ғұмыр кешірумен

жарлылық, су құйылмаған теректей болып қурап, ақырында дүние жүзінде өзі түгіл, атағы да қалмайды», – деп кесімді тұжырым жасаған.

Сонымен біз қарастырып отырған мезгілде Ғұмар Қараш Қазақстанда идеялық-саяси ағым ретінде қалыптасып келе жатқан жәдидшілдік қозғалыстың жақтаушысы ретінде туған халқын еуропалық мәдениетке, ең алдымен мектеп пен медреседе еуропалық дыбыстап оқыту әдісіне тартуды қолдаушы ғана емес, туған жерінде мектеп ашып, мектепте оқытудың жаңа әдісін қолдану арқылы дүниәуи пәндерді енгізіп, шәкірттеріне өз елінің тарихын, әдебиетін мен тілін, оқытып-үйрету идеясын іс жүзіне асырушы жәдидшіл тұлға ретінде танылды.

**Әдебиеттер:**

1 Ғұмар Қараш. Замана. (Өлең, толғаулар, пәлсапалық ой-толғамдар, мақалалар). Құрастырған Қ.Сыдиықов. - Алматы: Ғылым, 1998. - 240 б.

2. Творчество Ризы Фахретдинова: исследования, материалы Башкирский Научный Центр Уральск. отд. АН СССР. - Уфа, 1988. - 310 с.

3. Жақсылықов А. Образы, мотивы и идей с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. - 422 с.

4. Хамит Г. История татарской сов. Литературы. - Москва: Наука, 1965. - 630 с.

5. Смыков Ю.И. История Казани. Кн.1. - Казань: Татарское книжное издательство, 1988. - 720 с.

6. Ысқақов Б. Қазақ - татар әдеби байланысы. - Алматы: Ғылым, 1976. -175 б.

7. Боранбаева Б.С. Гаспринский және қазақ жәдитшілері // Қазақ тарихы, 2016, №5 (144).

8. Ғ.Қ. Баку. // Қазақстан, 1912. № 8. 6 март.

Қараш Ғ. Өрнек. – Уфа, 1911.

9. Оразақай. Тіршілік таласы, // Қазақстан.- 1911.- № 2. -27. май. Орда.

**ӘОЖ 94 (574)**

# АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІНІҢ ТАҒДЫРЫ

***Байбулсинова А.С.***
*Қазақстан, Орал қ.*

Елімізде белгілі, алашорда қайраткерлерінің бірі – Дәулетшах Күсепқалиевтің өмірі мен қоғамдық қызметінде беймәлім және мардымсыз деректер баршылық. Дәулетшах Күсепқалиевтің ХХ ғасырдың бас кезіндегі белсенді қызметі, әсіресе саяси-қоғамдық іс-шараларда оның есімінің ерекше аталуының өзіндік мәні бар. Себебі, Дәулетше де басқа алашордалық белсенділердің санатында әр түрлі қоғамдық формацияның өзіндік күресі барысында қалыптасып шыққан тұлға. XIX ғасырдың соңы –ХХ ғасырдың басындағы Бөкейлік өзге тұлғалармен бірге Дәулетшеде осы өңірдегі тарихи орыс-қазақ мектебінде сауат ашып, негізгі екі тілде (қазақ, орыс) және түркі, араб, татар тілдерінде білім алады. Одан кейін 1887 жылы Орынбор қаласындағы классикалық ерлер гимназиясында оқып, оны күміс медальмен 1895 жылдың 8 маусымында аяқтаған. Бұл кезде Орынборға ағылған көптеген қазақ марғасқалары мен танысып, ұзақ жыл олармен бірлескен жұмыстар атқарады. Айталық, Дәулетшені үнемі қолдап отырған, Бөкейлік Шәңгерей ақын өзінің Орынборға жие барған барған сапарында оған бір соқпай өтпейтін. Соның арқасында, әрі әкесінің жоғары тап өкілдерінің санатына жататын бірқатар дворяндық әулет өкілдерімен байланыстары да оған оң әсер берді. 1895 жылы 1 шілдеде Дәулетшах Күсепқалиев Орынбор классикалық гимназиясының ғылым курсын күміс медальмен бітірген соң, Мәскеу императорлық университетінің ректорына сол университеттің медициналық факультетіне қабылдауға өтініш жаза отырып, университеттің барлық ережелері мен қаулыларын қатаң ұстанатындығын айтады. 1895 жылдың 1-інші шілдесінде Император атындағы Мәскеу университетіне қабылданады. Студенттік жылдары Дәулетшах Күсепқалиев Орал әскери Казачествосының басқармасынан стипендия (шәкіртақы) алып оқыған. Кейбір деректер бойынша осы университеттің заң факультетінде қатар оқып, екі дипломды бірге алған [1, 200-201бб].

Д.Күсепқаливтің қоғамдық - саяси көзқарастарының қалыптасуына бір жағынан ол білім алған Ресейдегі қоғамдық-саяси оқиғалар; екінші жағынан өзі шыққан қалың қазақ ортасының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайының ықпалы зор болғаны күмәнсіз. Өзі сияқты көзі қарақты орыс дәрігерлермен тәжірибе алмасуы, орталық қалалардағы алқалы жиындарға қатысуы оның тек дәрігерлік тәжірибесінің артуына ғана емес, саяси ойының шыңдалуына да өзіндік әсері болды. Тарихта жеке тұлғалар қоғамдық саяси қайраткер ретінде барлық оқиғалардың ортасында жүріп, тарихи процесте маңызды роль алды. Мемлекеттік мәселелер көтеріліп жатқан кезде Д. Күсепқалиевке де сол қоғамдық өзгерістер әсер етпей қоймады.

1900 жылы 12 маусымда Дәулетшах Императорлық Мәскеу университетін тәмамдап, сол университеттің жанындағы Медициналық тексеру сараптама комиссиясынан тәжірибелік курстан өтеді. Сол 1900 жылы 14 қазанда барлық артықшылықтар мен құқықтарға ие болған лекарь (емдеуші) атағын алады. Сөйтіп, Д.Күсепқалиев өлке халқына дәрігерлік қызмет көрсету жұмыстарының бел ортасында жүреді. 1902 жылы өзінің туған жері Тайпақ ауылына дәрігер болып келіп, осы өңірде алғаш рет шағын аурухана ашуға ұйытқы болады. Алғашқы жылдары осы өзі ұйымдастырған ауруханада жемісті жұмыстар жүргізеді. Бүкіл Тайпақ өңірінде жалғыз дәрігер атанады [2, 12п].

1903 жылдан Орал облысындағы Гурьев уезіне қарасты 2-учаскінің Өлеңті, Қызылқоға, Ойыл, Сүрелі, Есбол, Қарабау, Сламихын, Керімақас, Қайығайшы, Жымпиты, Қиыл, тағы басқа болыстарға дәрігер етіп жұмысқа жіберіледі, әрі осы учаскіде крестьянский начальник, Кермеқас 1 кластық орыс-қазақ училищесінің қамқоршы-попечителі қызметін атқарады. Онда Дәулетшах тек дәрігерлік жұмысын атқарып қана қоймай, саяси-қоғамдық іс-шаралардың бел ортасында жүреді. Онда жүрген кезінде қара қазақтың сауатын ашуда өзінің үлкен үлесін қосады. Ол Керімақаста II жылдық орыс-қырғыз мектебін ашуда белсенді қайраткердің бірі болады. Мұндай білім беру саласына қамқорлық етуі сол кезеңдегі өзге зиялы қазақтар сияқты жергілікті халықтың білімалуы қандай деген мәселені толық түсінуімен байланысты болды. Дәрігерлік қызметімен қатар Дәулетшах қазақтар арасына орыс тілінің таралуына үлкен ықпал жасаған [1, 201б].

Сол жылдары көрнекті қазақ ақыны Шәңгерейдің ағасы Мұхамедкерей Бөкеевтің қызы Айшаға үйленеді. 1912 жылы Жымпиты земстволық ауруханасының меңгерушісі болып тағайындалады. 1912 жылдан бастап Жымпиты земстволық ауруханасының меңгерушісі болумен қатар, ол сондай-ақ крестьянский начальник деген лауазымға ие болады [3,31 б.].

Ол кезеңде Жымпиты ауруханасы земствоның қаржысымен жұмыс жасаған. Ол аурухананың меңгерушісі ғана болып қоймай, емдеумен бірге ауруды алдын ала болдырмау шараларын жүзеге асыруда алғашқы бастамашы болған. Әсіресе оба, шешек ауруларымен күресте өте көп еңбек сіңірген. Халық арасындағы белсенді қызметі әрі біліктілігі үшін 1914 жылы Дәулетшах салына бастаған Тайпақ ауруханасына меңгеруші етіп жіберіледі. Ол өз денсаулығының нашарлығына қарамастан халыққа медициналық қызмет көрсетуде аянбай еңбек етеді. Дәрігерлік қызметте де, қоғамдық істерде бар ықыласымен жауаптылықпен қарады. Алашорда тараған кезде Қырғыз (қазақ) революциялық комитетінің құрамына енеді. Кейін ол біраз уақыт облыстық санэпидстанциясын басқарады. Денсаулығының төмен әсерінен Қырғыз революциялық комитетінен Жымпиты уезіне қайта жіберуін өтінеді. Бұл жөнінде (1920 жылдың 19-шы маусымда) Орал облыстық революциялық комитеттің дәрігері Д.Күсепқалиевтің Оралдан шыққандығы жөнінен хабарлауыңызды өтінеміз. «Онсыз уезд дәрігерсіз қалды»- деп ревком председателі Е.Қасаболатов телеграмма жібереді.

Аурухананың аяқталуына байланысты ол Жымпитыға қайтып оралады. Бұл жерде өзінің халыққа қызмет ету жұмысын жалғастырады [4,87 б.]. Сондықтан бұл бағытта Батыс Қазақстан аймағының бірқатар болыстарын қараушы дәрігер ретіндегі Күсепқалиевтің еңбегі зор болды. Оған дәлел, дәрігерлік инспектор міндетін атқарушы, кейіннен Батыс Қазақстан денсаулық сақтау ісінің ірі қайраткерінің бірі және ұйымдастырушы А.В. Гекке 1915 жылы Жымпиты ауруханасының дәрігері Дәулетшахтың болыс территориясында обаның өршіген уақытында қалай еңбек еткені жәйлі жазды [2,12 п]. Бұл оқиғаға Міржақып Дулатов «Қазақ» газетінде мақала арнады. Дәулетшах Күсепқалиев, сондай-ақ «Қазақ» газетіне қалам қызметімен қолдау көрсеткендердің бірі. Осы еңбегі үшін газет басқармасы 1914 жылы 45-ші нөмірінде оған басқа азаматтармен бірге алғыс айтты. 1915-1916 Жайық өңірініде сауда-кәсіпкерлік істің өркендеуіне үлес қосқан. Мал тұқымын асылдандыру мен айналысты. Бір өркешті бактриан түйелері мен жергілікті тұқым арасынан төзімді де өнімді жаңа нар тұқымын шығарған [5, 555-556 пп]. Шағын несиемен жұмыс істейтін шаруашылықтар, несие беретін ұйымдар құру ісіне

ұйтқы болған. Х.Тоқберлинмен бірлесіп «Қазақ» газетінде (1910, №210) уақ қарыз ұйымдарына қатысуға шақырған «Қазақ халқына» атты мақала жариялады [1, 201 б].

Д.Күсепқалиев Ішкі (Бөкей) қырғыз ордасының дәрігерлері сияқты бірнеше рет Ресейдің көрші губернияларындағы обаға қарсы съездердің жұмысына қатысады. Нәтижесінде 1899-1915 жылдарда Орал облысы мен Торғай облысының екі уезін қосқанда дәрігерлік қызмет түрлерінің көлемінің жағдайы жақсарады [6, 64 б].

Д.Күсепқалиевтің қайраткерлігінің, елге қызметінің келесі кезеңі 1917 жылдан кейін басталады. Ол сол жылғы Ақпан төңкерісінен соң орын алған саяси оқиғаларға белсене араласады. 1917 жылдың ақпан айында патшаның тақтан құлауынан кейінгі елдегі қоғамдық саяси жағдайдағы өзгерістерден тыс қалмай, сол кездегі қазақ халқының көшбасшысы болған зиялылармен байланыс жасай отырып, олардың жаңа қоғам құру сәті келгені туралы айтқан ойларына қосылады. Осыған орай Д.Күсепқалиев 1917 жылғы 19-22 сәуір аралығында Орал қаласында өткен Жайық сырты қазақтарының 1-ші сьезінде құрылған Орал облыстық қазақ Комитетіне мүше болып енеді.

Ал 1918 жылдың мамыр айының соңында Жымпитыда өткен IV Орал облыстық қазақ съезінің қарарымен құрылды. «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі құрамына сайланған 7 адамның бірі болып Дәулетшах Күсепқалиев сайланады [7, 22 п].

Аталған кезеңде Ресейдегі саяси төңкеріске байланысты наурыз айының оныншы жұлдызынан бастап облыс, уез, болыс және ауылдарда ескі құлаған үкіметтің орнына жаңа Уақытша үкіметтің басқару орындары қалыптаса бастайды. Бүкіл Ресей сияқты Қазақстанда да ол билік орындары алғашқы кезеңде Азаматтық комитеттер есебінде пайда болады. Бұл комитеттермен бір мезгілде стихиялы түрде облыстық, уездік және болыстық деңгейде Қазақ Азаматтық комитеттері қалыптаса бастайды. Қазақ комитеттерінің өкілдері облыстық және уездік Азаматтық комитеттердің атқару органдарына мүше болып енеді. Қазақ комитеттері ұлт-азаттық қозғалыстың Ақпан революциясы кейінгі кезеңдегі даму нәтижесі, оның өзінің түпкі негізгі мақсаты-мемлекеттік еркіндікке ұмтылысының табиғи көрінісі, ұлттық мемлекет болуға жасаған алғашқы қадамы болатын.

Облыстық және уездік Қазақ комитеттерінің қалыптаса бастағандығы туралы алғашқы хабарлар «Қазақтың» 1917 жылғы 17 наурыз күнгі санында жарияланады. Олардың бірінде Орал қаласында 10 наурыз күні ел өкілдерінің жиналысы болып, елдің тыныштығын, бүтіндігін сақтау үшін және әскер мен халыққа азық дайындау мақсатында облыстық Қазақ комитеті құрылып, ол комитеттен Орал облыстық Азаматтық комитетіне мүшелікке Дәулетшах Көсепғалиев, Ғабдолла Әлібеков және II Дума депутаты Б.Қаратаевтың сайланғаны жөнінде айтылған.

Алаш қозғалысының тарихын зерттеуші К.Нұрпейісов өзінің еңбегінде: «Ақпан революциясының жеңісінен кейін Қазақстанның 20-ға жуық қалалары мен елді мекендерінде оқушылардың, ауыл мұғалімдерінің бастарын біріктірген қазақ жастарының ұйымдары пайда болды. Олардың көпшілігі 1917 жылғы көктем және жаз айларында құрылды. Олардың қатарында Омбы қаласында құрылған «Демократиялық оқушы жастар кеңесі» мен «Бірлік» ұйымы, Ақмолада ұйымдасқан «Жас қазақ», Спасскі заводының қазақ жастарын біріктірген «Жас жүрек», Әулиеата уезінің Мерке қыстағында Тұрар Рысқұлов ұйымдастырған «Қазақ жастарының революциялық одағы» т.с.с. болды. Сондай-ақ Семейде «Жанар», Қызылжарда «Талап» атты қазақ жастарының ұйымдары құрылды» - деп атап көрсетіп, бұл ұйымдардың көпшілігінің алғашқы кезде өздерінің алдына негізінен ағартушылық мақсаттарын қойғандығын, олардың қазақ еңбекшілерінің арасында газет пен журналдар таратуды, халықтың сауатын ашуға көмектесуді, әйел теңдігі үшін үгіт жүргізуді өздерінің басты міндеттері деп түсінгендігін нақтылай түседі.

Сонымен бірге автор Қазақстандағы саяси күштердің, ең алдымен, ұлттық-либералдық интеллигенцияның жетекшілері мен Ресей социал-демократиясының жергілікті ұйымдарының өлке жастарының жоғарыда айтылған бұқаралық ұйымдарына ықпал ету үшін күрес жүргізгендігі жөнінде деректер келтіреді [4, 111 б.].

Жастар қозғалысының жетекшісі С.Сәдуақасовтың баяндауы бойынша 1917 жылғы қос революция тұсында құрылған тек қана Алашшыл жастар ұйымдарының ұзын саны 21-ге жеткен. Мысалы, «Еркін дала» (Орынборда), «Жанар» (Семейде), «Оқытушылар ұйымы» (Семейде), «Талап» (Семей облысы, Шыңғыс болысында), «Игілік» (Орынборда), «Қамқор» (Торғайда), «Жас қазақ» (Оралда), «Үміт» (Тройцкіде), «Талап» (Қызылжарда), «Оқығандар» (Көкшетауда), «Ұйым» (Екібастұз заводында), «Ғылым ұйымы» (Керекуде), «Ынтымақ»

(Атбасарда), «Жас жүрек» (Спасск заводында), «Жастар ұйымшасы» (Бөкей Ордасында), «Жас қазақ» (Ақмолада), «Қазақ жәрдемі» (Зайсанда), «Ерік» (Баянауылда), «Қызмет» (Керекуде), «Жас тілек» (Ақтөбеде), «Ғылым» (Керекуде) сияқты ұйымдар құрылған.

Міне, Ақпан революциясынан кейінгі қазақ өлкесіндегі демократиялық жаңғырулар қазақ жастарының қоғамдық-саяси белсенділіктерін арттырып, барлық өңірлерде жастар ұйымдарының жаппай құрылуына алып келген. Мұның өзі қазақ ұлттық-демократиялық жастар қозғалысының жаңа сапалық деңгейге көтерілгендігінің айқын белгісі еді.

Бұл ұйымдардың жетекшілеріне келер болсақ, Орынбордағы «Еркін даланы» Ж.Жәнібеков, Семейдегі «Жанарды» Манан Тұрғанбаев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Шыңғыстағы «Талап» ұйымын атақты Абай Құнанбаевтың ұлдары, Көкшетаудағы «Оқығандарды» Айтхожин, Атбасардағы «Ынтымақты» Бермұхамед Айбасов, Шермұхамед Темірбеков, Ақтөбедегі «Жас тілекті» О.Нұрмұхамедов, Әлімгерей Ершиндер басқарған. Сонымен осы жетекшілердің жастар ұйымдарының қызметтерін үйлестіріп отырғандығы айқын. Басқарушы комитет ұйымның бағдарламасын жасап, жастардың мақсат-міндеттерін айқындап, жалпы жиналыста қазақ қоғамының өткір мәселелерін талқылап отырған. Осылайша,бұл кезеңде қазақ жастары туған халқының тәуелсіздігі жолындағы күресте ұлт зиялыларына тірек болар әлеуметтік және саяси күшке айналған.

Қазақ өлкесінде  Кеңестік биліктің орнауынан кейін Дәулетшах Күсепқалиев 1920 жылғы наурыз - 1920 жылғы шілде аралығында Орынбор қаласындағы Революциялық комитеттің денсаулық сақтау саласының қырғыз өлкесін басқару жөніндегі бөлімде санитариялық-эпидемиологиялық қосалқы бөлімінің меңгерушісі және Орал губревкомыныың төрағасы болады.  Бұл салада жұмыс жасау кезінде Дәулетшахтың пікірлесі болғандардың бірі күйеу баласы дәрігер Есенғали Қасаболатов екеуі Батыс Қазақстан жеріндегі денсаулық саласында қызметтес болған. Олар сол кездегі елдегі ауыр жағдайға қарамастан халық арасында кең санитариялық-эпидемиологиялық және сауықтыру шараларын жүргізеді. Өз өтінішімен және Орал губревкомның төрағасы, күйеубаласы Есенғали Қасабулатовтың сұрауына орай, 1920 жылы шілдеде Жымпиты уездік ауруханасына меңгеруші етіп жіберілді. Есенғали Қасаболатов Орынборға ауысқаннан кейін, 1921 жылы Тайпақ дәрігерлік учаскесіне меңгеруші етіп жіберілді [5, 542 ].

1928-29 жж. Тәркілеу және ауылды күшпен отырықшыландыру басталған кезде осы науқанға батыл қарсы шығады. Сол үшін 1929 жылы қарашада «Меңдешов тобының құрамында жікшіл күреске қатысты» деген айыппен қызметтен бастылады және «жартылай феодал» әрі бұрынғы Алашорда қайраткері деген екі категориямен тәркіленіп, Орал округінің 113 байы қатарында Жетісу округіне жер аударылады. Дәулетшах Күсепқалиевтің отбасының жер аударылуына қатысты бірқатар мұрағат деректері сақталған. 1929-1934 жылдары Алматыда республикалық венерологиялық диспансерде інісі Сүлейменнен туған Әминаға үйленген Ахмет Мәметовтың меңгеруші болып жасауына орай, солардың шақыруымен осы диспансерде дәрігер болып жасайлы. Әрі Алматы ауыл шаруашылық институтында оқытушы болды. 1934-1940 жылдар аралығында Алматы облысы Қаскелең аудандық ауруханасының, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Келес аудандық ауруханасының бас дәрігері, кейіннен Семей облысының Абай аудандық ауруханасының бас дәрігері болып қызмет атқарады. Бұл жылдары Дәулетшах Күсепқалиев денсаулық сақтау ісіне өзінің бар білім жігерін жұмсаған білікті маман, көрнекті дәрігер ретінде көпшілікке танымал болады. Қазіргі Д.Күсепқалиевтың өмір жолы мен қызметі туралы зерттеу жұмыстары жалғасуда. Д.Күсепқалиевтің өмірінің соңғы жылдары және оның артында қалған балаларының тағдыры туралы жаңа деректер қарастырылуда.

Деректер бойынша Дәулетшах 1944 жылы өзі емдеп жүрген аурулардан жұқпалы індет жұқтырып, ауырып қайтыс болған. Оны таныстары, достары мен балалары  Семей облысына жерлеген көрінеді. Дәулетшенің балалары 1989 жылы ғана ақталады.

**Әдебиеттер:**

1. Алаш.Алашорда. Энциклопедия. /Құраст. Ғ.Әнес, С.Смағұлова. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. -544 б.
2. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты, 256-қор, 1 тізбе, 15 іс.
3. Самарин Р.И. Очерки истории здравоохранения Казахстана.- Алма-Ата: Казгосиздат, 1958.  с-162.

4. Ауанасова А. Национальная интеллигенция Казахстана в первые годы Советской власти (1917–1927 гг.) Автореф. дисс. … к. и. н. – Бишкек. - 1993. – с-23.
5. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты, 992 қор, 1 тізбе, №5 іс.
6. Душманов С.Х Очерки истории медицины и здравоохранения Казахстана.- Актобе:Раст, 2000-75с. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты, 4-қор, 1 тізбе, 558 іс.

**ӘОЖ 316.334:61**

# ХХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӨЛКЕДЕГІ МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

***Сисекешова А.С.***
*Қазақстан, Орал қ.*

Кеңес дәуірі кезеңіндегі Батыс Қазақстан аймағының ғылымының даму тарихын зерделеу күрделі де қарама-қайшылыққа толы процестердің бірі саналады. Шын мәнінде, Қазақстан ғылымы Кеңес өкіметі жағдайында үлкен жетістіктерге жетті. Соның ішінде өлкедегі медицина ғылымының дамуы маңызды орын алады.

Өлкедегі медицина ғылымының дамуына жоғары оқу орындарының қосқан үлесі зор. Мысалы, 1957 жылы ашылған Ақтөбе медицина институты. Ақтөбе медицина институтына дәрігер-мамандар даярлаумен қатар, медицина саласында ғылымды дамыту, жаңалық ашу міндеті қойылды. 1968 жылы мединститутта барлығы 1963 студент оқыса, сол жылы 263-і диплом алып шықты. Оларға лекция оқитындар саны 245 болса, оның 11-і ғылым докторы, 75 ғылым кандидаты болды. Ал 1971-1972 жылдары ғылым докторының саны – 14-ке, ғылым кандидаттарының саны – 86-ға жетті. 1974 жылы институтта арнайы сыйлықтар мен куәліктерге ие болған 17 өнертапқыштық ұсыныс енгізілді. Осы кезден бастап құрамында екі факультеті бар (емдеу, педиатрия және дайындық бөлімі) Ақтөбе медицина институты екінші категориялы жоғарғы оқу орнына айналды. 1975 жылы институтта ғылыми атағы бар оқытушылар 49,4% құрады. Сол жылы сәуірде өнертапқыштар мен рационализаторлар байқауына қатысқан институт қызметкерлерінің 4 ұсынысы өте жақсы бағаланып, ҚазақКСР ауыл шаруашылығы көрмесіне қатынасты. Денсаулық сақтау саласының жұмысын жақсартып, облыстың 95 ауруханасы мен 161 емханасына мамандар даярлап беретін медицина институты қызметі өте маңызды [1].

1967 жылы сәуірде Ақтөбе медицина институтының акушерлік және гинекология кафедрасында С.П. Самодуров «Сократительная функция матки при слабости родовой деятельности» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады [2].

Биохимия кафедрасында ғылыми жұмыс екі мәселе бойынша жүргізілді: И.А.Будгановтың «Гидроминеральные ресурсы Западного Казахстана и некоторые вопросы биологического действия Челкарской минеральной воды на желчообразовательную и желчевыделительную функций печени» тақырыбы бойынша «Изучение курортных факторов» мәселесі, В.В.Якушин «Влияние Челкарской минеральной воды на секреторную и всасывательную функций тонкого кишечника», В.С.Рзаева «Влияние хромовой интаксикации на интесивность окислительно-восстановительных процессов тканей желудочно-кичешного тракта». В.Г.Рафикова: «Влияние хромовой интаксикации на интесивность окислительно-восстановительных процессов тканей печени», Л.И.Войтович «Влияние хромовой интаксикации на интесивность окислительно-восстановительных процессов тканей почек».

Гистология кафедрасында кафедра меңгерушісі Г.В.Овсянников «Онтофилогенездегі бөтен денелердің алып жасушалары» тақырыбын да 1966-1970 жылдардың аралығында зерттеулер жүргізді. Сүтқоректілерде (ақ егеуқұйрықтарда) алып жасушалардың үш типі белгіленген, олардың генезі құрамында гликоген және липид ДНК және РНК-сы бар сапалы сипатты көрсетеді. Қабынудың әр түрлі деңгейлерінде алып жасушалардағы энергетикалық заттардың құрамының айырмашылықтары анықталды [3].

Осы жылдары доцент Г.В.Овсянниковтың ғылыми жетекшілігімен ассистент Е.В.Соседова «Кейбір тітіркендіргіштерді енгізу кезінде асқазанның эпителий ұлпасын салыстырмалы-гистологиялық зерттеу» тақырыбында ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізді.

Амфибия, рептилия және сүтқоректілердің асқазанының құрылымын зерттеу жұмыстары олардың сілекейлі қабыршақтарының бірдей екендігін көрсетті. Асқазанның сілекейлі қабыршағының құрылымының айырмашылықтары әр түрлі жасуша құрамымен анықталады. Амфибияда асқазанының сілекейлі қабыршағында маусымдық өзгерістерге байланысты секреторлы жасушалары пайда болу фактілері тіркелген.

Келесі ғылыми жұмысты ассистент А.И.Корват «Қалқанша тіласты сіңірінің жас ерекшелік өзгерістері» тақырыбында жүргізді. Алынған мәліметтерден бала дүниеге келгеннен кейін сіңір көлемі ұлғаятыны анықталды. Икемді талшықтардың саны сіңірдің басқа құрылымдарынан асып түседі. Талшықтың қалыңдығы мен ұзындығы ұлғаяды, бір-бірімен қабаттасып бірігіп кетеді. Баланың алғашқы жылдарында сіңірде полисахаридтер саны көбейіп, оның ішінде олар икемді талшықтардың топтанған жерлеріне жиналады деген тұжырым жасалды.

Балалар аурулары кафедрасы меңгерушісі доцент А.Ф.Дьяченко «Никель және хроммен байытылған биогеохимиялық ауылдарда тұратын балалардағы мыс, никель, хром құрамы және балансы» тақырыбында, ассистент А.С.Тихонова «Уланған жағдайда антибиотиктарды қанға тамырмен енгізу арқылы емдеу тиімділігі» тақырыбында зерттеулерін аяқтады.

Қалыпты анатомия кафедрасының ассистенті А.М.Гизатулина «Морфология сосудов сердца экспериментальных животных при различных функциональных состояниях» тақырыбындағы кандидаттық диссертацияларына материал жинақтады.

Нейорганикалық химия кафедрасының доценті Н.А.Кимахин «Қазақ КСР Ақтөбе облысының топырақта, суда, азық-түлікте микроэлементтердің құрамы және таралуы» тақырыбын зерттеді. Осы кафедраның аға оқытушысы Х.С.Сдықов «Ақтөбе облысының топырақтағы, судағы, азық-түліктегі марганецтің құрамы» тақырыбын, ассистент Р.А.Немальцева «Ақтөбе облысының топырақтағы, ауыз судағы, өсімдіктердегі, азық-түліктегі хромның құрамы» тақырыптарын зерттеді [4].

Химиктермен медицина қызметкерлері тығыз байланысты болды. Полимерден жасанды қабырғалар, буындар және сіңірлер жасады. Акрилаттан көз жанарын фторопластан шеміршек және сүйек білектерін дайындады. Жұқа пластмассалық пленкалар дабыл жарғағын алмастырады және естуді қалпына келтіреді, пластмасса түтігі өңешті ауыстыра алады. Пластмассадан жасалған жүректің қан тетігі протезі жан-жақты тексерістен өтті. Химиялық заттар қанды алмастырушы болып табылады.

Биология, генетика, микробиология саласындағы ғалымдар ірі жетістіктерге жетті. Ветеринарлық терапия саласында зерттеулерін сәттілікпен жүргізген Дымко Ефрем Фомич, оның негізгі ғылыми еңбектері ауылшаруашылық малдарының ішкі жұқпалы емес ауруларын емдеу және алын алуға, биостимулятор, микроэлементтерді және ультродыбысты мал шаруашылығында пайдалануға бағытталды. Гельминтология саласында биология ғылымдарының докторы, паразитолог Егізбаева Хадиша Елеусінқызы сәтті жұмыс істеді. Ол құстардың гельминтінің өмірлік циклі, суда жүзетін құстардың гименомпидозамен күрес әдістері өңделіп зерттелді.

«Лысенковщинаның» нағыз қызған кезде С.Н.Боевтың ғылыми қызметі басталды. Негізгі ғылыми еңбектері гельмиттердің жүйесі мен ифорологиясы саласында болды. Р.С.Шульцпен қатар гельминтоздың субклиникалық түсінігі енді. К.И.Серябиннің девастация жайында ғылымы дамыды. Е.И.Павловскийдің аурулардың табиғи ортасы туралы ғылымы толықтырылды. Ветериналық сараманға диктикаулез, қойлардың миының ценурозимен күрес әдістері енді.

Қазақстан су қоймаларын өндірістік сулармен ластанудан қорғау мәселелері гигиенист Дауылбаев Файзы Ахметұлының негізгі тақырыбы болды.

50-жылдары Гурьев облысында медицина ғылымының докторы Ф.Ж.Жұмағалиева дәрігер болып жұмыс істеді. Оның фармокология саласындағы ғылыми еңбектері жетістікке жетті. Ғалым еңбектерінде Бунгенің зизафорадан жасалған дәрі-дәрмегінің миокардия инфарктын емдеуде тиімділігі көрсетілді.

1950 жылы Орал қаласында онкологиялық диспансер онкологиялық кабинет негізінде ұйымдастырылды. Мұнда 1956 жылы қатерлі ісік ауруларын сәулемен емдеу әдісі енгізілді. 1960 жылы жатыр рагын емдеуге радиоактивті кобальт қолданыла бастады. 1961 жылы хирургиялық радиологиялық бөлімдер ашылды. 1986 жылы қатерлі ісіктерді гамма терапиялық тәсілдермен емдеу қолданылды.

Өлкенің ғалым медицина қызметкерлерінің ішінен медицина ғылымының докторы, профессор, Қазақ КСР ғылымының еңбек сіңірген қызметкері Р.Г.Илешованы атап өтуге

болады. 1951-1971 жж. аспирант, ассисент, доцент. 1971 жылдан бастап Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының психиатрия кафедрасының профессоры. Кәрі адамдарда, балаларда және жасөспірімдерде болатын психикалық бұзылу ерекшеліктерін көрсетіп, Қазақстанда психиаторлық қызметтерді құру жөнінде әдістер ұсынды.

Атырау облысында мұнай барлау жұмыстарының өріс алуына және мұнай өндіру, мұнай-химия, әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени, ден,саулық сақтау объектілерінің тапшылығы себепті экологиялық ахуал қиындап, оның адам организміне, тыныс-тіршілігіне кері әсер тигізді.

Облыс аумағында аталған дерттердің жайылуы Атырау қаласында Қазақ онкология және радиология, сондай-ақ Қазақ туберкулез ғылыми зерттеу институттарының бөлімдерін ашуға себепкер болды. 1976 жылы облыста онкология диспансері жанында Қазақ онкология және радиология ғылыми зерттеу институтының асқазан ауруларын зерттейтін бөлімшесі құрылды. Бөлімше меңгерушісі әрі онкология диспансерінің бас дәрігері болып 1976 жылдан 1986 жылға дейін Қ.Ә.Әбисатов жұмыс істеп, бұл емдеу мекемесінің қабырғасында докторлық диссертациясын қорғады, ал С.Нәсіпов пен Р.Сақыпов ғылым кандидаттары болды. 1986-1992 жж. Х.Қалжігітов пен С.Нәсіпов онкология диспансерінің бас дәрігері болып істеді.

1976 жылы облыста бірінші болып, мұнда эндоскопия кабинеті ашылды. Радиоизотоп лабораториясы халыққа қызмет көрсетіп, радиофосфорлық зерттеулер жүргізеді. Диспансердің ғылыми-практикалық қызметінің басты бағыты - өңештің долырып ісіп қабынуын тексеру, науқастың алдын алып оны емдеу. Өңеш ісігі Атырауда ең көп жайылған дерттердің біріне жатады. Айталық, 1973 жылы мұнда әрбір 100 000 адамның 80-і өңеш ісігіне шалдыққан. Ауруханада емдеудің және ұзақ жылдар бойы диспансерлік қадағалаудың арнайы әдістері ойлап табылды. Атқарылған шаралар нәтижесінде өңеш ісігімен ауырғандар саны кеміп, 1991 жылы 100 000 адамға 34,2 адамға азайды.

1973 жылы Атырау қаласында қазақ туберкулез ғылыми зерттеу институтының бөлімі ашылып, ол кейін облыстың туберкулез емдеу диспансерімен бірікті. Бөлім қызметкерлері ұйымдық әдістемелік жұмыстың сапасын көтеруде, туберкулезді емдеудің қазіргі талап деңгейіне лайық жетілдірілген тәсілдерін қолдануда, бұл аурудың ерекшеліктерін зерттеп, танып-білуде айтарлықтай нәтижелерге жетті. Облыстың медицина ғылымын дамытуда Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері Ш.Мұқашевтің атқарған ісі мол [5].

**Әдебиеттер:**


1. М.Тәжібаев. Ақтөбе облысының тарихы. Ақтөбе, 1999.
2. АОММ, 1769-қор, 3-тізім, 323-іс
3. АОММ, 1769-қор, 3-тізім, 326-іс
4. АОММ, 1769-қор, 3-тізім, 467-іс
5. Атырау. Энциклопедия. Алматы, 2000.


**ӘОЖ 94(574)**

# СЫРЫМ ДАТҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ПАТШАЛЫҚ-ДВОРЯНДЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ КӨРІНІСІ

***Сидахметов С. Е.***
*Қазақстан, Орал қ.*

Қазақ халқының Ресейдің отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық күресі туралы жинақталған тарихи мәліметтер XIX ғ. басы - XX ғ.ғ. орыс әдебиеті шығармаларынан көрініс тапты.

XIX ғ. бірінші жартысында, шығыстану ғылым және саяси бағыт ретінде қалыптаса бастаған кезеңде Қазақстанды белсенді түрде зерттеу әскери ведомоствіде жүргізіле бастады. Әскери барлауға қарағанда әскери-ғылыми қызмет зерттеу нысаны ретінде тек Азия халықтарының қарулы күштерін ғана емес, сонымен қатар географиясын, шаруашылығын, этникалық құрамын, ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, дінін және басқа да өмірлік сипаттарын анықтады.

Ресей аумағында әскери қызмет атқарып жүрген немесе далалық жорықтарға қатысқан офицерлердің міндетіне далада болып жатқан жайттарды толыққанды сипаттап жазатын журнал жүргізу енді. Әскери шенділердің хабарламаларында, рапорттарында патша әскерінің

іс-әрекеті, жазалау шараларына ұшыраған қазақ рулары туралы мәліметтер келтірілді. Офицерлер арасында өз басынан кешірген жаңа жайттарды есте қалдыру мақсатында қазақтармен болған кездесулерді күнделік ретінде жазып жүретін әуесқой жандар да аз болмаған.

Жорықтар, елшіліктер және экспедициялардың басшылары мен қатысушыларының хабарламалары, шенеуніктер мен әскери қызметкерлердің күнделіктік жазбалары орыс қоғамын Қазақстан және Орта Азия туралы хабарландыратын бірден-бір құрал саналды.

1783-1797 ж.ж. Кіші жүз қазақтарының қарулы күресі туралы мәліметтер келтірілген ең алғашқы еңбек А. И. Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларын сипаттау» (1996 жылы қайта басылып шықты) [1] еңбегі болды. 1820-1822 ж.ж. Орынбор шекаралық комиссиясының шенеунігі бола жүріп А. И. Левшин қарым-қатынастардың замандасы саналады және өз жұмысында қазіргі кезде біз қол жеткізе алмайтын сол заманның құжаттарын келтірген. Оның зерттеу жұмысының тарихи хабарларға арналған екінші бөлімі ерекше қызығушылық тудырады. Автор өз жұмысында сол кездегі Ресейде Қазақстан туралы мәлім болған жайттар туралы тарихи мәліметтерді жинақтаған. Ресми үкіметтік құжаттар және Кіші жүзге сапары барысында құрастырылған өз бақылаулары негізінде ол XVIII ғ. басы-XIX ғ. аралығындағы оқиғаларды барынша кең суреттеген. А. И. Левшин XVIII ғ. кезінде Қазақстан мен Ресей арасында қалыптасқан қарым-қатынасқа орыс шенеунігі көзімен қарады. Қазақтардың орыс желісіне көптеген шабуылдардың себебін «қызғаншақтық пен арам ой кесірінен туындаған тонаулар» [1, 140 б] деп көрсетті. Дегенмен, автордың көрсетуінше, «Сырым батыр мен ол жетекшілік еткен отрядтың батыл ерліктері бұл санатқа жатпайды» [1, 141 б]. Автордың ойынша, жүз ішінде тыныштық кетуінің себебін «сұлтандардың және халықтың бір бөлігінің өздеріне хан талап етуінен» деп көрсетті. Ал Сырымға келер болсақ, «тек жеке басқа қатысты даулар үшін ғана емес, сондай-ақ оның туғандарының артықшылығы мен қызғаныш салдарынан ханның бітіспес жауы бола жүріп, батыр хандық биліктің пайдаға жарамсыздығын танытуға барын салды» [1, 142 б]. А. И. Левшин Сырым және Нұралы хан мен оның жақтастары арасындағы күрестен әлеуметтік, саяси себептер көрмеді және бұл қарама-қайшылықты көреалмаушылық деп санады. Осылайша, аталмыш жұмыста Кіші жүздегі толқыныстардың себептері туралы ресми көзқарас келтірілді, бұл өз кезегінде қарулы қақтығыстарды қазақ қоғамы ішіндегі қайшылықтар мен оның басшыларының жеке пайдасы арасындағы жағдайлар салдарынан деп түсіндіру дәстүріне жол ашты. А. И. Левшин көтерілістің мейлінше ең белсенді кезеңін анықтады: 1783-1785 және 1792-1797 ж.ж. Ол «жыртқыштар тобыры» 3 мың адамнан тұрды және олар 1783 ж. Танальский бекінісіне, сонымен қатар көмекке жіберілген отрядқа да жойқын күш көрсетті деп жазады. Орал үстінен өткен қарулы қазақтар тобы үзіліссіз қарулы шабуылдар ұйымдастырып, шекаралық аймақта орналасқан тұрғындардың далалық жұмыстармен айналысуына мүмкіндік бермеді [1, 141 б]. Автордың анықтауы бойынша, екінші кезең көтерілісшілердің ұйымдасқан іс-әрекеттері арқылы қаталдығымен ерекшеленді. Автор қозғалыстың өтуі туралы бірқатар маңызды мәліметтерді келтіріп кеткен. Осылайша, 1791 ж. Сырым батыр Ембі сағасының тұсында көптеген адам қатысқан халықтық жиналыс өткізді. 1792 ж. батыр сол жылдары өлкені басқарған Уфа наместниктік басқарушысына Ресейге соғыс жариялау туралы хат жолдаған. Қазақ отрядтары Илецк қаласына, Калмыков бекінісіне шабуыл жасады [1, 144 б].

Басты артықшылығы нақты мәліметтер келтіру болып саналатын аталмыш жұмыста, қозғалыс сипаты жан-жақты суреттелген. А. И. Левшин патша үкіметі билікке бекіткен Есім ханға (1795-1797 ж.ж.) қазақтардың ультиматум формасында талап қойып, «оның өз алдына еркін хан болып, Ресей билігін мойындаудан бас тартуын және сол себепті Сырдария өңіріндегі алыс қиырға көшуін» талап еткен. 1797 ж. Ресей басшылығынан тәуелсіз болу туралы халық талабын орындамаған Есім ханды С. Датұлы өлтіреді. Хан тағына Айшуақ сұлтан отырған соң қазақтар жаппай көше бастады: «Үнемі Орал маңына көшіп-қонып жүрген қырғыздардың көпшілігі дала қиырына қоныс аударып, Әбілхайыр хан ұрпағына бағынудан бас тартты». Патша шенеунігі бұл жайттарды «Әбілхайыр хан үрім-бұтағына мұрагерлік жауласу» деп таныды.

Көтерілісті басып-жаныштау бойынша патша билігінің әрекеттерінен автор «өлімге апарып соғатын өзара алауыздықтың алдын алуды мақсат еткен биліктің қамқорлығын» көрді. Зерттеу жұмысында далада орын алған толқуларды жариялаудағы саяси бағыт айқын көрінеді, оның басты мақсаты – патшалықтың отарлау саясатын жақтап шығу.

Қазақтардың күрес тәсілі туралы мәліметтермен қатар біз революцияға дейінгі авторлардың еңбектерінде басып-жаныштау әдістері мен Қазақстанда және Орта Азияда

ресейлік әскери-отарлау өктемдігінің қанат жаюы туралы мәліметтерді таба аламыз. Осылайша, А. Левшин Сырым батыр Датұлы бастаған көтерілісті басу үшін, патша үкіметі қолданған жазалау шаралары өзін-өзі ақтады деп санайды және бұл әрекетті даладағы «жайлылықты» сақтауға бағытталған оң қадам деп түсіндіреді. Өкінішке орай, революцияға дейінгі ресейлік зерттеушілердің бұдан кейінгі де көпшілігі Сырым Датұлының отаршылдыққа қарсы көтерілісі туралы сөз болғанда А. И. Левшиннің тарихи мәліметтерін қайталап, тар шеңберден әрі аса алмады. Дәстүрлі билік зиялыларының бірқатар бөлігінің топтары отарлаушы билік тарапын жақтағанын есепке алсақ, В. Левшиннің зерттеулерінен Сырым Датұлы бастаған отарлық саясатқа қарсы күресінің қазақ халқының тәуелсіздігін сақтауды, ел мұратын, ұрпақ болашағын ойлағанын анық ұғына аламыз.

Ұлт-азаттық қозғалыс түрлерін анықтау кезінде олардың идеялық бағытын анықтап алу зор маңызға ие. Бұл тапсырмаға кірісе отырып, революцияға дейінгі зерттеушілер күрес мақсаты туралы аздаған ескертпелерді атап өтумен ғана шектеліп, бұл аспектіге баса мән бермегенін ұмытпаған жөн.

Мысалы, А. Левшиннің ойынша, Сырым бастаған көтерілістің мақсаты мынадай: батыр барын салып «хандық биліктің түкке тұрғысыздығын дәлелдеп, атақты ата-бабаларының кемшілігінің орнын өз ерліктері арқылы толтырғысы келген» [1, 264 б]. Яғни, оның ойынша, көтеріліс жүз ішіндегі билікке ие болу мақсатымен ұйымдастырылды. Мұндай жағдай көптеген ғалымдардың Сырым батырдың хансыз ел басқаруға талпынысы туралы ойларын ақтайтыны анық. Көтерілістің негізгі мақсаты қазақ көшпелілерін отарлауға әскери тәсілмен қарсы тұру ғана емес, сонымен қатар хандық билікті қазақ қоғамының саяси және аймақтық бүтіндігін қамтамасыз етуге кепіл бола алатын тиімдісіне алмастыру болды. Мұндай ұйғарымға келуге тағы бір себеп – А. Левшиннің Сырым Датұлы бастаған қазақтар көтерілісін «тонау» т.б. мақсаттағы әрекеттер қатарына жатқызбауы.

XIX ғ. ортасында патшалықтың отарлау саясатының күшеюіне орай әскери министрлік кең көлемді жұмыс – Ресей империясының географиясы мен статистикасы үшін материалдар жинақтауды бастады. Ресей ішкі саясатының тапсырмалары ендігі кезекте қазақ далаларына жалпы тарихи және этнографиялық шолу жасауды ғана емес, қазақтар өмірінің жеке тұстарын – шаруашылық, әлеуметтік, құқықтық жағдайларды толық жариялауды талап етті. Осыған орай Қазақстан туралы Бас штаб офицерлері Л. Мейердің «Киргизская степь Оренбургского ведомоства» (1865), М. Красовскийдің «Область Сибирских киргизов» (1868), И. Завалишиннің «Сибирско-Киргизская степь» (1867) атты еңбектері жарық көрді. Бұл жұмыстарда әскери-статистикалық мәліметтермен қатар қазақтардың XVIII ғ. соңы-XIX ғ. алғашқы жартысындағы қарулы көтерілістері туралы үзік-үзік мәліметтер келтірілді.

Жұмыстың қысқаша тарихи шолуында Л. Мейер бұл оқиғалар туралы баяндауды Қазақстанды жаулап алу кезеңімен тығыз байланыста көрсетеді. Алғашқы кезең ретінде Әбілхайыр ханның орыс бодандығын қабылдауынан бастап соңғы хан сайланғанға дейінгі кезең аралығы белгіленді: 1730-1812 ж.ж., екінші кезең – 1812 ж. бастап 1845 ж. далада алғашқы орыс бекіністері салына бастағанға дейін; үшінші кезең – 1865 ж. дейін [2, 16 б]. Кезеңдерді анықтау арқылы Л. Мейер жаулау – қазақтардың бостандық жолындағы күресінің өзара байланысын және кері әсерін көрсетті. Бірінші кезең көтерілісі – С. Датұлы жетекшілік еткен көтерілістер туралы «көңіл толмаушылықтың себептері ханның халық таңдауы арқылы емес, үкімет нсұқауы бойынша сайлануы болды» деген пікір айтты. Нұралы ханға көңілі толмаған халық басқа хан билік жүргізгенін қалады [2, 21 б]. Л. Мейердің пікірі Л. Левшиннің бағалауынан өзгеше болып шықты.

Қазақстанды отарлау кезеңіндегі тарихи оқиғаларды әсерлеп баяндау арқылы Л. Мейердің жұмысында Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық қозғалыстарымен байланысты ақшаға қатысты мәліметтер де келтірілген. Өйткені, дәл осы жаңа салық саясатының қабылданбауы қазақтар арасында наразылық туындауына себеп болды.

Сырым Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық соғысы айрықша жағдайда құлаш жайды. Бәрімізге мәлім, бұл кезеңде Орынбор аймағындағы отарлау саясатын белсенді жүргізушінің бірі губернатор И. И. Неплюев болды. Ол өз жағына дала билеушілерінің зиялыларын тарта отырып, «бөліп ал да, билей бер» механизмінің арқасында отарлау саясатын өте сәтті жүргізді. Әбілхайыр хан әулетіне баса сенім артылды. Сонымен қатар генерал-губернатор бір мезетте бірқатар мәселені шешіп алды. Ол XVIII ғ. 50-ші жылдары Батыршының жетекшілігімен өткен башқұрт халқының ұлт-азаттық көтерілісін басты. Сондай-ақ осымен қатар И. Неплюев қозғалысқа өзге де түркі халықтарының қосылып кетуін болдырмау үшін ұлтаралық қақтығыстар

тудырып отырды. Татар мырзаларына соғысты басу мен тонауға қатысу ұсынылды, ал кейін башқұрттар қуғыннан қашып, Кіші жүз қазақтарының көшіп-қонатын аймағына өткен кезде Нұралы мен оның айналасындағылар тағы сол И.И. Неплюевтің кеңесі бойынша қуғынға салып, башқұрттарды қолға түсіріп, ресейлік әкімшілікке тапсырып отырды. Бұл оқиғалар бірнеше жыл қатарынан екі ұлт арасындағы қарым-қатынасқа салқынын тигізді. Дәл осыған ұқсас жағдай 1771 ж. қалмақтардың ханы Ұбашы Жоңғарияға көшу туралы шешім қабылдаған кезде де орын алды. Хандық биліктің қалмақтарға қатысты өз мақсаты болатын, атап айтар болсақ, олар Ұбашы ханнан Түркиямен арадағы соғысқа аттандыру мақсатында әскерінің белгілі бір бөлігін талап етті [3, 274 б]. Сол себепті көшу туралы сыбысты естіген Орынбор әкімшілігі қуғындауға ұшыратып, бұл мақсатқа Нұралы ханның отрядын қолданды. Осындай қуғын-сүргін салдарынан Волгадан кеткен қалмақтардың тек тең жартысы ғана қытайлық шекарадан аман-есен өтті. 1784 ж. қыркүйекте Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы болып барон Игельстром тағайындалды. Оның аймаққа келген шағында бұған дейінгі жағдайлар себебінен аймақта өте қиын жағдай қалыптасқан болатын. Ол жоғары әлеуметтік толқыныстардан, губерниялық биліктің казак әскерлерімен арасындағы қарым-қатынасқа байланысты, әсіресе, Е. Пугачев көтерілісі аяқталғаннан кейінгі кезеңдегі шешілмеген мәселелерден көрініс тапты. Ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі – Орал бекіністері желісінің тарапынан көрсетілетін оларға деген қысым мәселесі қиындап тұрды. Дәл осы жағдайлар кесірінен Кіші жүздегі ішкі саяси жағдай ушығып кеткен болатын. Нұралы ханның озбырлығы мен билік ісіне атүсті қарауы нәтижесінде ел ішіндегі қазақтар арасында қалыптасқан әлеуметтік-саяси қиын жағдайды қалпына келтіруді мақсат еткен Сырым батыр секілді ру жанашырлары хандықтың ішкі істерінде қазақтардың саяси жағдайын жақсарту мақсатында белсенді бас көтере бастады. Сырым батыр бастаған 1783-1797 ж.ж. қазақтардың күресін отарлауға қарсы соғыс ретінде түсіндіруге болады, бірақ хандар мен сұлтандардың патша әкімшілігін белсенді қолдауы тез арада шайқас майданын басқа арнаға бұрып жіберіп, ол кейін өзінің дала ақсүйектеріне қарсы бағыт алды. Бұл жайт зерттеушілердің Сырым Датұлы хансыз билеу әдісіне ұмтылды деген пікірін түсіндіреді. [4, 37 б].

Қазақ халқының отарлау саясатына қарсы бастаған соғыстары туралы мәліметтер келтірілген тағы бір зерттеу жұмысы – А. И. Добросмысловтың зерттеулері. Н. Середаның, И. Аничковтың тұжырымдары А.И. Добросмысловтың «Торғай облысы. Тарихи очерк» («Тургайская область. Исторический очерк») (1902) еңбегінен көрініс тапты [5]. «Қырғыз даласы» («Киргизский край») еңбегінің XVIII томында Ресей империясы туралы кең мәліметті зерттеулер келтірілген. Қазақ халқының XIX ғ.-дағы тәуелсіздік жолында бастаған күрестерінің әділдігін атап өткен аталмыш ғылыми жұмысқа Ә. Бөкейханов қатысқан. Торғай облысы туралы мұндай еңбекке қажеттіліктің туындауы сол уақыттағы әскери бұйрықпен негізделді, себебі 1904 жылдан бастап Торғай даласына ресейлік қоныстанушыларды орналастыру жұмыстары белсенді жүргізіле бастады. Жұмыста 1730 жылдан 1894 жылға дейінгі уақыт аралығы қамтылған, онда Қазақстанда қазақ даласында орыс халқының үстемдігін орнатуға бағытталған Ресей империясының барлық отарлау қадамдары туралы баяндалады. Автор патшалықтың отарлау іс-шаралары себебінен қазақтардың отарлауға қарсы бас көтерулері туралы жолай суреттеп өткен. Бұл Н. Добросмысловтың толқулар себебін қазақтарға қатысты үкімет қолданған шаралар деп түсінгендігін көрсетеді. Автордың ойынша, Сырым Датұлының барша әрекеті хандар мен сұлтандарға қарсы бағытталды, сонымен қатар «ұрлық пен дөрекіліктердің» артуына жол ашты.

Түйіндеп айтар болсақ, қазақ халқының тәуелсіздікке қол жеткізіп, өткенімізді еркін саралай бастағанымызға да көп бола қойған жоқ. Соған қарамастан көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар, ғалымдарымыз ұлттық тарихымызға ерекше ден қойды. Алдымен Ресей империясы, кейіннен Кеңестер Одағы тұсында да тарихымыз қазақы тұрғыдан гөрі көп жағдайда қалыптасқан белгілі жүйеден шығып кете алмады. Соның әсерінен қазақ тарихында көлеңкелі тұстардың болуы заңды еді. Міне, бүгінгі даму, ең бастысы тәуелсіздік өміріміздің қай саласына да сілкініс, толғаныс әкелді. Сол қиын-қыстау кезеңде елі үшін қызмет еткен, еркіндікті, тәуелсіздік пен елдікті мақсат еткен тарихи тұлғаларымызға өз бағасын беру әрбір ұрпақтың міндеті.

**Әдебиеттер:**

1. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – А: Санат, 1996. – 655 с.
2. Мейер А. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб, 1865.-240 с.

3. Лысенко Ю. А. Из истории административных реформ в Младшем жузе (вторая половина XYIII-первая половина XIX вв.) // «Россия, Сибирь и центральная Азия: взаимодействие народов и культур» Бесінші дүниежүзілік ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Барнаул, 2005. –273-281б.
4. Вяткин М. Батыр Срым. - Алматы: Санат, 1998. - 344 б.
5. Добросмыслов А. Тургайская область. Тверь, 1902.

**ӘОЖ 94(574)**

# ПАТША ҮКІМЕТІНЕ ҚАРСЫ БАШҚҰРТ КӨТЕРІЛІСТЕРІНДЕГІ КІШІ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫ

***Сагидуллаев Д.З.***
*Қазақстан, Орал қ.*

Қазақ хандығы құрылғалы, Дешті Қыпшақ даласында ежелден көшіп жүрген ру-тайпалардың бір ту астына жиналып, қазақ атауына біріккелі бері халқымызға қауіп төндірушілер ешқашанда тиылған еместі. Өткенімізге көз жүгіртсек, сонау Қазақ хандығы ту тіккен кездегі Шайбани Әбілқайыр хандығының, Ойраттардың қазақ жеріне көз алартуынан бастау алатын, кейін Орта Азиялық Бұхар хандығынан XVII-XVIII ғасырлардағы сыртқы жаулардын шапқыншылықтарына ұласты. Міне, Қазақ халқы ата-бабасы аманат еткен осынау даланың бір пұшпақ жерін болсын жау қолына беру ол өліммен тең деп есептеп, қасық қаны қалғанша қорғауды міндет етті. XVIII ғасырдың басы сондай алмағайып кезеңдердін бірі болып, қазақ тағдыры сынға түскен кезеңде қазақ үшін қандайда болсын одақ ауадай қажет еді. Сол кезеңде қазақ үшін одақ болар ел ол башқұрт жұрты болатын, ал сол кезеңдегі екі елдің саяси жағдай бұл одақты қажет етті.

XVIII ғасырдың басында Башқұртстанды басқару жүйесіне шағын өзгерістер енгізілді. Бұл Ресейдегі экономикалық және әлеуметтік алға басумен, өкіметтің ішкі және сыртқы саяси міндеттерімен, сонымен қатар аймақтағы барлық тұрғындардың құрамындағы өзгерістермен және орналастыруларымен байланысты болды. 1700 жылы Петр I жарлығымен Уфа, Мензелинск, Бирск, Заинск, Табынск қалалары уездік басқармадан бөлініп, уездік дуанбасылық билікке бағынышты жеке әкімшілік орындары құрылды. 1708 жылы орыс мемлекетін Петр I 8 губернияға бөлген кезде, Уфа қаласы уездбен қоса Қазан губерниясына қарасты провинция ретінде тіркелді [1, б. 93]. Башқұрт жерлері Қазан губерниясының төрт даруғаға: Қазандық, Осалық, Ноғайлық және Сібірлікке бөлінді. Закамдық шептің қорғанысы Башқұртстанның ішінде орналаса отырып, оны солтүстік (Уса даруғасы) және батыс аудандарының бөлігін (Қазан даруғасының бөлігі) башқұрт тайпаларының қалған қоныстану аймағынан (Қазан даруғасының бөлігі, Ноғай және Сібір даруғалары) бөлді. Қазақтардың Кіші және Орта жүз қоныстарымен башқұрттардың Оңтүстік Орал және соған жақын Батыс Сібір аудандарын қамтыған, Ноғай және Сібір даруғалары тікелей шектесті [2, б. 58].

Сол кезеңге қарай XVII ғасырдың 20-жылдарында Жоңғариядан қазақ даласы арқылы Еділ мен Жайық өзендері аралығына келген (300 мың адамға жуық) қалмақтардың ығыстыруымен қазақтар солтүстікке қарай Оңтүстік Орал мен Батыс Сібірде көшіп жүретін Ноғай және Сібір даруға башқұрттарына жақындаған болатын. Кіші жүз бен Орта жүз руларының Ой, Миасс өзендерінің және Жайықтың жоғарғы ағысының бойындағы башқұрттардың Қаратабын руымен; Жайық өзенінің жоғарғы және төменгі ағысының бүкіл алабы бойындағы орналасқан – башқұрттардың Табын, Құбақан, Тама, Қарағай-қыпшақ, Бөржан, Қарақыпшақ, Өсерген және басқа да кейбір руларымен өзара байланыстары мейлінше тығыз да, тұрақты болды. XVII ғасырдың бірінші жартысы мен аяғында, қазақтар мен еділ қалмақтары арасында мейлінше шиеленіскен қақтығыстар болған кезде, Кіші жүз қазақтарының рулық топтарының бір бөлігі Ой-Миасс өзендері аралығындағы және Жайықтың оң жағалауындағы башқұрттар жеріне орналасты немесе онда ұзақ уақыт бойы тұрды. Ол кезеңде башқұрт-қазақ байланыстарының кең тараған нысандары қыз алысып-берісу, ортақ жайылымдарға көшіп бару, башқұрт және қазақ жігіттерінің арасында күрес, ат жарыс, садақ ату жөніндегі жарыстарды бірлесіп мерекелеу болатын. Екі халық арасындағы әртүрлі

ағайындық, дархан көңіл байланыстар қытымыр жауласуларға да ұштасып кетіп жатты. Оның негізгі себептеріне – жақсы жайылымдарды рулардың иеленуі, барымта, қыз ұрлау, қазақ-башқұрт билеушілерінің теке-тіресі, жеке бәсекелестігі және басқалары жатты. Дегенмен де, башқұрт тайпаларымен бақталас-бәсекелестік қимылдары Еділ қалмақтарымен салыстырғанда анағұрлым жеңіл еді. Этнолог мамандардың Башқұртстан жерінің көпшілік бөлігінде «қазақ» этнонимінің кең таралғаны фактісін анықтауы XVIII ғасырдың алғашқы үштен бір ширегінде қазақ-башқұрт өзара ықпалы ауқымының өте елеулі болғанын айқын көрсетеді [2, б. 60].

Патша билігінің, көптеген жылдар бойына тәжіребедегі, империяның оңтүстік-шығыс шеттерін әскери және аграрлы-өндірістік отарлау, башқұрт қоныстарын қазақ жүздеріне, оңтүстік-шығысқа ығыстыру, салықтық қанаудың және жергілікті тұрғындарды христиандандыру саясатының күшеюінің нәтижесінде XVIII ғасырдың басында башқұрт жерлеріндегі ішкі саяси жағдай қатты өршіді. Башқұрттардың кең әлеуметтік тобының Қазан және Тобылдағы жергілікті әкімшіліктің өз еркімен жасаған әрекеттіріне наразылықтарының күшеюі 1704-1711 жылдары ресей самодержавиясының отаршылық саясатына қарсы башқұрттардың жаңа қарулы көтерілісіне алып келді. Тарихқа бұл көтеріліс басты және ең беделді башқұрт көтерілісшілерінің басшысы – Ноғай даруғасы Бөржан руының старшыны, белгілі батыр және тархан Алдар Исянгельдиннің есімімен «Алдар» атауымен қалды [2, б. 101].

Архивтік деректерде, 1707-1708 жылдары қазақтар мен қарақалпақтардың ханы болған Күшіктің баласы Мұраттың көтеріліске қатысқаны туралы мәлімет табуға болады. Мұрат қалмақ ханының иелігінде болғанда оған башқұрттар келіп, патша кірмелеріне қарсы көтерілісті басқарып, башқұрт сұлтаны болуға ұсыныс жасаған. Олардың шақыруымен Мұрат Жайыққа башқұрттарға келеді. Башқұрттың «ең жақын адамдары» оны сұлтан деп жариялап, «Қырым ханының иелігіне Қырымға баруға» кеңес береді, «ал қалған көпшілік бөлігі ... барғысы келмеді», «күйреуден» қорықты. Мұрат башқұттардың 2000 адамынан құрылған тобын басқарып, жайық қазағы Төлембеттің шақыруымен қалмақ билеушісіне қарсы соғысқа аттануға шешім қабылдады. Көп ұзамай оларды уфалықтар мен татарлардың 800 атты жасағы қуып жетіп, олардың қалмақтарға қарсы жорыққа шыққандығын білген соң, Уфаға «қайтып кетеді». Бірақ Жайықтағылар қалмақтарға қарсы шыққысы келмеді. Башқұрттар өздері баруға бата алмады [1, б. 99].

Башқұрт ғалымы И.Г. Акманов өз еңбектерінде қазақтар мен қарақалпақтар жасақтарының 1708-1709 жылдардағы «Алдар» көтерілісіне қатысқанына назар аударады. 1708 жылдың тамыз айының соңы мен қазан айының басында башқұрттар қазақтармен және қарақалпақтармен келіссөз жүргізеді. Айта кету керек, XVII-XVIII ғғ. аралығында қарақалпақтар қазақ ханы Тәукенің бодандығын қабылдап, Сырдарияның ортаңғы және төменгі ағысына шектес территорияны иемденген. Қыркүйекте Уфа дуанбасы Қазанға құпия хабар жіберіп: «... қарақалпақ ханы Тәукеден башқұрт ұрыларына, алдымен Алдар ұрыға, башқұрттардың орыстармен арада не болғанын білуге өкілдер келді, ал басқалары Уфада ұрлыққа бірігуге келгендігін» хабарлайды. 1708 жылы Тәуке хан қазақтар мен қарақалпақтардың жасақтарын басқарып Қазанға барады. Осы кезеңде Қажы, Сұлтанғазы, Сұлтанмұрат, Ибрагим Көшекұлы сұлтандар да Башқұртстанның саяси өміріне араласады. Ал Тәуке хан мен Қайып ханның Жайық сыртына қандай мақсатпен келгені әлі белгісіз [1, б. 101].

Қысқа уақыт бойы еділ қалмақтары ханының ұлысында болып, кейін белгісіз жағдайда Төменгі Еділ бойын тастап, өзінің туыстарына Сырдария маңына, Қарақұм даласына Әбілқайыр қайта оралған кезде қазақ жүздерінің шекарасанда Жоңғар хандығымен жағдайдың ушыққан кезі болатын. 1708 – 1709 жылдың басында ойраттардың Оңтүстік Қазақстан территориясына басып кіруімен байланысты қазақтар сан мәрте басқыншыларға қарсы қан жоса соғыстарға баруға мәжбүр болды. Міне, сол уақытта жас Әбілқайыр қолбасшылық таланттын, жеке батылдығы мен қайсарлығын көрсете білді.

Әбілқайырдың жоңғарларға қарсы соғыстағы көрсеткен батырлықтары, жазғы жайылымдары Кіші жүзбен тікелей шектескен, белгілі башқұрт тархандары мен батырларының көңілін өзіне аудартты. Жас дала қолбасшы-батырдың шыңғыс тұқымынан екендігін және өте күшті жауынгерлік қасиеттерін ескерген, башқұрт көтерілісінің басшылары, тархан Алдар Исянгельдин мен оның жақын серіктері өздерінің Еділ-Орал аймағындағы патша әкімшілігімен соғыста ержүрек қазақ сұлтанының көмегіне жүгінбекші болып, ресми Ресейге қатысты өздері жариялаған башқұрт жерлерінің егемендік мәртебесінің легитимді монархиялық белгісі рөліне ене отырып, көтерілген башқұрттарға көмек көрсетуін ұсынды. Сондықтан 1709 жылы ойраттардың кезекті шабуылын тойтарған Әбілқайыр Алдардың шақыруымен Солтүстік Арал

маңынан, Оңтүістік Оралдағы ресей билігіне қарсы жергілікті башқұттардың жаңа көтерілісі от алған, Шығыс Башқұртстанға көшеді (2, б. 100).

Көтеріліске шыққан башқұрттардың күресі 1708-1710 жылдарда шырқау шегіне жетті, бұл кезде орыстың өкімет орындарына қарулы қарсылық көрсету Башқұртстанның еуропалық бөлігін ғана емес, сонымен қатар Оралдың сыртқы аймағын да қамтыды. Қазақтардың әскери жасақтарының және олармен одақтас қарақалпақтардың башқұрт көтерілістерінің алғашқы азын-аулақ дәлелдері халық қозғалысының нақ осы кезеңіне жатады. Мәселен, 1708 жылы 13 маусымда Жайық қалашығынан Уфаға қайтып келген қалмақ Загалдай жергілікті жүзбасы және воевод И. Бахметовке өзіне жол бойында кездескен «бүлікшілердің» айтуына қарғанда, олардың «қазақтар мен қарақалпақтар арасында келісім бар» екендігін және солармен «бірге» қимыл жасағалы жатқандығын хабарлады. Башқұрт көтерілісшілерін қазақтардың қолдауы туралы одан нақты мәліметтерді 1709 жылдың мамырында сібір шаруасы Федор Баландин әкелген, сол кезде ол тобыл шенеуніктеріне Бардск болысының жекелеген башқұрттардының «оларға қазақ ордасынан саны көп күш келгенін» мойындағанын баяндаған. Шамамен алғанда сол кезде көтерілісшілердің тұтқынында болған орыс шаруаларының башқұрттар бір-бірімен әңгімелескенінде «...өздерімен қарақалпақтар, қазақтар және Ноғай даруғасындағы барлық башқұрттар бірге екендігі» туралы айтқандарын естігенін хабарлаған. Екі ай өткен соң Уфа дворяны Федор Толбузин өзінің көтеріліс жасаған башқұрттарға жорық туралы «кіріс-шығыс тізімінде» екі башқұрт тұтқынның хабарлауына сүйене отырып, бұл ақпаратты нақтылай түскен, ал тұтқындардың айтуынша, «соғысу үшін башқұрттарға қазақ ордасынан 3000 адам, қарақалпақтардан 100 адам, қаратабындардан 250 адам барған». Сонымен, дәйексөз келтірілген құжаттан башқұрттардың көтерілісі негізінен алғанда Ноғай және Сібір жолдарындағы қазақ қоныстарына көрші жерлерде өріс алған жылдарда башқұрт көтерілісшілеріне қазақтар мен қарақалпақтардың біріккен күштері қосылып, бір жыл бойы башқұрт даласында қимыл жасағаны көрінеді [2, б. 101]. Көтерілісті басуға және башқұрттардың басшысын ұстауға Уфадан Петр Хохлов бастаған 900 адамнан құралған жасақ жіберілсе, ал Қазаннан көмекке Сидор Аристов бастаған 770 адамдық атты әскер мен полковник Рыдарь өзінің әскери жасақтарымен аттанады [3, б. 61].

Башқұрттар көтерілісінің соңғы кезеңі қазақ қолының жоңғар басқыншыларына қарсы жиналу кезеңімен сай келуіне байланысты Әбілқайыр бірріккен әскерінің 1709 жылдың күзінде Арал маңы мен Қарақұмға қайта оралып, Қарақұмдағы 1710 жылғы жиынға қатысқан болатын, сол себепті башқұрт көтерілістеріне қатынасу тоқтаған болатын.

Қазақтардың осы кезеңде болған башқұрт көтерілістеріне қатынасуы қазақ хандарының осыған дейінгі елді қорғау соғыстарын жүргізудің өзгеше әдісі деп есептесекте болады, өйткені жасалған әрекеттерден хандардың дәл сол уақыттағы жағдай үшін емес, болашақ үшін саяси ойындарға араласуының көрінісі еді.

**Әдебиеттер:**

1. Г.Б. Ізбасарова «XVIII ғ. қазақ-башқұрт ара қатынастарындағы саяси және этникалық үрдістер. – Ақтөбе: ПринтА, 2008 ж., – 232 б.
2. И. Ерофеева «Хан Абулхайр; полководец, правитель и политик». Научное издание. – Алматы, «Санат», 1999 – 336 б.
3. Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Проф. С.Д. Асфендияровтың ред., – 2-ші басылым, – Алматы: Қазақстан, 1998. 2 жинақ. – 350 б.

ӘОЖ 94(574)

# БИЖАН ЖАНҚАДАМОВ - АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕРІ

***Дауесова А.Ж.***
*Қазақстан, Орал қ.*

XX ғасырдың аяғы-дүние жүзі тарихында зор саяси оқиға кезеңі болып табылады. Өйткені бұл кезеңде ғасырлар бойы келе жатқан азаттық күрес жаңа формаға ие болды. Бұл кезең тарих сахнасына қазақ интеллигенциясының шыға бастағанымен ерекшеленеді. Интеллигенция өкілдері халықтың қолға қару алып көтерілуінен гөрі олардың осы іске жан-жақты дайындалуына, саяси саналығының шыңдалуына көп көңіл бөлді. Бұл кезең алаш қозғалысына тікелей қатысты. Алаш қозғалысы тарихта Алашорда үкіметі, «Алаш партиясы», Алаш автономиясы деген ұғымдармен белгілі болды.

Алаш қозғалысының іске асыруға тырысқан басты мәселесі азаттық пен ұлттық мемлекет құру болды. Алаш зиялы қауым өкілерінің ортақ мәселесі отарлық езгі жағдайында ұлттық мүддені қолдап, қазақ елінің әлемге танымал ел болып, өзге дамыған елдермен терезесі тең болып дамуының көрсеткіші еді. Сол жылдары осы міндеттерді атқару үшін елеулі еңбек сіңірген, шоқтығы биік, біртуар, бірегей тұлға, Батыс Алашорданың белгілі қайраткері Бижан Жанқадамов туралы атап өткен жөн. Ол Кеңес дәуірінде өз жұртына аянбай еңбек еткен қоғам қайраткері.

Бижан Жаңқадамовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі қиыншылықтар мен қайшылықтарға толы тарихи драма іспеттес.

Ол - қазақ халқының алғашқы жоғары білімді мал дәрігерлерінің бірі. 1889 жылы Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Ханкөл ауылында дүниеге келген. 12 ата Байұлына жататын Қызылқұрт руынан шыққан. Әкесі Әбілқас орта шаруалы адам бола тұра, өз балаларының білім алуына қолында бар мүмкіндікті пайдаланған.

Бижанның азан шақырып қойған аты негізінен Бижанғали болған. Әкесі баласын еркелетіп Бижан атап кеткен. Бижан шамамен 1906-1912 жылдары болыстық, орыс-қазақ училищесін, Орал реальдық әскери училищесін бітіреді. 1913-1917 жылдар аралығында Қазан ветеринарлық университетінде оқыған. Осы жерде айта кетерлік жайт, 2002 жылы «Арыс» баспасынан шыққан «Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы» 244 бетінде Бижан Жаңқадамовтың білім алу жолы жөнінде «1913 ж. Қазан малдәрігерлік институтына оқуға түскенімен, онда 3 жыл (2 курс) ғана оқып, бітіре алмағандығы, 1915 ж. қаражат жоқтығынан оқуын үзіп алғандығы жөнінде курстасы Мұқаш Боштаев «Қазақ» газетіне жазды» - делінген [1]. Алайда Қазан ветеринарлық институтын оқып жүрген Бижан Жанқадамовтың оқудан уақытша қол үзу себебін мына архив дерегінен байқауға болады. 1916 ж. Орал облыс губернаторының сұранысы бойынша Оқу ағарту министірінің 25.08.1916 жылы № 9092 санды хаттамасы негізінде оқуын соғыс біткен соң жалғастыру құқымен уақытша үзіліс берілген. Архив құжаттары бойынша «1916 жылы 25 маусым заңы бойынша Орал облысы Әскери Губернаторы қызметін атқарушы Қазан ветеринар институтының студенті Бижанғали Жанқадамовты соғыстың аяқталуына және жұмысшы шаруалар қатарынан шығарылуына байланысты, осы институтты қайта бітіріп шығуына Министірлікке өтініш береді. Министірлік көрсетілген себептерге байланысты аталған студентті оқуға қабылдау жөнінде шешім шығарады» [2].

Бижан Қазан қаласындағы оқуын бітірер қарсаңында әкесі Әбілқас Сегізсай жағындағы табын руының бір азаматымен құда болысып, ертеректе айттырып қойған қалыңдығы Бибі деген қызға қосылады. Одан төрт баласы болады. Сондай ақ оның екінші әйелі болған. Көрші ауылдағы байдың қызы Алуашты ұнатып жүргенін бәйбішесі Бибіге айтып, Бибі қарсылық танытпай Алуашты сыйлап қарсы алып, өле-өлгенше апалы-сіңілідей тату болып ғұмыр кешкен. Қазіргі таңда өз кіндігінен тараған ұл-қыздарынан өрген немере, шөберелері, жиендері баршылық. Бәрі де Ақ Жайық өңірінде еңбек етіп, Бижан әулетінің қадір-қасиетін жоғары ұстап жүр.

Бижан Жанқадамов 1916 жылы К.Жәленов, М.Балтанов, М.Баймұхаметовтермен бірге қазақтың майдандағы тыл жұмысына адам алуды тоқтату жөніндегі Жайық сырты қазақтары делегациясы құрамында Петроградқа барады. Сондай ақ ол сол жылы қазан айында Қазанда

оқитын бір топ қазақ студенттерімен майдандағы тыл жұмысына алынғандарға, олардың отбасыларына көмектесу жөнінде «Қазақ» газетіне хат жолдағандардың бірі.

Қоғамдық-саяси саладағы күрестерге толы осы бір аумалы-төкпелі қиын кезеңде «Қазақ» газетінің ұйымдастыру-насихат жұмыстарының маңызы қомақты болды. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 1 сәуір күнгі 224 санына «Жолсыз әуре қылмаңдар» деген мақала жазады. Бұл мақаласында тыл жұмысындағы қазақ жігіттерінің елге уақытша демалысқа жіберуді сұраған өтініш-тілектеріне жауап жазып, бұл мәселені өзінің шеше алмайтынын және оның тәртібін түсіндірді.

1917 жылдың наурыз айында Әлихан Бөкейхановтың шақыруымен құрамында А.Кенжин, Б.Сүлеев, Е.Омаров, Ғ.Бірімжанов, тағы басқа да қазақ оқығандары тобында Батыс майданға келіп, жігіттерді елге жеткізу ісін ұйымдастыруға қатысады.

Қазандағы жоғары оқу орнын бітірген соң Бижан Жанқадамов 1917 жылғы Ақпан революциясы мен Земство сайлауы аралығында саяси қызметке белсене араласады. Ол ең алдымен 1917 жылдың сәуір айының ортасында Орал қаласында өткен Қазақ Орал облыстық I съезінің делегаты болып сайланды.

1917 жылдың күзінде Қазақ облыстық II съезінің шешімімен жүргізілген земство сайлауында С.Омаров, Қ.Отаров, Ғ.Жетпісов тәрізді ел ішіндегі ықпалды адамдардың ұсынуымен Жымпиты уездік земство басқармасы төрағалығына Кәрім Жәленовпен баламалы негізде сайлауға түседі. Басым дауыспен Бижан Жанқадамов төраға болып сайланады. Осынау саяси науқанда Жымпиты земство төрағасы болып сайлануында атақты батыр, әрі шешен Сырым Датұлының шөбересі Салық Омаров өзіндік үлес қосты [3].

Бижан Жанқадамов земство жүйесін бірден-бір жергілікті билік органы деп біліп, оның демократиялық негізде жұмыс істеп, халық шаруашылығы міндеттерін толықтай атқаруына күш жұмсады. Ойыл облысында үкімет пен земство билігінің қосарланбай, екі билік органының ара-жігі дәл ажыратылуын жақтаған. Осындай тура мінезінің арқасында елдің ықыласына бөленіп, аз уақыт ішінде Ойыл облыстық басшылары санатына енеді.

Ақпан төңкерісінен кейін басталған қазақ қауымына тән қоғамдық-саяси белсенділіктің келесі бір және жарқын көрінісі – 1917 жылғы көктем айларында өткен облыстық және уездік дәрежедегі ұлттық немесе қазақ комитеттері жүйесі болды. Олар 1917 жылы негізінен сәуір-мамыр айларында өткен облыстық және уездік қазақ съездерінде құрылды. Атап айтқанда, мұндай съездер сәуір айында Орынборда (Торғай облыстық), Оралда (Орал облыстық), Семейде (Семей облыстық), 27 сәуір – 7 мамыр аралығында Омбыда (Ақмола облыстық), т.б. қалаларда болды.

1917 жылдың 19 сәуірінде Орал қаласындағы цирк үйінде күндізгі сағат 12-де қазақтардың батыс өңіріндегі съезі ашылды. Оған сегізжүзден астам өкіл жиналды. Бижан Әбілқасұлы Жаңқадамов Батыс Қазақстан облыстық қазақ комитетінің съезде сайланған жиырма адам құрамына тоғызыншы реттік санмен кіргені оның көрнекті қызметте жұмыс жасап жүргені, студент кезінен елге танымал болғандығының белгісі еді.

1918 жылы 22-25 тамыз аралығында Комуч пен Уақытша Сібір үкіметі Челябі қаласында өткізген кеңеске М.Шоқай, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедовтермен бірге Ойыл уәлаяты земствосы атынан өкіл болып қатысқан. 26 тамызда делегацияның күш салуымен кеңесте Комуч Алаш үкіметін таныды. Осы жылы 8-11 қыркүйек аралығында Алашорда делегациясы құрамында Уфада өткен мемлекеттік кеңеске қатысады. Желтоқсан айында Жымпиты Алаш гарнизонының бас көтеру тұсында уездік земство ауруханасы үйінде Жаһанша Досмұхамедов және Халел Досмұхаамедовтың, И.Қашқынбаевтың, Балтановтың қатысуымен өткен кеңесте Ойыл облысы бойынша билік тұтқасын уақытша облыстық земство басқармасына беруді қолдайды.

1919 жылы 13 қарашада екінші рет өткізілген земство сайлауынан кейін Батыс Алашорда үкіметінің Ойыл облыстық земство управасы жанындағы комиссары болып тағайындалады. Желтоқсанның басында Қызылқоға маңындағы Миялы жайлауында тұрған Ж.Досмұхамедовтың Жымпиты отрядымен қызылдардың I-Армиясы құрамындағы 3-Татар атқыштар полкі арасында келіссөзге жүрген екі делегаттың бірі болған.

Татар полкінің командирі Х.Мәулидов пен әскери комиссары Ғ.Қасымовқа Батыс Алашорда үкіметінің Қызылқоғада тұрған Елек казак корпусын бірлескен тұтқиыл шабуылмен алу жоспарын жеткізген.

Батыс Алашорда үкіметі таратылған соң, Бижан Жанқадамов өзге үкімет мүшелерімен бірге елден аулақ ұсталды. 1920 жылы Орынборға әкелініп, 1 шілдеден Қазақ әскери-революциялық комитетінің редакциялық коллегиясында аударма комиссиясын басқарады.

Жылдың соңында елге оралып, 1924 жылға дейін Жымпиты уезіне қарасты Қалдығайты, Көкөзек болыстарында әртүрлі кеңес қызметін атқарады. 1930 жылдың басына дейін Тайпақ ауданында мал дәрігері болып жұмыс жасайды. Осы кезеңде ол Мұхит Мерәліұлының зор дауыс шеңберін тілейтін, кең тынысты «Алуаш», «Айнамкөз» әндерін келістіре шырқап, осы өңірде әншілік-серілік дәстүрді ұстанған.

1934 жылы Казталовкіге көшіп келіп, мал дәрігері болып жасап жүргенде бір жылдан соң оны бұл жұмыстан шығарып жібереді. 1935 жылы жұмысына қайта орналасып, жұмыс жасап жүргенде тіс протезі сынып қалып, Оралға емдетуге келе жатқанда, 1937 жылдың 10 сәуір айында темір жол вокзалында органның қызметкерлері ұстап «белсенді Алашордашы, халық жауы» ретінде тұтқындайды. Алаш қайраткерлеріне Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің 1919 жылғы 4 сәуірдегі және 1920 жылғы 15 сәуірдегі шешімдерімен амнистия жарияланса да, Кеңес үкіметі күшіне мінгеннен кейін, олардың өткенін еш уақытта ұмыта да, кешіре де алған жоқ. Түрлі әдіспен бүркемеленген қудалау арқылы, Алаш зиялыларының көзін жоқ қылуға әкелді. Кешірім берілгеніне қарамастан Алаш басшыларын елден кетіру әрекетінде олардың есімдерін ұмыттыру, рухты басудың және ұлттық тұтасудан сескенудің сесі жатыр.

Батыс Қазақстан Қауіпсіздік Комитетінің архивінде Бижан Жаңқадамовтың № 2018 ісі сақталған. Ол жауап алу кезінде Жаһанша Досмұхамедовті құрметтейтінін, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, Ш.Бөкеевтың талантына бас иетінін тайсалмай айтты. Бұрынғы Батыс Алашорда құрамында болғанын, кейін Батыс Алашордашылар Ғ.Манкеев, М.Жақанов, М.Байшеркешов, А.Қитаровтармен байланыс ұстағанын да жасырмады.

ІІХК Батыс Қазақстан облысы басқармасы «үштігінің» 1937 жылғы 25 қарашадағы қаулысымен 1937 жылдың 2 желтоқсанында түнде атылды. 1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын сүргін құрбандарын ақтау» туралы ҚР заңының 2 бабына сай Бижан Әбілқасұлы Жаңқадамов толық ақталып, саяси қуғын сүргін құрбаны деп танылды[ 4].

Алашорда қозғалысы қайраткерлерінің халық үшін жасаған ерен еңбектері мен қызметтері халық жадында мәңгілік сақталатыны сөзсіз. Қазіргі уақытта қоғамымызда Алаш идеясы – тәуелсіздік идеясы деген ой-пікір берік қалыптасуда. Алаш қайраткерлерінің өмір жолын, қазақ халқының рухани, саяси тұрғыда дамуына үлес қосқандығын толыққанды зерттеу Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап өз күшіне ене бастады. Бижан Жанқадамовтың өмірбаянын, қызметін, еңбектерін жинақтау біздің борышымыз болмақ.

**Әдебиеттер:**

1. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. / Құраст.: Ғ.Әнес - Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 592 бет.
2. https://egemen.kz
3. Бижан Жанқадамов / Қ.Хасанов – Орал, 2008. – 64 б.
4. Алаш қозғалысы және Жаһанша Досмұхамедов. / Сүлейменова Д.Д. – Орал: «Ағартушы», 2010 – 236 б.

**ӘОЖ 94(574)**

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ХАЛЫҚТАР (1937-1945 ж.ж.)

***Қайралы Қ.***
*Қазақстан, Орал қ.,*

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар ішінде еліміздің кеңестік тарихы туралы ақиқатты айтуға, оның әлі де толық зерттелмеген көлеңке беттерін ашу мүмкіндігіне қол жеткіздік. Тәуелсіздіктен кейінгі уақыт ағымында үлкен бетбұрыс жасалып, демократиялық құқықтық зайырлы мемлекет құрылды. Бүгінде Қазақстан көп ұлтты мемлекет ретінде оны мекендейтін 130- халықтар мен ұлттардың өз Отанына айналып отыр.

XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап Кеңестік тоталитарлық жүйе көптеген халықтар мен этникалық топтарды тарихи отанынан күштеп көшіріп, олардың бірлігі мен біртұтастығына, мәдени әлеуметтік дамуына орасан зиянын тигізді. Бірінен соң бірі жарыққа шығып жатқан сол

кездегі заң туралы актілер, күшпен жер аударылған халықтардың жан-жақты дамуына түбегейлі кедергі келтірді.

Кеңес үкіметі кезінде депортация кең көлемде орын алды, оның негізгі жүргізген саясаты-халықты жазалау мақсатында тарихи туған жерлерінен күштеп ауа-райы нашар, өңделмеген жерлерге, өмір сүруге қолайсыз аудандарға қоныс аудару болды. Тоталитарлық жүйе миллиондаған азаматтардың тағдырын тәлкек етті. Қазақ халқының сол жылдарда демографиялық өзгеріске ұшырауы кеңестік дәуірдің терең саясатының бір көрінісі еді.

Кеңес үкіметі тұсындағы саяси қуғын-сүргін тарихында келе жатқан, жеке адамның немесе тұтастай әлеуметтік тап пен топтардың құқығын қорлау, тұтас ұлттар мен этностарды жазалау аталмыш үкіметтің іс-тәжірибесіне айналды. Мұның өзі ерекше жағдайда тұтастай халықтарды жер аударға - депортациялауға жол ашты. Сталиндік қуғын-сүргін тарихының құрамдас бөлігі ретінде депортацияның күрделі мәселелерін зерттеу қазіргі отандық тарих ғылымының басты міндеттерінің бірі. Саяси қуғын-сүргін тарихы, халықтарды жазықсыз жер аудару мәселесі кеңестік кезеңде құпия сақталып келді.

Депортация - құқықтық және саяси негіздерге сүйеніп айтқанда, жеке адамдарға, заңға сәйкес қоғамдық тәртіпті бұзушыларға қолданылатын шара болса керек. Ал бүтіндей халықты жау деп депортациялау тоталитарлық жүйенің шектен асқан сорақылығы екенін құқықтанушылар айқын дәлелдеді.

КСРО-дағы кейбір аз ұлттар өкілдерін жер аудару саясаты соғысқа дейін күшіне енген мәселе. Мысалы, осындай ретпен Қазақстанға КСРО-ның басқа өлкелерінен бұрынғы байлық иелері, кулактар, діндарлар, ақсүйектер, патша өкіметі әкімшілік орындарында қызмет еткен шенеуніктер барлығы 360 мыңдай адамдар жер аударылды. Кейіннен, бұл саясат бүтіндей халықтарға бағытталды. Осындай саясат нәтижесінде 30 жылдардағы ашаршылық кезінде халқы сиреп қалған Қазақстанға өнеркәсіп құрылысын өркендету, табиғи байлықтарын игеру мақсатымен адам күшін шоғырландырып, еңбек ресурстарын көбейтуге тырысты [1, б. 18].

Кезінде Бүкілодақтық Атқару Комитетінің қаулысында қоныс аударудың белгілі себептері көрсетілген. Онда Кеңес Одағымен Одақтас Республикалардың Қылмысты істер кодексінде, өзінің жасаған қылмысына қарай әсіресе нағыз қауіпті қылмыскер деп танылған азаматтарды соттың шешімімен Одақтас Республикалар аумағынан алысқа айдауға, немесе басқа жерлерге көшіру керектігі айтылған. Бұл кейіннен азаматтар қылмыс жасамаса да, қауіпті қылмыскер деп аталуына байланысты өзгертілген. Онда сотталушы тек қана сот алдында жасаған қылмысын мойнына алғанда ғана мұндай қылмыстық шара қолдануға болатындығы айтылады. Осыған қарамастан, қылмыс жасамаған азаматтарды жазықсыз жазалау жалғаса берді. Мұндай жазалау тәртібі жеке адамдардан бастау алып, бүкіл халықты, ұлттар мен ұлыстар аймағын қамтыды.

Кеңес өкіметінің күштеп қоныс аудару саясатына алдымен Қиыр Шығысты мекендейтін кәрістер ілікті.1937 жылы 21 тамызда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП (б) ОК-ның аса құпия №1428-326 «Қиыр Шығыс өлкесіндегі шекаралық аудандардан корей тұрғындарын көшіру туралы» қаулы қабылдануы еді. Қиыр Шығыс өлкесіне жапон барлаушыларының енуіналдын-алу мақсатында деген желеумен корейлер күштеп Өзбекстан мен Қазақстанға көшіріліп әкелінді [2, б. 32].

Жер аударылған корейлер қасіретін ауырлата түскен ахуал осы кезеңде бүкіл елде «жапон-герман шпиондарын» іздестіру науқанының кең өріс алып кетуі еді. Мәселен, Мәскеуде 1936 жылы «Мәскеу процестері» деген әйгілі «халық жауларына» қарсы сот процестері басталып кеткен болатын. Оның үстіне, корейлердің көпшілігі жер аударылатын Қазақстанда да жергілікті «халық жауларын» тұтқындау ісі белең алып кеткен еді. Этникалық жағынан түр-кескіні де, аты-жөні де корей екенін көрсетіп тұрған КСРО-ның кез келген елді мекеніндегі, қаласындағы тіптен бұрын қоныстанған корей ұлтының өкілі Отанға, партияға сіңірген еңбегіне қарамастан, НКВД тарапынан күдікті саналып, бақылауға алынды және «шетелдік контрреволюциялық ұйымның» мүшесі ретінде аяусыз жазаланды [3, б. 239].

Бұл туралы белгілі саяхатшы, әрі жазушы В.Арсеньев 1933 жылы БК (б)ПҚиыр Шығыс өлкелік Комитетіне рапорт жолдады, өз хатында ол Кеңестік Қиыр Шығыста тұратын корейлерді күштеп көшіру қажет екенін дәйектейді: «Корейлер мінез-құлқы, тұрмыс салты мен дүниетанымы бойынша бізден мүлде бөлек халық. Олар антропологиялық, этнографиялық, мінез-құлық, дүниетанымдық тұрғыдан бізден гөрі жапондарға жақын. Корейлердің жуық арада кеңес азаматтарына айнала қоюы екіталай. Олардың өз нанымдарын, мінез-құлқы мен дүниетанымын қашан өзгертетінін күтуге біздің уақытымыз жоқ» деп сендірді Арсеньев,

сондықтан корейлер «ел түкпіріне, Амурдан Шығыс пен Батысқа қарай ығыстырылуы тиіс» екенін айтты [4, б. 644].

Әрине, бұл қалыптасқан жағдайға кәріс халқы кінәлі емес еді. Күштеу мен зорлау әдістеріне, жер аударуға болмаса тұйықтан шығудың жолдарын жете іздестірмеген сталиндік тоталитарлық жүйе кінәлі деп батыл айтуға толық негіз бар.

Кейіннен, 1937 жылдың қыркүйегінде Қиыр Шығыс өлкесінен көшірілген 36442 корей жанұясы немесе 171781 адамның Қазақстанға 20170 жанұясы немесе 95256 адамыкөшірілді. Корейлерді орналастыруға Алматы, Солтүстік Қазақстан облысы, Қарағанды, Батыс Қазақстан облысы, Гурьев округы, Қостанай және Ақтөбе облыстары белгіленді [ 5, б. 30].

Корей халықтарын зерттеуші ғалым Г.В.Канның еңбегінде 1937 жылы8 қазанда Гурьев округтік комитетінің бюросы және округтік атқару комитетінің президумы округ бойынша корей жанұяларын қабылдауға шешім қабылдады. Мысалы: Теңіз ауданына-500 жанұя, Жылқосыға-270, Есболға-100, Гурьевке-660, қалған 340 жанұяны аудандардың ауылдары мен селоларына орналастырылу көзделді деп жазады [6,бб. 25-32]. Ал, 1937 жылы желтоқсан айында Қазақстан Компартиясы Гурьев округтық комитетінің бюросы және Гурьев округтік атқару комитеті президумының қаулысында 1937 жылы қараша айында Гурьев округіне кейін 1266 жанұя балық зауыттарына және Теңіз, Гурьев аудандарының колхоздарына орналасқаны және келгендерден 654 адам Гурьев қаласында қолөнер, өнеркәсіп, кооперациясы жүйесіндегі мекемелерге жұмысқа орналасқаны айтылады.Ақтөбе облысына көшірілген шаруашылықтардан Ярмұхамедов совхозында 6 колхоз ұйымдастырылып, оған 205 шаруашылық орналастырылады. Оның ішінде «Бөгетсай» колхозына 39, «ІІІ-Интернационалға» 41, «Қызыл Октябрге» 39, «Шіліктісайға» 43, «Октябрдың 20-жылдығында» 32, «Тұщыарыққа» 11 шаруашылық орналастырылды [1, б. 33]. 1938 жылы 20 ақпанда КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі «Қазақ КСР-гі корей қоныс аударушыларын шаруашылыққа орналастыру туралы» қаулысында Қазақстанға 20100 корей жанұясын көшіру туралы қаулы қабылдайды [5, б. 34].

Депортацияның жүзеге асуын партия мен үкімет қатаң бақылауға алды. Корейлердің төлқұжаттары тартып алынып, үй-мүліктері тәркіленді. Агентуралық жүйе олардың әр сөзін аңдып, жіті бақылауға көшті. Қарсылық көрсеткендер ұсталды, аяусыз жазаланды. Қарапайым халық дәл сол кезде не үшін жазықты болғандарын анық білместен, өскен жерлерін қимай, жанарлары жасқа толған күйі кете барды. Корейлер бірқатар конституциялық және азаматтық құқықтарынан айырылды.

Атамекендерінен алыс жерлерге көшірілген олардың жаңа ортаға бейімделуі қиынға соқты. Жер аударылған халықтар халық шаруашылығының әр саласында, яғни ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, транспорт салаларында өте қиын жұмыстарды атқарып оны өркендетуге бар күштерін салды.

Корейлерді көшіру кейінгі жылдары да жалғасын тапты. Батыс Қазақстан облысындағы корей шаруашылықтарын орналастыру туралы мәліметке сәйкес, 1938 жылдың 15 наурызында Ілбішін ауданына барлығы 1016 адамы бар 205 шаруашылық орналастырылады. Оның ішінде колхоздарға 90 шаруашылық 473 адам, мекемелер мен кәсіпорындарға289 адамымен 65 шаруашылық орналастырылады [6, бб. 22-28]. Теректі ауданы бойынша барлығы 623 адамы бар 195 шаруашылық, олардың колхоздарға 402 адамдық 114 шаруашылығы, мекемелер мен кәсіпорындарға125 адамдық 40 шаруашылық орналасса, Бөрлі ауданы бойынша барлығы 153 адамы бар 51 шаруашылық, олардың орналастырылғаны колхоздарға 25 адам, мекемелер мен кәсіпорындарға 26 шаруашылық болды. Приуралье ауданы бойынша барлығы 836 адамы бар 182 шаруашылық, олардың орналастырылғаны мекемелер мен кәсіпорындарға 704 адамдық 152 шаруашылық болды. Барлығы облыс бойынша 2628 адамы бар 633 шаруашылық болса, орналастырылғаны колхоздарға229 шаруашылық, мекемелер мен кәсіпорындарға 283 шаруашылық болды [7, бб. 42-43].

Батыс Қазақстан облысына 1938 жылдың 1 сәуіріндегі мәліметі бойынша келген корей қоныстанушыларының облыста барлығы 571 жанұя, 2244 адам болды. Ал 1938 жылдың 15 наурызындағы есепте облыста 645 жанұя, 2516 адам болып, оның 272 адамымен 74 жанұя Ақтөбе облысына жіберілген болатын. Аудандар бойынша Ілбішін ауданында1 сәуірде 944 адамы бар 204 жанұя қалып, 26 адамымен 5 жанұя көшірілді. Приуралье ауданы бойынша 586 адамы бар 151 жанұя қалып, 110 адамы бар 27 жанұя көшірілді. Бөрлі ауданы бойынша 147 адамы бар 51 жанұя болып, Орал қаласында 28 адамы бар 7 жанұя қалып,59 адамы бар 14 жанұя көшіріледі [7, б. 57].Алайда көшіп келген корей жанұяларын орналастыру, оларды үймен, балаларды бала-бақша, мектеппен қамтамасыз етуде олқылықтар орын алып отырды.

Депортацияланған халықтар тұрмыс жағдайының ауырлығынан, ауру мен аштықтан өліп жатты. Өзге халықтар өкілдерін бұлайша қорлау ондаған жылдар бойы Кеңес мемлекетінде әр түрлі қылмыскерлерді қатаң жазалай отырып, баршаның мүддесі қорғалды, олардың тыныштығы сақталады деген желеумен жүргізілген.

Ішкі істер Халық Комиссариаты Қоныстандыру бөлімі бастығының атына берілген 1938 жылы 17 ақпанында корей қоныстанушыларын орналастыру туралы мәлімдемесінде Қазақстанға барлығы 20789 корей жанұясы немесе 98454 адам келгендігі айтылады. Оның ішінде Ақтөбе облысына 1744 жанұя және 7666 адам, Батыс Қазақстан облысына 1950 жанұя және 9017 адам қоныстандырылды [8, б. 64].

1938 жылы 3 наурыздағы Халық Комиссарлары Кеңесі жәнеБКП(б) ОК-ның қаулысына сәйкес тұрақты мекен ететін жерлерге төмендегідей көлемде Батыс Қазақстан облысына500 шаруашылық, Гурьев облысына 1322 шаруашылық, Ақтөбе облысына 1285 шаруашылыққорей шаруалары тіркеледі. Қазақ даласына көшіп келгеннен кейін корейлер алғашқы онжылдықта күріш, бау-бақша өсіруімен шұғылданды [1, б. 136].

Кеңес Одағы кезінде депортацияланған ұлттардың ішінде поляктарда болды. 1940 жылы 10 сәуірдегі  КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің аса құпия №497-178 қаулысына сәйкес Қазақ КСР-не Украина мен Белоруссияның батыс облыстарынан бұрынғы поляк армиясы офицерлерінің, помещиктер мен фабриканттардың, поляк мемлекеттік аппараты чиновниктерінің және көтерілісші ұйымдардың репрессияға ұшыраған жанұя мүшелері барлығы 60667 адам көшірілді. Олар Ақтөбе облыстарына әртүрлі өнеркәсіпке, мекемелердің жұмысшы поселоктарына орналастырылды[1, б. 162].

1941 жылы 29 қарашадағы Қазақ КСР-і Ішкі Істер Халық Комиссариатының анықтамасы бойынша Қазақстанда барлығы 61092 поляк болса, Ақтөбе облысында 7092 поляк болды. Сол сияқты 1942 жылғы 28 қаңтардағы анықтама бойынша Ақтөбе облысында 5 646, Гурьев облысында 187, Батыс Қазақстан облысында 159, ал барлығы республикада 103757 поляк болды. Одан әрі 1943 жылғы 7 қазандағы Қазақ КСР-гі арнайы контингенттердің саны туралы анықтамада Ақтөбе облысында 5218 поляк, Гурьев 142 поляк, Батыс Қазақстан облысында 145 поляк болды [9, б. 185].

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған соң, ізін ала Балтық жағалауы, Батыс Украина, Батыс Белоруссия, Бессарабиядан «жағымсыз элементтерді» күштеп көшіріп қоныстандыру қолға алынды. Егер соғысқа дейін бұл әрекет мемлекет қауіпсіздігін күшейту қажеттігімен түсіндірілсе, соғыс кезінде ұлттық-аумақтық автономиялары бар тұтас халықтар қуғын-сүргінге ұшырады. Сөйтіп, тоталитаризмнің таптық саясаты жаңа «сапалық» деңгейге өткен еді.

Тарихтың қаралы оқиғалары ретінде сталиндік жазалау мұнан кейінгі кезеңде де жалғаса берді. 1941 жылғы 28тамыздағы«Еділ бойы ауданында тұратын немістерді көшіру туралы» КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумның жарлығы негізінде немістерді КСРО-ның шығыс аудандарына көшіру жүзеге асырылды. Жарлықта: «Еділ бойы немістерінің арасында мыңдаған диверсанттар мен тыңшылар бар. Олар Германияның дабылы бойынша Еділ бойы оған шектес аудандарда жарылыстар жүргізу мүмкін деген желеуді негізге ала отырып, бұндай жағдайлардың алдын-алу мақсатында Жоғарғы Кеңес Президиумы немістерді басқа аудандарға көшіру қажет деп шешті»,- деп көрсетілді[10, б. 107]. Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде гитлерлік әскерге көмектесуі мүмкін деген желеумен 1941 жылғы 25 қазандаҚазақстанға 457 мың Еділ бойының немістерін қабылдау жоспарланды. Жоспар бойынша Ақтөбе облысына 15 мың неміс қабылдау көзделді. Батыс Қазақстан облысына және Гурьев обылыстарына қабылдау көзделмеген [11, б. 34]. 1941 жылы 31 қазанда Ақтөбе облысына жалпы саны 5554 адаммен 2 эшелон келеді. Алайда кейінгі жылдары Батыс Қазақстанжәне Гурьев облыстарына немістер еңбек колонналарының құрамында келе бастады. Оны мынадан көруге болады: 1942 жылы 4 желтоқсандағы «мұнай және көмір өнеркәсібіне мобилизацияланған немістер мен оның әйелдерін жіберу туралы» анықтамаға сәйкес Ақтөбе облысынан Гурьевке ері, әйел барлығы 364 неміс жіберілді. Соғыс жылдары КСРО-да 1,4 млн-дай неміс ұлтының азаматтары тұрған. Кейіннен соғыс басталғаннан кейін, бұл этнос жан-жақтарға күштеп таратылды және неміс автономиясы жойылды, Қазақстанға немістердің 470 мың адамы қоныс аударылды [10, б. 109].Күштеп көшірілген халықтар тұрмыстың ауырлығынан, жат жерде мектеп жасындағы балалардың оқуға бара алмауы, олардың арасындағы адам шығынының болуы да қоғамға оңай тиген жоқ.

Міне, осындай процеске тартылған ұлттардың бірі-шешендер мен ингуштар еді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумның 1944 жылы 7 наурыздағы қаулысымен Шешен-Ингуш

Республикасы жойылып, орнына РСФСР құрамындағы Грозный облысы құрылды. Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1944 жылы 31 қаңтардағы шешімімен шешендер мен ингуштарды Қазақстан мен Қырғыстанға көшірілу жүзеге асырыла бастады.1944 жылы наурыздың ортасында Ақтөбе облысына 20309 адам көшіріліп әкелінді[12, бб. 6-10]. Халықты депортациялау кезінде мұндай кеш жарияланған қаулымен келісуге де болмайды, әрбірінен осындай «кінә» тауып, оларды өзінің бұрынғы автономиясы жерінен айырып, еліміздің басқа өңіріне қоныс аудару, әрине жөнсіздік болып отырғаны сөзсіз еді.

Мұрағат деректері бойынша, 1944 жылғы 22 сәуірдегі Ақтөбе облыстық комитетінен орталық комитетке берілген мәлімдемеде Ақтөбе облысына келген қоныстанушы шешендердің колхоздарға 2320 жанұясы немесе 12053 адам, совхоздарға 607 жанұясы немесе 2717 адам, мұнай кәсіпшіліктеріне 73 жанұя, 355 адам, көмір өнеркәсібіне 733 жанұя, 3 023 адам, Никельтау руднигіне 37 жанұя, 165 адам; темір жол көлігінің көмекші шаруалығына 126 жанұя, 589 адам; жергілікті өнеркәсіп артельдеріне 93 жанұя, 480 адам; әр түрлі шаруашылық ұйымдары мен мекемелеріне 140 жанұя, 607 адам; орналасқаны мәлімделеді. Орталық Комитет жиналысында эвакуациялық және қоныс аудару мекемесінің басшыларының сөйлеген сөзінде Ақтөбе облысында да 27000 адамнан 9000 адам қырылғандығы жөнінде айтылады. Себебі, күштеп көшірілгендер суықта, аштықта, аурудың салдарынан өлгендігін кейбір деректер дәлелдейді. Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1944 жылы 2 маусымдағы №5984 қаулысына сәйкес Қырымдық болгар, грек, және армияндарды облыстар мен республиканың өнеркәсіп кәсіпорындарына, көмекші шаруашылықтарға, ауыл шаруашылығына бағыттау көзделіп, оның ішінде Гурьев облысына 7000 болгар, грек, армян қоныстандырылады [13, бб. 3-4]. Бұл құжаттардың бәрінеде олардың қоныс аударуы қысқа мерзімде, әрі кеткенде 15-17 күн ішінде жүзеге асырылуы керек деп атап көрсетілген.

Тоталитарлық жүйенің саясаты күштеп қоныс аударылған халықтар тағдырына ауыр із қалдырды. Күштеп қоныс аударылған халықтарға «Отанын сатқандар» ретінде келген жерлерінде рұқсатсыз басқа жақтарға шығуға қандай тыйым салынса, олардың мектептен кейінгі білім алу жағдайларына да сондай шектеулер қойылды.

Қуғын-сүргінен ешқандай халық, этностар айналып өтпегені аян. Сол жарлықтар Конституция мен халықтар құқығына қарама-қарсы қайшылықтар келтірді. Фашистік Германияның бастаған әрекетінен кейбір тұтас халықтар жер аударылып, мемлекеттік-территориялық құрылымдары таратылды, келген жерлерінде қиындық көріп, жеке азаматтық құқықтары аяққа тапталды, еңбектегі заңдылық және тағы басқа нормалары жоққа шығарылды. Сол кездегі әрбір күштеп көшірілген азаматтың құқығына, көзқарасына балта шабылып, адамдық намысын қорлады. Жоғалып кету қаупінде тұрды. Жер аударылған халықтар орналасқаннан кейін де республика ішінде бір жерден екінші жерге көшірілді. Себебі, жер аударылған халықтар арзан жұмысшы күші ретінде қолданылса, екіншіден, ауыр тұрмыс тауқыметіне, қатал тәртіптерге шыдай алмағандықтан олардың қашуын тоқтату мақсатында қалалардан, аудан орталықтарынан, теміржол станцияларынан алыс аудандарға көшірілді. Соғыстан кейін тек жер аударылғандардың ғана емес, жалпы халықтың тұрмыстық-материалдық жағдайлары ауыр болды. Күштеп қоныс аударудың қайғы-қасіреті өлшеусіз еді, оны басынан өткізгендер ешқашан ұмытпақ емес.

Күштеп жер аударылған ұлттар мен этностар Қазақстан, Өзбекстанға т.б. республикаларға бөлініп орналастырылды. Туған жерінен, елінен айырылған әртүрлі ұлттар келген жеріне, ортаға бейімделуге мәжбүр болды. Аштық, эпидемиялар, тұрмыстық келеңсіздіктер, бір отбасы мүшелерінің жан-жаққа бөлініп кетуі және ең бастысы-ойдан шығарылған жалған айып әрі ресми биліктің жау пиғылындағы көзқарасы тек адамдардың өліміне ғана әкеліп қойған жоқ еді, ол тұтас халықтар мен этностардың қазақ жеріне күштеп қоныс аударуылуымен де тығыз байланысты болды.

Дегенмен депортацияланғандарға арналып шығарылған қатал тәртіптер олардың шектеулері алынғанға дейін күшін жойған жоқ. Өйткені, білім алуларына, өз еркімен қоныс аударуларына немесе еріктен тыс жұмыстарға рұқсат шектеулі болды. Трагедиялық оқиғаның нәтижесінде жер аударылған халықтар әртүрлі республикаларға шашырады. Тоталитарлық жүйе қудалаған халықтардың тарихында заңсыздық шаралары өшпес із қалдырды. Жер аударылғандар арасында алғашқы кездері адам шығыны көп болды. Күштеп қоныстандырылғандар ауыр жағдайда болды.

Батыс Қазақстанға соғыс кезінде жер аударылған халықтар мен эвакуацияланған адамдарды және соғыс аймағындағы өнеркәсіптерді бір мезгілде елімізге шоғырландыру ауыр

әрі қиынға соқты. Ол уақытта тек жер аударылған халықтар ғана емес, жергілікті тұрғындар да қиыншылық үстінде болды. Бірақ қиын-қыстау кезеңіне қарамастан жергілікті халық жер аударылған халықтарды жылы шыраймен қабылдап, олардың қайғы-қасіреттерін, ауыр тұрмыстарын түсіне білді, бір аяқ астарымен бөлісіп, бірге тұрды. Олардың шектеулері алынып, құқықтары қайтарылғаннан кейін көпшілігі атамекендеріне оралса, басым бөлігі екінші Отанында тұрақтап қалды.

Міне, осының бәрі қазақ жерінде демографиялық ахуалға өзгерістер әкелді. Бұл апатты кезеңнің әр аймақта қалыптасқан этнодемографиялық үдеріс секілді Батыс Қазақстанды да жанамай өтпеді. Бүгінгі таңда көп ұлтты сипатқа ие болуы Кеңес үкіметі тұсында өзге ұлт өкілдерінің жазықсыз жаппай қазақ жеріне күштеп көшірілуінің нәтижесідеп айтсақ болады. Бұл толқын Батыс Қазақстанның тұрғылықты қазақ халқының ұлттық құрамынаөзгерістер алып келді. Дегенмен күрделі сипатқа ие болған бұл үдеріс әлі де толық ізденістерді талап етеді.

Қорыта айтқанда, депортацияланған халықтардың өршіл рухы мен қажымас қайраты, ежелгі қазақ жерінде өздерінің екінші Отанын тапқаны, сол бір зобалаң жылдарында біріне-бірі сүйеу, пана болған тағдырлас халықтар бүгінде осы заманғы өркениеттің әлемдік шоғырында терезесі тең, демократиялық, нағыз құқықтық мемлекет құрып жатқан қонақжай Қазақстанның ыстық ықыласының арқасында миллиондаған репрессияға ұшыраған өзге ұлт өкілдері қазірде ұрпақтарының тамыры жайылып еліміздің әр түкпірінде бейбіт өмір кешіп келеді.

**Әдебиеттер:**


1. Депортированные в Казахстан народы: время и судь. – Алматы: Арыс,- 1998.-428 с.
2. АлдажұмановК.С. Күштеп көшіру: жымысқы саясат, басқыншылық әрекет // Қазақ тарихы, -1997. -№4.- 33-б.
3. Из истории депортаций Казакстан. (1935-1939 г.г.) сборник документов. Алматы.- 2014. -740 с.
4. Қазақстан тарихы (көнезаманнан бүгінге дейін) Алматы: Атамұра,-2010.(5 томдық) - 4 том.-644 б.
5. Кан Г.В. Корейцы Казахстана: Ист. очерк. –Алматы: Казахстан, -1994.-с 240.
6. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. -1490-қор, 1-т, 7-іс, 25-32 бб.
7. Батыс Қазақстан Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. - 850-қор, 1-тізбе, 68-іс. 42-43 пп.
8. Кульбаев Т. Хегай А. Депортация. – Алматы:Данекер, -2000. – 27 б.
9. Из истории поляков в Казахстане (1939-1956 г.г.). Сборник документов. – Алматы:Казахстан, - 2000. -344 с.
10. Из истории немцев Казахстана (1921-1975 г.г.) сборник документов. –Алматы: Казахстан. -1997. – 376.
11. ҚР ОММ. - 1987- қор, 1-тізбе, 14-іс.
12. ҚР ОММ. - 1987- қор, 1-тізбе, 9-іс.
13. ҚР ОММ. - 1987- қор, 1-тізбе, 16-іс.


**ӘОЖ 94(574)**

## «ОМЕГА» АСПАП ЖАСАУ ЗАУЫТЫНА ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ТҰЛҒА

***Қонысбаева А.К.***
*Қазақстан, Орал қ.*

Батыс Қазақстан облысы өтпелі кезеңнің күрделі жағдайына қарамастан, өнеркәсіп орындарын сақтап қалды. Жұмыс күшін толық сақтап қалған, тәуелсіздік сағаты соққан кезде де, тіпті күні бүгінге дейін жұмысын ширатып келген кәсіпорынның бірі шаһарымыздағы «Омега» аспап жасау зауыты. Қырық жылдан астам үзіліссіз қызмет етіп келетін «Омега» аспап жасау зауыттың тарихы туған қаламыздың, облыстың, тіпті республикамыздың даму тарихымен үндес. Облыс орталығының әрбір оныншы тұрғыны өзін «Омега» зауытының

тағдырына менің де қатысым бар деп сезінеді, өйткені, 40 жылдан аса жұмыс істеген кезде 25 мыңнан астам жұмысшы өткен [1, б.17].

Зауыттың өркендеп дамуына үлес қосқан, өңірімізге еңбегімен танылған азаматтар аз емес. Соның ішінде «Омега» зауытына ұзақ жыл басшылық етіп, өлкенің дамуына, өркендеп-өсуіне Болат Ғинаятұлы Молдашев та зор үлес қосқан болатын.

Болат Молдашев 1935 жылы қазіргі Жалпақтал ауылында мұғалім отбасында дүниеге келді. Әкесі Ғинаят Молдашев ұлағатты ұстаз, анасы Мағруфа Әбділғазықызы діни сауатты адам болған. Атасы Әбділхазы сол кездері медресесін ашып, діни бағытта білім беріпті. Осындай зиялы отрада дүниеге келген Болат мектепті алтын медельмен бітіріп, Мәскеу қаласының энергетикалық институтына оқуға түсті. Болашағынан зор үміт күттірген жас маманды Қазақ КСР Ғылым академиясында бастаған оны апасы тәрбие қамқорлығына алады. Өйткені апасы да айтулы білім ордасында математикадан сабақ беретін. Болат 1960 жылы тамыз айында шаңырақ құрды. Ал жары Гүлшекер педагогикалық институттың биология кафедрасында еңбек етті. Отбасында ұлы Бауыржан мен қызы Алма дүниеге келді. Қызы МГУ-дың психология кафедрасында білім алып, ғылыми кандидаттық жұмысын қорғап шықты. Өкінішке орай, қатты науқастанып, дүниеден өтті. Бауыржан бүгінде жанұясымен Санк-Петербург қаласындағы бір үлкен фирманың басшылық қызметінде. Келіні Марина Ленинград академиясының суретші мамандығын тәмамдап, сол салада еңбек етуде [5].

Болат Молдашев өзінің ғылымға, білімге, еңбекке деген құштарлығының арқасында көптеген жетістікке жетіп, елдің абыройлы азаматы бола білді. Ол Мәскеудің энергетика институтынан жоғары білім алды. Оны Алматы қаласына Қазақ КСР ғылым Академиясының энергетика институтына шақырды. Жоғары оқу орнын тәмамдаған жалынды түлектің алдынан ғылыми келешек есігін айқара ашты. Сол кездің өзінде ғылым жолында жүргендердің көпшілгі оның ғылымға деген құштарлығын, зиялы ой-қабілетін байқаған болатын.

Алғаш еңбек жолын 1960 жылы Болат Молдашев Оралға келіп, көп кешікпей К.Ворошилов атындағы зауыттында инженерліктен бастаған. Болат Ғинаятұлы сеніп тапсырылған қызметке білек сыбана кірісті. Одан кейін бас инженерлікке көтерілді. Былай қарағанда кездейсоқтық сияқты, бірақ осы кездейсоқтық оны сол кәсіпорынның атақты директоры Петр Александрович Атоянмен кездестіреді. Мұндағы кадрлармен жұмыс жасап, оларды басқарушы жұмыстарға шығаруды Атоян талап етеді.

Соғыстан кейінгі жылдарда зауыттың жаңа цехтары салынып, өндіріс саласында түрлендіріп шығарылатын бұйымдар көбейтілді. 1976 жылы «Омега» зауыты ірі өндірісті зауыт ретінде КСРО кеме жасау өнеркәсібі министрлігіндегі «Гранит» Ленинград ғылыми өндірістік бірлестігінің құрамына кіргізілді. Кейін, 1977 жылы өнеркәсіптік өндіріс ретінде түпкілікті қалыптасты. Жас жігіттің еңбексүйгіштігі мен білімдарлығын байқаған қырағы басшы «Омега» зауытының директорлыңына Болатты ұсынды. Сөйтіп ол 1977 жылы «Омега» прибор зауытының диреторлығына тағайындалды. Ірі зауыттың өндірісі сол кездегі КСРО теңіз флотын және ғарыш кемелерін жабдықтауға қажет еді. Сол жылдары мұндай ауқымды өндіріс ошақтарын басқа қалаларда өзге ұлт өкілдері басқаратын. Сондықтан Болат Молдашев сол кезде қазақтан шыққан тұңғыш зауыт басшысы болды. Өте сауатты, екі тілде еркін сөйлейтін басшы келгелі зауыт алға қарыштай бастады. Көптеген мәскеулік және алматылық ғалымдар әріптестерінің өндіріс жолына кеткеніне таңыркай қарасты. Кешікпей «омегалықтардың» әлеуметтік және тұрмыстық жағдайлары жақсарды. Қала шетінде «Омега» атты шағынаудан бой көтерді. Жүздеген білімді техникалық мамандар даярланды. 1980 жылдары «Омега» жұмысшыларына арналған 1500 орындық асхана іске қосылды. Зауытта бес мыңнан астам жұмысшы еңбек етті. Зауыттықтардың балаларына арналып, 5 балабақша ашылды [2, б.17].

Кәсіпорынның қызу даму кезеңі басшылыққа Болат Молдашевтің келуімен байланысты. Ол зауыттықтардың бірнеше тобын Ленинградқа оқуға жіберді. «Омегаға» негіз болған 5-ші училищеден жас жұмысшылар өндірістен қол үзбей орта арнайы білім алатын Мәскеулік электротехникалық техникумның филиалын ашқызды. Ұзақ іссапардан келген зауыттықтар «Омега» зауытында кәсіби ұжымның қалыптасуына ықпал еткен. Енді ол аспап жасаудың ең қиын түрі радиэлектрон саласында жұмыс жасауға да аса қабілеттілігін көрсетеді.

1981 жылы Мәскеу қаласындағы электротехникалық техникумының филиалы ретінде №5-ші училищенің ашылуы «Омега» зауыты үшін базаға айналды, онда жас жұмысшылар еңбектен қол үзбей жүріп, орта кәсіби ұжымның қалыптасуына үлкен септігін тигізді. Зауыт прибор жасаудың ең күрделі саласы –радиотехниканы меңгерді. Болат Молдашев ең алдымен әлеуметтік салаға, оның ішінде ұжымның еңбек және демалыс жағдайын жақсартуға көңіл

бөлді. 1989 жылдары 5000 қызметкердің пәтер алушылар кезегінде бар болғаны 150-і тұрды. Көш басшының адамгершілігк қасиетті, кішіпейілдігі мен қайырымдылығы әлі күнге дейін қызметтестерінің арасында зор беделге ие [3].а

Оның зауытта еңбек еткен жылдарында кәсіпқойлардың ұжымы топтасты. Болат Гинаятұлы өз қызметкерлеріне тек жақсы жұмыс жағдайларын жасау, біліктілігін арттыру мүмкіндіктерін туғызу ғана емес, сондай-ақ зауыт жұмысшыларына ерекше рухани ахуал тууына мүмкіндік жасады. Жұмыскерлерге қызмет көрсету үшін кең асхана, демалу бөлмесі салынды, сонымен қатар санаторияларға, демалыс үйлеріне жолдамалар берілді. Зауыт ауласында қайыңдар мен шыршалар бой түзеді, сондай-ақ жыл бойы гүлдер өсірілетін жылыжайлар салынды. Болат Молдашев практика жүзінде дұрыс болып, зауыттың ұстанымын нығайтуға мүмкіндік туғызатын стандартты емес шешімдер қабылдауға қабілетті еді. Оның басшылық еткен жылдары зауыт қарқынды дамып, радиоэлектронды аспап жасау күрделі саласының қуатты бір мекемесіне айналды. Біртіндеп зауыт аумағында жаңа корпустар бой көтере бастады. Өндірістік алаңдарды көбейту негізгі өнімдерді шығаруды біршама көбейтуге мүмкіндік берді және баспа монтажы платы және радиоэлектрониканың күрделірек аспаптары өндірісін игеруге кірісті. Тоғыз қабатты тұрғын үйлерді салу жұмысы өріс алды. Сол жылдары барлығы 17 тоғыз қабытты үй салынған. 1990 жылы бес мыңдық ұжымның ішінен бар болғаны 150 зауыттық тұрғын үй алу кезегінде тұрды. Тұрғын үйлердің салуынуымен қатар заманауи «Арман», «Дельфин», «Тюльпан», «Аленкий Цветочек» сияқты балалар бақшалары және №26 мектеп салынды. Спорт кешенін, мәдениет сарайын салу жұмыстары жоспарда тұрды. Зауытта партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары белсенді жұмыс істеді. Цехтардың бригадалардың арасында әртүрлі жарыстар кеңінен өрістеп, өз кәсібі бойынша үздіккер анықталды, содан соң олар зауыттың намысын қорғау үшін басқа қалалардағы шеберлік конкурстарына жіберіліп, жүлделі орындарды алып отырды. Жас зауыт ұжымында жыл сайын қысқы және жазғы туристік слеттер өткізу кең тарады. Жас балалардың Отан алдындағы борышын өтеуіне үлгі беру мақсатында зауыттағы Ұлы Отан соғысына қатысушылар жастарды Армияға шығарып салып, патриоттық тәрбие бойынша үлкен жұмыс атқарылды. «Омегада» ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысамын дейтін мақсаткер, жас ғалымдар үшін жақсы жағдай жасалып, олар орталық зауыт зертханасында өздерінің бірегей ғылыми зерттемелерін өткізді. Сол жылдары мыңдаған «омегалықтардың» әлеуметтік және тұрмыстық жағдайлары жақсара бастады. Қала шетінде «Омега» атты шағынаудан бой көтерді. Жүздеген білімді техникалық мамандар даярланды [4].

Сөйтіп, Болат Ғинаятұлы зейнеткерлік демалысқа шыққан уақытта да, өзі басшылық еткен зауытпен байланысын үзген жоқ. Оның одан әрі дамуына ат салысты. Молдашевтың зор көмегнің арқасында, 2003 жылы омегалықтар «Таза су» атты су тазалаудың алдыңғы қатарлы мембранды технологиясын игеріп шықты. Жұмыс бабымен «Мембрана» МЕҰ-мен ұзақ мерзімді келісім шартқа отыру үшін Владимир қаласына барған Болат Ғинаятұлы сол жерде кенеттен қаза тапты.

Молдашевтың есімі тек «омегалықтар» үшін ғана емес, тұтас өңіріміз үшін аса қымбат. Оның аймақ үшін сіңірген еңбегі өлшеусіз. Сондықтан ер есімін есте қалдырау мақсатында қалалық маслихаттың депутаттары, Жайық жұртшылығы және әріптестері оның атына Орал қаласынан көше беруге ұсыныс білдіруде. Осы ұсыныс жүзеге асса өңірдің дамуына үлес қосқан Болат Молдашевтың есімін елдің есінде, келешек ұрпақ жадында сақтауға мүмкіндік берер еді.

Ал 1992 жылы Болат Ғинаятұлы өндіріс көлемінің төмендеуін болдырмау мақсатында туған зауытына қайтып оралды. Нағыз нарықтың тұсы. Кәсіпорынды сақтау үшін балабақшаны жабуға, әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық нысандарды салудан бас тартуға тура келді. Зауыт тапсырыс алмағандықтан тоқырай бастады. 1995 жылы денсаулығы қайта сыр берген басшы көп ұзамай зейнеткерлікке шықты. 2003 жылы Болат Молдашевтың нұсқауымен омегалықтар «Таза су» атты су тазартудың алдыңғы қатарлы мембраналық технологиясын меңгерді. Сөйтіп, ол бір топ инженерлердің басын қосып, осы жобаны іске асырды [4].

Орал шаһарының гүлденуіне, дамуына үлесін қосқан абзал азамат, қазақтан шыққан тұңғыш зауыт басшысы, өңірімізге өзіндік қолтаңбасын қалдырған Болат Молдашевтің өлшеусіз еңбегі ұрпақтан- ұрпаққа үлгі боларлықтай. Зиялылығымен топ жарған қазақтың ұлы мәдениеті, парасатты, қайырымды қасиеттерімен елдің есінде қалды. Көш бастаған азаматтың Отанға зор еңбегі дәрежесінде бағаланып, Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендері және көп медальмен марапатталды. Ер есімін сақтау үшін 2005 жылы «Омега» зауытының

кіреберісінде мемориалдық тақта орнатылды. Қалалық әкімдік пен мәслихаттың шешімімен көше атауы берілді. Содан бері де талай жыл өтті. Әлі күнге дейін Оралдықтар Болаттың рухына бас иеді.

**Әдебиеттер:**

1. Шүйіншәлиева М. «Тұсаулы Омега» // Орал өңірі. -2002. -26 қараша.-17б.
2. БҚО ММ.-368 қор. 1-тізім. 3-іс. 71-103 пп.
3. Қайырғалиев М. Азамат парызы «Омега» зауытының директоры Б.Ғ.Молдашев жайлы очерк. // Орал өңірі.-1981. -5 қараша.
4. «Омега» аспап жасау заутының ресми сайты -http://www.aopzomega.kz/kz/.
5. Сабиров Г. Аға туралы әңгіме. // Орал өңірі.- 2010. 27 тамыз.

**ӘОЖ 37.01**

## ҚАЖЫМ БАСЫМОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

***Аяпбергенұлы Е.***
*Қазақстан, Орал қ.*

XX ғасырдың басында қазақ елінің өміріне үлкен өзгерістер енді. Білім алуға ұмтылған жастардың саны артты. Патша билігі кезінде алғашқы мектептер ашылып, мұғалімдік ісі дами бастады. Бірақ білім беру саласының маңызы арта түсседе, тұрақты бір ізге түсе қойған жоқ. Кеңес Одағының құрамына енгеннен кейін де Қазақстанда білім беру саласының жағдайы жақсара қойған жоқ. Көпетеген шешімін таппай жатқан мәселелер болатын. Мұғалімдердің жетіспеушілігі, мектептер санының аздығы, қазақша оқулықтардың жоқтығы және т.б. мәселелер Қазақстандағы білім беру саласын артқа тартты. Сол кезеңде қазақтың көптеген оқыған, білімді азаматтары осы олқылықтың орнын толтыруға тырысты. Қазақтың алдыңғы қатарлы білімді азаматтары әртүрлі ғылым саласында алғашқы зерттеулерін жасап, алғашқы оқулықтарды жазып, мектептердегі қазақша оқулықтардың алдыңғы тобын дүниеге алып келді. Қазақ тілі ғылымы сол жылдары көптеген шиеленісті мәселелерге толы болды. Әлпби, еміле, орфогрфия және т.б. әлі де болса толықтай зерттеліп, бір жүйеге түсе қоймаған болатын. Ұзақ жылдар бойы қолданыста болған араб әліпбиінің қазақ тілі ғылымы саласында қолайсыздығы, қиындығы және латын әліпбиіне көшу, қазақ тілінің сөздік құрамындағы өзгерістер сол жылдары осы сала мамандарының арасында қызу талқыға түсіп жатты. XX ғасырдың 20 жылдарының ортасынан бастап жоғарыда аталған мәселелердің шешімін табу үздіксіз зерттеулерді ауадай қажет етті. XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ тілі ғылымы саласында үздіксіз еңбек еткендер саусақпен санарлық болатын. XX ғасырдың басында қазақ тілі ғылымының қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан ғалымдардың арасында Қажым Басымовтың атқарған қызметінен айалып өту мүмкін емес.

Қ.Басымов Уфағы мұғалімдер дайындайтын медресесінде оқып болғаннан кейін алғашқы жылдары өз атамекені Саралжынға барып, ұстаздық қызмет атқарды. Бірақ мұндағы саяси жағдай шиеленісті болуына байланысты, мұнда ұзақ тұрақтамай Орынборға аттанады. Кейіннен Ташкентте болып, одан әрі оны оқытушылық қызметке Алматыға жолдады. Қажымның Алматыдағы жылдары үлкен өзгерістерге толы болды.1920-1929 жылдары Алматыдағы Жетісу Қазақ ағарту институтында оқытушыы бола жүріп, ғылым жолына толықтай түсті. Осы аралықта ғалымның атқарған қызметі өте ауқымды. Қажым бұл жылдары қарапайым институт оқытушысы, педкурс оқытушысы, оқу ісінің меңгерушісі, ректор, газет редакторы, әдіскер қызметтерін қатарластыра алып жүрді.

Қажым Басымовтың Алматыдағы қызметінің алғашқы жылдарында институт оқытушысы бола жүріп,сол жылдары жаппай ұйымдастырылған мұғалімдерді қайта дайындау курсатрында да белсенді оқытушылық қызмет атқарды. Бұл курстар 1922 жылдан бастап ұйымдастырылып тұрды. Бұл мұғалімдердің білімін жетілдіру курстарының басты мақсаты елдегі мұғалімдер біліктілігін жетілдіру, мұғалімдік қызметтің қоғамдық саяси деңгейін көтеру мен білім беру саласын толықтай кеңестік рельске түсіріу болды. 1926 жылға дейінгі аралықта білім жетілдіру курстарынан 2840 ауыл мұғалімдері өтті.Олардың 73,5 % қазақтар болды [1, 226 б.]. Ол бұл

курстарда оқытушы бола жүріа бірнеше әдістемелік материалдар шығарды. Бұл курсатрдағы Қажымның оқытушылық қызметі туралы зейнеткер мұғалім Ә.Ишмухамедов былай деп еске алады: «Мен Қажекеңді тұңғыш рет Алматыда ашылған ауыл мұғалімдерінің білімін жетілдіру курсында, 1925 жылы жазда көріп, таныстым. Ол курсқа бұрынғы Жетісу губерниясының барлық уездерінен көптеген мұғалімдер жиналған екен. Олардың арасында ересек адамдар да, балғын жастар да бар еді.Жалаң лекция оқып қана жүре бермей, Қажекең тәрбие жұмысына да айрықша көңіл бөліп отыратын еді. Білімі тайыз, тәжірибесі аз ауыл мұғалімдеріне өз пәнінің ғана емес, мектепте сабақ өткізудің жалпы әдіс-тәсілдерін тәптіштей үйретіп, жаңалыққа жетелеп отыратын-ды. Бір жарым ай ішінде бұл курстан жаңа ой-сана, соны ұғым алып, түлеп қайттық елге. Содан кейін мен Алматыдағы педтехникумда Қажекеңнен төрт жыл бойы дәріс тыңдап, тәрбие алдым. Ол кезде Қажекең Казинпрос пен педтехникумда қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беріп, инпростың ректоры болып істеп жүрді. Казинпроста қазақ балаларымен бірге қырғыз жастары да көп келіп оқитын еді. Бұл екі оқу орны - орта білімді мұғалімдер кадрларының алғашқы тобын дайындап шығарған Жетісудағы бірден-бір педагогикалық оқыту орындары болатын» [2, 15 б.].

Қажымның бұл курстарда қызмет ете жүріп тек Алматыда емес, 1926 жылы өз туған жері Бөкей Орда губерниясына мұғалімдер дайындау курсына лектор болып жіберілгені бар [1, 220 б.].

Қ.Басымов оқытушылықпен қатар өзінің тіл саласындағы зерттеулерін белсенді жүргізе берді. Қажымның қазақ тілі саласындағы зерттеулері алғашқы жылдары Алматыда тұрақты шығып тұрған «Тілші» газетінде жарияланып отырды. Кейіннен «Еңбекші қазақ» газетінде бірнеше мақалалары жарияланды. «Тілші», «Еңбекші қазақ», «Жаңа мектеп» сияқты газет беттеріндегі мақалалары синтаксис, морфология, терминология, орфография мәселелері бойынша зерттеулеріне арналды. Ол үкімет қабылдаған жаңа алфвитпен орфография ережелерін түсіндіріп, консультация беру мақсатымен мұғалімдердің алдында баяндамалар жасап, әсіресі, баспасөз бетінде консультациялық көптеген мақалалар жазған. Қажым әр уақытта еліміздегі прогрессивті қазақ тілінің, жазу мәдениетінің дамуына жәрдем жасайтын ұсыныстар мен ережелерді қолдап отырған. Қажым емле, термин, грамматика мәселелерімен ғана емес, сонымен қатар, мектеп институттарда қазақ тілі пәнін оқыту мәселесіне де көп көңіл бөлген. Ол халық ағарту жұмысын өркендету ісіне барлық күш-жігерін, қабілетін сарқа жұмсаған педагог ғалым еді. Қ.Басымов Қазақ ССР Оқу Комиссариатында көп жылдар бойы методист болып істеп жүргенде, мектеп өміріне тікелей қатысып, сабақ беру методикасын, әсіресе, қазақ тілі пәнінің оқытылу сапасын арттыру ісіне белсене қатысып отырды. Оның бір топ еңбектері қазақ тілінің методикалық мәселелерін баяндауға арналған. Оның еңбектері кезінде мұғалімдердің практикалық жұмыстарына көп септігін тигізген еді. Қ.Басымовтың өмірі мен қызметін біраз зерттеумен айналысқан белгілі тарихшы Т.З.Рысбеков Қажым Басымовтың ғылыми еңбектеріне былай деп баға береді: «Қ.Басымовтың еңбектерінің аса бір құнды жағы – онда нақтылы тілдік фактілердің, иллюстративтік материалдардың мол болуы. Ол тіл мәселесіндегі өзі сөз еткен пікірлерін, шешімдерін өте бай тілдік материалдарды пайдалана отырып, жан-жақты дәлелдей білді

Өзінің газеттердегі мақалаларына назар аударатын болсақ, ол кезеңдегі тіл саласындағы аса маңызды мәселелерді шешуге тырысып, оның жолдарын көрсетуге тырысқандығын анық байқаймыз. Қажым: «Қатесіз жазу үшін күрес – әдеби тілімізді өркендету үшін күрес екендігін естен шығаруға болмайды» деп сауатымыздың, жазу мәдениетіміздің жоғары болуына ерекше көңіл бөлді. Қ.Басымов оқушылардың сауаттылығын, жазу мәдениетін арттыруды көздеп, мұғалімдерге арнап бірнеше консультациялық мақалалар жазды.Ол: «Кім не туралы жазса да, өзінің қара басы үшін жазбайды. Басқалар үшін, халық үшін, қоғам үшін жазады. Социалистік құрылысқа ат салысу жолында еңбек етемін деп жазады. Ал, жазғаны қате болса, оның жазғанын көпшілік пайдаланудың орнына зиян көрсе, ол жазудың керегі қанша?» - деп, халықтың сауаттылығын арттыруды мемлекеттік, халықтық зор мәні бар іс деп түсіндірді [3, 226 б.].

Қажымның зерттеулері қай кезде болмасын өз маңызын жоғалпатпады десек болады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін елімізді латын әліпбиіне көшіру мәселесі сөз бола бастаған болатын. Ол туралы көптеген өкілетті орындарда пікірталастар туындап, бүгінде латын әліпбиіне көшуге дайындықтар басталып кетті. Кезінде осы мәселе аясында Қажым Басымов біраз еңбектеніп, зерттеулерінде сол кездің өзінде латын әліпбиінің қазақ елі үшін қандай маңызды екендігін ашып көрсетті. Ол латын әліпбиін жақтаушылардың бірі болды. Сондықтан оның газет беттерінде мақалаларының кейбірі латын әліпбиіне арналды. Сол кезде елімізде негізінен араб әліпбимен жазу жүргізілетін. Ол бұрынғы араб әліпбиінің қазақ тілінің әр

саласындағы кемшіліктерін көрсете отырып, жаңа латын әліпбиінің, қолданысқа енгізуге қалай жеңіл екендігін айта келе, екі әліпбиді тізбектей салыстырады. Бірақ араб әліпбиін жақтаушылардың басында Ахмет Байтұрсыновтар тұрған болатын. Араб әліпбиін қанша ықшамдасада, жазба мәдениетте біраз қиындықтар туғызатынын ескере келе үкімет латын әліпбиімен жазуға біржола көшті. Қажым Басымов латын әліпбиі туралы жазған мақалаларының бірінде былай деп аяқтайды: «Енді латын әріпін алған соң жоғарғы кемшіліктердің барлығынан құтылдық. Мәдениетті Европа жұрттарымен қоян-қолтық келіп, білім белгілерін тануда үлкен жеңілдік алып отырмыз. Латын әрпі жер жүзіне қанатын жайған, әріп өрісі кеңейген, келешегі мол әріп, Октябрь төңкерісінен кейін бұрын жайылмаған Азия елдеріне жайылып кетті. Біз қазақ болып бөлініп, жер дүниеге оның мәдениетінің заңына бой ұсынбасақ, жер астынан жеке шыққанның нағыз өзі болар едік. Сондықтан жаңа әріпті біз ағарту майданымыздағы ұлы төңкерістің бір бұтағы деп тануымыз керек»[2, 37 б.].

Жалпы Қажым Басымов 20 жыл ұстаздық-әдіскерлік қызметінің барысында қазақ тілі ғылымының негізін салушылардың бірі ғана болып қоймай, қазақ тілінің әдістемесін мұғалімдер арасында таратушылардың бірі болды. Қ.Басымовтың қазір бізге белгілі 60-қа жуық мақалалары мен кітаптары бар. Бір өкiнiштiсi осыншама іс тындырған профессор Қ.Басымов туралы кеңестік кезеңдегі еңбектерде қазақ тілі ғылымының негізін салушылардың қатарында оның атының жиі аталмауы. Тәуілсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ғана қазақ тілі және тарих ғылымдары саласындағы еңбектерде аты аталып, еңбектеріне баға бере бастады. Бірақ әліде болса қазақтан шыққан алғашқы профессорлардың бірі, тіл ғылымының негізін салушы алғашқы топтың бір өкілі Қажым Аманғалиұлы Басымовтың өмір жолы мен өлшеусіз еңбегінің елеусіз жатқандығы.

**Әдебиеттер:**

1. ҚР ОММ, 81 қор, 1 т., 1262 і., 340 б.
2. Рысбеков Т.З., Кенжалиев И.Н. Қажым Басымов.-Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ БАҚ және баспа орталығы,- 2008.- 152 б.
3. Рысбеков Т. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, - 2014. – 528 бет.

**ӘОЖ 94(574)**

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ И.Н.КЕНЖАЛИЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

***Ихсанова А.***
*Қазақстан, Орал қ.*

Қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған.Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады [1].Тарих ғылымдарының докторы Т.З.Рысбеков бір сөзінде: «Тарих ғылымындағы ең іргелі мәселенің бірі - өлке тарихы. Біртұтас қазақ тарихын игеру ең әуелі туған өлкесін танудан басталады. Өйткені әрбір адам өзі өскен, қоршаған ортаны, ол жерде еңбек етіп, елін, жерін қорғаған ата-бабасын танымайынша, Отаншыл, елшіл азамат болып қалыптасуы екіталай» - деп тұжырымдаған болатын [2].

Ежелден Еділ мен Жайық бойын ен жайлаған ерекше өңірде із қалдырған алма-ғайып заманалар мен дүрбелең оқиғалар, ел қамы үшін жанын жалау тұтқан тұлғалар, аңызыастарласқан ауызша деректемелерге бай Қазақстанның батыс аймағында бұл күндері дәстүрлі байланыстар жаңа арнасын тауып, жандана түсуде. Туған елі мен жер тарихына қатынасты өзіндік ой-көзқарастарымен, тиянақты ғылыми ізденістерімен батыс өлке тарихының кейбір, ақтаңдақ беттерін ашып көрсетуде, Батыс Қазақстан облысының тарихи, саяси, экономикалық, ұлттық-этнологиялық, демографиялық, археологиялық ахуалының дамуын танып-білуде тарихшы-ғалымдарымыз еңбек етуде [3]. Туған жерінің тарихын зерттеуге елеулі үлес қосқан тарихшыларымыздың бірі – Исатай Нәсекенұлы Кенжалиев.

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан тарихнамасында тұлғатану мәселесі қолға алынып, кеңестік жүйе идеологиясымен бұрмаланып, аты халық арасына белгісіз болып келген ұлт

жанашырларының өмірі, қоғамдық қызметі жаңаша әдістемемен зерттеліне бастады. Осы салада өз елінің тұлғаларын ардақтап, тәуелсіздік жолында жанкешті күрес жүргізген ата-бабаларымызды кейінгі ұрпаққа таныту мақсатында жазылған Исатай Нәсекенұлының еңбектерінің шоқтығы биік. Өлке тарихына тікелей қатысты тарихи тұлғалар – Исатай, Махамбет, Сырым Датұлы, Құрманғазы, Дәулеткерей, Ғұмар Қараш, Сейтқали Меңдешов, Қажым Басымов, Маншүк Маметова туралы мол мәліметтер қалдыруымен құнды.

Исатай Нәсекенұлы саналы ғұмырын Кіші жүз тарихын зерттеуге арнады. Ірі зерттеу еңбектерінің бір арнасы Кіші жүздегі 1836-1838 жылдары болған шаруалар көтерілісіне арналған. Осы тақырып аясында 1970 жылдан бері көтерілістің басшысы Исатай Тайманұлы мен Мақамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметін, Кіші жүздің XIX ғасырдың I жартысының тарихын арнайы зерттеп, кітаптар мен ғылыми мақалалар жариялағаны белгілі. Күрескер ақын туралы ғалымның алғашқы еңбегі баспа бетін 1974 жылы көрді. Бұл еңбекте шаруалар қозғалысының көрнекті қайраткері Махамбет Өтемісұлының өмірі мен қызметі туралы жазылған. 1979 жылы бұл кітап толықтырылып қайта басылып шығады. Бұл тарихи очеркте күрескер ақын Махамбет Өтемісұлының өмірі жайлы жаңадан табылған және бұрын жарияланбаған Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архивінің №4, 78 қорларының, Орынбор облыстық архивінің 6 және 222-қорларының, Ташкенттегі Өзбек ССР Орталық мемлекеттік архивінің материалдары пайдаланылған. Бірқатар тың мәліметтер, деректер, сол кездегі қазақ шаруаларының саяси, әлеуметтік-экономикалық ауыр жағдайын және хандардың, билердің, сұлтандардың, патша әкімдерінің екі жақты езгісін, зорлық-зомбылығын терең ашып береді[4].

Исатай Тайманұлы тұлғасын зерттеуге үлкен үлес қосқан тарихшының, 1977 жылы «Тайманұлы Исатай» атты монографиялық зерттеуі жарық көрді. Еңбекте Исатай өмірінің әртүрлі кезеңдері әңгіме болады. Оның жас кезі, өскен ортасы, жеке басының ерекшеліктері тарихи деректер арқылы дәлелді көрсетілген. Монографияның құндылығы – XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Ішкі Орда қазақтарының саяси-әлеуметтік тіршілігін, тап күресін, патша отаршылдары мен жергілікті билеушілердің екі жақты қанауын, шекара комиссиясының қазақ ордаларымен байланысын Тайманов айналасында ашып көрсетуінде [5, 7б.].Осы тақырып аясында өз зерттеулерін кеңейткен Исатай Кенжалиев, 1991 жылы Исатай Тайманұлының туғанына 200 жыл толуына орай, «Исатай-Махамбет» атты кітабын, 2003 жылы Мақамбеттің туғанына 200 жыл толуына орай «Мақамбет Өтемісұлы. Өмірі мен қызметі» атты кітабын жарыққа шығарды. Сонымен қатар, Мақамбеттің 200 жылдық мерейтойына орай, Исатай Нәсекенұлының «Мақамбет толғаулары» атты зерттеу еңбегі жарық көрді. Бұл кітапта Мақамбет мұрасының мол қоры жинақталған. Бұл жинақтың құндылығы, біріншіден, бұрын еш жерде жарияланбаған толғауларынан үзінді ендірілген. Екіншіден, баспада үзінді күйінде ғана белгілі болып, көптеген тармақтары, жолдары түсіп қалған толғаулары, өлеңдері енген. Сондай-ақ, ақынның 1974 жылғы жинағына енбей, ұмыт қалған өлеңдері, шумақтары бар. Үшіншіден, қалың оқырманға беймәлім шағын өлеңдері де енгізілген[6, 10б.].

Исатай Нәсекенұлының тағы бір ірі зерттеулерінің бірі – халық құрметіне бөленген өнер иесі, дарынды күйші – Құрманғазы Сағырбайұлы. Осы тақырып төңірегінде 1990 жылы «Қос ішек» атты еңбегі жарық көрді.Еңбекте Кіші жүздің саяси-экономикалық жағдайына шолу жасалған. Сол кездегі Орал, Астрахань әскерлерінен жазықсыз жапа шекккен Кіші жүз қазақтарының халі тарихи құжаттар арқылы нақтылы баяндалады. Бұдан XIX ғасырда қазақ даласында өмір сүрген патшалық озбырлық пен феодализмның кесапатын көреміз. Ғалым еңбекте ұлы композитор дүниеге келген Нарын құмына географиялық талдау жасайды. Осы тұста автор ол өскен ортаға нақты шолу жасай келіп, Қайдар Ермұхановтың «Чародей» кітабындағы Құрманғазы Әубәкірге жалшы болды деген пікірдің қателігін дәлелдейді[7, 216б.].

Біздің тәуелсіздігіміз, мемлекеттігіміз сонау Қазтуған, Доспамбет дәуірінен басталып, кезең-кезеңге бөлініп, ұзақ жүргізілген ұлт-азаттық күресіміздің нәтижесі. Ата-бабамыздың жанкешті күресінің ең қажырлы кезеңін бастаған да, басқарған Кіші жүздегі Байбақты руының перзенті – Сырым Датұлы. Сырым Датұлы – қазақ халқының бостандығы, ұлттық азаттығы үшін, атамекен қонысының сыртқы жаулардың талауына түспеуі жолында күрескен айбынды жауынгер. Исатай Нәсекенұлы Мақамбет, Құрманғазы, т.б. тақырып төңірегінде деректер іздеп, ел аралап жүріп Сырым туралы мәліметтер жинап, тарихи әдебиетті қарап, мұрағат материалдарына көз сала жүріп, 1997 жылы алғаш рет «Сырым батыр» деген кітапша шығарады. Ол кітапшада Сырым көтерілісі туралы ықшам тарихи очерк пен алғаш рет Сырымның белгілі де, белгісіз де шешендік, ақылгөй сөздері енгізілді. Бұл кітапша жаңа материалдармен толықтырылып, 2000 жылы «Сырым батыр» атауымен қайта басылым бетін

көрді. 2007 жылы осы еңбектердің негізінде жаңа тың мәліметтермен толықтырылып, Исатай Кенжалиев тарих ғылымдарының докторы, академик Т.З.Рысбековпен бірлескен «Сырым батыр» атты еңбегі жарық көрді [8, 5б.].

Исатай Нәсекенұлын елінің, туған жерінің жанашыры, жоқшысы, патриоты. Бұған дәлел өзінің көп жылғы іздену барысында біздің облыспен қатар өзі туып өскен Казталовка ауданы жөнінде материал жинап, «Казталовка – байырғы атамекен» атты монология жазуы. Бұл еңбекте ауданның тарихы, жүріп өткен жолдары, ондағы еңбек адамдары, елге, жерге байланысты шежірелер, осы жерде болған елеулі-елеулі оқиғалар хақында сыр шертеді. Еңбектегі тарихи материалдар көне көз қарттардың айтуы бойынша, архив деректері негізінде жазылған [9].

Өз еңбек жолында Ғұмартану саласымен де айналысқан Исатай Кенжалиевтің 2004 жылы Ғ.Караш туралы арнайы зерттеу еңбегі жарық көрді. Ғұмар Қараш және оның замандастары адамзаттың аса бір қиын, күрделі, арпалысты дәуірінде өмір сүрді. Бұл кітапта Ғұмар Қараштың өмірі мен қызметі қамтылған. Еңбек мұрағат материалдары мен Ғұмарды көріп, бірге жұмыстас болған азаматтардың мәліметтеріне сүйеніп жазылған.Ғұмардың ұлтжандылық қасиеттерін сипаттай келе, автор оны бірнеше қырынан танытады:

«Ғұмар Қараш – саясатшы, ол саясат мәселесіне батыл және ашық араласады. Басқалардай емес, шаруашылық, әлеуметтік мәселелерге нақты көңіл бөлген. Алдымен отырықшылыққа, егін егуге шақырған. Сосын 1912 жылы қазақты кооператив ұйымдастыруға үгіттеген. Тұрмыстағы түрлі ескі жарамсыз қылықтарды әшкерелеген.

Ғұмар Қараш қазақтың ұлы педагогі. Ол орыс, татар, араб, парсы, т.б. тілдерде көп оқыған, сол білігін қазақтың ежелгі педагогикалық, этикалық тәжірибесі, ұстамымен ұштастыра отырып, өзінше жаңа заман талабына сай ұсыныстар жасаған. Ол 1919 жылы қазақтың алғаш педагогикалық «Мұғалім» журналын шығаруға қатысып, жетекші болып, қазақта тұңғыш рет ғылыми педагогика мәселелерін жазған.

Ғұмар ақын насихатшы ғана емес, ол нақты істің кісісі. Ол алғаш қазақ мектептерін ұйымдастырып, мектеп үйлерін салдырып, оқулық, бағдарлама жазып, жабдықтаған. Ол қазақ тілі пәнінің алғаш оқытушысының бірі. Ғұмардың ауылшаруашылық артелін ұйымдастырғаны да белгілі.

Ғұмар жалынды, жарқын патриот. Ол өз ұлтының мерейін көтеруге қызмет істеп, өз ұлтының болашағын ойлап, тілдің рөлін айқындап берген» [10, 130б.]. Осылайша Исатай Нәсекенұлы Ғұмарды сипаттай отырып, оның ұлт перзенті, ұлы тұлға екенін көрсетіп берді.

Исатай Нәсекенұлы ұзақ жылдар бойы Мәншөк Мәметованың өмірі мен қызметін, жауынгерлік жолын зерттеп, баспасөз бетінде мақалалар жариялаған. Соның нәтижесінде 2005 жылы ғалымның «Мәншөк батыр» атты еңбегі жарық көрді. Бұл еңбек тарихи деректер және Мәншөк Мәметованың туыстары мен қарулас жолдастарының мәліметтері бойынша жазылған.

Особой популярностью у казахов, наряду с народами Передней и Средней Азии пользовался Қыдыр. Мустафина Р.М. на базе этнографических исследований считает, что его образ связан с доисламской мифологией. Он – даритель всевозможных благ, изобилия, богатства, счастья. Он спасает от жажды и указывает путь. Казахи считали, что святой имел обыкновение утром идти впереди стада баранов, а вечером сзади. Поэтому суеверный казах, встречаясь со стадом баранов, утром объезжает его спереди, а вечером сзади, стараясь попасть на глаза невидимому святому, один взгляд которого мог принести счастье человеку. Кыдыра трудно распознать среди людей, так как он принимает - образ человека. Увидеть Кыдыра во сне и взять его за руку — доброе предзнаменование. Но, если кому-либо посчастливится с ним встретиться наяву и поздороваться за руку, это означало, что человек будет здоровым и богатым, ему во всем будет сопутствовать успех. Вот почему про преуспевающего человека обычно говорят: «Қыдыр дарыған» («Кыдыр облагодетельствовал»). Кыдыр покровительствует путникам. Поэтому отправляясь в путь казахи говорят: «Жортқанда жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын!» («Да будет в пути другом тебе Кыдыр!»). Согласно широко бытующему мнению, Кыдыр помогает земледельцам: бросая первое зерно казахи обычно говорят: «Кыдыр жолдасымыз болсын» («Пусть другом будет Кыдыр»), «Қыдыр қолдасын» («Поддержи, Кыдыр») [10, с. 115-116].

В ритуальных целях, например, в бассейне средней Сырдарьи оставляли на ночь кучу очищенного зерна на току. Два молодых человека, пребывая в полном молчании, стерегли зерно от воров и животных. Поверье объясняло смысл этого обычая. Якобы Кыдыр ходит ночью вокруг кучи зерна, и она увеличивается. Ком земли (кесек), который клали после обмолота у зерна с западной стороны кучи (т. е. в направлении Мекки), должен был привлечь Қыдыра. Рано утром, до восхода солнца хозяева приходили и начинали насыпать зерно в мешки. И эта работа делалась молча, чтобы Қыдыр не покинул ток [1, с. 265].

Однако в некоторых других областях Казахстана Дед-земледелец не был полностью замещен Қыдыром в завершающих обрядах земледельческого цикла. Здесь одни и те же воззрения были связаны и с Диқан-баба, и с Қыдыром. Считалось, например, что на ток могут приходить или Дикан-баба, или Қыдыр, способствуя своим появлением успеху работы. Если под кучу зерна вползала змея, этому радовыались, ибо в образе змеи или другого животного могли явиться Диқан-баба или Қыдыр. Казахи считали, что Диқан-баба или Қыдыр, придя погружают палец в зерно, сообщая таким образом урожаю благодать. Когда чистое зерно собрано в кучу, хозяин лопатой проводил сплошную черту примерно посередине кучи, как бы опоясывал ее. Это был знак для Диқан-баба или Қыдыра, чтобы они явясь на ток, ходили вокруг зерна, наделяя его своей благодатью.

Известно, что весьма распространенным и удивительным приемом оберега у тюрков был обряд кружения. У казахов он выражается словом «айналайын» – обойду, окружу тебя. Замечательно пишет об этом Чокан Валиханов: «У киргизов чарующая сила заключается собственно в кружении. Они избегают полного круга при осмотре чего бы то ни было. Обойти человека – значит принять на себя все его болезни, все чары, которые тяготеют над ним. Поэтому самое нежное слово у киргизов и самое верное выражение любви заключается в слове айналайын, у среднеазиатских тюрков – ургулаин, что значит «обхожу тебя». Мы слышали, что в старые годы часто чадолюбивые отцы бегали с поясом на шее вокруг юрты, где лежал больной сын, предлагая себя небу взамен больного сына. Птицу, попавшуюся в руки, отпускают на волю, не иначе как обведя ею несколько раз вокруг головы» [3, с. 68-109]. Мы считаем, что кружение Диқан-баба или Қыдыра по поверям казахов вокруг зерна, является пережитком обряда кружения тюрков.

Под влиянием ислама образы Дикан-баба и Кыдыра претерпели значительные изменения и мусульманизировались. В представлениях казахов эти образы отождествляются. Подобные представления, как справедливо отмечает Дж.Х. Кармышева, позднего происхождения, возникшие под влиянием ислама. Считается, что связанные с образом Бобои Дехкана обряды и воззрения представляют собой некогда пышный культ могущественного аграрного божества [11].

Важное место в земледельческой обрядности принадлежит Наурызу — Новому году, празднику пробуждения и воскресения природы, знаменовавшим начало сельскохозяйственных работ. Обычай празднования Нового года восходит к древнеиранской традиции (перс. Ноуруз), получившей широкое распространение у народов Передней и Средней Азии. Жанибеков У. верноотмечает, что «Не без участия некоторых горе-теоретиков социалистической обрядности этот очень своеобразный народный праздник был предан забвению в советское время. ...традиция «Наурыза», как известно, возникла задолго до принятия мусульманства в казахских степях» [12, с. 129].

У казахов «наурыз» - название одного из весенних месяцев. Р.М. Мустафина отмечает, что у казахов были известны три Наурыза, связанных с различными датами. Это 1 марта – древний казахский; 9 марта – персидский; 12-13 марта – казыбек-наурыз, который праздновался всеми казахами. Наиболее часто наступление Нового года связывали с днем весеннего равноденствия – 21-22 марта.

В Западном Казахстане Наурыз традиционно праздновался 14 марта – Көріс күні. В этот день было традиционно принято пожать руки друг другу, простить и примириться с окружающими. В Мангистауской области этот день называется Амал Күні. По некоторым этнографическим сведениям «наурызом» казахи называли лишь первый день весны [10, с. 117]. В связи с переходом в России с юлианского на григорианский календарь, который был введен с 14 февраля 1918 г., различие между старым и новым стилями в XX в. составило 13 суток, т.е. по новому стилю 1 марта соответствовало 14. Шакарим Кудайбердиев в письме своему сыну Ахату также отмечает, что «14 март – ескіше 1 март. Бүгін ескіше 1 март, қазақша жаңа жыл, Ұлыстың ұлы күні. Ал жаңа жылдың бұрынғы аты – Наурыз, бұл фарсы тілінде жаңа күн деген сөз» [13]. Это подтверждает, что 1 марта по старому стилю – древний казахский Наурыз.

Тюркологи считают, что исчисление Наурыза 14 марта связано с системой счета времени тюрков. У тюрок Южной Сибири счет времени велся девятками дней, которые группировались в четыре температурных цикла, совпадающих в основном с четырьмя сезонами года. Зимние холодные девять девятидневок – это время «рождения» и «умирания» мороза (с 23 декабря до 14 марта). С 14 марта наступала весна – время «взросления» листьев и пения кукушек. Известно, что раньше апрель называли «Көкек» (кукушка).

Как и многие народы Средней и Передней Азии, казахи отмечали весенний праздник Нового года - Наурыз. Наурыз, восточный праздник, как отмечалось уже выше, берет свое начало еще с доисламской истории народов Средней Азии. Это был не только земледельческий праздник. Пробуждение природы вызывало надежды на плодородие в самом широком смысле слова. Считалось, что в этот день происходит обновление в природе, гремит первый весенний гром, набухают почки на деревьях, буйно прорастает зелень.

Если в этот день рождались мальчики, их называли по традиции Наурызбаями или Наурызбеками, а девочек просто Наурыз или Наурызгуль. Если в день равноденствия выпадал снег – это считалось добрым знаком. В далеком прошлом казахи называли Наурыз Днем улуса (народа), или Великим днем улуса. В народе есть поверье: чем щедрее будет отмечен праздник Наурыз, тем благополучнее пройдет весь последующий год. Отсюда – изобилие праздничных обычаев и атрибутов. Накануне праздника весеннего равноденствия люди приводили в порядок жилье, расплачивались с долгами, мирились находившиеся в ссоре, ибо, как утверждали старики, когда Наурыз входит в дома людей, все болезни и неудачи должны обходить их стороной. В ночь перед торжеством в знак пожелания обилия молока, урожая и дождя все емкости наполняли молоком, айраном, зерном, ключевой водой, а в день Наурыза все старались быть в добром расположении духа, при встрече обнимали друг друга, высказывали самые добрые пожелания, чтобы все невзгоды и беды миновали их.

Празднование Наурыза начиналось традиционной встречей рассвета, связанного со старинным ритуалом «Если увидишь родник – расчищай его исток». Встречая рассвет, все взрослое население, молодежь и дети, взяв в руки лопаты и кетмени, собирались в условленном месте у родника или арыка и производили его расчистку. Затем все вместе под руководством почтенных стариков производили посадку деревьев. При этом по установившейся традиции произносились слова: «Пусть останется в памяти от человека дерево, нежели стадо» и «Срубил одно дерево – посади десять!». После исполнения ритуальных мероприятий три человека в образе «жыршы» – зазывалы (глашатая), обходили все улицы, площади, дворы и звали всех на праздник. Они одевались в яркие, праздничные костюмы. Ими могли быть персонажи казахских народных сказок – Алдар Косе, Жиренше и красавица Карашаш. После этого

начиналось праздничное представление. Люди веселились, поздравляли друг друга с наступлением Нового года, желали друг другу добра, пели песни, которые издавна были сложены специально для этого праздника – «Наурыз жыр», устраивали борьбу мужчины с женщиной, состязания в скороговорках – «жанылтпаш», отгадывании загадок – «жумбак».

В эти дни обычно готовилось много еды, которая символизировала достаток и изобилие в наступающем году. В полдень, на установленном месте у селения резали быка и варили из его мяса блюдо «бель-котерер», что означает «выпрямляющий стан», так как бык всегда считался одним из самых сильных животных, и пища из него давала людям силу и выносливость.

Дастархан накрывали в каждой семье. Трапеза приурочивалась к полудню, до и после которой мулла читал молитвы в честь предков. По завершении молитвы, старший по возрасту из присутствующих давал благословение «бата», чтобы из года в год благополучие не покидало семью.

У казахов при праздновании Наурыза обязательным являлось присутствие числа «7», которое олицетворяет семь дней недели – единицы времени вселенской вечности: перед аксакалами ставились семь чаш с напитком «Наурыз-коже», приготовленным из семи сортов семи видов злаков. В состав семи компонентов обычно входили мясо, соль, жир, лук, пшеница, курт, иримшик (творог).

О семи составных элементах ритуального блюда писали и дореволюционные авторы и современные исследователи. Однако они не объяснили, почему их количество ограничено числом «семь». Р.М. Мустафина, основываясь на этнографических исследованиях, считает, что число составных элементов в ритуальном блюде должно соответствовать числу дней в неделе. Чтобы не раздавать эти продукты в течение семи дней по отдельности, избавляются от этой необходимости одним котлом. Вероятно, это объяснение представляет собой местную интерпретацию древних представлений, связанных с традицией празднования Нового года ираноязычными народами. Так, у персов, например, праздничный стол включает семь съедобных предметов, название которых начинается с буквы «син» — «хафт син» (семь син») или с - «шин»: шароб (вино), шир (молоко), шербет (сладости), которые символизировали благополучие и достаток [14, с. 320]. Число «семь», с которым казахи связывают благополучие в течение всего года, как и у многих народов, очевидно, имеет математическо-астрономическое объяснение, основанное на его взаимосвязи с фазами и циклами Луны (семь дней недели — половина лунной фазы).

В Южном Казахстане широкой известностью пользуются легенды о происхождении и названии Наурыза. Так, по одной из них, Наурыз — имя предка казахов («Қазақтың бабасының аты»), у него не было детей. Перед смертью Наурыз обратился к Абдраиму (пророку) со словами сожаления о том, что ему некому оставить свое имя. Чтобы сохранить имя старика, Абдраим дал имя Наурыз коже. Наурыз - день рождения и смерти этого старика. Согласно другой версии, Наурыз – имя нищего. Перед смертью он обратился к старикам со словами, что ему некому оставить свое имя. Старики обещали ежегодно готовить Наурыз–коже и читать молитвы из Корана в память о нем.

Эти легенды указывают на то, что образ Наурыза явно связывается с традицией почитания предков. Известно, например, что кочевники-скотоводы в Наурыз обращались к духам предков, совершали им жертвоприношения, возжигали светильники на могилах умерших предков [11, с. 55].

Празднование Наурыза всегда сопровождалось массовыми играми, традиционными скачками, развлечениями. Самыми известными и любимыми в народе были игры «Айкыш-уйкыш» (то есть «Навстречу друг другу») и «Аударыспек», во время которой джигиты перетягивали друг друга из седла.

Праздник Наурыз не обходился и без спортивной борьбы, участвовать в которой могли не только юноши, но и девушки. Девушка вызывала джигита на состязание с условием, что если он победит, то приобретет право на ее руку и сердце, а если победит она, то джигит должен повиноваться ей и выполнять любые ее желания. В таких случаях Наурыз превращался в свадебные торжества.

Все люди, независимо от пола, возраста и социальной принадлежности, освобождались от повседневных обязанностей и на равных правах принимали активное участие в весельях и играх. В это время снимались всевозможные этические запреты во взаимоотношениях мужчин и женщин, даже те, что всегда существовали между старшим деверем – кайынага – и невесткой – келен. Ученые считают, что эта веселая игра ради забавы есть далекий отголосок свободных

встреч и массовых совместных развлечений в дни возрождения умершей природы между двумя взаимообручающимися родами, когда на короткое время снимались запреты и ограничения во взаимоотношениях мужчин и женщин. Здесь в неприкрытом виде вступал культ плодородия [11, с. 52]. День традиционно заканчивался представлением, где два акына в стихотворной форме состязались в песнях. Их состязания прекращались с заходом солнца, во время, когда добро побеждает зло. Затем разжигали костер, и люди с зажженными от него факелами обходили все окрестности селения, пели и плясали, тем самым, завершая праздник весеннего обновления и равноденствия.

В народной памяти и записях знатоков старины сохранилась традиция колядования (жарапазан), которые исполнялись во время празднования Наурыза. Обряд «жарапазан» представляет собой обход домов, сопровождаемый исполнением песен, завершающийся одариванием его участников. Основным содержанием обрядовых песен являются величания, в которых отражаются традиционные сюжетные ситуации и мотивы, сопровождающиеся пожеланиями благополучия, изобилия и другими устойчивыми формулами — благодарственными и даже угрожающими. Р.М. Мустафина считает возможным допустить, что на жарапазан оказали влияние новогодние обрядовые ритуальные приветствия и благожелания, мотив которых тесно связан с культом плодородия, восходящим к древним пластам местной домусульманской традиции. [10, с. 123]. Впоследствии под влиянием ислама сильно преображенные новогодние обрядовые песни обрели укрытие и новую жизнь в мусульманской обрядности. Пронизанный элементами исламской традиции, сопровождая мусульманский пост, обряд колядования стал частью бытового ислама.

В комплексе обрядов, сопровождавших хозяйственную деятельность казахов, важное место занимал обычай жертвоприношения по случаю засухи – тасаттык. Слово «тасаттык» происходит от арабского «тассадук» - «жертва», «жертвоприношение». Обычай вызывания дождя восходит к древним представлениям тюркских народов о «дождевом камне»— джеде, таш, яда, еде, суу-таш, жай тас, бытовавших у среднеазиатских народов с раннего средневековья до конца XIX века. Заклинания дождя были широко распространены среди мусульман. Так, например, во время засухи в Ташкенте в 1869 г. местные жители говорили, что будто бы казахские муллы молились о дожде, держа в руках камемь «ида». В этнографической литературе отмечалось «сильное проникновение ислама с его развитой обрядностью в эту шаманскую церемонию». Главным участником обряда у казахов, также как и у многих народов Средней Азии, становится мулла, который молитвами из Корана испрашивал у Бога дождь. Он нередко выступал в роли организатор обряда. Если в местности не было муллы, молитвы возносились любым из участников обряда [10, с. 123]. У. Жанибеков сообщал, что старинный обряд «та-саттык» традиционно проводился на открытом месте, обычно у реки, озера или родника с жертвоприношением и угощением. Жертвенное животное резали над водой, прося ниспослать дождь [2, с. 130].

Некоторые обычаи и поверья казахов связаны с животными. Лошадей, овец, верблюдов они наделяли свойствами оберега – кие, поэтому запрещалось бить их по голове, пинать ногами. Истоки почитания животных восходят к древности и средневековью. Примером этого могут служить надгробные изваяния «койтас», встречающиеся в мангышлакских некрополях, глиняные фигурки баранов, коней, верблюдов, находимые при раскопках средневековых городов на юге Казахстана.

Скотоводы, естественно, хорошо знали особенности домашних животных и по своему усмотрению регулировали время получения приплода. Обычно оно приурочивалось к наступлению тепла. Л. Мейер писал: «Киргизы разводят овец с таким расчетом, чтобы самка ягнилась к весне, когда появляются молодые травы, и с этою целью препятствуют совокуплению в известное время года» [15, с. 70]. Этим объясняется подвязывание войлочных фартуков – куйек баранам – производителям для исключения раннего покрытия маток и преждевременного ягненка.

Подвязывание и снятие фартуков поручалось по древним поверьям казахов многодетным женщинам. Казахи считали, что это содействует плодовитости овец, получению большого количества самок в их приплоде [12, с. 131].

Особое почетное место в доисламской традиции занимает конь. Прежде всего, это, безусловно, связано с тем, что протоказахские народы всегда были кочевыми.

В бытовой жизни кочевников среди четырех разновидностей домашних животных Конь всегда ценился выше других и занимал свое особенное, главное место. «Лев – царь зверей, конь

– царь домашнего скота», «Крылья батыра – конь», «Неудачливого джигита выручает удачливый конь», - так говорят народные поговорки. Казахи всегда очень ценили и берегли коней, уважительно называли их «мудрым животным», «безъязыким человеком», «человекоподобным зверем». Такое отношение к лошади, возвеличивание и почитание коня, связано с ведущей ролью этого благородного животного в кочевой жизни и быту казахов. Есть группа обычаев и поверий, связанных с конем, которые тесно переплетаются с периодами человеческой жизни: (рождение, детство, отрочество, юность, взросление, женитьба, смерть и похороны).

Таким образом, характеризуя особенности сельскохозяйственной обрядности казахов, отметим, что казахи, не смотря на давность проникновения ислама в степь с IX-X вв., унаследовали от своих предков широкий круг представлений, вытекающих из преклонения перед силами природы. Ислам смог пустить корни позже, благодаря стараниям мулл, ишанов и ходжей. Многие древние обычаи казахов, связанные с сельскохозяйственной деятельностью, использовались в некоторых формах религиозной пропаганды исламского духовенства и были включены в обрядовую систему мусульманства.

**Литература:**


1. Казахи. – Алматы, 1995. – 352 с.
2. Жанибеков У. Обычаи и время. 2-е изд. доп. – Астана, 2007. – (Библиотека казахской этнографии). – 155с.
3. Валиханов Ч.Ч. Этнографическое наследие казахов (Текст). Т.1 /Ч.Ч.Валиханов. - 2-е изд.доп. - Астана: «Алтын кітап», 2007.- 291с.- (Библиотека казахской этнографии).
4. Гумилёв Л.Н. Древние тюрки. - М., 1993. – 314 с.
5. Байпаков К.М., Подушкин А.Н. Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Казахстана. - Алматы, 1989. – 159 с.
6. Масанов Н.Э. Проблемы социально-экономической истории Казахстана на рубеже XVIII-XIX вв. - Алма-Ата, 1984. – 176 с.
7. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т. 1. - Алма-Ата, 1961. – 214 с.
8. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. 3. - Алма-Ата, 1985. – 416 с.
9. Бисенбаев А.К. Мифы древних тюрков /http://turan.info/forum/showthread.php.
10. Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. - Алма-Ата, 1992. – 176 с.
11. Кармышева Дж. Земледельческая обрядность у казахов //Древние верования и культы народов Средней Азии. – М., 1986. – 208 с.
12. Жанибеков У. Обычаи и время. 2-е изд. доп. – Астана, 2007. – (Библиотека казахской этнографии). – 155с.
13. Құттымұратұлы Қ. Ертең – көрісу айт! //Орал өңірі. 2012. – 13 наурыз. - №30 – с. 1.
14. Народы Передней Азии //Серия Народы мира. М.: АН СССР, 1957. – 637 с.
15. Мейер Л. Казахская степь Оренбургского ведомства. 2-е изд. доп. - Астана: «Алтын кітап», 2007. - 193 с. - (Библиотека казахской этнографии, том 17).


**ӘОЖ 94(574)**

## МҰНАЙШЫ МАМАНДАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Сарсенов А.С., Бердіғожин Л.Б., Мақсотова Н.***
*Қазақстан,Атырау қ.*

Қазақстандық тарихнаманың кеңестік кезеңінде жұмысшы кадрлары және жалпы кадр мәселесін зерттеудің теориялық-методологиялық мәселелері жан-жақты қарастырылғанын айтқан жөн. Олардың қатарында: А.Н.Нүсіпбековтің кадр тақырыбын зерттеудің теориялық мәселелері, кадрлардың сандық және сапалық құрамы, жас және жыныс ерекшелігі мәселелерін зерттеуге жол ашуы [1], еңбек жарыстары туралы теориялық пікірлер білдірген М.Уалиев еңбектерін [2], кадр мәселесіндегі ғылыми техникалық революция әсері туралы Б.Абишева зерттеулерін [3], темір жол кадрларының тұтас жүйесін жасаған М.Асылбеков еңбектерін [4] айтқан орынды.

1920-1980 жылдары толық үстемдік құрған маркстік-лениндік теориялық-методологиялық ұстанымдарды басшылыққа алған зерттеу еңбектері 1970 жылдары ортасында қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарды ғылыми шешу жолын көрсетуге дәрменсіз болды.

1970 жылдардың ортасы және 1980 жылдары елдегі әлеуметтік-экономикалық шиеленіс кадр мәселесінде төмендегідей бағытта көрінді:

Елде белгіленген әлеуметтік-экономикалық дамудың бесжылдық жоспарлары орындалмады, жұмысшы кадрларын даярлайтын кәсіптік білім тұралады, инженер-техникалық қызметкерлер әлеуметтік-тұрмыс жағдайларының дұрыс шешілмеуіне байланысты өндірістен жаппай кете бастады. Міне бұл жағдайлар, тәуелсіздіктіің алғашқы жылдары Отандық тарихшылардан жаңаша теориялық бағыттағы еңбектерді талап етті. Кадр мәселесін жаңаша көзқараста зерттеу, ең алдымен әлеуметтік-демографиялық бағыттағы өзгерістерге байланысты болды.

1989 жылғы Жаңа Өзен қаласындағы ұлтаралық шиеленіс бұл мәселеде толық көрініс тапты.Өндірістік аудандардағы экология мәселесі, еңбек ақы, тұрғын үй, денсаулық сақтау, білім беру проблемаларына өндірістік аудандардағы шағын қалалар проблемасы мен  көптеген жұмыс орындарының қысқару, жабылу салдарынан пайда болған жұмыс күші миграциясы мәселесі қосылды.Оның бер жағында ірі өнеркәсіп аудандарына шеттегі қандастарымыз көптеп қоныс аударып, проблемалар өсе түсті. Міне, осы проблемаларды саралап, тарихи тәжірибені теориялық бағытта қолдана білген жаңа зерттеулер жазылды.

Зерттеліп отырған тақырыпқа тікелей қатысы болмаса да, Қазақстандық өндіріс салаларының кадр мәселесіне арналған С. К. Игибаевтың «Қазақстанның революцияға дейінгі өнеркәсіп жұмысшылары»[5], А.Ш.Алтаевтің «Қазақстан өнеркәсіп жұмысшыларының әлеуметтік дамуы (1970-1990жж) [6], Н.А.Абдуллаевтің «1950-1975 жылдардағы Қазақстан өнеркәсіп жұмысшыларының қалыптасуы»[7], М.Ж.Ташеновтың «Қазақстан жұмысшы табы 1960-1985 жылдарда (өнеркәсіп бойынша)»[8]. монографиялық, диссертациялық зерттеулері жарияланды

Бұл зерттеулерде көрсетілген Отандық тарихтың теориялық-методологиялық мәселелері кейін, кеңірек түрде З.Алдамжардың «Тарих: пайым мен тағылым» атты 2003 жылы жарық көрген методологиялық бағыттағы мақалалар жинағында көрініс тапты.

Қазақстан тарих ғылымында әлі де болса тиісті көңіл бөлініп, ұқыпты түрде қолға алынбай келе жатқан мәселелердің бірі – осы методолгиялық жүйені қайтадан жаңа ғылыми негізде зерттеу.

Әрине, бұл іске кірiскенде осы уақытқа дейін қалыптасып, ғылыми айналысқа енген методологиялық тұжырымдар мен қағидаларды түгелдей теріс деп тауып, ысырып тастасақ, онда асығыстық, бірыңғай пайымсыздық көрсетер едік.Өйткені өткен дәуірде орын алған қате-кемшіліктерді,и кесаппаттық тылсым салдарын сынап, бой арылту барысында біз іске асар мұраның бір мысқалы болса да бекер шашпай жинақтағанымыз жөн. Ізденіс пен жинақтылық – ағайынды тіршілік.Сондықтан методологиялық жүйе туралы мәселе қозғағанда, біз марксистік-лениндік таптық методологияның принциптерінен, оның идеологиялық шырмауынан бас тартып, сынағанда, сонымен бірге, жалпы ғылыми методологиялық жүйе, таптық шеңберден тыс жатқан ғылыми ортақ негіздегі ақиқаттық принциптер мен объективтік ой-пікір барлығын ескергеніміз абзал [9, 108 б].

Отан тарихындағы теориялық-методологиялық ұстанымдар туралы, соңғы зерттеулер ішінде Х.Әбжановтың «Ұлт тарихы: оны зерттеудің ұстанымдары қандай болуы керек?» атты мақаласын көрсетуге болады. Мақалада З.Алдамжар теориялық ойлары ғылыми дамытылып, Қазақстан тарихын зерттеудің қалыптасқан негізгі тұжырымдары ретінде: тарихты жасайтын адам, тарихты жазуда адамзат тәжірибесі мен тағылымын ескеру, тарихтағы сабақтастық әсіресе ұрпақтар сабақтастығы, ұлт тарихының гуманизмі, ұлт тарихының оптимизмі туралы методологиялық тұжырымдармен байытты [10, 118-128 б].

Кадр мәселесін зерттеудің негізі ретінде диалектикалық және тарихи материализм принциптері, әлеуметтану категориялары ең бастысы философияның дамытушылық қағидалары басшылыққа алынуы тиіс.

Жаңа парадигма немесе тарихи құбылыстар мен оқиғаларды, процестерді зерттеудегі жаңа үлгі – модель, Марксистік философия мен методологиядан түгелдей бас тарту емес. Мәселе оның тарихи құбылыстар мен процестерді қарама-қарсы таптық көзқарас тұрғысынан түсіндіретін сипатынан бас тарту.

Ұлт тарихын жазудағы маркстік-лениндік таптық теориялық-методологиялық ізденістерді тарихи шындықтан толықтай ысырып тастамай, бүгінгі күнмен үндес теориялық ойлары сарапталынуы қажет.Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихын жазудағы бір партиялық тұрғыда баяндау, көп жағдайда тарихшының кәсіби деңгейі мен тарихи шындықты теориялық-методологиялық пайымдауларына байланысты еді. Неге тарихта ақтандақ беттер көп, тарихи бағыт беретін методология неліктен күнделікті өмір шындығынан ауытқыды?

Бұл сұраққа жауап іздеуге талпыныс тарихшылар тұлғасының қоғамдағы атқарар рөліне ой жүгіртумен қатар, зиялылар, олардың қоғамдағы орны деген мәселені айналып өтуі мүмкін емес. Зиялылар қауымы, соның ішінде тарихшылар кез-келген қоғамның бет бейнесін анықтайтындықтан олардың қоғамдағы рөлі мен прогреске қосқан үлесін зерделеу әрбір өркениетке бет алған ел үшін маңызды болып табылады. Осы ретте қазақ зиялыларын жалпы екі топқа: ресми өкіметтің бағдарларымен келіспей, белгілі дәрежеде қарсы тұрған қазақ зиялыларының екінші буыны және дүние танымы мен көзқарастары Кеңес өкімет тұсында қалыптасып, ел игілігі үшін еңбек еткен зиялылардың келесі буындары деп бөлуге болады деген ой айтылуда. Бірінші топ өкілдерінің қазақ тарихындағы рөліне баға беруде соңғы кезде тарих ғылымында үлкен жұмыс атқарылып, табан тірерлік негіз жасалған болса, екінші топ өкілдері туралы не айтуға болады, олардың соңынан қалдырған мұрасын қалай бағалауға болады деген мәселе бой көтереді. Мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, жазушылар социализм идеяларына шын сеніп, дарыны мен еңбегін соған бағыштап, көптеген жылдар бойы тер төгіп, еңбек етті. Бұл мәселе көп зерттеу жүргізіліп, жаңа көзқараспен байыпты ой-тұжырымдар айтуды қажет ететін мәселе.

Тарихшы-ғалымның қоғамдық, ғылыми-шығармашылық қызметіне талдау жасап, баға беру, құнды жақтарын көрсету мақсаты маңыздылығымен құнды. Себебі бұл тақырып қазіргі кезеңде күрделі болып отырған мәселенің бірі. Біріншіден, жеке адамның (бұл жағдайда тарихшының) өмірі мен қызметін бағалау, зерттеушінің алдына көптеген тарихи, философиялық, этикалық, моральдық тұрғыдағы шешуін іздейтін қиындықтарды көлденең тартатын іс. Әсіресе, бұл жерде үлкен өзгерістерге ұшырап, бағдарлары жаңартылып жатқан тарих ғылымының еңбеккерлері, тұлғалары туралы зерттеу жасап, еңбек жазудың жүгі басқа салаларға қарағанда ауырырақ екені сөзсіз. Екіншіден, Қазақстан тарих ғылымының іргe тасын қалаған тарихшылардың біразының аты-жөні жұртшылыққа белгісіз, көптеген тарихшылар мен олардың еңбектеріне "маркстік-лениндік" тұрғыдан жазылған деген үкімді оңай шығара салуға дайын, енжарлық пен дилетанттылықтың, салғырттықтың шекараларына жақын көңіл-күйдің бұл мәселеге мойын бұруға кедергі жасап отырғаны тағы бар. Қазақстан тарихшылары, олардың ғылыми-шығармашылық қызметіне талдау жасаған еңбектер қазірде баршылық.

**Әдебиеттер:**

1. Нүсіпбеков А.Н. Состояние изучение истории советского рабочего класса Казахстана.// Вестник АН Каз.ССР.Серия общественных наук.-1961,№7.- С 11-17.

2. Уалиев М.Вопросы социалистического соревнование рабочего класса Каз.ССР. в Казахстанской историографии.//В книге: Деятельность компартии Казахстана по руководству социально-экономической развитием республики.- Алма-Ата,1978, - С 25-29.

3.Абишева Б.Н. Изучение истории рабочего класса Казахстана.// В книге: Актуальные проблемы истории советского Казахстана. -Алма-Ата,1980, - С.15-24.

4. Асылбеков М.Х. Итоги и задачи изучение истории рабочего класса Казахстана (1917-1976 гг).-В кн: Рабочий класс Страны Советов.- Минск,1980,-С. 350-357.

5. Игибаев С.К. Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана: численность, состав, положение (1861-1917 гг.): дисс.... док. ист. наук. – Усть-Каменогорск, 1990. – 431 с.

6. Алтаев А.Ш. Социальное развитие рабочих промышленности Казахстана (1970-1990 гг.): дисс.... док. ист. наук. – Алматы, 1996. – 322 с.

7. Абдуллаев Н.А. Формирование рабочих кадров промышленности Казахстана в 1950-1975 годы: дисс.... док. ист. наук. – М, 1998. – 411 с.

8. Ташенов М.Ж. Рабочий класс Казахстана 1960-1985 гг. (на примере промышленности): дисс.... док. ист. наук. – Екатеринбург, 1997. – 471 с.

9. Алдамжар З.А. Тарих: Пайым мен тағылым.-Алматы, 2002.- 288 б.

10. Әбжанов Х. Ұлт тарихы: оны зерттеудің өзекті ұстанымдары қандай болуы керек?.// Кітапта: Таным таразысында.- Атырау,2006.-313 б.

ӘОЖ 94(574)

# ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ӨЛКЕ ТАРИХЫНЫҢ РӨЛІ

***Журасова А.Ш., Мырзабаева Б.М.***
*Қазақстан, Орал қ.*

Дүниетаным бұл адамды және қоғамды алаңдататын қоршаған дүние туралы ойлардың жиынтығы. Қазақстан егемендік алғаннан кейінгі кезеңде біздің қоғамдық санада төңкеріс басталды. Бұл, әрине, біздің жаңа құндылықтарға деген көзқарастарымыздың қалыптасуына жол ашты. Ең алдымен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елімізде Отан тарихына, туған жер, өлке тарихын зерттеуге деген қызығушылық бастама көтерді. Соның негізінде өлке тарихын зерттеу ісі кеңінен қолға алынды. Оның басты дәлелінің бірі Батыс Қазақстанда академик Т.З.Рысбеков жетекшілігімен тарих ғылымы мектебінің негізінің салынуы болып табылады.

Республиканың тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, егемен ел болуы төл тарихымызды жаңаша зерделеуге мүмкіндік берді. Осыған орай бүгінде еліміздің тарихында өзіндік терең із қалдырған тарихи оқиғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан лайықты баға беру жолында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Әр кезеңде тарихи тағдырлары үздіксіз бұрмаланып келген жеке тұлғалар, тарихи оқиғалар туралы тарихи шындықты қалпына келтіру бүгінгі ұлттық тарихымыздың қалпына келуі үшін де, келешек ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыру үшін де аса қажет. Тарихи мектеп өкілдерінің жазған диссертациялық жұмыстарымен қатар өлке тарихы туралы көрнекті ғалымдар еңбегі жарыққа шықты. Олардың қатарында мұрағат құжаттары мен халық фольклоры материалдарын пайдаланған И.Кенжалиевтің 1836–1838 жылдардағы көтеріліс тарихына байланысты еңбектерін[1], Батыс Қазақстан аймағының 70 жылдардың аяғы - 80 жылдардың басында ірі аграрлық-экономикалық аймақ дәрежесіне көтерілуіне арналған т.ғ.д.,профессор Б.Қ.Бірімжаровтың еңбектерін атап көрсетуге болады [2]. Өзіндік зерттеу нысаны ретінде республикамыздың қоғамдық-саяси өмірі мәселелерін, олардың қатарында ең алдымен жергілікті кеңестердің қалыптасуы мен оның қызметі мен Қазақстан тарихы ғылымының келелі мәселелері жөнінде толыққанды зерттеу жұмыстарын саралаған ғалым Т. З. Рысбеков болды.

Ол Қазақстанның Батыс өңірінің тарихының бұрмаланған мәселелерін өмір шындығына сай зерттеуге өзіндік үлес қосып келеді. Бұған «Өскен өлке тарихы», «Бөкей Орда тарихы», «Тарихпен тілдесу», «Батыс Қазақстандағы халық ағарту тарихының очерктері» тағы да басқа зерттеу еңбектері мен оқулықтары дәлел бола алады. Өлке тарихына байланысты тың деректемелерді «Этюды истории родного края» еңбегінен кездестіруімізге болады. Ғалымның еңбегінде Батыс Қазақстан өңіріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне, Батыс Алашорда үкіметінің құрылуына, Алаш қайраткерлері Алашорда ардақтыларын алғаш айыптау мәселесіне, мемлекеттік даму мәселелерімен бірге жеке адамдардың өмірі мен қызметіне (С.Бабаджанов, Ж.Досмұхамедов, О.Исаев) қатысты мәліметтері құнды дереккөздері болып саналады. Тарихшы-ғалым аймақтағы қалалардың тарихын зерделеп, Орал қаласының пайда болу тарихына байланысты тың деректерді тұжырымдап, сонымен қатар Кіші жүздегі қазақтар күресінің бүкіл Қазақстандағы қалың көпшіліктің қоғамдық сана-сезімнің оянуына тигізген оң әсерін атап өтті [3].

Бұл заман талабынан туындаған ізденіс пен еңбек нәтижесінде өлке тарихының кеңінен зерттелуіне жол ашылып, өлке тарихының ашылмаған парақтары сараланды. Бұл тек тарихты жазуға ғана қосылған үлес емес, ол сонымен қатар келешек ұрпақтың бойында ұлттық дүниетанымның қалыптасуына ықпал етуге бағытталған зор еңбек деп тануымызға болады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында: «Оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық» деп атап көрсетті [4]. Осыған орай, қазіргі жастардың бойында ұлттық құндылықтарды, ұлттық дүниетанымын қалыптастырудың маңыздылығы – тек тәуелсіздік алған кездегі ғана емес ол сонымен бірге бүгінгі күннің де өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Отан тарихын сапалы оқыту мен оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру бағытында өлке тарихының алатын орны ерекше. Өйткені өлке тарихы - Отан тарихының бастауы. Өлкетану өзінің табиғаты бойынша көпфункционалды және қоғам алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуде нақты ықпалды иеленеді. Өлкетанудың зерттеу обьектісі: табиғат, жер, территория, сол жердің халқы, тарихы, шаруашылығы, өнері мен мәдениеті. Сондықтан өлкетану кез келген адамның дүниетанымын қалыптастырудың өзегі деп айтуымызға болады. Белгілі ғалым-географ А. С. Барковтың өлкетануды «кішкене елтану» деп атауының өзі елін тану арқылы адамның әлемді, дүниені танитынын көрсетеді. Осыған сай Отан тарихын сапалы оқыту мен оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру бағытында өлке тарихының алатын орны ерекше.

Ұлттық дүниетанымды игеру - қазақтың өзіне ғана тән тарихын, салт-санасы, дәстүрі ұлттың тәрбие нысандарын игеру болып табылады. Қазақтың қадір-қасиеттері, дүниетанымы оның рухани тұтастығының, ұлттық болмысының негізгі қайнар көзі болып саналады. Ұлттық дүниетаным сіресіп қатып қалған ұғым емес, ол халықтың өмір салтының бағдаршамы. Адамдардың нақты қоғамдық қатынаста қалыптасатын ойлау жүйесі, ойлау салтының рухани жемісі, әдет-ғұрыптары мен діни көзқарастары, әсіресе, олардың санасында берік орын алған ақпараттық өріс ұлттық дүниетанымның қалыптасуы мен дамуына әрі өзгеруіне айрықша зор ықпал етеді. Әсіресе ұлттық дүниетанымның қалыптасуында тарихтың алатын орны да ерекше деп атап көрсетуімізге болады. Рухы биік, күшті елдердің қашан да бағы сөнбеген, ұлттың рухын сақтап қалған ел ғана өз ерлерін қорлатпайды, қорламайды, қорғайды және олардың ұлттық қадір-қасиеттері шыңдалған үстіне шыңдала береді. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты түзеу, бірлікті сақтау, адамдарды бірлікке, адамгершілікке баулу қазақ дүниетанымындағы басты мәселе. Осыны тану үшін бізде терең тарихи таным, ерекше бір даналық болуы шарт. Ең бірінші кез-келген ұлттың бойындағы асыл құндылықтар оның дәстүрлі дүниетанымында жатыр. Сондықтан біз асыл қазынамызды жоғалтпау үшін адамзатқа ортақ мүддеде өмір сүре отырып, халық даналығын терең данышпандықпен толғай отырып талдауымыз қажет. Ол үшін тарих тереңіне бойлаудың маңыздылығы жоғары.

Халық даналығы жалпы қай уақытта болмасын мәнін жоймайтын, артқы ұрпағының жанына мәңгі рухани азық болатын өлмес құндылық. Бүгінгі күнге аяқ басуымыз ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтардың арқасы. Өз өлкесінің тарихын жан-жақты зерттеу, өз өлкесінің тарихында мемлекет тарихы мен тағдырының ортақ элементтерін көру өлкетанушылар бойында патриоттық көзқарасты, туған жерге деген ыстық сезімді тәрбиелейді, зерттеушіні жан-жақты дамыған тұлға ретінде көрсетеді.

Қазіргі заманда азаматтардың бойында туып-өскен өлкесінің тарихын, қайдан шыққандығын білуге деген қызығушылық өсуде. Осы орайда олардың қызығушылығын қанағаттандыруда өлке тарихы бойынша жүргізілген зерттеулер мен сол зерттеулер негізінде жарияланған еңбектердің қызметі ерекше рөл атқарады.

Қазақ елін бүгінде бүкіл әлем шаңырағына бейбіт ұялаған ғажайып ел ретінде танып отыр. Осы ұлттар бірлігі орын алып отырған ғажайып елде рухани құндылық мәселелерін сауатты шешу ұлттық дүниетанымның қалыптасқан тамырын одан әрі бекіте түсері сөзсіз.

**Әдебиеттер:**


1. Кенжалиев И. Исатай-Махамбет. - Алматы: Қазақстан, 1991. -192 б.; Мақамбет толғаулары. Оқу құралы. - Орал, 2003. -113 б.

2. Бірімжаров Б. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы. 1946-2000 жылдарда (Оқу-әдістемелік құрал). - Орал: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің баспа орталығы, 2006. - 244 б.

3. Рысбеков Т. З. Советы Казахстана (1938-1986 гг.) - Алма-Ата: Наука. -151стр.; Этюды истории родного края. -Уральск: 2007, -196 с; Бөкей Орда тарихы: Монография. - Орал: 2001. – 196 б., соныкі, Диалог с историей: Монография. - Уральск: 2004. 124 ст.

4. Назарбаев Н.Ә.Қазақстан халқына 2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты // Егемен Қазақстан, қаңтар,2012

ӘОЖ 9 (075)

# ТАРИХТЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАША ӘДІС НЕМЕСЕ "3 Ж" ФОРМУЛАСЫ

***Жүсіпбек Р.Р.***
*Қазақстан, Орал қ.*

Ғылыми тақырыпты ғылыми сөзбен бастау үйреншікті әдіс. Демек үйреншікті нәрсе қай кезде болмасын оқырманын не тыңдарманын таң қалдыруға қауқарсыз. Ғылым мен білімнің біздің қоғамдағы жағдайын осындай екі сөйлеммен ғана жеткізуге болады. Екі сөйлем болғанымен екі ұрпақтың мойнына артылар үлкен жүк. Бірізділік пен қайталанушылық қазіргі білім мен ғылымның нағыз жауына айналып отыр. Алдымен мына сұраққа жауап беруге тиіспіз: - Ғылым мен білім санаулы ғана топтың айналысар дүниесі ме?Егер сіздің жауабыңыз "иә" болса, қазіргі қоғам өмірі идеалды түрде дұрыстыққа шығады және мұнан әрі талқылау керек емес. Егер "жоқ" десеңіз бұл жазбаны одан әрі қарай оқу сіздің білім көкжиегініңізді арайландырып, мағрифатта ғибратлі жақсылықтарға кенелетініңізге кәміл сеніңіз. Қазіргінің басты мәселесі, басты сұрағы ғылым мен білім кешеуілдеп, орнын жылтыр, мағынасыз, мәнсіз дүниелер басқаны ғой. Ал егер сіз ондай дүниелердің қалай алға шыққанын, тарихын қарар болсаңыз :

"ЖАҢАШЫЛДЫҚ" -"ЖАРНАМА"-"ЖЫЛДАМДЫҚ"

үштігін байқар едіңіз. Міне, олардың табысының кілті осы үштағанда жасырылған. Бұл менің түсіндіруімдегі "3Ж" формуласы. Кез келген өнім немесе қызметтің қоғамға әсер етуінде осы үштік элемент қолданылады. Алдымен жаңа, әлі жұрттың еті үйренбеген өзгеше бір нәрсе ойлап табады және ол дүниені қоғамға енгізуде жарнаманы іске қосады. Ал жарнама жылдамдық пен уақыттың үлесіне қызмет ететіні белгілі. Қарапайым жұрт мұның дұрыс не бұрыстығына қарамай асқан қуанышпен қабылдайды. Тек көпшілік арасындағы көзі ашық санаулылар ғана мұның беті жылтыр, арты қуыс дүние екенін біледі һәм түсінеді және одан саналы түрде бас тартады. Бірақ мұндай адамдар кез келген қоғамда санаулы ғана. [1, 112 -114 б.]

Енді ойлап қараңыз, біз ғылым мен білімнің адамзат игілігіне мыңдаған жылдар бойы қызмет етіп келе жатқанын, оның біздің өмірдің ажырағысыз бөлігі екенін өте жақсы білеміз. Ғылым мен білім өзінің адалдығын күн сайын дәлелдейді. Сондықтан біз ұсынғалы отырған дүниеміздің арты қуыс емес екендігіне өзіміз толық сенімдіміз. Сол себепті "3 Ж" формуласын іске қосуға әбден болады. Егер біз ақиқат жерде жатса да жылтырайды деп қарайтын болсақ әр нәрсе өзіне тиесіліні ала алмай, кемшілік көрмек. Білім мен ғылым қоғамдағы өз орнына әділ жайғаспайынша өзге салалардың жөнге келуі, алға жылжуы, дамуы мүмкін емес. Егер сіз конфеттің тәтті екенін білмесеңіз жемес едіңіз ғой. Ғылым мен білім де сол секілді. Біз осыны ұғындыру үшін "3 Ж" формуласын пайдаланамыз. Ол бойынша түрлі әдістер мен тәсілдер бар. Бұл жолы оны тарих пәнін, тарих ғылымын үйретуде қолданып көрейік. [2, 106 б.]

Ұзақ уақыттар бойы ізденістер нәтежиесінде біздегі тарих пәнінің оқытылу әдісіне қосымша ретінде "қамшы өру" методикасын ұсынбақпын. Бұл әдістің жалпы мәні мынадай. Дүниежүзі тарих оқиғалары мен Қазақстан тарихы оқиғаларының байланыстыра отырып оқыту. Яғни белгілі бір даталардағы әлемде болып жатқан оқиғалармен дәл сол уақытта Қазақ жерінде болып жатқан тарихи оқиғаларды салыстыра отырып баяндау. Мұның бірнеше артықшылығы бар. солардың ішіндегі ең маңызды деген төртеуін тізіп берейін:

1. Оқушы бір мезгілде ұлттық тарих пен дүниежүзілік тарихты қатар меңгеруге мүмкіндік алады. /уақыттық көрсеткіш/

2. Оқушы осы екі тарихты қатар оқу арқылы ойша логикалық түрде есте сақтау қабілетін арттырып қана қоймай, тарихи оқиғалар арасында байланысты өз бетінше түсінеді. /ми жаттықтыру/

3. Оқушының бойында сыни тұрғыдан ойлауға деген жаңа талпыныстар пайда болады, әрі бұл әдіс оқушыны қызықтырары сөзсіз. Оның себебі әлемдік оқиғалармен өз елінің оқиғасын салыстыра қарағанда оның ойлау қабілеті өзгеше бір жаңа деректің лебі ескенін бірден аңғарады, әрі игеруге ден қояды. /сапалық көрсеткіш/

4. Ең басты артықшылығы өз елінің әлем елдерінен қалайша артта қалып қойғанын, өз елінің артықшылықтары мен кемшіліктерін, мүмкіндіктерін бес саусағындай біліп шығатын болады. Тек бұл әдісті жүйелі түрде, шеберлікпен қолдана білу керек. /шығармашылыққа қадам/ [3, 17 -19 б.]

Ойлап қарар болсақ қазақтар ақ киізге көтеріп Абылайды хан сайлап жатқанда Америкада президенттік сайлау болып жатты. Біздің бабаларымыз сақтиян етік, ішік пен қамқа тонның неше түрілі көкесін киіп, серілік құрып жүрген орта ғасырда Еуропа жұртшылығы аяғына шұлғау орап, оны жіппен тартып, дастарханға отырардың өзінде қолын жууды үйренбеген еді. Ал олар зеңбірек атып, аузынан от шашар артиллерия қолданғанда қазақтар қайқы қылыш пен ағаш садақты қанағат тұтты. Егер осылай салыстырып оқыр болсақ расымен екі тарихты бір уақытта игеріп қана қоймай, ойлану арқылы өз елі мен әлем елдерін салыстырып еліміз қай жерден шалыс басты, оны қайткенде түзетуге болады деген сұрақтарға жауап іздер еді. Бұл әдіс өз кезегінде оқытушы үшін жеңіл әрі тиімді/уақыт пен үйрету/, ал оқушы үшін қызықты әрі зеріктірмес ми жаттығуы болар еді. Бұл әдістің мен атамаған өзге де жақсы қырлары мен артықшылықтары бар. [4, 43 - 46 б.]

Міне, осы кезде мынадай заңды сұрақ туындайды: - Неге өзге кезеңдерді емес, тек Қазақ хандығы уақытын алды? Неге әлемге әйгілі моңғолдар немесе ғұндар кезін мысалға келтірмеді?Мәселенің мәні де осында жатыр. Егер байқап қарайтын болсақ ғұндар, сақтар, қыпшақтар мен моңғолдар кезеңі тіпті Ресей отарлығы мен Кеңестік билік кезінде де қазақ халқы әлемдік оқиғалармен біте қайнасып, оның ажырағысыз бір бөлігі секілді өмір сүрді. Сақтар кезеңінде әлемдік империя деңгейіне көтерілген Персия, ғұндар уақытында Қытай мен Римді дүрліктіріп, моңғолдар кезеңінде түгел Еуразияны шулатқаны белгілі. Қазақ хандығы – қазақ ұлтының қалыптасуының, сыртқы әсерлерді еңсеріп өзіндік ұлттық сипат жасау процесін аяқтаған кезеңмен ерекшеленеді. Бұл кезең құдды Жаңа дәуірге дейін Қытаймен және өзге әлемнен қол үзіп өзіндік ұлттық сипатын қалыптастырған Жапония секілді. Рас, Қазақ хандығы Жапония секілді оқшау, жан – жағын сулар мен таулар қоршап жатқан аймақ емес. Біздің орналасқан тұсымыз Еуразияның қақ ортасында болғандықтан сыртқы күштердің әсері мейлінше жоғары. Бірақ Қазақ хандығы кезеңі біздің ұлттық болмысымызды айқындап, белгілі бірдеңгейде салыстырмалы түрде томаға тұйықтық сақтап, өзіндік ерекшеліктерімізді қабылдауға мүмкіндік берген еді. Бұл қазіргі біздің бойымыздағы бар болмысымыздың 90% көп бөлігін қамтиды. Бірақ мұның өзіндік артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де болды. Мысалы біз өзіміздің даму қарқынымызды, әлемдік өркениет пен дамудағы потенциалымызды бірітіндеп жоғалта бастадық. Біздің бойымызда белгілі бір деңгейде жайбасарлық, асықпаушылық секілді жағымсыз қылықтар меңдеп алды. Міне, біздің ішкі әлеміміз ұлттық болмысымызды қалыптастырып жатқанда сыртқы әлем тез даму жолына түсіп XVIII –XIX ғасырда күшейіп алғансыртқы күштер бізді күштеп ашты. Бұл құдды кезінде әлімжеттік жасап күш көрсеткен еуропалықтар мен жапондықтардың арақатынасы секілді еді. Ал біз кезінде даңқты, шалқып тірлік кешкен, дүниені белшесінен басқан көшпенді бабаларымыздың даңқының елесіне масайып енді есімізді жинай бергенде садақ пен найзамызды ұстаған күйі ғылыми – техниканың заманынан топ ете түстік. Тұйықталудан шыққан сәтте біз сыртқы әлемге аңтарылып, өзіміздің қаншалықты төмендеп кеткенімізді бір – ақ білдік. Бірақ ол кезде кеш еді. Осылай отарлықтың бұғауына шырмалдық. Бірақ бізді ұлт ретінде жойылудан сонау қазақ хандығы кезеңіндегі ұлт ретінде қалыптасу ерекшеліктеріміз сақтап қалған еді.[5, 71 б.]

Егер біз осы әдісті қолдана отырып қос тарихты қатар игертетін болсақ немесе ішінара жүргізер болсақ оқушылар сыни тұрғыдан ойлай алады, логикалық ойлау қабілеттері дамиды жән өз бетінше кез келген тарихи оқиғаға өзіндік талдау жасайтын деңгейге жетеді. Біздің мақсат тарихтың датасын жаттатып, құр цифрлармен баланың миын ашыту емес керісінше бала өткен тарихтан кеткен қателіктер мен ұтымды тұстарды зерделей білуі керек. Тарихтың басты мақсаты да осында жатыр. Бұл бір біріне баланысқан жүйе. Егер оқушы оқиғаға толық талдау жасай алса демек өзіндік қорытынды жасай алады деген сөз. Бұл баланы шығармашылық дамытуға әкеледі. Шығармашылық түрде ойлай алған оқушыға кітап жаттатып, дата үйретудің керегі де жоқ. Мұндай оқушылардың қабілеті тарихи деректерді талдап, одан қате табуға да жететітіне сенімдімін. [6, 123 -127 б.]

Қай жағынан алып қарасаңыз да бұл әдістің оқушы мен мұғалімнің пәндә игеру мен игерту процесіне оң әсер беретінін түсінесіз әрі толық көзіңіз жетеді. Тек қана Қазақстан тарихын ғана жетік білу қазір дамушы ел бізге тым аздық етеді. Бұл өзге елдермен өз тарихымыздағы кемшіліктер мен артықшылық тұстарды дөп басып табуға, оны дер кезінде түйсінуге және соған байланысты қорытынды жасауға үйретеді. Қазіргі күнгі оқу процесінде жиі айтылатын сыни тұрғыдан ойлаудың тағы бір жолы осы болмақ.

**Әдебиеттер:**

1. Р. Рамазанұлы., “Ұлттық білім: әлемде №1 бола аламыз ба?”, “Бейбітшілік әлемі”, , 2017. 112 – 114 б.

